

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ  
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН  
КУӘЛІК № 14158-Ж**

**Ғалымжан Кендебайұлы Кәленов** – университет ректоры, техника ғылымдарының кандидаты

**Журнал 2014 жылдан бастап жылына 4 рет шығады.**

«Болашақ» университетінің Хабаршысы» іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

**КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ**

«Қазақстан - 2050» стратегиясын жүзеге асыру негізінде жастардың инновациялық әлеуетін дамытудың өзекті мәселелері мен перспективаларын қарастыру

**КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІ:**

**Снасапова Гүлжахан Жұмашқызы** – оқу ісі және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, филология ғылымдарының кандидаты;

**Насимов Мұрат Өрленбайұлы** – тәрбие жұмыстары және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, саяси ғылымдарының кандидаты;

**Өтесінов Жарылқасын Өтесінұлы** – «Болашақ» ғылыми - зерттеу институтының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

**Ибраев Шералы Шапатайұлы** – «Математика, информатика және ақпараттық жүйелер» кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Байдаулетова Аягөз Өтеуқызы** – «Педагогика, филология және тарих» факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты;

**Жомартқызы Мария** – «Құқық, бизнес және ақпараттық технологиялар» факультетінің деканы, заң ғылымдарының кандидаты;

**Шумейко Надежда Емельяновна** – «Филология және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты;

**Қуанова Сәуле Байтөреқызы** – «Педагогика, психология және дефектология» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты;

**Шураева Сәрсенкүл Нұрғалиқызы** – «Экономика және құқық» кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының кандидаты

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ  
№2 (10)**

Басуға 25.05.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 12 б.т.

Офсетті қағаз. Тапсырыс №39 Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

120000, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 31

«Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

## МАЗМҰНЫ

### БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР

<b>Қылышбаева А. (ғылыми жетекшісі – Байдаулетова А.Ө.)</b> ЖАҢА ПЕДТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	7
<b>Смағұлова Ж. (ғылыми жетекшісі – Қуанова С.Б.)</b> ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	11
<b>Серікбай М. (ғылыми жетекшісі – Нұрсұлтанқызы Ж.)</b> Қ. ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР.....	18
<b>Ержігіт Б. (ғылыми жетекшісі – Медетбаев Т.С.)</b> «ҚИСАС-УЛІ ӘНБИЯ» – ҒАСЫРЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШІ.....	22
<b>Қанымбаева Б.М. (ғылыми жетекшісі – Сапартаева Л.Е.),</b> СЫР БОЙЫ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ ҮЛГІДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҒАЗАЛДАР МЕН РУБАЙЛАР .....	28
<b>Сапарбек Ж.Ә. (ғылыми жетекшісі – Смаилова А.Е.)</b> АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША ТІЛ ДАМУЫ ТҮРЛЕРІ.....	34
<b>Мусатаева Л.И., Мұсатаева А.И</b> ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	39
<b>Тапаева А.П., Ақшатау Ғ.М</b> ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ.....	44
<b>Әлібек А.С. (ғылыми жетекшісі – Тәжібаева А.С.)</b> БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ.....	48
<b>Төреғали Б.Ә. (ғылыми жетекшісі – Альсугурова Н.С.)</b> CASE АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУ ӘДІСТЕРІ.....	53
<b>Малқайдар Ғ.М. (ғылыми жетекшісі – Абтикалыков Н.Б.)</b> ОТБАСЫНДАҒЫ АТА-АНА РӨЛІ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІ.....	60
<b>Баймаханова С.А.</b> ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ.....	70
<b>Құлахметова Т.Х.</b> СІБІР ЖАРАСЫНЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІН АНЫҚТАУ.....	74
<b>Қаршығасев Т.С.</b> ТӘРБИЕСІ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ.....	77
<b>Айбытова К.Б. (ғылыми жетекшісі – Серібаева Ж.М.)</b> ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНА БАУЛУДАҒЫ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.	81
<b>Жармаханова А.А.</b> КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	87
<b>Тапаева А.П., Байқоңырова Ғ.С.</b>	

ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ КЕЗЕҢДЕРІ.....	91
--	----

---

**АГРОӨНЕРКӘСПТІК КЕШЕНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

---

<b>Амантай Б. (ғылыми жетекшісі – Кенжалиева Б.Т.)</b> ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	96
<b>Тәжібаев Н.Е. (ғылыми жетекшісі – Тоқсанбаева А.А.)</b> ШАҢДЫ БАСУҒА АРНАЛҒАН ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АНЫҚТАУ.....	102
<b>Байназар А.Қ.</b> ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМЫ – ҚҰРТТЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАСЫ.....	108

---

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ЗАМАНАУИ ДАМУ  
БАҒЫТТАРЫ**

---

<b>Шәкизадаева А.С., Қалмағанбетова Қ.А. (ғылыми жетекшісі – Өтесінов Ж.Ө.),</b> ТҰҚЫМ ҚУАЛАУШЫЛЫҚТЫҢ ХРОМОСОМАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ..	114
<b>Адидулла С.А., Алдабергенова Г.М. (ғылыми жетекшісі – Ибраев Ш.Ш.),</b> ОҢ СИПАТТАМАЛЫ ӨРІСТЕГІ ЛИ АЛГЕБРАЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ ТУРАЛЫ.....	117
<b>Досболов А.Д. Төлегенов С.Ұ. (ғылыми жетекшісі – Рахатов С.З.)</b> РАЗРАБОТКА КОНСТРУКЦИИ И ОБОСНОВАНИЕ РЕЖИМОВ РАБОТЫ СЕКЦИИ СЕЯЛКИ ДЛЯ ПОСЕВА СЕМЯН ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР В УСЛОВИЯХ НЕДОСТАТОЧНОГО УВЛАЖНЕНИЯ.....	127
<b>Әлібек А.С.</b> KARELINIA CASPIA ӨСІМДІГІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ДӘРЛІК ЗАТТАРДАҒЫ МАҢЫЗЫН АНЫҚТАУ.....	134
<b>Тапаева А.П., Байқоңырова Г.С.</b> ЭТИЛ СПИРТІНДЕ СИНТЕЗДЕЛГЕН ПЭГ-NAВРН <sub>4</sub> ЖҮЙЕСІНІҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ КОМПЛЕКСТЕРІН ФАЗАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	142
<b>Сейтжаппарова Г.С. (ғылыми жетекшісі – Өтесінов Ж.Ө.)</b> ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚ, ПОПУЛЯЦИЯЛАРЫНА ТАРАЛУЫ.....	147
<b>Сейілбек Н., Өмірәлиев А., Нұржауов К., Елеусізов С., Рахым Ы. (ғылыми жетекшісі – Мизамбаева Д.Ж.)</b> КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫН ДАМУ.....	151
<b>Шакизада Б., Серікбай Т., Жолшиев А., Амангельді Г., Жеткербекұлы Т. (ғылыми жетекшісі – Боранбаев Б.Т.)</b> СОЗЫЛУ ЖӘНЕ СЫҒЫЛУ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІН БЕРІКТІККЕ ЕСЕПТЕУ.....	158
<b>Айтимова Н.Ж.</b> ЖҮРЕК-ӨКПЕ РЕАНИМАЦИЯСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІН ЖҮЙЕЛЕУ.....	161

---

---

**XXI ҒАСЫР: ТАРИХ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ЖАҒАНДАНУ**

---

---

<b>Ибраева Г.Д. (ғылыми жетекшісі – Кипшакбаев Қ.З.)</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ - ЕҢ ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ.....	167
<b>Жұмабек А.М. (ғылыми жетекшісі – Мырхиев Ә.М.)</b> ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ЖАСТАР.....	174

---

---

**ЭКОНОМИКАНЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ БАСЫМ  
БАҒЫТТАРЫ МЕН ЖАҢА ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗАҢ ЖҮЙЕСІ**

---

---

<b>Адилов А.А. (ғылыми жетекшісі – Мүйденова А.Қ.)</b> 100 НАҚТЫ ҚАДАМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ.....	179
<b>Қонақбай Р.Т. (ғылыми жетекшісі – Календарова К.А.)</b> КӨСІПКЕРЛІКТІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ.....	187
<b>Бедібеков Б. (ғылыми жетекшісі – Шураева С.Н.)</b> ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СӘТТІ ҚАДАМЫ.....	194
<b>Қалжан Ж.Ғ. (ғылыми жетекшісі – Адамбаева А.С.)</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 25 ЖЫЛ.....	199

## ЖАҢА ПЕДТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Қылышбаева Аягөз, студент;**  
**Байдаулетова Аягөз Өтеуқызы,**  
*филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,*  
*«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы*

Қазіргі таңда педагогика саласында жиі қолданылып жүрген оқытудың жаңа технологиясы – ескіні жаңартып, жаңа толықтырылған озық деп танылған нәтижелі тәжірибелерге сүйенген білім беру мен тәрбие мақсаттарын жүзеге асырудағы әдістемелер жүйесінің жиынтығы. Осыған орай, білім беруді реформалауды жүзеге асыруда оқытудың жаңа технологияларын қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл ретте педагогикалық үрдістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер – мұғаліммен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып саналады.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білі туралы» Заңының 8 - бабында «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсетілген.

Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуымен жаңа технология енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі.

Білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске душар болып отыр. Мұғалімдер мен оқушыларға әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келді.

1960 жылдары шетел зерттеушілері оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген «педагогикалық технология» терминін енгізді. «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданатын әдіс-тәсілдер оның бөлігі ғана» (Беспалько В. П. Слогаемые педагогические технологии. М. 1989).

Оқыту үрдісінде оқушылардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін арттырып, оқушының білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше. Атап айтқанда, модульдік оқытудың орны ерекше. Бүгінгі таңда оқыту процесінде жиі қолданыла бастаған технологиялардың қатарына модульдік оқытуды жатқызуға болады. Бұл технологияның ерекшелігі – білімді меңгерте отырып, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: жадының алуан түрлерін, ынтаны, ойлауды, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ, тұлғаның өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Оқытудың бұл түрі ХХ ғасырдың 60-жылдарында АҚШ мемлекетінде бастау алып, ағылшын тілдес Батыс Еуропада тез тараған. Ол елдерде алғаш рет S. N. Postutwait оқытудың мазмұнына қарай оқу материалдарын автономды етіп бөліп оқытуға болады деген идеяны енгізген. Бұл миникурс деп аталды. Олардың мазмұны дидактикалық міндеттерге негізделген болатын. Кейінгі кезде педагогикалық тәжірибелерде қолданыла келіп оқытудың модулі деген атаққа ие болды.

Оқушыларды өзін-өзі дамытуға, бірін-бірі оқытуға, кітаппен жұмыс жасауға, қосымша әдебиеттен білім алуға сондай-ақ оқытудың әр түрлі белсенді формаларымен (топтық және жеке топтық) жұмыс жасауына мүмкіндік туады.

Модульдік оқыту технологиясының әдістерін көптеген ғалым-педагогтар зерттеп келеді. Л. Иовайша модульдік оқытудың мынадай әдістерін қарастырған.

1. Ақпараттық оқыту әдісі (әңгімелесу, топтық оқу, демонстрациялау, ақыл–кеңес, дәріс, емтихан).
2. Операциялық оқыту әдісі (алгоритм, зертханалық жаттығулар, өзара сын).
3. Өздігінше оқу әдісі (тыңдау, оқу).
4. Ізденімпаздық оқыту әдісі (мәселені талдау, тыңда да ойлан, шығармашылық диалог, іс-әрекет шытырманын, миға шабул, іскер себет).

Сабәқ үстінде мұғалім мүмкіншілігінше барлық оқушының жауап беруін қамтамасыз етуі керек. Сұрақ қоюдың қарапайым түрінен терең ойлауға дейінгі түрлері бар екені белгілі. Осы орайда мұғалімнің мақсаты – оқушының ойлау сатысын ең төменгі деңгейден жоғары терең ойлау деңгейіне дейін көтеру.

Өткен дәуірде адам әлемді ақпарат жиынтығы формасында жүйені өңдеу арқылы таныса, ал қазіргі заман танудың мейілінше басым эмоционалды сезімдік формасын ұсынды. Әрі ол форма

тұлғаның рухани дамуын, оның сезімталдығын талап етеді. Жаңа мыңжылдықтағы жаңа буын қазірдің өзінде-ақ материалдық қажеттіліктен гөрі рухани азыққа зәру. Сондықтан да білім беру мазмұнын қазірден бастап қайта қарау қажеттігі байқалады. Оқушыларының жеке ерекшелігін ескере отырып, ішкі мүмкіндіктерін ояту, білімге құштарлығын арттыру, ең алдымен, олардың көңіл-күйлерін жағымды арнаға түсіріп, қолайлы жағдай туғызуды талап етеді. Оның ғылыми негіздерін зерттеу ұлы ғұламалар мен психолог-педагог ғалымдардың (Әл-Фараби, Я. Коменский, Ж. Баласағұн, К. Ушинский, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Л. Толстой, А. Макаренко, Ш.Уәлиханов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Л. Фридман, т.б.) тәрбиелеп отырып оқыту теорияларын басшылыққа алуға болады.

Ш. Амонашвилидің «Мұғалім өз сабағын сүймесе, оған өзі сүйсіне білмесе, ол шәкірт бойына да сүйіспеншілікті дарыта алмайды. Көркем шығарманы өз жан-тәнімен сүйген, қабылдай білген, оның сан қырлы сырына қанық, адамды өзіне баурап, тәңірісін таныған ұстаз ғана оқушыларын көркем сөз өнеріне ынталандыра, құлшындыра алады. Шығарма мәтіннің тереңіне, астарлы бейнелі ойына, жан сүйсіндіре ынтықтырар сәттеріне толғана ой жүгірткен, сондай жерлерін таңдап таба білген мұғалім шәкіртті шығарма оқуға қызықтыра, ынтықтыра алмақ» деген пікірінен жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту, оқытуда мұғалімге қойылатын талаптың маңыздылығын анық байқауға болады. Жеке тұлғаның өсіп жетілуі мен адами құндылықтарының дамып қалыптасуындағы маңызды істі мойнына аларда әр педагог өзінің алдындағы борышын қалай өтеу қажеттігін жан-жақты ойластырып, өзінің және тәрбиеленушінің көкейінен шығатын жолды таңдайды. Осы жолдағы басты бағыт – жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуды оқыту болып табылады. Тарихи деректерге сүйенсек, ежелгі патша сарайында балаларды тәрбиелегенде, оқытқанда, оларды ең алдымен, өнерге – көркем өнеріне баулыған екен. Ондағы түпкі мақсат балалардың ақын, суретші болуы емес, өз ұлтын мемлекетін өркендететін тұлға қалыптасуы үшін баланың сезімталдығын, ойын, тілін дамыту болған.

Ендеше туған тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертеңгі өмірден орнын таба алатын өзіне сенімді, ұлтжанды, парасатты, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық технологияларын жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – әр мұғалімнің мақсаты.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Беспалько В. П. Слагаемые педагогические технологий. М. Педагогика, 1989.
2. Караева Ж, Қуанбаев Б. Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары .
3. Қазақстан Республикасы «Білім туралы Заңы» 8 – бап.
4. Жанпейсова «Модулдік технология».

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматриваются положительные стороны использования новых технологий в процессе интеграции образования в учебных заведениях, их влияние на развитие процесса обучения. Также определены особенности управления познавательной деятельностью студентов при использовании информационной технологии обучения.

### **SUMMARY**

This article discusses the benefits of using new technologies in the process of integration of education in educational institutions, their influence on the development of the learning process. Also identified features of informative activity of students of management using information technology training.



ӘОЖ 37.065.6:37.037.1 (574)

## ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Смағұлова Жанар**, магистрант;  
**Қуанова Сауле Байтуреевна**, педагогика ғылымдарының  
кандидаты,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда [1].

Білім беру мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілетінің дамуымен ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылануымен байланысқа түсуде.

Ақпарат дәстүрлі әдістері: ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде.

XXI ғасыр табалдырығында тұрған азамат дамуының жаңа кезеңі білім беру прогрестің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезең [2].

Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында қазіргі мектептер:

- практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы ;
- қоғамның интеллектуалды қуатын жетілдіру;
- еліміздің материалдық –қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;
- орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту тағы сол сияқты міндеттерді көздейді.

Ғылыми -педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көтеретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбінде жаңашыл инновация деп аталады.

«Инновация» ұғымы педагогикалық сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетіледі. Кейбіреулері оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Біздің ойымызша, бұл түсініктер кең мағынадағы

терминдермен білім беру жүйесіндегі кез-келген өзгерісті сипаттайды [4].

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Инновация ұғымы ең бірінші XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл, ұғым этнографиясында әлі күнге дейін сақталған.

Инновация (латын сөзі in – в, novis- жаңа)- жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді екен. С.И. Ожегов сөздігі бойынша : инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық [4].

«Ғылымның қайнар көзі» - Ресейде «инновация» ұғымына өте үлкен күдікпен қараған. XIX-XX ғ. басындағы бірде- бір білім реформаларында бұл термин кезікпейді. «Инновация » ғылымына берілген ең ескі емес анықтама, бұл салада американдықтар мен европалық көлемді зерттеулер иесі Э.М.Роджерстің анықтамасы болып есептеледі. Э. М. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Кейіннен «инновация» ұғымы «білім беру жүйесіне жаңаны енгізу» мағынасында педагогикалық еңбектерде кездесе бастады.

«Инновациялық негізін құраушы ұғымдардың – «инновация» «нововедение», «новшество», «новое» т.б. қазақша аудармаларын жасаған Ы. Алтынсарин атындағы білім проблемаларын ғылыми зерттеу институты әдіскері К.Құдайбергенов болып табылады. Өз еңбектерінде «инновацияны » - нақты қойылған мақсатқа сай жасалынған жаңа нәтиже деп есептеді. Демек, инновация мақсат пен нәтижеге – жаңалыққа бет бұрудың кілті [5].

Қоғамдағы қазіргі кезде қайта құрулар экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар қоғамның алдағы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологиялары, оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды –машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі ізденіп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен онша үндеспен отыр, Қазіргі педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа модулін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Оның жүйесінің негізгі ұстанымдары: «Қазақстан Республикасының 2019

жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген. [3]

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономика елі ретінде танып отыр. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан экономикада сілкініс жасады, әлемдік өркениетпен ықпалдасуда жаңа прогресшіл технологияларды пайдалануда. Елдің әлеуметтік- экономикалық даму перспективалары айқындалған.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруді мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лоренсов, М.М.Потащник, В.И.Загвязинский, Т.И.Шамова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған [4].

Бүгінгі таңда Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амоношвилидің ізгілікті тұлғалық теориясы, В.А.Шаталовтың оқу материалының тірек белгілерімен тірек конспекттері (сызба үлгілері) негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның, М.М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Сонымен қатар Лысенкованың «Перспективті дамыта оқыту технологиясы», Н.П.Гузиктің «Сынып ішіндегі деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы», В.В.Фирсовтың «Міндетті нәтижелер негізіндегі саралап оқыту технологиясы», Н.Н.Пиканның «Саралап деңгейлеу технологиясы», В.Дьяченконың «Жобалап оқыту технологиясы», М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», В.М. Монаховтың технологиясы, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі, И.П.Волковтың «Шығармашылық пен дамыта білім беру технологиясы», Ш.Амоношвилидің «Ізгілікті – тұлғаны оқыту технологиясы», В.Д.Шадриков «жеке бағытталған оқу жоспары негізінде оқыту технологиясы», «Ұжымдық тәсілмен оқыту технологиясы» «Ақпараттық оқыту технологиясы» (Дьяченко), «Проблемалық оқыту технологиясы», «Ойын арқылы оқыту технологиясы» В.В. Гузив т.с.с. жаңа технологиялық оқыту түрлері зерттелді [5].

Яғни оқу процесін технологияландыру дегеніміз - білім беру бағыттарына сай оқыту процесін құрастыру. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі –қойылған мақсатқа жету

мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту процесін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқылатын пән мазмұны мұғалім мен оқушының өзара байланысты іс- әрекеті. Оқушының ішкі даму процесі негізінде анықталған нақты мақсат қана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады.

Қазақстанда Ж.А.Қараевтің, Ш.Т.Таубаева, Қ.Қ.Қабдықайыров, С.Н.Лактионова, М.М.Жанпейісованың және басқа да ғалымдардың оқытудың жаңа технологиялары белсенді түрде қолдануда.

Ал соңғы жылдары оқытудың модульдік технологиясы мен В.М. Монаховтың, Дьяченконың оқытудың ұжымдық тәсілі, сондай-ақ, профессор Ж.Қараевтың оқытудың дербестендіру мен дифференциялау және білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру ұстанымдарына негізделген жаңа педагогикалық компьютерлік технологиясы еліміздің көптеген мектептерінде қолданысқа ие болуда [7].

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларын тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқыту – тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізілуі керек.

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді.

Қазіргі білім беру саласында проблема - элеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану. Әр заманның ұсынары бар және қалай болғанда да заман ағымынан қалмай, ілгеру жүру- ұлы мұрат [3].

Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласында оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгертудің негізгі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғаммыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушыны жаңаша оқытудың, жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді [6].

Оқытудың жаңа технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімді жолдары бар, деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшелігі қандай және жеке тұлға тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ, деңгейге бөліп оқытудың кезінде оқушылардың тәжірибелік-теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін әлеуметтік-психологиялық танымал, сұранымын ескеру талап етеді. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушының білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет.

Қазіргі базалық білім беру – жеткілікті білімнің төменгі шегі. Мұғалім баланы оқыту барысында оқушыға тақпақ жаттатып, ережелерді оқытып, жаттығулар орындатып әр түрлі жұмыстар жүргізеді. Оны талап етеді. Ол мұғалім үшін қиын жұмыс емес. Оқушы мұғалімнің айтқанын кітаптан оқып, тақпақты жаттап (тіпті оларды қызықтырмаса да), ережені айтып беруі мүмкін. Бірақ, оқушы сол оқыған материалдың ішкі дүниесін түсінді ме, міне, негізгі мәселе осында жатыр [1].

Мектеп оқушыларының білім деңгейінің көрсеткішін төмендегідей бағалауға болады: 1 деңгей (төмен) – эпизодтық. Білімді жаңа жағдайға көшіру мұғалім көмегімен жүзеге асырылады; 2-деңгей – түсініктерді жүйелеу деңгейі. 70% ғылыми ұғымдарды саналы түрде анықтайды; 3-деңгей (жоғары) бастапқы ғылыми ұғымға өту (ауысу) деңгейі деп белгілейді [7].

Мектеп оқушыларына берілетін тапсырмалар оқушылардың ойлауына әсер етеді, тапсырманы орындау үшін бала жауапты өзі іздестіреді, оны шешуде ақыл – ойы дамиды, ойлауына жан-жақты әсер етеді деп түйіндейді. Бірінші деңгей тапсырмалары жаттап алуға лайықты, алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілетін өңін өзгетпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік береді, екінші деңгей тапсырмалары материалды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, үшінші деңгей танымдық – іздену түрдегі заңдылықтар шығару қорытынды жұмыстары.

Білім берудің жаңа мазмұнын оқу үрдісіне енгізуде Қазақстандық ғалым Ж.А. Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясына» сүйеніп, сыныптағы әрбір тұлғаның танымдық қабілетін дамытуға деңгейлік тапсырмалар дайындап, шығармашылық деңгейге дейін жетелеуге болатын оқушыларды анықтауға болатындығына көз жеткіздік. Деңгейлік тапсырмалар барлық оқушыларға жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай әзірленіп, «қабілетті», «қабілетсіз» деген ұғымдардан арылуға көмектесіп, өзіне де өзгеге де пайдасын тигізетін тұлғаны тәрбиелеуге

әсерін тигізді. Оған қоса, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру , білім дәрежесінің жоғарылауына септігін тигізді. Сыныпта үздік оқитын оқушылар терең білім алып, үлгермеушілерге көмектесіп мүмкіндік жасауы ізгіленген тұлғаның кейбір қажеттерінің пайда болғандығын байқатты.

Қорытындысы тест – оқушылар білімінің бақылау түрі болды. Тест ағымының (испытание) сынау, өлшеу деген сөзінен шыққан . Барлық өтілген тақырыптың нәтижесі берілген білім қорытындысы тест әдісі бойынша бекітіліп , бағаланып отырды.

Қорыта келе жаңа оқыту технологиясы материал сипаттамалы түрде емес, шынайы проблема негізінде берілуі тиіс . Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму кезеңі оқу – ағарту саласын техникалық жаңа әдістерді кең көлемде қолдануды қажет етеді.

Әрбір сабақ тақырыбын меңгерту барысында жеке тұлғаның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне сай білім беріліп , ол орталарға көмектесіп, қабілетті жоғарыларға ерекше назар аударылуы керек. Мұнда деңгейлік технологиясының маңызы ерекше. Адам бойындағы қабілетті шыңдауға оның деңгейі ескеріліп, сараланып, дараланып отыруы тиіс. Қазақтың асқан жұлдызы Ш. Уәлиханов «Халықтың кемеліне келіп , өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек » деуі өте көрегендікпен айтылған. Осынау асыл сөздің мәні мен мағынасы бүгінгі күнмен үндесіп – ақ тұр.

Оқушының ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейтіп, білім аясының мейлінше өсуіне оқушылардың қабілетіне қарай деңгейленіп, сараланып оқытудың ықпалы зор.

Педагогика ғылымының докторы, профессор Ж.Қараевтың әдістемесі негізінде деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - өз бетімен дами алатын, әр түрлі өмірдің қиыншылықтарына төзе білетін, белсенді, білімді тұлға тәрбиелеу. Мұнда аладымен, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын ынтасын, белсенділігін дамытып, білім сапасының артуына көмектеседі. Әр тұлғаның мемлекеттік – стандартты деңгейінен көтерілуіне кепілдік береді. Оған қоса мұғалімнің де, оқушының да шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

Қорыта айтқанда, деңгейлеп оқыту технологиясының тиімділігі – оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен қатар шығармашылық деңгейі көтеру. Әр оқушы өзінің деңгейіне, білім дәрежесіне байланысты тапсырмалар орындай отырып, әлсіздер білім алуға ұмтыла түседі, мықтылардың өзіне тән деген сенімділіктері арта түсті. Нәтижесінде жан – жақты шығармашылық іс - әрекеті бар тұлға болып қалыптаса алады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (21.07.2015 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен)
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана, 2014 жылғы 11 қараша.
4. Таубаева Ш. Т., Лактмонова С.Н. Педагогическая инновация как теория и практика нововедений в системе образования : научный фонд и перспективы развития. /Книга 1/- Алматы: Научно – издательский центр «Ғылым» 2001.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология . Тараз : ТарМу, 2003.
6. Сабыров Т.А. Оқушылардың өз белсенділіктерін арттыру жолдары. Алматы «Мектеп», 1978ж. 110-бет.
7. Қараев Ж.А. Педагогическая технология дифференцированного обучения. Алматы, 2008ж. 5-17 бет , 17-21 бет.

## РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются особенности использования новых информационных технологии в процессе интеграции образования в учебных заведениях. Также дано полное определение понятию «Инновация», и определено содержание новых обязанностей для освоения новых информационных технологии.

## SUMMARY

This article deals with peculiarities of using new information technologies in the process of integration of education in educational institutions. The author gives a complete definition of the term «innovation» and defines the maintenance of new duties for mastering new information technologies.

ӘОЖ 338.48 (574).52

## Қ. ЖҰМАДІЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР

**Серікбай Майра**, студент;

**Нұрсұлтанқызы Жазира**, филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Киім-кешек адамдарға әлеуметтік және этикалық қызмет атқарады. Адамның үстіндегі киіміне қарап әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этникалық ортасын аңғаруға болады. Осыған байланысты қазақ халқының ұлттық киімдері жас және жыныс ерекшеліктеріне сәйкес мынадай түрлерге бөлінеді: сәби киімі (иткөйлек, сылау тақия), бала киімі (кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі (тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі (желбіршекті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі (сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі (көйлек, кимешек, жаулық, камзол, кебіс, мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері (шапан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал, саптама етік, кебіс, мәсі) т.б. Сол сияқты той, жиын, аза кезінде киетін киім түрлері де болған. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық т.б.) және жалпы ұлттық ерекшеліктерді бейнелейді. Әр этностың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын, тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін, ұлттық дүниетанымын танытады.

Қ.Жұмаділовтың «Тағдыр», «Соңғы көш», «Дарабоз» романында кездесетін көптеген киім-кешек атаулары лингвистикалық, лексика-семантикалық және этнолингвистикалық талдау жасауға негіз береді және этнос мәдениетін танудың бір жолын көрсетеді. Қазақ лексикасындағы киім-кешек атаулары – қазақ халқының әсем тұрмысын табиғи сұлулықта жарастыра білген мәдени өмірін, әр кезеңнің тарихын, эстетикалық талғамын танытады. Бұның барлығы сан ұрпақтың санасына тек этнографизмдер арқылы жетіп отыр. Жазушы шығармаларында кездесетін кейбір киім-кешек атауларына қатысты көнерген сөздерге талдау жасасақ.

**Сәукеле** – ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем баскиім. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар түрлі-түсті қымбат жіптермен тігіледі.

Сәукеленің тігілуі туралы ғалым Ө.Жәнібек былай дейді: «Сәукелеге ұқсас баскиімдерді археологтар ерте ортағасырлық



мүрделерден де кездестірген. Үйлену салтына арнап, қалыңдықты жасандырғанда, әдетте оның басына маңдайлық, желкелік жанамалар қыстырылатын қаңқа ретінде биіктігі 20-30 см-дей келетін бағалы аң терісімен көмкерілген «сүйрік бөрік» кигізетін де, үстіне сәукеленің өзін қондыратын болған. Ол беташар айтылғанда қалыңдықтың жүзін, бүкіл денесін жауып төгіліп тұратындықтан, қыздың дене пішімін өте нәзік, сымбатты етіп көрсететін» [1, 16]. Сәукеле сөзінің шығу төркіні туралы Е.Жанпейісов былай дейді: «Қырғыз тілінде «шөкүлә» - богото украшенное конусообразное свадебная шапка невесты. Сәу «sau, saғ» выражает значение целой, всецело, цельный, чистый, а компонент келе «күлә, kula» название головного убора связан с его основным признаком конусообразностью, относительной удлинённостью» [2, 7].

Бұрын ауылда киетін қос етек көйлек, оқалы камзол, асыл тасты биік сәукелесін тастап, қала сәніне, оның ішінде татар қыз-келіншектерінің киім үлгісіне қарай бейімделе бастаған («Соңғы көш»).

*Үстіне қос етекті торғын көйлек, кестелі қызыл қатипа камзол, басына асыл тастары шам нұрына шағылған, ақ жібек кіреукелі, биік сәукеле киген Айжан мен мұңдалап, көзге оқшау шалынады («Тағдыр»).*

**Қазақ халқы әйелдерінің бас киімінің бірі** – кимешек. Жас келіншектерден бастап егде әйелдерге дейін киетін дәстүрлі ұлттық баскиім. Ақ матадан, жібек матадан тігіп, әртүрлі әшекеймен безендіріледі. Қазақтың салт-дәтүріне сәйкес жас келіншек балалы болғаннан кейін кимешек киюге тиіс. Төменгі бөлігі – кимешек, жоғарғы бөлігіне жаулық оралады. Кимешек кеудені, иықты, жонды жауып тұрады, бет-әлпеті көрінетін жері ойық келеді. **Кимешек** – «ақ матадан тігіліп, омырауы мен арқасын жауып тұратын, беті ойылып жасалған әйелдің ұлттық баскиімі» [ҚТТС,34]. Қазақ әйелдері тұңғыш баласын туған соң оның басынан желегі алынып, кимешек кигізіледі. Ә.Марғұланның көрсетуінше, кимешекті 25-40 жастағы әйелдер киген. Ал В.В.Радлов: «*кімәшәк*» [kir.] – головной убор старых женщин» деген түсінік береді. Кәрі әйелдер мен кемпірлер бастарына кимешек үстінен байланатын үлкен ақ шаршы орамал – шылауыш тартады немесе кимешектің үстінен сәлде сияқты, бірақ жалпақ етіп орайтын ақ мата – күндік киеді.

**Аппақ шатырдай** кимешек-шаршысына **өмірі қылау** түспейтін, қызыл күрең қатипа камзолының екі өңірінде қапсырмалы күміс түймелер үймелеген, екі қолының салалы саусақтары алтын жүзіктерге толы Ажардың қазіргі сәні де жұрттан өзгеше («Соңғы көш»).

*Қазір ол да жұқарып, ақ кимешек астынан қамшының шолақ өріміндей сұлбасы ғана шалынады («Дарабоз»).*

**Жаулық** – әйелдердің басына салатын, тартатын орамал. Академик Ә.Марғұлан «жаулықты қазақ әйелі өмірінің үшінші кезеңінде, москал тарта бастағанда киеді. Әбден қартайған, кемпір болған кезде басына күндік салады, бұл форма әйелдің баскиімінің ең соңғы түрі болып саналады» дейді [3, 49]. Жаулық сөзінің этимологиясы туралы екі пікір бар. Өзбек тілінің маманы М.Асамутдинова осы атаудың төркінін «jan» (покрывать, укрывать) түбірінен таратады [4, 69]. Ал В.В.Радлов сөздігінде «иағлық» сөзі осы атаудың мағынасын беріп, йақ (масло, жир) және -лық сөз тудырушы аффикс деп көрсетеді [5, 52-53]. Жаулық түркі тілдерінің біразында орамал мағынасында, кейде баскиімнің түрі қызметінде қолданылған. Мысалы, азербайжан тіліндегі жаулық - жібектен тоқылған баскиім, ұйғырларда - қолорамал, ал қазақ тілінде егде әйелдің баскиімін танытады.

*Ауылдың әр тұсынан ақ жаулықты әйелдер түндік ашып, шаруаға шөгел кей жерошақ бастарынан жұлындай болып түтін көтерілді («Дарабоз»).*

**Бешпент** – жеңілдеу тігілген астарлы шапан. Бұл сөздің төркінін Ә.Нұрмағамбетов парсы тіліндегі «пәшм» – жүн, жабағы, ал «пәшминә» – жүннен жасалған мата сөзімен байланыстырады [6, 51].

**Шекпен** – түйенің немесе қойдың жүнінен тоқылған жаздық сырт киім. Түйе жүнінен тоқылған шекпен дәулетті адамдардың ғана қолына түсетін болған. Ал шамасы келмеген кедейлер шекпенді қой жүнінен тоқып киген. Шекпеннің де бірнеше түрі болған. Мысалы, бозшекпен (боз түйе жүнінен тоқылып тігілген шекпен), биязы шекпен (түйе жүнінен түйін қосып тоқылған шекпен), шидем шекпен (түйе жүнінен тоқылып астарланған, сырып тігілген шекпен), име шекпен (биязы жүннен сәндеп тоқылған жеңіл шекпен), қаптама шекпен (сырты тысталған қалың киім), мая жүн шекпен (түйе жүнінен тоқылған, жауын-шашында киетін ұзын сырт киім).

*Ұзын түйежүн шекпенін желбегей жамылған батырдың нар тұлғасы қазір төбе басында тіпті зорайып көрінеді («Дарабоз»).*

**Күпі** - матамен тысталған тері тон не жабағы киімді қазақтар осылай атаған. Іздене қарағанда «күпі» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын анықтайтын тіл деректеріне кез боламыз. Хакас тілінде «күп», якут тілінде «көп» тұлғалас сөздер «жұмсақ», «үлпілдеген» немесе «түкті, жүндес» мағыналарында қолданылады. Осыларды еске алсақ, алғаш түкті, жүндес мағынасында қолданылған «күп» не «көп» сөзі, кейін сондай заттардан жасалған киімге атау есебінде ауысқан. Айырмашылық – тек -і жұрнағының қосылып, қазақ тілінде «күпі» тұлғасына дейін жетуі ғана [6, 51].

*Көкжал Барақтың қаперіне ештеңе келер емес, күнісін жамылып қорылдаған қалпы дүниені басына көшіріп жатыр («Дарабоз»).*

Қазақ халқының ұлттық киімінің бірі – ішік. Ауқатты адамдар қыз ұзатқанда жасауына түлкі ішік беріп, құдаласу кезінде түлкі тон, түлкі ішіктерді бас құдаларға киітке де бергені жайлы деректер кездеседі. Ата-бабасынан бері қарай бүркіт салған ауыл түлкі ішік, тондарды төрге іліп қояды. Бұл «Сонша жыл бүркіт салғанда бір пұшпақ та жоқ екен» деген сөзден сақтанудан шыққан.

*Демежанның үстінде қасқыр ішік, түлкі тымақ, мол саптама етігі бар («Тағдыр»).*

Қорыта келгенде, Қ.Жұмаділов романдарында жоғарыда аталған көнерген сөздер белгілі бір авторлық мақсатты көздейді. Автор қазақы тұрмысты, ұлттық дүниетанымды, болмысты білдіретін қолданыстан шығып бара жатқан қазақтың байырғы сөздерін жаңғыртып шығарма сюжетіне енгізіп отырған.

Жазушы көркем прозасындағы көнерген сөздер біріншіден, жазушы суреттеп отырған дәуірдің тұрмыс-тіршілігін дәл, нақты көрсеткен, екіншіден, жазушы шығармалары тілінің лексика-семантикалық қабаттарын байытқан. Жазушы шығармаларында көнерген сөздер қазақ тілінің байырғы сөздерін жаңғырту, қолданысқа енгізу, сөздік қорды байыту мақсатында алынған.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Жәнібек Ө. Қазақ киімі. – Алматы: Өнер, 1996. – 192 б.
2. Жанпейісов.Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1991. -288 с.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: Қазақстан, 1966. – 212б.
4. Асамутдинова М. Название одежды и ее частей в узбекском языке. АКД. – Ташкент, 1969. -22 с.
5. Радлов В. Опыт словаря... – Санкт-Петербург, 1910.т. 3.- 1176 с.
6. Нұрмағамбетов Ә. – Алматы: Санат, 1994. – 304 б.

#### РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается роль устаревших слов в описании языковой картины мира.

#### SUMMARY

This article examines the role of obsolete words in the description of a language picture of the world.

ӘОЖ 323.329:8209

## «ҚИСАС-УЛ ӘНБИЯ» – ҒАСЫРЛАРДЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШІ

**Ержігіт Бекжан**, студент;  
**Медетбаев Тасболат Сиезбайұлы**, филология ғылымдарының  
кандидаты,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Қай халықтың болсын әдеби мұрасы сол халықтың тарихымен бірге туып, бірге қалыптасып, дамып отырады. Орта ғасыр заманында Батыс Түркістанда (Жетісу, Сырдария), Алтын Ордада және Орта Азия (Хорезм, Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Қоқан) аймағын жайлаған халықтардың түркі тілінде XII-XIV ғғ. жазылып қалған әдеби жазба мұралары бар.

Солардың қатарында «Диуани Хикмет», «Мұқаддима ал-адаб» («Әдебиетке кіріспе»), «Китаб тарджуман парси уа турки уа моғоли», («Парсы, түркі және монғол тілдерінің тәржімасы»), «Қисас-ул әнбия» («Пайғамбарлар тарихы»), қысқаша, «Қисас-и Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») еңбектерін атай аламыз.

Рабғузи Насреддин Бурханеддиннің баласы (т.ө.ж. белгісіз) – XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында өмір сүрген жазушы, қазақ арасында көп тараған пайғамбар, әулиелер туралы хикая, аңыздар жинағының авторы.

Рабғузи есімі де әл-Фараби, Хорезми, Яссауи сияқты туған жеріне байланысты алған лақап аты. Ол XIII ғасырда өмір сүрген. Әкесі Бурханеддин – Хорезм тұрғыны. «Қисас-ул анбия» немесе «Қисаси Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») атты бұл кітапты 1310 жылы (710 хижра) жаздым. Оны Насреддин Токбұға бектің құрметіне арнап жаздым. Оны жазған Рабат Оғыз қазысы Бурханеддин ұлы Насреддин», – дейді автор. Өзі: «Сенің қолыңнан шыққан, қаламыңнан түзілген сөз оқуға, үйренуге жеңіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, Тәңірден тауфих тілеп, кітапты бастадым», – дегеніне қарағанда бұрын да білімділігімен танымал болған кісі сияқты. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген. Жергілікті түріктерден шыққан Н. Рабғузи Рабат қаласын мекен еткен. Оның оғыз (ғуз) [1] тайпасының перзенті екенін өзінің есімі де айғақтап тұрғандай.

Тарихымыздан белгілі, 1220 жылы Шыңғысхан әскерлерінің басып кіруіне байланысты Хорезм мемлекеті ыдырап, ол Жошы ұлысының құрамына, кейіннен Алтын орда хандығына кірді [2]. Шірік-Рабат (бұрынғы Рабат қаласы) қаласының қазіргі орны

Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 300 шақырым жерде (Өзбекстанмен шекаралас) Қызылқұм шөлінде жатыр [3].

Н.Рабғузи – жасынан арабша тәрбие алып, дін жолында қызмет жасап, қази болған кісі. Ол Адам ата, Хауа ана, пайғамбар-әулиелер туралы бұрын-соңды айтылып-жазылып келген аңыздарды жинап, парсы, араб діндарларының жазғандарын қайта өңдеп, осылардың негізінде «Хисаси Рабғузи» немесе «Қисас-ул әнбия» кітабын жазып қалдырған. Бірақ оның түпнұсқасы бізге жетпеген. Парсы тілінен түркі тіліне аударылған бұл қолжазбаның бірнеше көшірмелері бар.

Оның XV ғасырға жататын бір нұсқасы Лондондағы Британия музейінде, XVI ғасырлық бір көшірмесі Ленинградтағы СССР Ғылым Академиясының шығыс фондысында сақталған. Лондондық нұсқасын К. Гренбек 1948 жылы Копенгагенде бастырып шығарған.

1859 жылы белгілі түркітанушы Н.И. Ильминский императорлық Қазан университетінің баспаханасынан кітаптың толық мәтінін бастырып шығара отырып, көпшілікті әдеби мұраның мазмұнымен таныстыруды мақсат еткен. Кейбір мәліметтерге қарағанда Н.И.Ильминский екі түрлі қолжазбаны негізге алған болуы керек. Бұл жөнінде П.М. Мелиоранский былай дейді: «Шамасы Н.И.Ильминский кейін Азия музейінде сақталған №336 қолжазбаны пайдаланған тәрізді және ол императорлық көпшілік кітапханасындағы Дорн каталогында тіркелген №7 қолжазбасымен де таныс болуы керек» [4].

Түркітанушы ғалымдар «Рабғузи хиссаларының» көне нұсқаларын іздестірді. 1883 жылы Лондонға барған сапарында П.М. Мелиоранский Британия музейіндегі ең көне, толық қолжазбаны қарап шығып, одан көшіріп алған кейбір үзінділерін 1897 жылы жариялаған еді. Сонымен бірге Ленинград университетінің кітапханасындағы қолжазбалардың ішінен бұрын жарияланып үлгермеген, Лондон нұсқасының бірнеше үзіндісін С. Е. Малов тауып, оны жарыққа шығарады [5].

Содан кейін Н.И.Ильминский және С.Е.Малов баспасөз бетінде берілген шығарманың үзінділерін 1951 жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап шығарған «Көне түркі жазба ескерткіштері» деген кітабына да енгізді. Бұл зерттеушілердің барлығын да «Рабғузи хиссаларының» әлемдік мәдениет пен әдебиет тарихындағы орнын айқындауға үлес қосқан айрықша зерттеулер деп бағалауға болады.

Осы сала бойынша Өзбек ғалымдары да оның хиуалық бір нұсқасын тауып, оны XV-XVI ғғ. аралығына жатқызады. Ол нұсқа Өзбек Ғылым академиясы институтында сақталған.

Жоғарыда айтқанымыздай, «Рабғузи қиссалары» бірінші рет Қазанда 1859 жылы Н.И.Ильминскийдің бастыруымен жарық көрген. Қиссаның бір нұсқасын 1859 жылы Рахматулла Әмірханұлы бастырып шығарған. Одан кейін де 1873, 1897, 1899, 1914 жылдары басылып шыққаны белгілі. Қазақ елі хиссаның осы Қазан баспасы шығарған нұсқасымен жақсы таныс болғанға ұқсайды. [6] Сол сияқты Ә.Әріпбайұлы да Н.Рабғузидің «Қисас-ул әнбиясының» үш жерде (Ташкент, 1904ж., Қазан, 1904ж., Қашқар ұйғыр баспасында, 1908 ж.) басылып шыққанын айтқан және сол үш баспадан шыққан кітапты салыстыра отырып жазған.

Бұл әдеби мұра қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш рет 1967 жылы профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен филология факультеттерінің студенттеріне арналған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енді. Ұсынылып отырған кітаптағы үзінділер «Рабғузи хиссаларының» 1914 жылғы Қазан баспасынан алынып жарияланған болатын.

Профессор Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың филология факультеттеріне арналған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) оқулығында әдеби мұраның жазылу тарихы мен әр түрлі көшірмелері жайында бірқатар мәліметтер берілген.

«Рабғузи қиссалары» туралы бұрынғы және кейінгі жазылған арнайы зерттеулерде бұл еңбек лингвистикалық тұрғыдан біршама талданғанымен, [7] әдеби сипаты жөнінде тек шолу ретінде ғана айтылғаны болмаса, арнайы зерттелмеген.

Бірақ осы ретте профессор Б.Кенжебаевтың арнайы жазған мақаласының танымдық мәні зор болғандығын айта кету керек. [8] Онда ғалым әдеби мұраның 1914 жылғы Қазан баспасынан шыққан нұсқасы бойынша шығарманың сюжетін, құрылысын, басты ерекшеліктерін, кейбір жеке әңгімелерін талдай отырып, көптеген мысалдар келтіреді. Осы кезге дейін «діни шығарма» ретінде бағаланып келген бұл әдеби мұраны керексіз дүние санап жүрген кейбір сыңаржақ көзқарастарға қарсы нақты дәлелдер айтады.

«Шаһнаманы» қазақша жырлаған Т.Ізтілеуов те Н.Рабғузи әңгімелерінің кейбір сюжеттерін өлеңге айналдырып, тәлім-тәрбиелік мәні зор әдеби мұра қалдырғанына көзіміз жетіп отыр. Соның ішінде шайырдың ерекше көңіл аударғаны Лұқман хәкімнің әңгімелері болды [9].

Рабғузи хикаяттарының біреуін (6-хикаят) жырау Р.Мәзғожаев 1946 жылы Сыр бойындағы халық аузынан жазып алып, оны Ғылым Академиясына тапсырған [10].

1951 жылы С.Е. Малов: «Басқа көне түркі ескерткіштері сияқты бұл ескерткіштің де мән-мағынасын ашу, тарихи-әдеби жайын

зерттеу жағы әлі басталған жоқ деуге болады» - деп жазған болатын [11].

«Рабғузи қиссаларының» тематикасы, идеялық бағыт-бағдары негізінен діни сипатта болғанымен, ондағы жекелеген әңгімелер мен оқиғалар көркем әдебиеттің дамуына игі ықпал етті.

Біздің осы тарихи жәдігерге, сан ғасырлардан асып жеткен әдеби мұраға «өзінен бұрынғы озық ой-пікірлерге қосқан жаңалығы, сол тұстағы әдебиетті дамытуға азды-көпті үлесі қандай болды?» деп қарауымыз орынды.

«Рабғузи қиссаларының» негізі шығыстық (Вавилон) араб, парсы арасында туып, қалыптасқан. Кейін біздің жерімізге бірден-бірге ауысып, келіп жеткен сюжеттерден алынған аударма, әрі назиралық шығарма болып табылады. «Қиссалардағы» кейбір қалыптасқан сюжеттердің генезисі, дүниенің жаралуы, жерді «топан су қаптау» туралы аңызы және басқалары Вавилон мифологиясынан алынғандығы дәлелденіп отыр.

Лондондағы Британия музейінің қызметкері, археолог Джордж Смит сына жазбаларының арасынан б.д.д. I мыңжылдықта жазылған «Энума Элиш» атты бір поэманы тауып, оны оқып шыққан. Сонда көктің, жердің, дүниенің алты күнде жаралуы, адамды да алтыншы күнде жаратуы, тағы да басқалары кейінгі діни кітаптардағы («Тәурат», «Інжіл», «Құран Кәрім») қалыптасқан сюжеттерге сәйкес келеді.

Рабғузи кітабында көне Вавилон мифологиясымен тамырласып жатқан көптеген қалыпты сюжеттер бар: дүниенің жаралуы, жерді топан су қаптауы, Адам ата, Хауа ана, т.б.. Шумер тілінде «нин» – әйел, «ти» – қабырға сөзінің мағынасын білдіреді екен. Хауа анамыздың Құдайдың құдіретімен Адам атаның қабырғасынан жаралғаны туралы аңызды ескерсек, ақиқат шындыққа бір табан жақындағандай боламыз.

Бұл еңбекте «Топан су» аңызына біраз орын берілген. Жер жүзін топан су қаптар алдында Құдай Нұһқа кеме жаса деп бұйырады. «Нұһ кеме жасайды. Кемені үш қабат етіп, бірінші қабатта хайуанаттардың әр түрінен бір-бір жұп, екінші қабатында адам, үшінші қабатына құстың әр түрінен бір-бір жұп алады. Қырық күн, қырық түн жаңбыр жауады. Сел болып, жер бетін топан су қаптайды. Судың биіктігі қырық аршын болады. Ең биік деген таудың өзінің басынан асып кетеді. Дүниеде қыбырлаған жан, мақұлық қалмайды, барлығы суға кетеді». Алла тағала Нұһ пайғамбардың өтінішінен кейін дінге кірмегендерді жазалау үшін оларға топан су жіберген болатын.

Осындай нөсер, топан су туралы жазылған мәлімет шумерлердің клинопись жазу таңбаларынан табылған. Бір күні

Джордж Смит таңбаларды реттеп отырып, оның бірнешеуінен «топан су» жайлы аңыздың үзіндісін оқыған. Д. Смит ашқан жаңалығын жеріне жеткізіп, анықтап шығу үшін Месопотамияға сапар шекті. Онда ол орасан зор қазба орнынан аңыздың қалған бөлігі жазылған таңбаларды тауып алған. Онда Нұһ Утнапиштим деп аталған.

Ағылшын этнологы Дж. Фрезер Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америкадағы 130 тайпаның ішінде бұл туралы аңыз айтпайтын бірде-бір тайпаның жоқтығын атап өтеді [12].

Бұл апат бірқатар ғылыми материалдардың көрсетілуі бойынша, шамамен біздің жыл санауымыздан бұрынғы 11000 мыңыншы жылдарға сәйкес келеді.

«Рабғузидің киссалары» – Құран Кәрімде, ислами ұғымда «пайғамбар» деп есептелінетін тарихта болған адамдар жайында әңгімелер. Әңгімелердің арасында Құран қағидаларынан үзінді дәлелдер келтіріліп отырған. Әңгімелердің негізгі өзегі де сонда баяндалатын оқиғалардан алынған. Құранды көп жылдар бойы тексеріп, зерттеген арабист ғалымдар оны араб әдебиеті мен мәдениетінің, тарихының көне ескерткіші деп бағалайды.

Белгілі зерттеуші И.Ю. Крачковский: «Құран – исламның ерте дәуірдегі тарихын бейнелейтін кітап, араб прозасының, әдеби тілінің негізі болған ірі ескерткіш. Құран – дүние жүзі әдебиетінің ескерткіші», [13]

– деп бағалаған.

Адамзат баласына Алла тарапынан көптеген кітаптар жіберілген. Солардың ішіндегі ең негізгілері төртеу: Дәуіт Әлейһиссаламға «Забур», Мұса Әлейһиссаламға «Тәурат», Иса Әлейһиссаламға «Інжіл», Мұхаммед с.ғ.с.-ға «Құран Кәрім» түсірілген.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті

Алланы танытуға сөз айырылмас, [14] – деп дана Абай айтқандай, аталған кітаптардың барлығында Жаратушының бірлігі және барлығы, оның асқан құдірет иесі екені айтылады.

Жаратушы хақ тағала хабарын өзінің елшілері – пайғамбарлар арқылы жеткізіп отырған. Пайғамбарлар – Алла тағала тарапынан жіберілген елші, адамзатты адастырмайтын тура жолға бастаушы, надандық пен қараңғылықтан құтқарушы тарихи тұлғалар. Діни әдебиеттерде 124000 пайғамбар болды деп айтылады. Олардың әрқайсысының өзіне тән керемет қасиеттері болды. Өзі өмір сүрген қауым мен жұртын адастырмас ақ жолға бастап, ақиқат туын ұстаған мұндай тұлғалар туралы «Құран Кәрімде» де баяндалады. «Құран Кәрімде» 25 пайғамбардың аты аталып, олардың өмірі, қоғамдағы қызметі жайлы нақты мәлімет беріледі.



«Қисас-ул әнбия» секілді жәдігер ұрпақтан-ұрпаққа ауыса отырып, рухани дүниеміздің кем-кетігін бүтіндеп, ақыл-ой парасатының шырқау шыңына бастай берсін!

### ӘДЕБИЕТ

- <sup>1</sup>. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. А.,1987.– 176-б.
- <sup>2</sup>. Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1972 .– 173-б.
- <sup>3</sup>. Қазақстан тарихы. А., 1994.– 40 б.
- <sup>4</sup>. Мелиоранский М.П. Сказание о пророке Салихе. (изд. Хисас-ул Энбия Рабгузи).-сборник статей учеников барона В.Р. Розена к дню двадцати пятилетия его лекций. СПб, 1897.– С. 279-280.
- <sup>5</sup>. Малов С.Е. Мусульманские сказания о пророках по Рабгузи. Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее. Том V. Ленинград. Изд. АН СССР. 1930. – С. 507-525.
- <sup>6</sup>. Қисас-и Рабгузи. Қазан, 1985 ж.
- <sup>7</sup>. Мирзакаримова Ульмас. Морфологические особенности «Кисаси Рабгузи». Ташкент, Автореф. канд. дисс.– 1969.
- <sup>8</sup>. Кенжебаев Б. Қисас-ул әнбия // «Жұлдыз», 1968, №7.
- <sup>9</sup>. Ізтілеуов Т. Назым. А.– 114-117 б.б.
- <sup>10</sup>. Мәзғожаев Р. Қазақ ертегілері. 3-том.– 365-бет.
- <sup>11</sup>. Косидовский З. Библейские сказания. 1966.– С. 27.
- <sup>12</sup>. И.Амборджа Донини. Люди, идолы и боги. М.,1962.– С. 114.
- <sup>13</sup>. Горбовский А.А. Загадка древнейшей истории. М., 1971.– С. 7-9.
- <sup>14</sup>. Сонда

### РЕЗЮМЕ

В данной статье автор рассказывает о роли произведения «Қисас-ул әнбия» в национальной культуре.

### SUMMARY

In this article, the author talks about the role of work «Қисас-ул әнбия» in the national culture.

ӘӨЖ 82-024:89 (574.54)

## СЫР БОЙЫ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ ҮЛГІДЕ ЖАЗЫЛҒАН ҒАЗАЛДАР МЕН РУБАЙЛАР

**Қанымбаева Ботакөз Мыңталапқызы, студент;**  
**Сапартаева Ләззат Егізбайқызы, аға оқытушы,**  
*«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы*

Сыр бойы ақындарындағы шығыстық үлгілерді сөз еткенде жанрлық сипатын да қарастырған орынды. Бұрын халық поэзиясында бар жанрлардың үстіне шығыс әдебиеті өрнектерінен мысал, тақпақ, рубаят, нақлият, қисса, хикая, дастан, бәйіт, ғазал, қазыда, мәссауи, мурабба жанрлары қосылды. Академик З.Қабдолов жанр туралы: «Әдебиет теориясында пішін (форма) бар да түр бар. Дәлірек айтқанда, әдебиеттің тектері (эпос, лирика, драма) бар да, түрлері (роман, поэма, трагедия, т.б.) бар. Тек те, түр де жанр деген ұғыммен, яғни жанрмен, жанрлық түрмен мәндес» [1, 291 б.],– дейді. Ал З.Ахметов: «Әдебиет теориясы көркем шығарманың жалаң, сыртқы белгілерін тану ғана болмайды, оның ішкі сырына бойлатудың, әдеби процестің заңдылықтарын, түпкі сипат-ерекшеліктерін, тіл кестесін, жанрлық өзгешеліктерін, қазақтың ақындық өнеріне тән сипаттаудың, терең де жан-жақты зерттеп, айқындай түсудің маңызы зор» [2, 73 б.],– деген. Соған қарағанда Сыр бойы ақындарының шығыстық үлгідегі дүниетанымы ғана емес, көркем бояуы, өзіндік жанр, түр формалары болған.

Сыр бойы ақындарының шығармашылығындағы шығыстық үлгіден алынған жанрдың бір түрі – ғазалдар. Ғазал жанры туралы профессор Ө.Күмісбаев былай дейді: «Парсы ғазалы мен араб ғазалының арасында айырмашылықтар бар, парсы ғазалы махаббаттан басқа табиғат, философиялық лириканы да қамтып өтеді, ал араб ғазалының тақырыбы тек қана сүйіспеншілік туралы» [3, 101 б.]. Демек, Сыр бойы ақындарының ғазалдары парсы ғазалдарының әсерімен жазылған деуге болады. Онда шайырлар ислам дінінің имандылық қағидалары аясындағы өздерінің көзқарастарын білдіреді.

Сырдың белгілі ақындарының бірі Сейтжан Бекшентайұлы шығармашылығында ғазал жанрында жазылған туындылар көп кездеседі. Ақынның «Қалам алып жаздым ғазал, халайық», «Кел, Сейтжан, зейіліңді аш», «Ойлап тұрсам мен бір ақымақ», т.б. өлеңдері – шығыстық үлгіде жазылған ғазалдар. Сейтжан ақын ғазалдарында Алланың ұлы жолын ислам қағидаларымен түсіндіреді.

Өз замандастары арасында «шығыс тілдерінің тірі сөздігі» атанған Тұрмағанбет шайырдың соңында да терме, толғау, мысал, хикая, дастандарымен бірге адамзат баласына ортақ алуан мәселелерді қозғайтын мазмұны мен түрі өзгеше тақпақ, рубай, шағын шумақтар қалды. Олар қысқа қайырылып, түйінді ой айтуға негізделеді.

Ақынның «Атақ», «Ұрпақ», «Тәржіма» «Кәрілік белгісі» деген шығармалары – шағын шумаққа құрылған өлеңдер. Бұндай өлеңдерді ақын 6-8 жолдан асырмайды. Өлеңдерінде ерлік, ғылым игеру, әділдік, адалдық, надандыққа, қараңғылыққа, күншілдік, мансапқорлық, дүниеқор, сарандық, жалқаулыққа қарсылық білдіреді.

«Атақ» деген өлеңінде атақты адамның аға-ініге көлеңкесі түсуі орынды, ешкімге көмегің болмаса, көп сені керек етпейді. Қалайда халқыңа көмек керсету ердің ісі екенін айта келіп:

Қалады қалайда да артыңда атың,  
Емпеңдеп елдің атын ерттеп өтсең [4, 62 б.],–  
деп ой түйеді.

Халық лирикасында өнегелік өлеңдер көп. Бұл өлеңдер дидактикаға құрылады. Осылардың бірі – тақпақ. Бастан-аяқ бір ұйқасқа құрылып, маржандай тізіліп шығады. Тұрмағанбет творчествосында мұндай өлеңдер де баршылық. «Тақпақ», «Құлжан биге», «Не қызық?», «Не артық?», «Тәлім», «Жақсы мен жаман», «Мырзаның мінезі», «Опа жоқ», «Өмір толқыны», т.б. өлеңдері тақпақ өлеңдерге жатады. Мысалы, «Не қызық?» деген өлеңінде:

Ұл мен қыздың қызығы –  
Тілі анық шыққанша.  
Мергендіктің қызығы –  
Көздеген аңын жыққанша.  
Жүйрік аттың қызығы –  
Шомылып терге лыққанша.  
Татулықтың қызығы –  
Кеуденнен жаның шыққанша [4, 58 б.].

Жұртшылықты мейірімділікке, татулыққа шақырып отырып, сөздің жүрекке жетерлік атымын, төте соқпағын іздейді. Өлең бастан-аяқ бір ұйқасқа құрылған. «Не артық?» тақпақ өлеңі де осындай. Тақпақ өлеңде ақын ойын көркем кестелеп, оқушысын еріксіз еліктіреді, мағыналы ой, түйсік тастайды.

Сыр бойы ақын-жырауларының шығармашылығында кең өріс алған рубай жанры туралы энциклопедиялық анықтамада «Рубай, рубаят, рубаи, төрттаған (араб. төрттік). Шығыс поэзиясында кең таралған лирикалық өлең түрі. Араб, парсы және түркі халықтарының ауыз әдебиетінде мол ұшырасады. Рубай төрт тармақтан тұрады, ұйқасы – **а а б а** немесе **а б а б**, кейде ұйқасқан әр жолдан кейін бір

сөз қайталанып отырады. Рубаи мазмұнға құрылып, аяқталған бір ойды білдіреді...» деген анықтымы берілген.

Рубаи – бір шумақты, уәзін өлшемімен жырланатын өлең түрі. Жанрдың ерекшелігі сол – бір ғана шумақта үлкен ой, түйінді тұжырым жатады. Байырғы философтар, данышпандар ел билеген бишешендер өздерінің даналық ойларын осы жанр арқылы бұқараға жеткізіп отырған. Рубаи – арабтың төл сөзі. Мағынасы – «рубағи» – «төрттік» немесе «төрт жолдық өлең» деген терминді танытады.

Рубаидың басты тақырыбы – философия, махаббат, табиғат лирикалары, дидактикалық-моральдық, діни, жалпы халықтық-даналық болып келеді. Парсы-тәжік әдебиетінің ақындары рубаи жырлаудың майталмандары десе боларлық. Ақындардың дені осы аталмыш жанрда көптеп қалам тартқан. Әсіресе, Рудаки, Омар Хайям, Сағди Ширази, Насир Хұсроу, Исмаил сынды ақындар рубаи жанрының биік шыңына шыққан.

Сыр бойы ақын-жырауларында шығыстық үлгідегі рубаилардың көп кездесуі – шығыс әдебиетіндегі дәстүр жалғастығының көрінісі. Базар жырау, Шораяқтың Омары, Тұрмағанбет шығармаларындағы шығыс әдебиетінде көп қолданылатын төрт жолдық өлең – рубаиларда өмір мен өлім, қуаныш пен қайғы адалдық пен жауыздық, зұлымдық пен махаббат бір шумақ өлеңге сыйғызылып, үлкен ой түйіледі. Поэтикалық форма жағынан тәжік әдебиетінің төл жанры ретінде қалыптасқан рубайларға тән нәрсе – бірінші, екінші жолдары ақыл-нақылға құрылады. Шағын шумақтағы үшінші жол ойды толықтырып, төртінші жол философиялық ой түйеді.

Тұрмағанбет, Базар, Шораяқтың Омары шығармаларындағы рубаилар көптігі ақындардың әлем халықтарының әдебиетімен идеялық-эстетикалық жағынан байланыста болғанын көрсетеді. Сыр ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлының төрттағандары – тақырыптық жағынан көркемдік ерекшеліктерге бай туындылар. Мәселен, Т.Ізтілеуовтің «Көңіл» деп аталатын шығармасында:

Ей, көңілім, талпи берме бет алдына!

Бетіңше талпынғанмен, кет алдың ба?

Үш түгел алтайыға алты қостым,

Сонда да біреуіңе жете алдым ба? –

деп алып-ұшып, өрекіген көңілге басу айтса, «Түс» шығармасында:

Жаманнан жақсы көрем таяғымды,

Артық деймін арық аттан аяғымды.

Ойласам, ұйқыдағы түс сияқты:

Күлкі, ойын, жастық дәурен – баяғымды [4, 65 б.],–

деп өткен күндеріне баға береді.

Өлеңнің бірінші, екінші жолы ақыл-нақылға құрылған, ал үшінші жолы ойды толықтырып, төртінші жолы философияның диалектикалық заңына сай түйін түйеді.

Т.Ізтілеуов мұраларын зерттеуші Ұ.Жанбершиева: «Т.Ізтілеуов рубаилары эстетикалық, дидактикалық, моральдық тақырыптарды қамтиды. Сондықтан профессионал ақын шығармашылығында өсиеттік, бата-тілек мағынасындағы рубайлар көп. Өмірге құштарлық – ақын поэзиясының негізгі көзі. Тұрмағанбет шығармаларындағы мұндай шеберлік Шығыс әдебиетінің әсері болса керек» [5, 53 б.], – дейді.

Шораяқтың Омарының рубаилары да эстетикалық, моральдық, дидактикалық мәселелерді қамтиды. Бұған ақынның мына жолдары дәлел:

Жібердім бір баладан қағаз жазып,  
Сұлуға сұңқар мойын, белі нәзік.  
Лебінен бір махаббат бола ма деп,  
Жолыңда құрбың отыр жүрек сазып.

Бар еді менде не ақың кеткендей-ақ?  
Тиеді мына сөзің кетпендей-ақ.  
Аузыңнан қандай-қандай сөз шығады,  
Тұлпарды есек келіп тепкендей-ақ [4, 27 б.].

Рубаилар Базар жырау шығармаларында да кездеседі. Өсиеттік, бата-тілек мағынасындағы шағын шумақпен жазылған өлеңдер ақынның өмірге құштарлығын көрсетеді. Ақынның әрбір шумағы мен халықтың қанатты сөздерінің ұқсастығы байқалады:

Шалқыған айдын шалқардай,  
Көл тартылады көзінен.  
Сандуғаштай сайраған  
Тіл тартылады сөзінен.

Жабы мінген жөнелмес,  
Тіріде пенде не көрмес.  
Көтергенмен кеудесін  
Жақсыға жаман теңелмес [4, 46 б.].

Тұрмағанбет, Базар, Омар шығармалары өмірдің өзгермелі екендігін, дүниенің мәңгі қозғалыста жаңарып тұратынын, тіршіліктің тез өтетінін ескертеді. Олар көркем нақышпен жазған қысқа шумақтарында әрбір сөзге жан бітірді.

Нұртуған Кенжеғұлұлының да төрттағандарында тіршілік қозғалыстарының қарама-қайшылықтардан тұратын шынайы болмысқа философиялық-дидактикалық тұрғыдан түйіндеулер жасалады. Ақын адамның мінез-құлық психологиясына, тұрмыстық,

қарым-қатынас мәдениетіне лайықты жаратылыстың үндес, ұқсас құбылыстарын баламалайды.

Нұртуған жырау философиялық лириканың аса мәнді үлгісі саналатын, төрт тармақтан ғана құралатын шумақтың ішінде адамзаттың бүкіл өмір кезеңін, мәнді тіршілікті, өлгеннен кейін мәңгілік жасайтынын – бәрін де сыйғызады.

Өмір – қызық тынбайтын қысы-жазы,  
Өнер тапсаң жетісер малдың азы.  
Жүгінсең ар-ұяты мол адамға  
Болады шындығына әділ қазы [6, 83 б.],–  
дейді жырау.

Сағасыз жайылған су көл болмайды,  
Тірлікте сыйласпаса, ел болмайды.  
Шықпаса таңдаушының зердесіне  
Ұйқасқан сөздің бәрі сел болмайды [34, 91],–  
деп тыңдаушысына терең ой салады.

Сыр сүлейлері атауымен қазақ мәдениетіндегі әдеби шығармашылық өнер мектебінің көркемдік жалғастығы дәстүрін қалыптастырған ақындар шоғыры исламдық мазмұнмен толыққан шығыс әдебиетінің қазақ топырағындағы үлгілерін осылайша жасаған. Оған сол шығыс әдебиетіндегі гуманистік ойлардың әсері, әлем әдебиетімен байланысы негіз болғаны айқын.

## **ӘДЕБИЕТ**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 357 б.
2. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп. – 212 б.
3. Күмісбаев Ө. Ортақ арна. – Алматы: Жазушы, 1985. – 176 б.
4. Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1972. – 264 б.
5. Жанбершиева Ұ. Тал жібектей таза сөздің тарланы. Қызылорда: Тұмар, 2006. – 125 б.
6. Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші. Алматы: Маржан, 1994. – 446 б.

## **РЕЗЮМЕ**

В данной статье описывается короткие стихотворения из творчества акынов Сыра. Приведены конкретные примеры из рубаи и газалов, авторами которых являются Сейтжан Бекшентайұлы, Турмаганбет Изтлеуұлы, Шораяктын Омары, Базар Ондасулы, Нұртуған Кенжегулулы.

## **SUMMARY**

This article describes short poems from the work of akyns of Syr. It has also concrete examples of Rubai and Ghazal of Seitzhan

Bekshentayuly, Turmaganbet Iztleuuly, Shorayaktyn Omare. Bazaar Ondasuly, Nurtugan Kenzhegululy.

ӘОЖ 37.016:894.342:303.448

## АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША ТІЛ ДАМУ ТҮРЛЕРІ

**Сапарбек Жанира Әділбекқызы, студент,  
Смаилова Аида Есенгелдіқызы, ғылым магистрі,  
«Болашақ» колледжі, Қызылорда қаласы**

Оқушы тілін дамытуда мәтіндердің атқаратын қызметі зор. Мәтін оқушыны оқуға үйретудің құралы, ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, өз ойын анық, нақты, жүйелі, әдемі жеткізуге үйретеді. Мәтін осы қызметтерді толық атқару үшін, оған төмендегі талаптар қойылады.

1. Мәтін оқушының жас ерекшелігіне, түсінігіне сәйкес болуы керек. Осымен байланысты әр сыныптағы оқылатын мәтін әр түрлі деңгейде болады.

2. Бір сыныптың өзінде алғашқы мәтіндер мен оқу жылының аяғындағы мәтіндердің көлемі, ондағы сөйлемдердің құрылысы, ауыр – жеңілдегі бірдей болмайды. Мәтін дидактиканың жеңілден ауырға дейін принципі бойынша бірте – бірте күрделеніп отырады.

3. Мәтіннің мазмұны әр сыныптың оқушысының білім деңгейіне, дүниетанымына сай болуы қажет. Оқушыға таныс емес, оқушы түсінбейтіндей қиын мазмұнды мәтін алынбауы, оқуға берілмегені дұрыс.

4. Мәтіннің мазмұны оқушыны қызықтыратындай болуы қажет. Оқушыны қызықтыратын мәтіндер жеңіл меңгеріледі.

5. Мәтіндердің тәрбиелік мәні болуға тиісті. Оқушыны достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін мәтіндердің мәні күшті.

6. Мәтіндер қазақ халқының мәдениетімен, әдет – ғұрыптарымен, ұлттық мерекелерімен, жетістіктерімен оқушыларды таныстыру қызметін атқаруға тиісті. Ол халықты сыйлауға тәрбиелеуі қажет.

Мәтінмен байланысты жұмыстың бірнеше түрі жүргізіледі. Мысалы, оқу, аудару, мазмұнын ауызша әңгімелеу, әңгімелеу үшін жоспар жасау, мазмұндама жазу, сұрақ – жауап ретінде екі кісі әңгімелеу яғни диалог құру, т.б.

Мәтіннің мазмұнын әңгімелеуге үйретудің тіл ұстартудағы ролі маңызды. Алғашқы кезеңде әңгімелеуде оқушыда мәтінге сүйену көп болады. Бірте – бірте мәтінді қысқартып айтуға, бара – бара оны кеңейтіп, толықтырып әңгімелеуге үйрету қажет. Бұл оқушыны мәтін мазмұнын өз сөзімен әңгімелеуге үйретеді. Оны түрліше жүргізуге болады. Алғашқы кезеңде оқушыға мәтін бойынша сұрақ қойып, жауап арқылы әңгімелетуге болады. Бұл- мәтіннің мазмұнын айтқызудың жеңіл жолы. Бірақ осы әдісті басқа мақсатта да қолдануға



болады. Оқушылардың өздеріне бір – біріне сұрақ қойып, жауап бергізу арқылы мәтінді диалогқа айналдыруға да болады. Бұл жұмыстың түрі кейінірек жасалады. Әңгімелеуді жоспар жасау арқылы үйретудің де маңызы зор. Мәтінге жоспар жасату екі түрлі қызмет атқарады: жоспар жасау және мәтінді жақсы түсінуге, ойын жүйелі жеткізу.

Мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақтарға жауапты жазбаша түрде жүргізу арқылы оқушының жазбаша тілін дамытуға болады. Мәтінмен жүргізілетін ауызша тіл дамыту жұмыстарының бәрі жазбаша да жүргізіледі.

Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан басталады. Тілдік жаттығуларды жазбаша түрде орындау оқушының жазбаша тілін дамытудың алғашқы басқышы деуге болады. Диктант түрлері жазбаша тілдің негізгі шартты белгісінің бірі болып саналады.

Дегенмен оқушының тілін жазбаша түрде дамытуда мазмұндама мен шығарманың орны ерекше.

Мазмұндама – тіл дамытудың өте маңызды әдісі. Әдетте мазмұндама оқыған мәтіннің мазмұнын ауызша әңгімелеуден басталады да, жазбаша мазмұндамаға ауысады. Бұл оқушының сөйлеу тілі мен жазбаша тілін дамытады. Мәтін бойынша мазмұндама жазу үшін, мәтінді оқығанда, ынтамен тыңдайды, есте сақтауға, түсінуге тырысады. Оқушы мәтінді түсініп, есте сақтауға бағыттайды. Бұл оқушының зейінін, ойын дамытады, оқушыны мақсатты іс – әрекетке бағыттайды.

Мазмұндама негізінен оқушының жазбаша тілін дамытуда, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретеді. Бірақ мазмұндаманы оқушының жазбаша тілді қаншалықты меңгергенін тексеру үшін де қолдануға болады. Ол ғылымда оқыту мазмұндамасы деп аталады.

Ғылымда, тәжірибеде мазмұндама жазудың төмендегі жолы белгілі:

1. Мазмұндама жазу алдында мұғалім ол туралы әңгіме өткізеді. Мұғалім оқушының ойын, назарын ұйымдастыру үшін мәтін туралы оларға қысқаша түсінік береді, мазмұнын түсінуге дайындайды. Бұл кіріспе әңгіменің мазмұндама сапасына әсері болады.

2. Мұғалім мәтінді асықпай, жағымды дауыспен, салмақпен оқиды. Оқушыларға түсініксіз сөздерді сөздік дәптеріне жазғызады, түсініксіз сөз тіркестерін түсіндіреді. Кейбір қиын жаңа сөздерді тақтаға жазып қоюға да болады. Жалпы мазмұндама жазатын мәтінде түсініксіз сөздердің болмағаны немесе бірлі – жарым ғана болғаны дұрыс.

3. Мұғалім оқушылардың мәтіннің мазмұнын түсінген-түсінбегенін анықтауы қажет. Оқушылар мәтін мазмұнын түсінбесе, оны түсіндіру керек.

4. Оқушыларға мазмұндаманың жоспарын жасату керек. Бастауыш сыныпта жоспарды мұғалім өзі ұсынады, кейін мұғалім көмегімен оқушы жоспарды өзі жасап, одан соң оқушылардың өздеріне жасату дұрыс.

5. Мұғалім мәтінді екінші рет өзі оқиды, не өте жақсы оқитын оқушыға оқытады. Егер жеңіл мәтін болса бір оқушыға, қиын болса 2-3 оқушыға жоспар бойынша әңгімелетеді. Оқушылар мәтіннің мазмұнын айтуда қате жіберсе, оны түзеткен соң, оқушылар мазмұндама жазуға кіріседі.

Мазмұндаманың бірнеше түрі бар: мәтінге жақын мазмұндама, қысқа мазмұндама, мәтіннің бір мәселесі бойынша мазмұндама, шығармаға жақын мазмұндама.

Мәтінге жақын мазмұндамада оқушы мазмұнын ретімен жүйелі түрде толық жазады. Мәтіндегі айтылған оқиғалар мазмұндамада түгел қамтылады. Бұл мазмұндаманы жазуда оқушы мәтіннің мазмұнын ауызша әңгімелеуде алған тәжірибесіне сүйенеді. Мазмұндаманың бұл түрі жазуға үйретудің алғашқы кезінде қолданылады.

Қысқа мазмұндама кейінірек қолданылады. Қысқа мазмұндамада мәтіннің негізгі мазмұны ғана жазылады, мазмұнды толықтыратын, кейбір мәселелерін түсіндіретін, анықтайтын бөліктері бұл түрінде жазылмайды. Қысқа мазмұндама оқушының ой қорытындысы арқылы өз сөзімен жазылады. Қысқа мазмұндама жазу үшін, оқушының өз ойын нақты білдіре алатын тәжірибесі болу керек.

Мәтіннің бір мәселесі бойынша мазмұндама жазғызуда мұғалім оқушының назарын мәтіндегі негізгі мәселеге аударуды көздейді. Мұнда негізгі мәселені жақсы түсініп, ол туралы толық баяндау көзделеді. Мұғалім мәтіндегі бір мәселенің мазмұнына байланысты жүйелі баяндауды талап етеді.

Шығармаға жақын мазмұндама оқушының шығармашылық ойын дамытуды, ойын өз сөзімен білдіру дағдысын қалыптастырады.

Шығармаға жақын мазмұндамада оқушы мәтіннің мазмұнын өзінше жалғастырып жазады, кейде мәтіннің басына өзінше үзінді қосады, мәтіннің арасына өз ойынан әңгіме қосады. Басқаша айтқанда, мәтіні кеңітіп, өзгеріс жасайды. Бұл оқушының өздік жұмысына жатады. Ол оқушы тілінің байлығын, тілдік тұлғаларды еркін қолданатын тәжірибесін көрсетеді.

Шығарма – жазба тілді дамытудағы ең негізгі жұмыс. Шығарма – оқушының өздік шығармашылық жұмысы. Шығарма жазуға оқушыны үйрету- ұзақ уақытты талап ететін жүйелі жұмыс.

Бастауыш сыныпта ең шағын шығармадан қысқа оқиғаны жазғызудан бастап, бірте – бірте шығарманы күрделендіру қажет.

Шығарма бір тақырыпқа жазылады, тақырыпты ашуға керек тірек сөздерді оқушы білуі керек. Мұғалім оқушының сөздік қорында бар сөздерді қажет ететін тақырып таңдау пайдалы. Қажетіне қарай сөздік қолдануға да болады. Жоғарғы сыныптарда оқушының сөздік қоры молаяды, соған орай мұғалімнің тақырып таңдау, белгілеу мүмкіндігі де арта түседі. Алайда оқушы естіп-білмеген, өмірде кездеспеген оқиға, мүлдем таныс емес шығарма кейіпкері сияқты тақырыпты оқушыға ұсынбаған дұрыс.

Шығарманы жеке тақырыпқа, мазмұнды суретке, саяхат бойынша, оқушы өміріне байланысты оқиғаға, оқушы қалаған еркін тақырыпқа жазуға болады. Оқудың қай кезеңіне қандай тақырып қолайлы екенін мұғалім шешеді.

Шығарма жазуды тілдік материалмен де байланыстыруға болады. Ол тірек сөздерді қолдану, сөйлемнің сөз тіркесінің белгілі бір үлгілерін қолдану, т.б. осы сияқты тілдік тапсырмалар арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда аталған жұмыстардың бәрі- оқушы тілінің дамуына, тілдік қордың еселенуіне, сөздіктермен жұмыс жасай алуына, өз ойын анық, нақты, көркем жеткізе алуына, қазақ тілінің барлық көркемдегіш құралдарының, ажарлау мен құбылтуларының орынды қолданылуына апаратын бірден бір жол.

## ӘДЕБИЕТ

1. Әбдікәрімова Т., Рахметова С, Қабатаева Б. Ана тілі. Оқыту әдістемесі. -А., 1999.
2. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.
3. Рахметова С., Жаманқұлова П., Қабатаева Б. Ана тілін оқыту әдістемесі. -А., 1998.
4. Уәйісова Ф., Жұмабаева Ә. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі.- А., 1999.
5. Сарыбаев Ш. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. А.,1959
6. Уәйісова Г., Жұмабаева Ә. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. -А., 1999
7. ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. -А., 2002
8. Рахметова С. Бастауыш кластарда оқушылардың тілін ұстарту. -А., 1997
9. Рахметова С., Жаманқұлов П., Қабатаева Б. Ана тілін оқыту әдістемесі. -А., 1998
10. Әбілқайев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -А., 1995

11. Бейсенбаева З. Сөз жасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. -А., 1998

### **РЕЗЮМЕ**

Основная цель работы по развитию речи и обучению родному языку детей – формирование устной речи и навыков речевого общения с окружающими на основе овладения литературным языком своего народа. Для этого требуется трудоемкая работа с текстом, изложением, сочинением. В данной статье рассказывается виды работ с текстом, как правильно написать изложение и значение написания сочинения.

### **SUMMARY**

The main goal of the development of speech and learning the native language of children - the formation of speech and verbal communication skills with others on the basis of mastering the literary language of his people. This requires a time-consuming work with the text, outlining, writing. This article describes types of work with the text, how to write a summary of the works and the value of writing.

**ӘОЖ 37.016:316.453**

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

**Мусатаева Лайла Исатаевна, Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының**

*«Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық қамтамасыз ету» кафедрасының аға оқытушысы;*

**Мұсатаева Айгерім Исатайқызы, Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, Қызылорда қаласы**

Қазіргі заман талабы-оқушыға білімді дайын күйінде бермей, өз бетінше алуына қолайлы жағдай жасау және алған білімін өмірде еркін қолдана білуге қалыптастыру болып отыр. Осы орайда ағылшын ағартушысы Уильям Уордтың даналық сөзі еріксіз еске түседі. «Жай ұстаз хабарлайды, жақсы ұстаз түсіндіреді, керемет ұстаз қалай жасау керектігін көрсетеді, ал ұлы ұстаз шабыттандырады» -деген екен.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы балаларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеруі тиіс» деп бүгінгі таңда ұстазға жүктелер міндеттің маңызына тоқталған болатын. Сондықтанда қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық - психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Бұл заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың озық технологиялары мен инновациялық әдістерді сабақ үрдісінде тиімді пайдалана алатын білігі мен білімі жоғары ұлағатты ұстаз болу керек деген сөз. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Әлемнің дамыған елдерінің қазіргі таңда инновациялық идеялары дүние жүзін жаулауда және де әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен

технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуде. Алайда, бұл өзгенің білім беру жүйесіне көзсіз бас ұру, дайын әдістемелерді талғамсыз қабылдай беру деген сөз емес. Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі - білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес инновациялық технологияларға сүйене отырып, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Яғни, әрбір оқушыға түбегейлі білім мен тәрбиенің, мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты жетілдіруге және танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруда оқушының бойындағы шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызуға ерекше назар аударылуда. Келер ұрпаққа қазіргі заман талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Бұл мақсаттарға жету үшін әрине мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Өйткені, мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Демек, білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Сондықтан да, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда.

Қазіргі кезде мұғалімдер сабақ барысында инновациялық және интерактивтік әдістемелерін пайдалана отырып, сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы орын алады. Алайда, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами

келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Жаңа педагогикалық технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

1. Оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
2. Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
3. Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
4. Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
5. Оқытушының уақытын үнемдейді;
6. Қосымша мәліметтер береді;

Жаңа педагогикалық технологияны пайдаланудың оқытушыға беретін тиімді тұстары:

1. Барлық баланы оқыту;
2. Оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
3. Білім берудің формасын оңтайландыру міндеттерін атқару;
4. Оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену;

Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру мекемелерінің, соның ішінде жалпы білім беретін мектеп жұмысының дамуының ең басты факторы болып отыр.

Оқушылармен жұмыс істеудің жаңа үлгілері мен тәсілдерін енгізу және қабылдау көптеген мектептердің үздіксіз мұқтаждықтарынан туындайды. Сондықтан білім беруді демократияландыру мен ізгілендіруді үздіксіз жүргізіп, дамып отыратын қоғамдық үрдіс ретінде түсінеміз. Білім беру жүйесінде инновацияны енгізу, қабылдау мен жетілдірудегі тоқтаусыз үрдіс ретінде, күнделікті білім беру қызметінің бөлігі ретінде қарауды талап етеді.

Білім беру жүйесі құрылымының өзі қоғам үшін, өмір сүріп отырған деңгейінде сақтап қалу үшін оның тамыры табиғатта, біздің қоғамның негізінде жатқанын түсіну керек. Дәл сол себептен қоғам құрылымындағы әрбір маңызды өзгеріс өзімен бірге білім беру жүйесін де жаңалыққа тартады.

Қазіргі заманғы білім беру мазмұнындағы осы өзгерістердің барлығы – оқытудың негізгі мақсаты. Мысалы, оқушылардың

танымдық ой белсенділігін қалыптастыруда ойын сабақтарын өткізу оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға, тапқырлыққа баулиды, сабаққа деген ынтасы артып, шығармашылық ой-өрістерін, түсінік-танымдарын еселеп, арттыра түседі. Және де оқушылар сұрақтар мен сөзжұмбақтарды шешу үшін өтілген материалды үнемі кайталап отыруды әдетке айналдырады. Ең бастысы ойындар оқушылардың көңілін өз бетінше ізденушілікке аударып, логикалық ой-өрісін, сана-сезімін дамытуда, олардың әр түрлі шамалар мен бірліктердің, терминдер мен заңдылықтардың, құбылыстар мен өзгерістердің атын есте сақтауға көмектеседі, қабілетін арттырады. Ойынның әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Элькониннің сөзімен айтсақ: "Ойын - ол адамдардың арасындағы әлеуметтік ара-қатынас, практикалық білімдері және қызметі". Демек, жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Ал енді жаңа педагогикалық технологиялардың бірі сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясына тоқталып кететін болсақ, сыни тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Бұл технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметтің, іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін.

Оқушылар әрбір сабақтан мол білімділік, тәрбиелік, дамушылық алу керек. Сондықтан оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушының болуы. Білім беру саласындағы қазіргі оңды өзгерістер әрбір мұғалімнен өз ісіне мұқияттылықты талап етеді.

Қорыта келгенде, жаңа педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай: әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;



аналитикалық ойлау қабілетін дамыту және оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету.

Жаңа технологияларды пайдаланған ұстаздың басты мақсаты - оқушыны жеке тұлға ретінде тану, мойындау. Әрбір тұлғаның жеке даралық қасиеттерін ашып, жетілдіру қоғамдық санасы, азаматтық көзқарасы қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқыту болмақ.

### ӘДЕБИЕТ

1. Назарбеу Н. "Қазақстан — 2030" Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 1997ж, 176 бет [1].

2. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006.

3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.

4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008.

5. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007.

### РЕЗЮМЕ

В этой статье говорится об инновационных технологиях в системе казахстанского образования, направленного на создание конкурентоспособного образовательного пространства. Кроме того, затронуты проблемы, касающиеся необходимости жить и работать в соответствии с социальной и профессиональной квалификацией, с развивающейся быстрыми темпами современной наукой.

### SUMMARY

In this article says about the innovative technologies in the educational system of Kazakhstan, aimed at the creation of a competitive educational expanse. Besides effected problems touching on the need to live and work in accordance with the social and professional skills, with developing a quick temps of a modern science

**ӘОЖ 371.398**

## **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ**

**Тапаева Аида Пишенбекқызы**, *химия ғылымының магистрі,  
оқытушы;*

**Ақшатау Ғабит Мұратбайұлы**, *оқытушы,  
«Болашақ» медициналық колледжі, Қызылорда қаласы*

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

XXI-ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Елбасымыздың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” еңбегінде 2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылдық жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылады деп көрсетті [1].

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарыштап даму заманында мектепте дәстүрлі оқыту технологиясының оқушылардың ғылым негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғандығы оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрінуде. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісін жандандырудың қазіргі педтехнологияларын жетілдіріп, оны пән сабақтарын оқытуда тиімді қолдану арқылы білім сапасын жоғарлату үшін басты бағыт-бағдар берілуде.

Бүгінгі таңда мектептерде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір пән сабақтарында қамту мүмкін емес. Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, күштарлығына мұғалім тарпынан көңіл бөлінуі тиіс.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр студентті оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық студенттердің дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде оқу орынның оқушыларының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді [2].

Қазіргі инновациялық-озық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Ғалым–педагог, психологтар пайымдауына жүгінсек, В.Беспалько [3] өзінің «Слагаемые педагогической технологий» деген еңбегінде оны «Оқу-тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жобалануы, оны тәжірибеде жүзеге асыру, яғни белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы», - деп қарастырады.

Инновациялық (озық) білім беру деп - тұлғаның бағдарлы көзқарасты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі
- оза отырып оқыту
- тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту
- деңгейлеп оқыту технологиясы
- тесттік жүйемен оқыту
- иммитациялық әдіс
- мультимедия мүмкіндіктерін қолданып оқыту
- ойын технологияларын қолдану
- дискуссия сабақтары

- интеграциялық сабақ
- топпен жұмыс
- панорама сабағы
- проект әдісі (жоба)
- рольдік ойындар
- критикалық ойлау технологиясы
- «Шесть шляп» технологиясы
- Лекция – семинар сабақтары
- «Мозайка» сабақтары
- Проблемалық оқыту әдісі
- «Миға шабуыл» әдісі
- Эвристикалық әңгіме әдісі
- Бинарлы сабақ
- Экскурсия сабағы
- Қашықтықтан оқыту технологиясы
- Ынтымақтастық технологиясы
- Жеке адамға бағдарлы (Личностно-ориентированное обучение)
- Дөңгелек үстел
- Дебат сабақтары
- Саяхат сабақтары
- «Пола» әдісі (метод пила)

Оқыту технологиясы оқу мазмұнын өңдеуге, көлемі мен мақсатын тұжырымдауға арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы болса, екінші жағынан, оқушының оқыту үрдісінде қажетті ақпараттық, техникалық құралдарды пайдаланып, оқушыға оң әсер ету әдістерін зерттейді. Демек, оқыту технологиясы – педагогикалық әрекеттерді ғылыми-әдістемелік, іс-тәжірибелік негізде нәтижелі болатындай етіп, жоспарлы түрде ұйымдастыру қажет [4,5].

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- Балаға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- Баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- Оқу үрдісін оқушының сезінуі т.б.

Ғылыми-қолданбалы бағытта нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; мұғалімдерге педагогикалық технологияларды оқытудың бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Қазіргі әдістемедің технологиялардың бірнеше түрлері бар. Солардың ішінде орта оқу орындарының оқу үрдісінде қолдануға ұсынылатын бірқатар

технологиялар бар. Солардың бірі оқушылардың [6] шығармашылық қабілетін, ұшқыр қиялын дамытуға бағытталған деңгейлеп саралап оқыту технологиясы (СТО). Бұл мәселені алғаш Қазақстанда Ж.Караев зерттеген екен.

Кез-келген сабағың қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. “Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс.

Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

### ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // *«Егемен Қазақстан» газеті, 2010 жылғы қаңтардың 30-ы*

2. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”. // Қазақстан мектебі. № 8. 2003 ж. 20 б.

3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика. – 1989.

4. Поташник М.М. Инновационные школы России: становление и развитие., М., Новая школа, 1996. С. 320.

5. Әмір Шарапат. “Педагогикалық инновацияны іске асырудың жолдары” // Қазақстан мектебі. № 5. 2000 ж. 13 б.

6. Камзина Б.М. “Жаңа инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің педагогикалық шеберлігі” // Бастауыш мектеп, 2001, №1-2

### РЕЗЮМЕ

Рассмотрена инновационно-педагогическая технология, которая приводит к положительному результату педагога в учебно-воспитательных целях при изучении учащихся употребляя информационно-технические оборудования.

### SUMMARY

In this article is described the informational and technical means of teaching, types of innovational pedagogical technologies. Which give the pedagogues successful result in teaching and upbringing process.

#### ӘОЖ 376.112.4

### БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Әлібек Айгүл Сағидуллақызы, студент;  
Тәжібаева Айгерім, аға оқытушы,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

Педагогика ғылымы дамуының маңызды факторы оның зерттеу әдістерінің көбеюі мен ұдайы жетіліп отыруы. Айта кетерліктей, бұл бағытта педагогика үлкен прогреске ие. Бір кезеңдерде педагогика үстірт философиялық-әлеуметтік бақылау, пайымдаулар бойынша ғана зерттеліп, ал педагогикалық идеялар ұлы ойшылдардың тек шығармашылық қызметінің нәтижесінде ғана туындап келді. Ал ХІІІ ғасырдан бастап педагогиканың толық қанды ғылымға айналуына теориялық ізденулерді практикалық тәрбие істерімен байланыста жүргізген ғалымдардың белсенді үлесі болды [1,16 б.].

Педагогика ғылымының оқу процесін іске асыру белгілі бір заңдылықтарды меңгеру негізінде жүзеге асады.

Оқыту процесінде кез келген мұғалім дидактиканың принциптерін басшылыққа ала отырып оқытудың мазмұнын, амал-тәсілдерін және ұйымдастыру формаларын тандап, шәкірттерін жоғары нәтижелерге жеткізуі шарт. Мұғалім дидактикалық принциптерді дұрыс таңдаса, оқытуды дұрыс ұйымдастырмаса сабақ тиімді және нәтижелі болары даусыз.

Дидактикалық принциптердің қызметі: олардың негізінде оқушыларда оқытудың мақсатына сәйкес берілетін білім мазмұнын жүйелі, саналылықпен белсенді түрде меңгеруге деген қызығушылықтар пайда болады. Дидактика принциптері оқыту процесінің негізгі буыны ретінде бірімен-бірі логикалық өзара байланыста болады.

Сонымен, ең негізгі, ғасырлар бойы педагогтар қауымы мойындаған дидактикалық принциптер жүйесі:

- ғылымилық;
- саналылық пен белсенділік;
- көрнекілік;
- жүйелілік пен бірізділік;
- беріктілік;
- тиімділік;
- теория мен тәжірибенің байланыстылығы [2, 146, 149 бб.].

Принциптер тұрғысынан оқу-үйретім үдерісінің барша құрамдас бөліктеріне – мақсаты мен міндеттеріне, мазмұн және ұйымдастыру формалары мен әдістерін іріктеуге, шәкірттерді ынталандыруға орай, жоспарлау мен нәтижелерді талдауды нақты талаптар қойылады.

**Үздіксіздік принципі.** Бұл принцип бойынша оқу-үйретімнің міндеттерін, әдістері мен формаларын таңдауда мұғалім өз назарына білім, ептіліктер мен дағдылар мәселесін шешуді ғана емес, белгілі тақырып бойынша өтілетін сабақтың тәрбиелік және дамытушылық ықпалының тиімділігіне байланысты мәселені де шешуі тиіс.

**Дамытушылық принципі.** Бұл принцип біздің заманымызда жаңарудағы тәлім жүйесінің жоғары жеделдікпен өрістеуіне байланысты туындаған жаңа міндеттер ізімен қалыптасады. Ғылым қоры аса қарқындылықпен дамыған шақты білімді жаттау арқылы игеру өз мәнін жоғалтады.

**Оза жүру принципі.** Бұл принцип міндеті – оқу-үйретім материалын ұсыну мен оның қабылдануына қолайлы белгілі дидактикалық ырғақ қамтамасыз ету. Себебі, бір тақырыптан екіншісіне өтуде қандай да бостық олқылығы пайда болуы ықтимал. Мұндай жағдайда шәкірттерге өтілетін тақырып пен енді өтілетін тақырып арасындағы байланысты ойластырып, түсінуі үшін біршама қосымша уақыт керек болып қалады. Осылайша, ықтимал бостық орнында оқу үдерісінің тиімді қозғалыстық ырғағы дидактикалық әрекетке келеді.

**Тірек қолдану принципі** білім игеру үдерісіне сүйемел конспекттерін ендіруді талап етеді. Олар – оқу-үйретім материалының аты ықшамдалған, жүйелі әрі көңілге қонымды формаға келтірілген дидактикалық сызылмалар, көрнекіліктер. Тірек конспекттерімен таныса отырып, шәкірт қисынды ойластыру, материалды тұтастай игеру тәжірибесін меңгереді. Тірек конспекттер жәрдемімен шәкірттер тікелей сәйкестік бойынша жұмыс жасайды: балалар дайын тірек конспект алады да солар бойынша ендігі дәрісіне дайындық көреді.

**Жоғары қиыншылық деңгейінде оқу-үйретім принципі** балалардың өз ақыл-зерделік мүмкіндіктерінің белгілі шегінде жұмыс істеуді көздеген таным үдерісін түзуге бағытталады. Өз заманында К.Д.Ушинский ақыл-зерде дамуын адамның тән-дене дамуымен салыстыра отырып, «тұрақты жүктемесі болмаса, ақыл-зерде машықтандыру жаттығуларымен айналыспаған адамның божыраған бұлшық еттеріне ұқсайды» - деген болатын. Мұндай жағдайларда балалардың шаршайтынын да ескеріп, мұғалім ондайда қажет болатын шараларды алдын ала жоспарлағаны жөн.

**Нақтылық және дерексіздік бірлігі принципі** мәндік, негіздік және жалпылай ажырату арқылы игерілуі тиіс. Нақты, шынайы деректер, заттар және олардың белгілері мен схемаларын дерексізденген ұғымдар және олардың теориялық-абстракт қорытылуларымен өзара байланыстыру қажеттігінен оқу-үйретім үдерісіне қосылады. Осы байланыс арқасында сабақта қолданылатын

қажетті құралдар нақтылықтан абстрактілікке, мәннен ойға, белгілер мен елестерден ұғымдар мен анықтамаларға өтудің шарты ретінде қарастырылады.

**Алдын алу (пропедетикалық) принципі.** Шәкірттердің пәнді игеруі үшін күні ілгері арнайы ұйымдастырылған дайындық жұмыстары үдерісінде орындалады. Мысалы, шет тілін меңгерудегі сөйлеумен байланысты алдын алу жұмыстарын жазып сызуға, грамматикалық ережелерге, жүгіртіп оқуға үйретуден бұрын іске асады.

**Тұлғалық бағдар принципі.** Оқу-үйретім, тәрбие жұмысын атқаруда тұлғаның аса күшті сапаларын пайдалануды қажет етіп, әр баланың дамуы мен өзіндік дамуын мейлінше қолдап-қуаттап, тұлғалық мәнді қатынастардың барша аймаған тәлім-тәрбие үдерісіне қосу арқылы іске асып барады.

**Шыдамдылық принципі** әрқилы кемшілік, қиыншылықтары бар балаларды алаламай, оларға зейін аударып, мінез-құлқында қандай да бұзылыстардың болуына қарамастан, шыдаммен оларды қоғамдық ортаға бейімдестіруге сілтеме береді [3,150, 155 бб.].

Оқыту теориясы мен тәжірибесі дамуының жалпы заңдылықтарының бірі – дидактикалық жүйелердің бірізділігі, ұрпақтылығы. Әрбір жаңа жүйе дәстүрлі жүйелердің күшті қасиеттерін, идеяларын, тәжірибесін өзіне сіңіріп алады. Дидактика тарихында оқытудың үш түрі қалыптасқын:

1. **Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқыту** дәстүрлі оқыту деп аталатыны тарихта ұзақ уақыт бойы өміршең болғанына байланысты. Дәстүрлі оқыту жаңадан пайда болған түсіндіру жолдары мен көрнекіліктерді өзіне кіріктіріп отырады. Бұл жүйедегі негізгі оқыту әдіс-тәсілдеріне көрнекіліктерді пайдалана отырып түсіндіру жатады.

Түсіндірмелі-иллюстрациялы оқытудың ғасырлар бойы нығайтылған пайдалы жақтары:

- уақытты үнемдейді;
- мұғалім мен шәкірттердің күш-қайратын жетілдіреді;
- күрделі білімдерді қабылдауды жеңілдетеді;
- оқыту процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

## 2. Бағдарламалы (көспбютерлік) оқыту

Бағдарламалы оқытудың негізгі мақсаты – оқыту процесін басқаруды жетілдіру, тексеруден өзін-өзі тексеруге, оқытудан өзін-өзі оқытуға көшу. Бағдарламалы оқытуда жаңа бағдарланған оқулықтар, оқыту құжаттары, үйрету машиналары қолданылады.

Бағдарламалы оқытудың ерекшеліктері: оқу материалы жеке логикалы бөлшектерге бөлінеді; әр бөлімді меңгерген соң, оқушы өздігінен тест-сұрақтарға жауап береді; дұрыс жауап берілсе, келесі



бөлімге өтеді; жауап қате болса, өзі бөлімді қайталап өтіп, сұрақтарға тағы да жауап береді.

Оқытудың бұл түрінде негіз болған оқу бағдарламасы оқу материалын, оны меңгеру барысындағы оқушының іс-әрекетін, тексеру түрлерін бір тәртіппен ретке келтіреді.

### **3. Проблемалық оқыту**

Замануи білімдендірудің мақсаты мамандарды шығармашылыққа дайындау екені даусыз. Шығармашылық дегеніміз жаңалықты ашу. Осыған орай, проблемалық оқытудың өзі де шығармашыл процесс: бейқалыпты ғылыми-оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтарды қойып, оларды шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- оқу еңбегінде қызығушылығын арттырады;
- оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді;
- берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Қазіргі меткептерде түсіндірмелі және проблемалық оқыту түрлері бірге қатар қолданылады [3,142, 146 бб.].

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.б., Құдиярова А.М. «Педагогика» - Алматы 2004 жыл
2. С.Б.Бабаев «Тұлғалық педагогика» - Алматы, 2011 жыл
3. Ж.І.Асанов «Қазақстан педагогика ғылымы» -Алматы, 2010 жыл

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье обсуждаются общие принципы использования преподавателей в учебном процессе. А также студенты общего образования беглость темы и уроки, извлеченные в развитии дальнейшего открытия и привлечения внимания. Особенно в образовательных принципов имеют особое место в учебном процессе. Таким образом, каждое приложение в классе этих принципов, несомненно, будет иметь много будущих поколений растущей помощи в целях развития.

### **SUMMARY**

This article discusses the general principles for use of teachers in the educational process and the types. As well as general education students learned in the development of further opening up and attracting attention. Especially have a special place in the educational process in educational

principles. Thus, each application of these principles in the class, will undoubtedly have many future generations growing development assistance.

ӘОЖ 004.424.5.032.24

## CASE АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖОБАЛАУ ӘДІСТЕРІ

**Төреғали Балнұр Әлиханқызы, студент;**  
**Альсугурова Нургуль Сейдуллақызы, жаратылыстану**  
*ғылымының магистрі,*  
*«Болашақ» медициналық колледжі, Қызылорда қаласы*

Қазіргі ақпараттандыру заманында жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды компьютерлерді пайдалануға арналған білімдер және біліктіліктермен қаруландыру мәселесі қойылып отыр. Бұл – компьютерлерді мектептің негізгі пәндерін оқытуға қолдану мәселелерін зерттеуді талап етеді, бүгінгі таңда мектепте компьютер екі түрлі рөл атқарады, біріншісі – оқып-үйрену объектісі, екіншісі – оқыту құралы, оқып-үйрену объектісі ретінде компьютер информатика сабақтарында қолданылады. Компьютерлерді қолданудың отандық, ресейлік және шетелдік мектептердегі тәжірибесі көрсетіп отырғандай, компьютер оқыту құралы ретінде информатиканы оқытуда ғана артықшылықпен қолданылады, ал басқа пәндерді оқытуда тек эпизодтық сипатқа ие болуда. Қазіргі заман талабы ақпараттандырылған қоғамды маман етеді, яғни индустриалдық кезеңнен ақпараттық кезеңге өту қажет, бұл қоғамды ақпараттандыру дегеніміз – бұл ауқымды процесс ерекшелігі, әлеуметтік өндіріс саласында басты роль ақпаратта.

Қоғамды ақпараттандырудың ең өзекті мәселесінің бірі ол білімді ақпараттандыру, яғни оқыту білім беру сапасына жаңа ақпараттық технологияларды ендіру. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы арқасында дербес компьютерлер білім беруде бөлінбес технологияға айналыпта үлгерді.

Зерттеудің ең ұтымды тәсілдерінің бірі ол модельдеу, модель ұғымын көп ретте «бітім» ретінде түсіндіріледі, яғни шынайы өмірдегі объектімен көп ұқсастығы бар (мысалға түр әлпеті, тусі т.с.с). Бітімдер, модельдер шынайы өмірдегі зат қолда болмаған кезде онын орнын алмастыруда қолданылады. Модельдерді білім беру кезінде көп пайдаланады, сонымен қорыта келгенде модель дегеніміз – шынайы өмірдегі затты алмастыра алатын материалды немесе ойдағы бір объект [1].

CASE-технологиялар мен CASE-құралдарының пайда болуына программалау методологиялары облысындағы зерттеулер әсер етті. CASE-технологиялардың пайда болуына мынадай факторлар әсер етті:

- Модельдік және құрылымдық программалау концепцияларын білетін аналитиктер мен программистерді дайындау;

- Жобалау сатыларының көбісін автоматтандыру және графикалық құралдарды тиімді қолдануға мүмкіндік беретін компьютерлер өнімділігінің ендірілуі мен тұрақты өсуі;

- Жоба туралы қажетті ақпарат сақталған таратылған деректер қорын пайдалана отырып, жеке орындаушыларды бір жобалау процесіне біріктіретін желілік технологияларды ендіру [2].

CASE-технология АЖ жобалау методологиясы болып табылады, сонымен қатар пәндік облысты көркем түрде жобалауға, осы модельді құру этаптарын талдауға мүмкіндік беретін инструменталды құралдар жиынтығы. Қазіргі таңдағы CASE-құралдардың көбісі құрылымдық (негізгі) және объектіге бағытталған талдау мен жобалау методологияларына негізделген[3]. Онда спецификациялар диаграмма немесе сыртқы талаптарды сипаттау үшін арналған мәтіндер, жүйе модельдерінің арасындағы байланыс, программалық құралдар архитектурасы мен жүйенің әрекет ету динамикасы түрінде қолданылады.

1996 жылы Systems Development Inc. Компаниясының 1000 американдық фирмаларға өткізген сауалнамаларының нәтижелері бойынша алдыңғы қатарлы технологиялар ішінде CASE-технология қазіргі таңда ең дамушы ақпараттық технологиялар қатарына енді [4-10].

CASE құралдарды сапалы ендіру үшін мекемеде келесідей қасиеттер болу керек:

*Технология.* Жаңа технологияларды игере білу қабілеттілігі;

*Мәдениеттілік.* Өндірушілер мен қолданушылар арасындағы өзара байланыстар мен жаңа процестерді ендіруге дайын болуы;

*Басқару.* Ендіру процестері мен сатыларына байланысты нақты басқару және ұйымдастырушылық қабілетінің болуы [11-15].

CASE-құралдарын жасаушы фирмалардың арасында IBM Rational Software Corp. (2003 жылдың тамызына дейін - Rational Software Corp.) компаниясы программалық жүйелерді талдау және жобалаудың объектіге бағытталған технологияларын дамыту перспективаларын қарастырды. Бұл компания визуалды модельдеу тілі унификациясының инициаторы болып табылады. Бұл UML тілінің алғашқы версияларының пайда болуына әкелді. Осылайша бұл компания алғашқы болып инструменталды объектіге бағытталған CASE-құралды жасап шығарды, онда UML визуалды модельдеу тілінің базалық нотациясы жасалды [16-25].

IBM Rational Rose CASE-құралы пайда болғаннан бері қаншама өзгерістерден өтті, қазіргі кезде ол программалық жүйелерді құру, жобалау архитектурасы, талдау, модельдеу үшін интеграцияланған

инструментарий болып табылады. IBM Rational Rose UML тілі, программалық жүйелерді визуалдау және құрудың базалық технологиясы болды, ол осы инструментарийдің танымалдылығын және стратегиялық перспективтілігін анықтады [26-33].

IBM Rational Rose құралының бірнеше варианттары бар, олар бір-бірінен берілетін мүмкіндіктердің диапазонымен ерекшеленеді. Қазіргі кезде базалық құрал IBM Rational Rose Enterprise Edition болып табылады, оның мүмкіндіктері жоғарырақ болып келеді. Бұл CASE құралдың соңғы версиясы IBM Rational Rose 2003 (release 2003.06.00) программасы болып табылады, онда ақпараттық технологиялар облысындағы барлық мүмкіндіктер қарастырылған, бұл программаның функционалды мүмкіндіктері мыналар:

- MS Visual Studio 6 ортасымен интеграциялануы, ATL (Microsoft Active Template Library), Web-Классов, DHTML және әр түрлі деректер қорына еруге мүмкіндік беретін хаттамаларды қолдану арқылы кодтардың тікелей және кері генерациясын, Visual Basic және Visual C++ диаграммаларын қолдау;

- EXE, DLL, TLB, OCX форматтары кітапханаларымен және орындалатын модульдермен жұмыс жасау (инжиниринг және реинжиниринг);

- MTS (Microsoft Transaction Server) және ADO (ActiveX Data Objects) технологияларын қолдау;


- CORBA және J2EE компоненттерін толық қолдау, оған қоса CBD (Component-Based Development) қосымшаларын компоненттік құру, IDL (Interface Definition Language) интерфейсті анықтау тілі және DDL (Data Definition Language) деректерді анықтау тілі технологияларын жүзеге асыру;

- Java-қосымшаларын құру ортасын қолдау;

IBM Rational Rose 2003 CASE-құралдарында программа интерфейсі жалпыға арналған стандарттар бойынша құрылған. IBM Rational Rose 2003 программасын қолданушы компьютеріне орнатқаннан кейін компьютер экранына мына жұмыс интерфейсі шығады: (1.1-сурет).

1.1-сурет. IBM Rational CASE-құралының жұмыс интерфейсінің жалпы көрінісі

IBM Rational Rose программасының жұмыс интерфейсі түрлі элементтерден тұрады, олардың негізгілері төмендегілер болып табылады:



- Негізгі мәзір;
- Стандартты құрал-саймандар панелі;
- Арнайы құрал-саймандар панелі;
- Жоба браузері терезесі;
- Диаграмма суреттерінің облысы немесе диаграмма терезесі;
- Құжаттрандыру терезесі;
- Журнал терезесі.

Енді осы элементтерді жеке-жеке қарастырайық.

### **Негізгі мәзір және Стандартты құрал-саймандар панелі**


IBM Rational Rose 2003 программасының негізгі мәзірі келесі түрде болады (1.2-сурет).

1.2- File Edit View Format Browse Report Query Tools Add-Ins Window Help

сурет. Программаның негізгі мәзірінің сыртқы көрінісі

Мәзірдің жеке пункттері жобаға қатысты барлық ұқсас операцияларды біріктіреді. Мәзір пункттері жобаны ашу, диаграммаларды баспаға шығару, буферге көшіру және диаграмманың түрлі элементтерін буферден орналастыру. Қалған операциялар күрделі болып табылады.

Стандартты құрал-саймандар панелі негізгі мәзірдің астындағы қатарда орналасады және келесі түрде болады (1.3-сурет). Құрал-саймандардың кейбіреулері жаңа жоба құруда көрінбейді, өйткені ол жобада ешқандай элементтер болмайды. Стандартты құрал-саймандар панелі қолданушы жиі орындайтын мәзір командаларына тез енді қамтамасыз етеді.



### 1.3-сурет. Стандартты құрал-саймандар панелінің сыртқы көрінісі

Қолданушы бұл стандартты құрал-саймандар панелінің сыртқы түрін өзіне қажеттілігіне қарай орнатып қоя алады. Ол үшін негізгі мәзірдің мына операцияларын орындау қажет: Tools - Options (Құрал-саймандар - Параметрлер), Toolbars вкладкасын ашу (Құрал-саймандар панелі) пайда болған сұхбат терезесінен Standard (Стандартты) батырмасын басу. Қосымша ашылған терезеде қажетті батырмаларды сол жақтан оң жаққа ауыстырады, ал оң жақтағы қажетсіз батырмаларды сол жаққа ауыстыруға болады. Осылайша құрал-саймандар арасына қажетті батырма қосып, қажетсізін алып тастауға, сонымен қатар оның өлшемін өзгертуге болады.

File және Edit негізгі мәзірлерінің операциялары IBM Rational Rose ортасының жұмыс интерфейсінде негізгі мәзір орналасқан, ол қолданушыға сыртқы файлдарды жүктеуге және сақтауға, графикалық интерфейс элементтерінің сыртқы көрінісін өзгертуге, анықтамалық қызметті шақыруға мүмкіндік береді. Енді IBM Rational Rose ортасының негізгі мәзірінің пункттерін жеке-жеке қарастырайық.

File (Файл) негізгі мәзірінің UML тілінің нотациясында жаңа модель құруға, жасалып жатқан модельді сақтау және жүктеу, жасалған диаграммаларды баспаға шығаруға болады.

CASE-құралдарын жасаушы фирмалардың арасында IBM Rational Software Corp. (до августа 2003 года - Rational Software Corp.) компаниясы программалық жүйелерді талдау және жобалаудың объектіге бағытталған технологияларын дамыту перспективаларын қарастырды. Бұл компания визуалды модельдеу тілі унификациясының инициаторы болып табылады, бұл UML тілінің алғашқы версияларының пайда болуына әкелді. Осылайша бұл компания алғашқы болып инструменталды объектіге бағытталған CASE-құралды жасап шығарды, онда UML визуалды модельдеу тілінің базалық нотациясы жасалды. CASE-құралдар (Computer Aided Software/System Engineering компаниясынан) компьютерде кез келген жүйені жобалауға мүмкіндік береді. CASE-құралдар бизнес-процестерді, деректер қорын, программалық қамсыздандыру компоненттерін, қызметті және мекеме құрылымын жобалауға мүмкіндік береді және барлық қызмет түрлерінде қолдануға болады. CASE-құралдарды қолдану тиімділігі – жүйелерді оңтайландыру, шығындарды азайту, тиімділікті жоғарылату, қателер ықтималдығын төмендетеді. CASE-технологиялар мен CASE-құралдарының пайда

болуына программалау методологиялары облысындағы зерттеулер әсер етті.

CASE-технологиялардың пайда болуына мынадай факторлар әсер етті:

- Модельдік және құрылымдық программалау концепцияларын білетін аналитиктер мен программистерді дайындау;
- Жобалау сатыларының көбісін автоматтандыру және графикалық құралдарды тиімді қолдануға мүмкіндік беретін компьютерлер өнімділігінің ендірілуі мен тұрақты өсуі;
- Жоба туралы қажетті ақпарат сақталған таратылған деректер қорын пайдалана отырып, жеке орындаушыларды бір жобалау процесіне біріктіретін желілік технологияларды ендіру.

CASE-технология АЖ жобалау методологиясы болып табылады, сонымен қатар пәндік облысты көркем түрде жобалауға, осы модельді құру этаптарын талдауға мүмкіндік беретін инструменталды құралдар жиынтығы. Қазіргі таңдағы CASE-құралдардың көбісі құрылымдық (негізгі) және объектіге бағытталған талдау мен жобалау методологияларына негізделген, онда спецификациялар диаграмма немесе сыртқы талаптарды сипаттау үшін арналған мәтіндер, жүйе модельдерінің арасындағы байланыс, программалық құралдар архитектурасы мен жүйенің әрекет ету динамикасы түрінде қолданылады.

CASE-құралдарды сапалы ендіру үшін мекемеде келесідей қасиеттер болу керек :

*Технология.* Жаңа технологияларды игере білу қабілеттілігі;

*Мәдениеттілік.* Өндірушілер мен қолданушылар арасындағы өзара байланыстар мен жаңа процестерді ендіруге дайын болуы;

*Басқару.* Ендіру процестері мен сатыларына байланысты нақты басқару және ұйымдастырушылық қабілетінің болуы.

CASE-құралдарды сәтті сапалы ендірудің тиімділігі мынадай:

Программалық құралдарды құру және әрі қарай жұмыс жүргізу процестерін технологиялық қолдаудың жоғарғы деңгейі;

Келесі факторларға оң әсер етуі: өнімділік, өнім сапасы, стандарттарға сәйкестік, құжаттандыру;

IBM Rational Rose CASE-құралы пайда болғаннан бері қаншама өзгерістерден өтті, қазіргі кезде ол программалық жүйелерді құру, жобалау архитектурасы, талдау, модельдеу үшін интеграцияланған инструментарий болып табылады. IBM Rational Rose UML тілі, программалық жүйелерді визуалдау және құрудың базалық технологиясы болды, ол осы инструментарийдің танымалдылығын және стратегиялық перспективтілігін анықтады.

Қорытындылай келе IBM Rational Rose CASE-құралы пайда болғаннан бері қаншама өзгерістерден өтті, қазіргі кезде ол



программалық жүйелерді құру, жобалау архитектурасы, талдау, модельдеу үшін интеграцияланған инструментарий болып табылады. CASE-құралдар ( Computer Aided Software/System Engineering компаниясынан) компьютерде кез келген жүйені жобалауға мүмкіндік береді. CASE-құралдар бизнес-процестерді, деректер қорын, программалық қамсыздандыру компоненттерін, қызметті және мекеме құрылымын жобалауға мүмкіндік береді. Барлық қызмет түрлерінде қолдануға болады, CASE-құралдарды қолдану тиімділігі – жүйелерді оңтайландыру, шығындарды азайту, тиімділікті жоғарылату, қателер ықтималдығын төмендету.

### ӘДЕБИЕТ

1. Беркінбаев К.М. Ажиханов Н.Т. Нұрұллаев А.Н. Ниязова Г.Ж. Компьютерлік модельдеу негіздері. Оқу - әдістемелік құрал. Алматы 2007.
2. Банк В.С., Зверев В.С. Информационные технологии в экономике, -2003
3. Грабауров В.А. Информационные технологии для менеджеров. – М., 2004
4. Климова Р.Н., Сорокина М.В., Хахаев И.А., Мошенский С.А. Информатика торговой фирмы / Учебное пособие. Для студентов всех специальностей всех форм обучения. – СПб.: СПбТЭИ, 1998. – 32с.
5. Компьютерные технологии обработки информации./Под ред. Назарова С.И. – М.: Финансы и статистика, 1996.
6. Симионов Ю.Ф. Информационные технологии в экономике. – М., 2003
7. Советов Я.Б. Информационные технологии: учебник для вузов. – М., 2003
8. Титоренко Г.А. Информационные технологии управления. – М., 2003

### РЕЗЮМЕ

В статье описываются примеры изменений, которые произошли со времени возникновения IBM Rational Ros CASE, рассказывается о составлении программных систем, проектной архитектуры, главной роли интеграционной инструментарии в моделировании и исследованиях.

### SUMMARY

In this article it is described about one of the means IBM. Rational Rose CASE, its developments, also nowadays it is used as an integrational instrument for structure programme systems, designing architecture, analyzing, modeling.

**ӘОЖ 37.018.1:37.018.12(574)**

## **ОТБАСЫНДАҒЫ АТА-АНА РӨЛІ ЖӘНЕ БАЛА ТӘРБИЕСІ**

**Малқайдар Гүлжазира Мұхитқызы, студент;**  
**Абтикалыков Нурхан Борранбекович, педагогика**  
*ғылымдарының магистрі,*  
*«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, Қызылорда*  
*қаласы*

Адамзат баласының ең негізгі мақсаты-дүниеге әкелген ұрпағының болашағына жауапкершілікпен қарау. Нәрестенің өмірге келген алғашқы күннен бастап дұрыс тәрбие беріп, адамгершілікке, саналыққа баулып өсірсеңіз, күндердің күнінде оның рақатын көріп, қуанышына бөленеріңіз сөзсіз. Баланың бойына жақсы қасиеттер ең әуелі өз отбасынан дарыйды. Отбасынан басталған өнегелі тәрбие балабақша мектеп қабырғасында тәрбиеші мен ұстаздардың ұлағаты мен одан әрі жалғасады. Отбасында бала әуелі мәдениеттілікті үйренеді соған соң өзіне тән ар-ұят ақыл ой, адамгершілік қасиеттерге баулиды. Соңдықтан ата-ананың өз ара сыйласымдылығы өзін өзі ұстауы бала тәрбиесі үшін ауадай қажет. Бала бойында бес, жеті жасқа дейін мінез бен тәрбие негізі қаланады. Дәл осы кезеңде кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқа сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруде баса назар аударып, бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламамен қамтамассыз ету қажет. Әрі балалардың білім алуға еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек.

Қарапайым мысалға жүгінсек, мектепке келген кезінде сондай сүйкімді, тілалғыш, жүрегі таза, сезімі пәк жас бүлдіршін орта немесе жоғары буынға келгенде неге өзгеріп сала береді? Сондықтан мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті? Мынадай жаман әдеттерді қайдан үйреніп ала қойды? Неге озбырлық жасуға бейім болып алды?- деген сияқты сауалдар алдыңнан кесе - көлденеңдейді. Әрине, оның себептерін жан - жақтан іздеуге болады. Ата - анасын жүрген ортасын қосқанда оның тәрбиесіне мұғалімнен басқа бірнеше адамның қатысы бар. Балаға жүрек жылуы қашан да қажет және ол ешқашан артық болмайды. Ата - анасынан көрмеген сүйіспеншілікті мұғалімнен көрген бала менің ата - анам да осындай болса, деп армандауы мүмкін. Мұғалімін тек жақсы қырынан таныған оқушы үшін оның айтқаны анық, дегені дәл болып көрінеді. Баласын қалай

жақсы көретінін дұрыс білдіру кез келген ата - ананың қолынан келе бермейді.

Демек, мұғалім мен тәрбиеші қауымның қиындықтарға жиі кездесіп, үнемі толғаныста жүретіні де содан. Сондықтан кез келген мұғалім баламен байланысқа шықпас бұрын, оқу - тәрбие жұмысындағы қызметін өзін - өзі танудан бастағаны жөн. Өзіңнің бала болғаныңды, өзіңнің ата - ана екеніңді, өзіңнің ұстаз екеніңді ой елегінен жиі - жиі өткізіп отырсаң, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Ғұлама Әл - Фараби «Дүниедегі ең оңай нәрсе ақыл айту, ең қиыны өзіңді өзің түсіну» десе, К. Маркс «Өзіңді өзің тану даналықтың бірінші белгісі» деп ескертеді. Ең бастысы, баланың жан азығына зәру екенін еш уақытта ұмытуға болмайды. Абай атамиздың жетінші қара сөзінде «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Екіншісі - білсем екен деп ұмтылып, одан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі « жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен.»деген үлкен пәлсапалық ой жатыр. Яғни, балаға туғаннан тән азығы - тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі жәйт. Мұны мұғалім де, ата - ана да әсте естен шығармағандары жөн [1].

Перзент үшін дүниеде ең жетілген, білімді де мәртебелі адам - оның ата - анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй - оның туылған үйі. Сондықтан да жас баланың дамуына ата - ананың орны ерекше.

Қоғамның азамат мүшесі отбасыдан бастау алады, қоғам келбеті отбасыдан көрінеді. Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері - азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру, болашақ жанұя игерген кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру.

Балалар өз бойынан ата - анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше ата- аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді. Әсіресе, балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы - ұқыптылыққа, еңбекті сүйеге және оның қадір - қасиетін түсінуге, үлкендерді соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады. Ата - аналар өсіріп отырған ұл - қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып отырған. Сондықтан да баланың бойынан көрінген

кейбір арзымайтын кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап тұрудың маңыз үлкен болған. Себебі бүгін арзымайтындай болып көрінген кішкентай қателік, ертең үлкен бір даулы мәселеге жол ашып беруі мүмкін. Ал мұның соңы жақсы нәтижеге алып келмейтіні рас.

Отбасындағы жалпы қарым - қатынас, үйдегілердің бір - біріне деген сый құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері, яки болмаса, жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Әсіресе, отбасындағы ата - аналардың ажырасып кетуі, ортада қалған балаларға қатты әсер етеді. Соның салдарынан анасыз немесе әкесіз тәрбиеленген балалар жасық немесе кекшіл, көңілі жарым болып өседі. Ал ата - анасы ішімдікке салынып, бір - бірімен жанжалдасып, адамның көңіліне дақ түсіретіндей сөздермен бір - бірін балағаттау, осындай кикілжің отбасындағы ұрыстардың кесірінен өз балаларын да ұрып - соғу немесе баланың әрбір сөзіне жеки жауап беру де баланың психологиясына кері әсер етеді. Кейде осы үйдегі ұрыс - керістің салдарынан көрші - қолаңдармен де керілдесіп қалу, сөйтіп олармен де жанжалдасып, айқай - шу көтеруі, сол өздері тұрған жердегі адамдардың да тыныштығын алуы, ол үйге деген өзгелердің де пікірін өзгертіп, балаларын оларды балаларынан аулақ ұстауы сол үйдегі өсіп жатқан баланың мінезіне әсер етіп, бала тұйық, жасқаншақ болып өседі және осы жағдай балаға теріс әсер етеді. Өсіп келе жатқан бала мұны тез және өзіне жақын қабылдайды. Отбасындағы кез келген жағдаятта ата - ана мен үйдің үлкендері бала алдындағы сөздері мен іс-әрекеттерінде әдептілік танытқаны жөн. Мысал ретінде алатын болсақ, ата-ана арақ пен темекінің көптеген зияндығын біле тұра, баланың құлағына соны құя тұра, балалардың көзінше өздері арақ ішіп, үсті - үстіне темекі тартса, одан ешқандай жақсы тәрбие ала алмайтыны анық нәрсе. Мұндай жағдайда бала басқа өмірді аңсайды, не болмаса теріс беріліп отырған тәрбиеге тез бой алдырады. Ал егер осы теріс жолға бала мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өскені дей беріңіз. Болашағында бақытсыз қыз бен келешегі жоқ бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда кінәні кімнен іздейміз?

Осы жерде тағы бір айта кетерлік жайт, ата - ананың бір - бірімен болған қарым - қатынасы. Мәселен, біздің халықта ер адамды ұлық тұтқан. Ол – үйдің отағасы, балалардың әкесі. Ата - ананың бала өсірудегі басты мақсаты - қоғамдық өмірге көпшілікпен қатар «түзу кірпіш» қалау. Үйде анасы жұбайын құрмет тұтып, оның абыройын балаларының алдында көтеріп ұстаса, бала да әкесіне ұқсап, беделді болып өсуге ұмтылады. Керісінше, әке де зайыбына жылы сөйлеп, оны «ана» деп құрметтесе, балалар ананың өмірдегі құдіретін түсініп,

оның көңіліне қаяу салмауға тырысады. Ал үйдегі ата мен әженің орны ерекше екенін айтып өту орынды. Олардың сөзін жерде қалдырмай, өмірден көрген тәжірибелерінен сабақ алу - таптырмайтын өмір мектебі десе де болады. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді дана халқымыз. Осы айтылған халық даналығына келсек, бала кішкентай кезінен - ақ әр нәрсеге әуестеніп, үлкендерге көмектескісі келіп өседі. Баланың бұл іс - әрекетіне кейбір ата - ананың «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрсып жіберетіні бар. Бұл-қате түсінік.

Дана халқымыз: «Адамның бақыты-еңбекте» деп бекер айтпаған. Шынында да, адам өз қадірін, құрметін сол адал еңбегі арқылы алады. Ата - аналар балаларын жастайынан – ақ еңбек етуге, қандай қиыншылықтар болса да төзіп, оны жеңуге үйретіп келген. Олар бірер жұмыс істегенде перзенттерін жанына алып, олар ығыр болып кетпейтіндей дәрежеде жайлап түсіндіріп, үйретіп отырса, балалар жұмысты тындырымды істеуге қалыптасады. «Әкенің кәсібі, ананың рәсімі» деген қағиданы ұмытпауымыз керек екен. Яғни, балаларды жастайынан әке кәсібіне, ал қыз балаларды анасының рәсіміне баулу бұрыннан келе жатқан дәстүріміз.

Балалармен әңгімелесуге де уақыт тауып отыруымыз қажет және олардың сан алуан пікірлерімен санасып, есепке алып отырған орынды. Өз туған баласымен түрлі тақырыпта ашық сөйлесе алмайтын, сырласа білмейтін ата - аналар да жеткілікті. Олар оны «Күндізгі уақытта екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үйдің тірлігінен қол босамайды, баламен отырып сөйлесуге уақыт та, шама да жоқ» деген себеппен түсіндіреді. Бұл дұрыс емес бала тәрбиесіндегі өте дөрекі қателік болып саналады. Баламен ашық сөйлесу үшін арнайы уақыт бөлудің де қажеті жоқ. Ата-ана өз балаларымен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесуіне болады. Бұл ата - ана жағынан жасалған іс - әрекеттер келешекте ата - ана мен бала арасындағы қарым - қатынастың сенімді деңгейде болатынын болжайды [2].

Отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі - бала. Дүниеге келерінде де, келген соң да әке - шешесін боямасыз татулыққа, сыйластыққа, ынтымаққа шақыратын, ата - ана көңілін жақындастыра түсетін - бала. Перзентсіз үйдің бар жұбанышы бүгінгісі ғана, оның өзі де өткінші екенін, ертеңгі қуанышы, қызығы қырқылып, үзіліп қалатынын әділетшіл халық ашық та айтады, ашып та айтады. Сондықтан да ол «Бесіксіз үйде береке жоқ» деп түйеді. Бұл - халықтың қамын қарастыру, елдікті ойлау, елдің ертеңгісі жөнінде қам жеу. Осы ойды ертеден келе жатқан «Ата - бәйтерек, бала - жапырақ» деген бейнелі мақал да растайды. Әрине, өсетін, өрбитін ағаш жылда бүршік жарады, жапырақ жаяды. Болашағы бар деп

осыны айтады. Келешекке үміт артуды көп балалы болумен де ұштастырыды халық.

Отбасы қарым - қатынасындағы қуатты күшке ие көзге көрінбейтін ықпал, әсер дегенді бала ақылымен пайымдай алмаса да, сезініп түйсінеді. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке - шешесі не істесе де оған үлгі, өнеге, содан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі - алдында ең беделді тұлға әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Ата - ананың ықпалы өзінен - өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс - әрекетке айналады.

Бұзақылықтың басы – баланың бос жүруінен басталады. Үй шаруасына қол жұмсамай өскен бала өсе келе қолы бостығынан, зеріккендігінен үйден тыс теріс әрекетке беріледі, қисық жолға түседі. Оған қоса кейбір ата - аналар түрлі сылтау айту салдарынан балаларын өтірік айтуға үйретеді. Кейде сабақты жиі қалдырған балаға әртүрлі сылтауды тауып айтуды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда ата - ана балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. «Жас шыбықты қалай исең, солай өседі», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақалдар осыған дәлел. Сондықтан ата - ананың берген тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдыратынын ескерген жөн. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарытуда оларды дамыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, баланың бойында табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау - ата - ананың басты парызы.

А.С.Макаренко: «Ата-аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жақсы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал.

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс

тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде [3].

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек [4].

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар [5].

«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Бүкіл жамандықтардың басы – жаман дос. Жаман дос – баланың дөрекі, өтірікші, ұрлықшы және әдепсіз болуына себепші болады. Мұндай жаман мінездерге ұрынғандар ұзақ жылдар бойы бұл жаман мінезінен арыла алмайды.

Баладан жақсы қасиеттер, жақсы әрекеттер көрген кезде, оны мақтау керек, марапаттау керек. Кейде адамдардың арасында мақтау керек. **“Менің ұлым сөйтті”** деген секілді сөздермен жақсылыққа ынталандыру керек. Өрескел іс-әрекеттер істесе немесе бір жаман сөз сөйлесе, бірнеше рет көрмегендей сыңай таныту керек. **“Олай істеме!”** демеу керек, жазғырмау керек.

Әке - өзінің әке екендігін, үстемдігін білдіруі керек. Анасы баласын әкесімен қорқытуы керек!

Бала жалықпауы үшін күнде бір мезгіл ойнауына рұқсат беру керек. Жалығудан және ренжуден жаман мінездер пайда болады және адамның көңілі жүдейді. Баланың ешкімнен ақша сұрауына рұқсат бермеу керек. Көп сөйлемеуді, үлкендерге құрмет көрсетуді үйрету керек. Жақсы адамдардың жақсылықтарын айтып солардай болуға тырысуы керектігін және жаман адамдардың жамандықтарын айтып, ондай болмау керектігін үйрету керек [6].

Баланың әр қалаған нәрсесін алып беру және сәнді, салтанатты өмір сүруін қамтамасыз ету дұрыс емес. Өйткені бала өскенде де әр қалағанына қол жеткізе алатынын ойлап, оған ұмтыла беретін болады, ал бұл жүзеге аспай қалған кезде өмірге ренжіп, қиялдары қирап ешкімді тындамайтын құлақсыз қырсыққа айналады.

### **Баланы қалай тәрбиелеу керек?**

**Сұрақ:** Балаларымызды қалай тәрбиелеуіміз керек? Тәрбиеде нендей нәрселерге мән беруіміз керек?

**Жауап:** Тәрбиеде “былай істе, мұны істеме” деудің орнына жүріс-тұрысымызбен балаға үлгі болуымыз керек. Өйткені әл-әрекеттеріміз сөзге қарағанда көбірек әсер етеді.

Әкесі темекі шегетін, құмар ойнайтын болса, баласына “бұларды істеме!” деп айтуы оншалықты әсерлі болмайды. Өйткені бала “бұлар жаман болса, әкем жасамайтын еді” дейді. Жақсы нәрселер жасалынса балаға үлгі болады. Балаға жақсылық жасаудың пайдасын



түсіндіру керек. Осылайша бала өзімшіл (эгоист) болудан құтылады. Өзімшіл болып өскен балалар қоғамға үйлесе алмайды, тіпті салт-дәстүр, әдет-ғұрып және заңды да танымайтын болады.

Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде:

«Отбасы–шағын мемлекет,

Мен – президент, сен – премьер», дегені бар.

Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Отбасы – қоғамның бастапқы бөлшегі, алғашқы ошағы. Бірге өмір сүріп, бала өсіруді мақсат етіп, екі адам шағын қоғамды құрады. Отбасының қызметтері көп: жеке, әлеуметтік, экономикалық т.б. Отбасының негізгі қызметі – баланы әлеуметтендіру, яғни қоғамда өмір сүруге жан-жақты дайындау.

Қазақ отбасының әрбір мүшесінің орны бөлек. Халық ауыз әдебиеті қорындағы мақал-мәтелдерге сүйене отырып, қазақи жанұя құндылықтарын шығарып көрелік.

Ата – елдің бірлігін, болашағын ойлайтын дана қария: Аталы сөз – баталы сөз; Халықтың қартын сыйлауы – елінің салтын сыйлауы. Әже – әке-шешенің анасы. Қазақ әжесін ақ жаулықты, алақаны алтын, аяулы, ардақты, мейірімді жан дейді. Ол – жанұя бірлігін сақтаушы, балалардың тәрбиешісі, ақылшысы.

Қазақ отбасында ата-ана орны ерекше: Ақ жүрек әке – күншуақ, ақ жүрек ана – ақбұлақ; Әкем – асқар тауым; Әкеден артық орман жоқ, әкеден артық қорған жоқ, әкеден артық дана жоқ, әкеден артық пана жоқ; Анаңның алдында асқар тау да аласа; Әке сөзі – парыз, ана сүті – қарыз; Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді.

Қазақ халқы – ырымшыл, думаншыл халық. Баланың дүниеге келген күнінен бастап, ержеткен ұлы мен бойжеткен қызы қосылып, оларды отау етіп шығарғанға дейін ата-ана баласының жастық шақтарына қарай той жасаумен болған. Олар: шілдехана, қырқынан шығару, бесік той, тұсау кесу, ашамайға (кішкентай балаға арналған атқа) мінгізу ырымдары және т.б. Қазақ отбасында бала – ең үлкен құндылық: Бала – бауыр етің; Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар.

Қазақтың түсінігі бойынша, ұл бала – өмірдің жалғасы: Әке – бәйтерек, бала – жапырақ; Атадан ұл қалса – өзі қалғаны, қыз қалса – ізі қалғаны; Ұл өссе – ұрпақ, қыз өссе – ырыс. «Қыз бала – қонақ» дейді қазақ. Ол- болашақ жар, ана. Сондықтан, жанұядағы адамдар қыз баланы мәпелеп, аялап, сыйлап жүреді. Оң жағына отырғызу тіркесінің шығуы қыз баланы құрметтеуден болса керек.

Отбасы мүшелерінің келуі, туылған бала санының азаюы да отбасы дамуының ерекшелігін құрайды. Қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте күрделі; олар ата-аналардың жұмысбастылығын; мектепке

дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеуі; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуды; әйел ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың “өзі үшін өмір сүруге” ұмтылған тоғышарлық ұмтылысы және т.б. Бала туудың азаюы- шағын отбасындағы тәрбие әдістерін жасау деген және педагогикалық проблеманы алуға тосады.

Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата-аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата-баба салт-дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2000.
3. Пинт А.О. Ата-аналар, сіздер үшін. - Алматы, 1972.
4. Азаров Ю.П. Отбасы педагогикасы. - Москва, 1985.
5. Сухомлинский В.А. Ата-ана педагогикасы. -Алматы, 1983.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. -Алматы, 1995.

### **РЕЗЮМЕ**

Как известно, по традиции, главным институтом воспитания является семья. Семья-это особого рода среда, которая играет в воспитании основную, долговременную и важнейшую роль. Важность семьи как института воспитания обусловлена тем, что в ней у ребенка закладываются основы личности. В семье формируются те качества, которые нигде как в семье сформированы быть не могут. Чем лучше семья тем лучше она влияет на воспитание, тем выше результаты физического, нравственного, трудового воспитания личности.

### **SUMMARY**

As is generally known, traditionally, there is family the main institutes of education. That is why of the special family environment that plays education a basic, of long duration and major role. Importance of family as

an institute of education conditioned by that in her for a child bases of personality are mortgaged. Those qualities that nowhere as in family formed can not be are formed in family. What better family so much the better she influences on education, the higher results of physical, moral, labour education of personality.

**ӘОЖ: 37.037.1.358**

## **ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Баймаханова Салтанат Алпысқызы, физика пәнінің мұғалімі,  
«Мұрагер» мектебі, Қызылорда қаласы**

Қазіргі заманғы даму қарқыны ұстаздардың шығармашылығын жаңаша ғылыми-зерттеу бағытында кұруды талап етеді. Сондықтан ХХІ ғасырдың әр мұғалімі үнемі ізденіс үстіндегі ғалым педагог болуы тиіс. Мұғалімдік жұмыс та өнер сияқты шытырмань мен қиындығы, шаттығы мен қуанышы мол санқилы үрдістер үстінде дамидь.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, қазіргі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген білімі, алған тәжірибесіне байланысты екендігіне күмән жоқ. Бала мектеп табалдырығын «білсем» деген ынтамен аттайды. Осы бала бойындағы ынта мен ерік жігерді ары қарай ұштай білу әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет. Оны атқару барысында балалардың танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыра, басқара білуі тиіс.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау мен және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қызметіне байланысты. Теориялық білімді игерту және жаңа жағдайға іс-жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады.

Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы зор болады. Осы орайда білім алу сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – оқыту процесіне жаңа педогоикалық әдіс-тәсілдерді қолдану. Ұстаздар қауымы шәкірттерге Мемлекеттік Білім стандартында, оқу бағдарламаларында көрсетілген талаптарға сай білім, тәрбиеберемін, өмірде қажет болатын біліктер мен бейімділікті қалыптастырамыз десе, күнделікті тәжірибеде жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді кеңінен ендіруге белсене кірісуі қажет.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деігейінің жоғарғылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ.

Қазіргі кезде педагогикалық оқыту технологияларының пайдалану қажеттілігінің жоғарылауына байланысты педагогикалық оқыту әдіс-тәсілдерін қанағаттандыруға тиісті бірнеше талаптар анықталды.

Қазіргі заманғы педагогикалық оқыту әдіс-тәсілдерінің критерийлері толық және нақты анықталған. Бұларға технологияның: концептуалдылығы, басқарушылығы, жүйелілігі, тиімділігі, пайдалануға қолайлылығы жатады.

Педагогикалық әдіс-тәсілдердің концептуалдылығы оқыту технологиясының белгілі бір философиялық ғылыми концепцияға негізделуі.

**Жүйелілігі**-білім беру әдіс-тәсілдерінің жүйелі, яғни әр бөлімнің бір-бірімен тығыз байланыста болуы.

**Басқарушылығы**-басқару мүмкіндігінің болуы, оқыту әдіс-тәсілдері оқу процесін мақсатқа сәйкес жоспарлауға, оның әр кезеңінде материалды қабылдау деңгейін анықтап, қажет болса, түзетулер енгізу мүмкіндігінің болуы.

**Тиімділігі**-оқыту әдіс-тәсілдерінің қазіргі нарықтық жағдай, бәсекелестікталабына сай жоғары болуы.

**Пайдалануға қолайлылығы**-әдістемеге сәйкес тәжірибені қайта зерттеу нәтижесінде оны пайдалану мүмкіндігінің жоғары болуы.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен танысу, оған қойылатын талаптарды ескеру, олардың оқыту процесін технологияландыру талабына сәйкес келуі

оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінде келесі талаптар қарастырылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуы мен оның ғылыми негізделуі;

- мақсаттың уақыт талабына сай болуы;

- әдіс-тәсілдердің оқытушыға да, оқушыларға да пайдалануға ыңғайлы болуы;

- әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалды бірге пайдалану мүмкіндігінің болуы;

- оқу іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

- оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;

- оны үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру мүмкіндігінің болуы.

Қазіргі заманғы кез-келген оқыту әдіс-тәсілдері оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде әдістердің бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударады.

Жан-жақты білімді жеке тұлғаның қалыптасуы негізінен мектептегі жылдарда жүретіндігі ғылымда дәлелденген. Бұл жылдарда мектеп жеке тұлғаның бойындағы сапалық қасиеттердің қалыптасып дамуына, ол кейде керісінше бала психологиясына кері әсер ете алатынын естен шығармаған дұрыс. Көптеген жағдайда мектеп «үлгерім процестері» жағдайына ғана көп көңіл аударып,

оқушының даму, қалыптасу, тұлғалық сапаларына көңіл аудармай келе жатқандығы жалпыға белгілі жағдай.

Мектептегі авторитарлық ұстаным оқушыға өзінің жеке қабілетін дамытуға мүмкіндік бермейді. Мектеп тек білім беруге ғана мән беріп, өсіп келе жатқан ұрпақтың тұлға ретінде материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға көңіл аудармайды. Көптеген мұғалімдер оқушыға, оның қажеттілігіне көңіл аудармайды, оған тек өзі әсер ететін объект ретінде қарайды. Жүргізілген зерттеулер нәтижелеріне қарасақ, көптеген оқушылар мектептегі уақытты «қуанышты кезең» деп есептемейді.

Мысалы: оқушылардың -36%-ы демалыс уақытын қуанышты кезең деп есептейді, 36%-достарымен кездесуді, 50 %-мейрамдарды күтеді, ал сабаққа қызығушылар үлесі 14%.

Сондықтан да қазіргі мектептегі оқу процесі оқушы қажетін қанағаттандыратындай, оның сұранысына сай, оған керекті, оны болашақ өмірге дайындап, оң белсенділікке баулитындай болуы қажет. Осылай болғанда ғана мектеп оқушының қызығып қатынасатын қажетті орынға айналады.

Қазіргі кездегі мұғалімнің рөлі мыналарды қамтуы қажет:

- оқушының белсенділігін арттыруы;
- баға критерийлерін тиімді анықтауы;
- интерактивті оқыту түрлерін енгізуі;
- болашақ өмірге дайындауы.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдаланып оқу процесін ұйымдастыру мектеп түлектерінде мынадай қабілеттерді қалыптастырады:

- өз көзқарасының болуы;
- сын тұрғасынан ойлай алуы;
- креативті шығармашыл болуы;
- өзгелермен бірлесіп белгілі бір нәтижеге жету үшін жұмыс істей алуы;
- өзі жеке шығармашылықпен жұмыс істей алуы.

Сыныптағы оқушының психологиялық жағынан әр түрлі екенін ескеру қажет, ал мұғалімнің бүкіл сыныптағы оқушыларға бір материал, бір талап, бір баға критерийлерін қоятындығы бұл міндетті орындауға қиындық туғызады. Алайда пәнді үнемі бір түрлі сарынмен өткізу бұл міндетті орындаудан мүлдем алшақтады.

Психологтар әр баланың ойлау типтері әр түрлі, берілген ақпаратты қабылдау жылдамдығы әр түрлі деңгейде, есте сақтау қабілеті де әр түрлі болатындығын айтып, әр оқушыға әр түрлі көңіл аудару қажеттігіне ғалымдар назарын аударуда. Міне, осы ретте, жаңа оқыту әдістерін пайдаланып оқушы іс-әрекетін ұйымдастырғанда, өз бетімен жұмыстарын позитивті бағытта ұйымдастыру қажет.

Білім беру ұйымдарының алдында тұрған мақсат-жан-жақты білімді жеке тұлға тәрбиелеу. Олай болса оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқушыға: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және тағы басқа тұрғыдан тиімді әсер ету өте маңызды.

Сабақ түрлі заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырса, болашақ ұрпаққа әсері мен ықпалы ерекше болады. Жаңа инновациялық әдіс-тәсілдер теориялық тұрғыдан дәлелденіп, іс-жүзінде жақсы нәтижелер көрсетіп келетіні анық.

### ӘДЕБИЕТ

1. Жаңашыл педагогтар іс-тәжірибелері. – Алматы, 1991.
2. Педагогикалық ізденіс. – Алматы, 1990.
3. Фарбер Д.Х. Жизнь – в детях. Народный учитель. – Алма-Ата, 1982
4. Г.Кертаев. Оқытудың кейбір әдістері. Алматы, 1991.
5. Б.Р.Айтмамбетова. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы, 1991.
6. Беспалько В.П. Педагогика технологиясы. 1998.
7. Селенко К.К. Современные образовательные технологии. 1998.
8. Мирсейітова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. 1998.
9. Мясоед Т.А. «Интерактивные технологии обучения. Спец. семинар для учителей»М., 2004
10. Суворова Н. «Интерактивное обучение: Новые подходы» М., 2005.
11. Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб, заведений. М.: Академия, 2001.

### РЕЗЮМЕ

В статье обсуждены вопросы об исследовании педагогического опыта в более узком и строгом смысле этого понятия относят такую практику которая содержит в себе элементы творческого поиска. Такой педагогической опыт особенно ценен потому, что он прокладывает новые пути в педагогической практике и педагогической науке.

### SUMMARY

The best teaching experience in a narrow and strict sense of the term include the practice, which contains elements of creativity, novelty. This educational experience is especially valuable because it is breaking new ground in teaching practice and teaching science.

**ӘОЖ 616.5-078**

**СІБІР ЖАРАСЫНЫҢ КЛИНИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІН  
АНЫҚТАУ**

**Құлахметова Толғанай Хамитовна, оқытушы,  
«Болашақ» медициналық колледжі, Қызылорда қаласы**

Сібір жарасы (түйнеме) – зоонозды, антропургиялық жанасу механизмiмен берiлетiн, бактериялыды аса қауiптi жұқпалы ауру. Көбiне сыртқы терiнi зақымдаумен қатар, жайылмалы (септикалық) түрде де кездеседi. Ауылшарушылығындағы мал ауруы болғанымен, қоздырғыштың енуiне қолайлы аймақта адамға да қауiптiлiгi жоғары. Сол себептi эпидимиологиялық, эпизоотиялық маңызы денсаулық сақтау ұйымдары мен ветеринарияда өте зор.

«Сібір» атауы алғаш рет 19 ғасырда Сібірде ашылғандықтан ол «Сібір жарасы» деген атауға ұласып кетті. Қазақ тілінің тіл байлығы немесе аурудың қазақ жерінде өте көп кездесетіндіктен бе, ежелден мал өсірген қазақ халқы ауруға шалдыққан малдың түріне қарай қойда-«топалаң», ешкіде-«шек-шек», ірі қарада-«қараталақ», «қарасан », түйеде-«ақшелек», «қарабез» , жылқыда- «жамандат», кейде «тегене» деп те атаған. Адамда аурудың клиникалық белгісіне қарай «түйнеме» немесе «күйдіргі» деп те аталады.

Қазақстан Республикасында, соның ішінде біздің облысымызда медициналық қызметкерлерімен профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралардың жүргізілуіне байланысты бүгінгі күні түйнемемен сырқаттанушылық күрт төмендеді. Алайда мал өліктерінің жүйесіз жерленуіне байланысты түйнемені жұқтыру қауіпі бүгінгі күнге дейін біздің аймағымызда сақталып келеді. Ақтөбе облысы территориясында түйнеме бойынша эпидемиологиялық жағдай қолайлы. Адамдар арасында түйнеме ауруы 2004 жылы Мұғалжар ауданының Ембі қаласында тіркелген, онда 7 адам ауырды. Инфекция көзі- ірі мүйізді мал.

Қоздырғышы *bacillus anthracis* деп аталатын Сібір жарасының ауру көзі үй шаруасындағы малдар (ірі қара мал) сиыр, бұқа және т.б. (ұсақ малдар) қой, ешкі, жылқы және түйе. Қоздырғыш жануар денесінде өзіне қолайлы орын тауып, көбейе отырып ағзаны зақымдайды. Кей жағдайда ауру көзі орман далалық жабайы аңдар болу мүмкін [1, 18 б.].

Сібір жарасымен ауырған жануарлар барлық кезде қауіпті болып келеді. Ауру қозғышын сілекей, нәжіс, несеп арқылы сыртқа шығарып отырады. Жұқпалы аурулар қоздырғышы ретінде залалданған сыртқы орта объектілерін жатқызуға болады. Оларға тері, жүн, сүйек, мүйізбен бірге Сібір жарасын олген малдың өлексесі жатады. Бұлардың ішінде малдың өлексесі ең қауіпті. Сол себепті



ветеринариялық заңдылықтар бойынша Сібір жарасынан өлген малдың өлексесін сойып, етін пайдалануға рұқсат етілмейді. Дер кезінде залалсыздандырылмаған, жинақталмаған өлекселерді жабайы аңдар мен құстар жан-жаққа таратуы мүмкін.

Бұл аса қауіпті індеттің қоздырғышы сыртқы ортаның барлық климатына төзімді тығыз қабықшамен қапталған спора түзеді. Қысқы мезгілде аяздан, жазғы мезгілде ыстықтан өлмейді, қайнатқанда 10 минутқа дейін шыдайды.

Сібір жарасының қоздырғышы жайлау топырағына ашық су қоймаларының суына түседі. Ағынды су немесе жер асты сулары ауру мал зираттарынан жер бетіне шығаруы мүмкін.

Сібір жарасының эпидемиологиясы эпизоотиялық таралумен тығыз әрі тікелей байланысты.

Клиникалық белгілеріне қарай жануарлар арасында терілік, ішектік, өкпелік түрі байқалады. Көбінесе 95-97 % терілік түрі жиі кездеседі. Қоздырғыш үй шаруашылығындағы малдың ағзасына түсіп қан арқылы көбейеді. Инкубациялық (жасырын) кезеңі 1-14 күнге дейін созылады, жиі 1-3 күн. Ауырғандық білінер-білінбес клиникалық белгілерден басталып, кейін бұл белгілер ауырлай түседі. Барлық ауылшаруашылығындағы малдарға тән белгілердің бірі қызуы жоғарлайды, демікпе пайда болып, тәбеті төмендейді, шөл басады. Қан аралас іш кету. Сонымен қатар зәрде сүтте қан аралауы мүмкін. Ауру мал теңселіп, құлайды. Жануардың кеуде тұсында, іш маңайында, аталық без маңайында ісік көрінеді. Ісік қолмен байқағанда домаланған, ыстық, ауырсынуымен болады. Осыдан соң Сібір жарасының қоздырғышы қанға өтіп, септикалық түрге айналады. Өлім ауру басталғаннан 1 сағаттан 3 күнге дейін болуы мүмкін.

Адамда аурудың клиникалық белгісіне қарай «түйнеме» немесе «күйдіргі» деп аталады. Адам ағзасына ену жолы әртүрлі. Сібір жарасы бар шанды, құм каралас ауаны дем алғанда, жанасу арқылы етін жегеннен, ауру малдың терісін ұстағаннан қолдың ұсақ жарақаты арқылы жұғады.

Осы жұғу жолдарына қарай ағзада түйнеменің клиникалық формалары пайда болады. Атап айтсақ ішектік, терілік, септикалық формалары. Ішектік формасы сібір жарасынан өлген малдың немесе залалданған мал етін жеген уақытта пайда болуы мүмкін. Ал ең жиі (95-97%) кездесетіні – терілік формасы. Ұсақ жарақат арқылы сібір жарасы қоздырғышы енген жеріне карбункул (жара) пайда болуымен сипатталады. Карбункул жиі қол-аяқ басында, мойын, бел тұстарына шығады. Инкубациялық (жасырын) кезеңі бірнеше сағаттан 15 күнге дейін, орташа 4-5 күн. Инфекцияның кіру қақпасында қышымалық дақ пайда болады. Кейін бұл дақ безеуге, содан соң қан аралас

сұйықтығы бар көпіршікке айналады. Науқастану жоғары 38-39 С қызумен, әлсіздік пен өтеді. Кейін түйнеменің карбункуласы үстінде кара түсті іріңді ноқат пайда болады.

Бұл жерде науқастану уақыты өте жылдам өтетіндіктен емдеу шараларын мүмкіндігінше жедел ұйымдастырудың маңызы зор. Яғни ем уақытында басталса, ауру тез сауығып сепсистік формасын алдын алуға болады.

Түйнеменің алдын-алудағы ең басты шаралырының бірі- ауылшаруашылығындағы жануарларды жаппай иммунизациялау. Үй ішіндегі әр жеке малды Сібір жарасына қарсы егу керек. Мал сою ветеринар қарап, жануардың денсаулығы туралы анықтама бергеннен кейін жүргізілу керек. Мал еті ветеринардың алдан-ала тексеріліп, алдын-ала анықтама бергеннен кейін тек базарларда сатылу керек. Ауылшаруашылық малдарының етін тек қаланаң арнайы базарынан алу керек. Стихиялық базарлардан және жеке үйлерден етті сатып алу өте қауіпті. Аса қауіпті Сібір жарасымен күресуде аталған жан-жақты әрі кешенді шаруаларды жүргізу індетті ауыздықтаудың бірден-бір кепілі [2, 33, 41 б.].

### **ӘДЕБИЕТ**

1. М. Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығының сібір жарасы зертханасының зерттеу жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулық
2. Толысбаев Б.Т., Бияшев К.Б. «Микробиология және иммунология», Алматы, 2006 жыл

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются способы определения клинических симптомов сибирской язвы.

### **SUMMARY**

This article describes how to determine the clinical symptoms of anthrax.

ЭОЖ 18703

## ТӘРБИЕСІ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ

**Қаршығаев Төремұрат Сабытұлы, оқытушы,**  
*«Болашақ» медициналық  
колледжі, Қызылорда қаласы*

Оқу-тәрбие ісінде қиын балаларға педагогтар мен психологтар ерекше назар аударуда. Кімді болса да қиын бала деген кім, ол қалай пайда болады деген сұрақ толғандырады. Міне, сол үшін пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық жүйе болуы керек. Қалыпты отбасынан «қиын» бала шыға қоймайтыны белгілі. Алайда, Л.Толстой жазған: «барлық бақытты отбасылар бір-біріне қандай ұқсас болса, әрбір бақытсыз отбасы бір-біріне ұқсамайтын әрқилы бақытсыз», десе ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді: «баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді», – деп тұжырымдайды.

Психолог-педагог ғалымдар А.Выготский, П.Блонский «қиын» балалар мәселелерін жан-жақты зерттей отыра зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша «қиын» балалардың шығуына үш фактор себепші болады деп көрсетеді:

1.Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, тұрмыстағы ұрыс-керіс, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы.

2.Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер, яғни жеке оқушылардың мінез-құлқы ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығуын, талап-тілегін ескермеу.

3.Жұртшылықтың, қоғамдық ортаның тәрбие үрдістеріне дұрыс көңіл бөлмеуі.

Ғалымдардың анықтамасына сүйенсек, «қиын» балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатиялық формалар кездесетін, қозу күйін дәрі-дәрмек беру арқылы тежейтін, кәмілетке жасы толмаған құқықтық тәрбие бұзушы жасөспірімдер жатады [1, 23 б.].

Жеткіншектер аса еліктегіш келеді. Әке, шеше және отбасының басқа да мүшелері жеткіншектерге тек сөз арқылы ғана емес, жеке бастарының өнегесімен, іс-әрекетінің үлгісімен ықпал етеді. Кейде отбасының көп жыл бойы балаға жасаған ықпалы, оны қоршаған ортаның қоғамдық әсерінен басым түсуі әбден ықтимал.

Сондықтан, отбасы тәрбиесіне теріс ықпал ететін жағдай жеткіншектің бойында ұнамсыз қасиеттердің болуына, қоғамға жат ой- пиғылдардың қалыптасуына әсер ететін басты себептердің бірі болып табылады. Елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдайдың нашарлауы отбасындағы күнкөріс, тіршілік ету жағдайына өз ықпалын тигізеді. Отбасындағы мұндай келеңсіздіктер балалардың оқуға бармай, дала кезіп, ұрлық, кісі тонау секілді қоғамға жат қылықтармен айналысуына әкеп соғады, нәтижесінде мектеп өмірінде мінез-құлқы күдік келтіретін «қиын» деген балалар қалыптасады. «Қиын» балалардың тағдырына қазіргі күнде қоғам, мемлекет ұйымдары ерекше көңіл аударып келеді [2, 81 б.].

Қазіргі уақытта кәметті жасқа толмаған жеткіншектер арасындағы құқық бұзушылық мәселелер психология мен әлеуметтік педагогика ғылымдарының, мемлекеттік ұйымдар және қоғамның ерекше назарын қажет ететін объект болып отыр. Әлеуметтік-экономикалық жағдай жеткіншектерге келеңсіз ықпалын тигізуде, мінез-құлықтарында ауытқуы бар балалар саны өсуде. Жеткіншектік кезеңде қалыптасатын көзқарастар, құндылық бағдар, қызығушылықтар және қажеттіліктер, сонымен қатар тұлғаның өзіндік анықталу және тұжырымдалу тұлғаның мінез-құлық өзгерістерінен айқын байқалады. Дәл осы кезеңде жеткіншектер арасында құқық бұзушылық күшейеді. Бүгінгі таңда халық арасында рухани келеңсіздіктер жиі байқалып отыр. Олар: қобалжу, қатыгездік, әсіресе жеткіншек жасындағылардың шектен тыс агрессивтілік [3, 12 б.].

Жоғары көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында қиын балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыс бағдарламасы құрастырылды

### **3. Қиын балаларды зерттеу бағдарламасы**

Қиын балалармен жұмыс және тәртіп бұзушылықтың алдын алу мәселесі қазіргі кезеңдегі колледждің оқу-тәрбие процесінде маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Ол үшін біз келесі екі ұғымға сипаттама жасап, оның ұқсастығы мен айырмасын ажыратып алуымыз қажет. Олар: «Қиын бала» және «Тәрбиесі қиын бала». Осы екі ұғымның ортақ түсінігі педагогикалық назардан тыс қалған және адамгершілік дамуында ауытқушылығы бар бала тұрғысынан қарай отырып, тәртіп бұзушылыққа бейім балалармен дұрыс тәрбие жүргізу мен бағыт беру жолдары анықталады.

Жеткіншектерден «Сені көше өзіне несімен тартады?» тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижесі мынаны көрсетті:

- әр түрлі мәліметтің көптігі – 30%
- еркіндік -28%

- өзін үлкендерше ұстауы — 20%
- жат әрекеттер жасауға еркіндік — 9% (бала отбасында жасай алмайтын келеңсіз әрекеттерін көбіне көшеде іске асыруға мүмкіндігі бар);
- 13% — түрлі әлеуметтік факторлар (ата-анасының қарауынсыз қалғандықтан, материалдық қажеттілік және т.б.).

Оқу-тәрбие процесінде баланы жазалау және қолдау көрсету әдістерін қатар қолдану — әлеуметтік педагогтар, мұғалімдер мен психолог мамандардың негізгі құралы болуы тиіс. Таңдап алынған әдіс-тәсілдер баланы өз қылығына басқаша қаратып, мінезін жақсы жаққа өзгертуі тиіс. Орынды қолданылған әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие жүйесінің деңгейін көтеріп, қиын оқушымен әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы жақсартатыны сөзсіз.

### ***«Қиын» оқушыларды тәрбиелеуде ұсынылатын тұжырымдар***

1. Тұлғаның психикалық дамуындағы қарым-қатынас ортасын құрайтын адамдар топтары жеткіншектер мінез-құлықтарында «қиындық» тудыратын фактор болып табылады.

2. Тұлға дамуының әр кезеңіне белгілі бір «қиындық» түрлері тән. Бұл «қиындықтар» тұлға іс-әрекеттерінде түрлі көріністерде байқалып, нәтижесінде құқық бұзушылыққа әкеліп соғады.

3. «Қиындық» түрінің анықталмауы — жеткіншекті қылмысқа итеретін жолдың бірі бола отырып, психологиялық қолдау және психологиялық көмек көрсетіп отырады.

4. Өз уақытында «қиындықтың» алдын-алу және себептерін алдын ала анықтап психологиялық, мүмкін жағдайда әлеуметтік қолдау көрсету «қиындықтың» алдын-алудың маңызды жағдайы.

Тұлға дамуында және балалар мен жеткіншектер мінез-құлықтарындағы ауытқулардың алдын-алу бойынша жұмыстар келесі негізде жүргізілген жағдайда ғана тиімді болады:

1. табысты оқу іс-әрекеті;
2. оқушыларды қанағаттандыратын өзара қарым-қатынас жүйесінің эмоционалды жағымдылығы;
3. психологиялық қорғаныс;

Соңғы жағдай келесілерден тұратын кепілді әлеуметтік-психологиялық қорғалуымен тікелей байланысты:

4. оқушының өз міндеттері мен құқықтарын білуі;
5. мұғалімдер және оқу-тәрбие процесінің басқа да субъектілерінің белгіленген құқықтарды сақтауы;
6. кез-келген белгі бойынша қандай да бір дискриминацияны болдырмайтын, оқушылардың психологиялық және әлеуметтік теңдігі;

Қорытындылай келе, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытының орнықты пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы қақтығыстардан бастау алады. Ата-ананың жылуынан, сүйіспеншілігінен, ыстық ықыласынан айырылған балалар көшесінің қағидасымен өмір сүруге бейімделеді. Жасөспірімдердің осындай келеңсіз оқиғалардан аулақ болуын жан-жақты тұрғыда қарастырып, бірлесіп іс-әрекет жасағанда ғана іске асыруға болады. Осы орайда қиын жеткіншектерді қайта қалпына келтіру орталығында және жалпы білім беретін орта мектептерде психологиялық қызметті ұйымдастыруды жүйелі жолға қойып, колледж психологы, топ жетекшілері, ата-аналармен және колледж инспекторларымен етене жұмыс жүргізілген, қиын бала мәселесі біршама орнымен шешілуі мүмкін болар еді.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Баженов В.Г., Баженова В.П. Психолого-педагогическая диагностика и коррекция девиантного поведения школьников. Тараз, 2003.
2. Воспитание трудного ребенка /Под ред М.И.Рожкова М., «Владос» 2001
3. Жумабаев Қ. «Қиын» оқушыларды мектеп жағдайында тәрбиелеу мәселелері. — А., 1994.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье автор рассказывает о проблеме воспитания трудных детей, так как данный вопрос является одним из самых актуальных проблем современного общества.

### **SUMMARY**

The author talks about the problem of education of difficult children, since the issue is one of the most urgent problems of modern society.

ӘӨЖ 82-024:89 (574.54)

## ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫНА БАУЛУДАҒЫ МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Айбытова Көркем Бауыржанқызы, студент;**  
**Серібаева Жұлдызай Мүсілімқызы, оқытушы,**  
*«Болашақ» колледжі, Қызылорда қаласы*

Қазақ халқы рухани дүниеге, қазынаға бай халық. Оның қай түрін алсақ та, тәлім-тәрбиесі мол, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған өсиеті ерекше. Сонау ықылым заманнан, сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ерекшеленіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі-қазақтың мақал-мәтелдерін одан әрі дамыту.

Мақалдар мен мәтелдердің дуниетанымдылық табиғатының күрделілігі оның көлемі мен қолдану аясының кеңдігінде ғана емес, мындаған ұрпақтардың ми қазанында құрыштай шыныққан ой-өрісінің биіктігіне, тәжірбие кезінен сұрыпталып өткен сұлу мүсіні мен ой маржандарының тазалығында жатыр.

Мақалдар мен мәтелдердің дүниетанымдық табиғатының күрделілігі оның көлемімен қолдану аясының кеңдігінде ғана емес, мындаған ұрпақтардың ми қазынасына құрыштай шыныққан ой-өрісінің биіктігіне, тәжірбие тезінен сұрыпталып өткен сұлу мүсіні мен ой маржандарының тазалығында жатыр.

Мақал-мәтелдер— айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы. Олар ұстаздық, тәрбиелік рөл атқарады. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа, әрі тұжырымды болады. Сөздерді бейнелі, орынды қолданады. Мақал-мәтелдерден халықтың тіл байлығы көрінеді. Бай сөздік қорымыздың ұрпақтан-ұрпаққа шашауы төгілмей жетуі, халықтың ауызекі сөйлеу шешендігінің көрінісі.

Адамның жан-дүниесінің тілдегі көрінісі мақал-мәтелдерде жақын бейнеленген. Одан халықтың ой-санасы, дүниеге көз қарасы, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, мазмұн тереңдігімен, түр жағымен, ықшамдаулығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан салалы құбылыстарына баға беріліп, ой түйінделіп, халықтың ғасырлар бойы тәжірбиесі негізінен де пікір айтылады.

Халық- терең ойды аядай қалыпқа сыйғызып, шебер беруге тырысады. Сөйтіп, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» жинақтап, қорытып береді.

Мақал-мәтелдерде оқу мен еңбек, ойын мен өнер, адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүйу, ата-ананы құрметтеу тәрізді мінездері өнегелі сөз болады.

Мақал-мәтелдер туралы сөз болғанда, оларды зерделеп, алдымен сол мақал кімге, қай қырын тануға арналғандығын аңғарамыз. Яғни, әйел адамға ма, әлде ер адамға ма?! Міне, осыдан келіп мақал-мәтелдегі сөздер мәселесі туындайды:

«Алтын ұя тапқан әйелді ханым десе болмас па, Аға деген жігітті жаным десе болмас па?»

Бірінші жолда, әйел затының алғашқы міндеті – дүниеге ұрпақ әкелу десек те, бірнеше баланы бағу, қатарға қосу оңай іс емес, сондықтан сәбиді дүниеге әкелген әйелге жылы сөздің қайсысы да лайық екендігін меңзейді. Ал үлкенді сыйлаған «аға» деп, кішіпейілдік танытқан ер азаматқа кім жетсін?

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы сақталған ел шежіресі, ауыз әдебиетінің бір түрі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал- мәтелдер дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Мұнда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың тәжірбиесі қорытылады.

Олар - қолдану әдісі мен аясына қарай, мазмұн мен мәні жағынан сан-саққа құбылып отыратын көне де күрделі жанр.

Мақал-мәтелдердің тақырыптары да әр алуан. Ол халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірінің бар саласын қамтиды. Шаруашылық кәсіпке, тіршілік тұрмысқа байланысты мақал-мәтелдерде төрт-түлік малға, егіншілікке, аңшылыққа, қолөнерге байланысты тәжірбиелер жинақталып, қорытылып берілген. Мысалға: «Қойдың сүті қорғасын, қойды соққан оңбасын».

Отанды сүйу, ерлік тақырыбында: «Ерлік тәрбиеден туады», «Елін сүйген ер болады» мақалдары ел қорғаны ер екенін үлгі етеді.

Бір топ мақал-мәтелдер адамның бойындағы жақсы қасиеттерін марапаттауға, адамгершілікке баулып тәрбиелеуге бағытталады. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол».

Мақал-мәтелдердің өн бойында поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақтылық байқалады. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында екшеленген, сұрыпталған, жымдала біріккен, ішкі мазмұнына сыртқы формасы сай үндестік тапқан болып келеді. Мақал-мәтелде халық сөзді барынша үнемдеп қолданады. Тіпті кейде сөз тастап отырады: «Ақыл-жастан, асыл-тастан» дегенде «шығады» сөзі қалып қойған. Түсіп қалған сөз өзінен ойға оралып, ишарамен білінеді.

Мақал-мәтелдер ойды кейіптеу, теңеу арқылы жақсы беріледі. Олар- халықтың өмірден түйген, жинақтаған тәжірбиесінің түйіні.



Мұнда халықтың дүниетанымы мен даналығын көруге болады. Сондықтан да мақал-мәтел – даналық көзі, тәрбие қазығы.

Мақал-мәтелдер — халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. Олардың көбі өмір шындығының қорытындысы.

Халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі секілді қымбат мұра.

«Сөздің көркі — мақал» деп тегін айтылмаған. Мақал-мәтелді айтылатын оймен орайластырып, орынды колдансақ, сөзіміз мірдің оғындай өткір, көңілге қонымды көркем әрі бейнелі болады. Мақал-мәтелдер аз сөзбен терең мағынаны беретіндіктен, өте ұтымды болады, сөйлеген адамның шешендігін, ой ұшқырлығын, тапқырлығын байқатады. Мақал мен мәтелдер халық санасында талай жылдар мен ғасырлар бойында қалыптасып, тұрақталып қалған және сөйлегенде дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылады.

Бұл жағынан келгенде, яғни құрамындағы сөздердің тұрақты болуы, дайын тілдік құбылыс ретінде қолданылуы және ойға әсерлі де әсем, көрікті де көркем мән үстеуі жағынан, мақал-мәтелдер тұрақты тіркестерге жақын болып келеді.

Сөйлем құрылысы, ішкі мазмұны жағынан мақал мен мәтелдердің өз ішінде ерекшелігі байқалып тұрады.

Мақалдарда ой түйінді пікір, өсиет, ереже тәрізді көбіне ауыс, астарлы мәнде тұжырымдалып айтылады. Мысалы:

Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені.

Еменнің иілгені — сынғаны.

Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат.

Өз басыңды дауға берсең де, жолдасыңды жауға берме.

Мәтелдерде негізгі айтылатын ой-пікір жанамалап, сілтеме — ишара түрінде беріледі.

Мысалы: Күш атасын танымас.

Айласыз батыр алдырар.

Нар тәуекел — ер ісі.

Ер есімі — ел есінде.

Мақал-мәтелдердің көпшілігі ауыспалы, келтірінді мағынамен беріледі.

Мысалы: Әркімнің өзі шығар биігі бар.

Кісінің шырайына қарама, райына қара.

Оқ жетпес жерге қылышыңды суырма.

Мақал-мәтел – кез келген халықтың мәдениетінде маңызда орын алатын сөз маржаны. Мақал-мәтелдер бір ғасырдың ғана жемісі болып табылмайды. Олардың алғашқы үлгілері көне заманда пайда болған. Мақал-мәтелдерде халық өздерінің ой-санасын, өмірге деген, қоғамға деген көзқарасы, ақыл-кеңесі, таным-тағылымы көрініс

тапқан. Мақал-мәтелдердің құрылымы поэзияға тән жинақы, ұйқас және ырғақты болады. Мақалдап, мәтелдеп сөйлеу сөйлеушінің тіл байлығымен бірге айтылған ойды нақтылай түседі. Мақал-мәтел халықтың тәжірибесінен, тәлімінен пайда болады.

Мақал мен мәтелдер де әр түрлі дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келіп отырады. Мақал-мәтелдер фразеологизмдер сияқты құрамын сақтап қолданылады, олардың сөздерінің орнын ауыстыруға болмайды. Олар қай тұрғыда болсын, я морфологиялық, я синтаксистік тұрғыда болсын, өзгеріссіз, даяр күйінде қолданылады. Мысалы, «Аздың қадірін білмеген, көптің қадірін қайтіп білер» деген мақалда құрамындағы жеке сөздердің берер мағынасы сөз болып отырған жоқ, түгел бір мақалдың тұтас мәні сөз болып тұр.

Мақал-мәтелдердің игі қасиеттерге үндеу, ақыл-өсиет сипатында болатындары баршамызға мәлім, яғни ішкі мазмұнның сыры олардың өздеріне ғана тән, меншікті мағынасы бар оралымдар екендігін дәлелдейді. Мақал-мәтелдердің мағынасы сөйлемнің бастапқы мағынасымен жарыса отырып дамиды да, келе-келе астарлы мәнге өтеді. Мысалы, «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» дегендер тура мағынасымен қатар, ауыспалы мағынаға да ие. Ол мағыналар бір-бірімен астарласып, байланысып жатыр. «Адам аласы», яғни адамның жаман пиғылы, жағымсыз жақтарын сырт бітімінен көре, сезе алмайсыз. Демек, сөйлемнің фразеологиялық мағынасы «ала» сөзінің ауыспалы мағынасының негізінде қалыптасқан.

«Біреуге ор қазба, өзің түсесің» сөйлеміндегі туынды мағына «біреуге ор қазу» бөлігінің мағыналық өзгерісінің жемісі, яғни «басқаға жамандық жасау» деген ұғымды білдіреді. Ал «өзің түсесің» сыңары «ор» сөзімен байланысты туынды мағынасын дамытып, тұтас сөйлем «басқаға жамандық жасасаң, өзің де жамандықтан аулақ қалмайсың» дегенді білдіріп тұр.

Мақал – мәтелдердің өзара айырмашылығы. Мақал-мәтелдер құрылысы жағынан сырттай ұқсас болып келгенімен, олардың мазмұнды түйіндеуінде, ойды шешуінде өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары бар. Ол айырмашылықтар мен ерекшеліктер мақал-мәтелдің ойды түйіндеу жағынан да, құрылымы жағынан да байқалады.

Мысалы, «Ерге жаттың тізесі батса, ағайыншыл болады» деген мақалда ердің ағайыншыл болуының себебі жаттан көрген қиянатымен байланыстырыла білдіріліп тұр. Яғни, іс –

әрекеттің себеп-салдары сөз тіркесінен-ақ байқалып тұр. Тағы бір мысал талдап көрелік: «Тоқпағы күшті болса, киіз қасық жерге кірер» деген мақалды алсақ, бұл екі жай сөйлемнен тұрады. Мұнан мақалдар көбінесе екі бөлімді болатынын көреміз. Оның үстіне мақалда ой тиянақты болып келеді. Алдыңғы ой екінші түйінді пікірдің шарты түрінде келеді. Киіз қазықтың жерге кіруі тоқпағының күшті болуына байланысты екендігі анық айтылып тұр.

«Мезгіл жетсе, мұз да ерір» деген мақалдан да осыны байқауға болады. Мақалда бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар мен нәрселер салыстырылып, шендестіру арқылы ой-пікірді айқындау тәсілі басым болып келеді.

Мысалы: «Ақымақтың ақылы түстен кейін кіреді,  
Ырысы кеткеннің иті ұры кеткен соң үреді».

Немесе: «Ақымақ бастан ақыл шықпас,  
Ақыл шықса да мақұл шықпас»,

дегенде «ақымақ» пен «ақылды» – қарама-қайшы ұғымдар, осы екеуі салыстырыла келіп, ақымақтан шыққан ой-пікір де дұрыс болмас деген қорытындыны шендестіру арқылы беріліп тұр. Осы келтірілген мақалдардан өмір құбылыстары типтендіріліп, дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отыратындығын байқаймыз.

Ал, мәтел құрылысы жағынан мақалдан өзгешерек. Мәтелде қорытынды ой, түйін айтылмайды, тұспал ғана болады. Бейнелі сөз айшығы арқылы берілген ойды тыңдаушы өзі топшылайды, тұжырым жасайды.

Мысалы, «Көппен көрген – ұлы той» дегенде тұспал ғана бар. Бұл жерде мағынаны тыңдаушы өзі қорытуына тура келеді. Мәтелде дәлелдеу де, тиянақты тұжырым да болмайды, мағына ашық емес, қорытынды пікір жоқ.

Мақал мен мәтел бір-бірінен осындай белгілерімен ерекшеленеді.

Кезінде Абай өзінің «Жиырма тоғызыншы сөзінде», «Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтұғыны да бар» деп, «Жарлы болсаң, арлы болма», «Қалауын тапса, қар жанады», «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген мақал-мәтелдердің тас-талқанын шығарып сынаған еді. Осы қарасөзінде сыналған бес мақалдың соңғысы қазір белсенді қолданыста болмаса да, алдыңғы төртеуін халық әлі аузынан тастамай келе жатыр.

## **ӘДЕБИЕТ**

1. М. Әлімбаев. «Халық – қапысыз тәрбиеші». Алматы – 1976
2. Б. Адамбаев. «Халық даналығы». Алматы – 1976
3. С. Ұзақбаева. «Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру». Алматы – 1988
4. С.Қалиев. «Халық педагогикасы хақында бірер сөз». Алматы – 2000.
5. Қ.Жарықбаев., С.Қалиев. «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»  
Алматы – 1994
6. М. Әлімбаев. «Халқымыз қандай тәлімгер!» «Мұрагер» журналы №1, 1992
7. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №5, 2004
8. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №4, 2004
9. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №1, 2005
10. Ө.Тұрманжанов. «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» Алматы – 2007

## **РЕЗИЮМЕ**

В этой статье изложена исследовательская работа о народной мудрости, о пословицах и поговорках. Приведены отрывки из произведений Абая и Ыбырая. Исследования проводились на примере, идиомы, фразеологических словосочетаний.

## **SUMMARY**

In this article the research of folk wisdom of proverbs and sayings. Presents excerpts from the works of Abay and Ybyraya. The studies were conducted on the example, idioms, idiomatic phrases.

## ӘОЖ 371.31

### КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

**Жармаханова Айзат Асановна, оқытушы,**  
*«Болашақ» медицина колледжі, Қызылорда қаласы*

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, мейірімділікті қажет ететін мамандық бұл – медициналық мамандық. Әрине, аса жауапкершілікке толы дәрігер мамандығын игеру үшін көп еңбек ету қажет. «Болашақ» медициналық колледжі» мекемесі қазіргі таңда орта буын кәсіптік мамандарды даярлайтын оқу орындарының бірі.

Қазақстанның Жалпы Еуропалық білім беру кеңістігіне енуі медициналық оқу орындарынан да жаһандану жағдайында кәсіби деңгейі жоғары, бәсекеге қабілетті медицина мамандарын даярлауды талап етеді. Өз бетінше практикалық іс-әрекеттерге машықтанған медицина кадрларын даярлау сапасын арттыруда оқытудың инновациялық тәсілдерін қолдану негізгі факторларының бірі болып табылады. Мамандардың сапалы даярлануы және сабақтың тиімділігі оқытушының құзыреттілігімен, білім алушыларды қызықтыра білуімен анықталады. Колледж оқу процесінде жалпы кәсіптік және арнайы пәндерді оқытуда сабақтың сапалы және тиімді өтуіне педагогикалық технологияларды, яғни оқытудың белсенді және интербелсенді тәсілдерін кеңінен қолданады. Оқытудың белсенді және интербелсенді тәсілдерін қолданып өткізілген сабақтарда білім алушылар оқу процесіне бір-бірімен іс-әрекет негізінде белсенді қатысады.

Әрине, бұл ХХІ ғасырдың қойған талабы. Осы талапқа сай колледжде арнайы пәндерді оқытуда имитациялық белсенді әдіс, жаңа технологиялардың бірі симуляциялық кабинеттерде білім алушылардың өз бетінше іс-машықтықты игеруін бақылауға арналған имитациялайтын іскерлік ойын, стандартталған пациенттерді қолдану, бағдарламалық-симуляциялық оқыту түрлерін сабақ беруде кеңінен қолдануда. Колледжде іске қосылған симуляциялық орталық заманауи манекендермен, тренажерлермен, компьютерлік бағдарламалармен, симуляциялық сценарийлермен толықтырылған [1, 87 б.].

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны

шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда жаңа технологияларды қолданамын. Жаңа технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан - жақты ықпал етуі. Яғни тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, кәсіби іс-әрекетті шынайы жағдайдағы ситуацияны модельдеуге, өзін - өзі өзектендіруге, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу - танымдық ынтасын жетілдіруге, әрі жеке тұлғаны жан – жақты дамытуға жетелейді. Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттау білу оның шеберлігіне байланысты.

Бағдарламалық-симуляциялық сценарий - симуляциялық технология, практикалық медицинада кездесетін жедел жағдайларды модельдеп, білім алушылардың материалды тереңірек игеріне мүмкіншілік береді.

Бұл модуль бірнеше стратегиялармен жұмыс істеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдісті қолдану арқылы мынандай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- студенттерді болашақ кәсібіне жақындату;
- пациентпен сұхбаттасуға;
- коммуникативтік қарым-қатынасқа баулу;
- науқасқа диагноз қою;
- ем тағайындау;
- алғашқы көмек көрсету;
- өз бетімен ізденіп, жұмыс істеуге шығармашылығын дамытуға.

Сыни тұрғыдан ойлау модульі бойынша сабақ үш сатыға бөлінеді:

- |      |                    |       |
|------|--------------------|-------|
| I.   | Қызығушылығын      | ояту. |
| II.  | Ауруын             | тану. |
| III. | Көтермелеу жүйесі. |       |

I. *Қызығушылықты ояту* - сатысында бүгінгі қарастырғалы тұрған бағдарлама туралы оқушы не біледі, не айта алады, бұрыннан білетінін еске түсіру, ой қозғап, әсер ету кезеңі болады.

Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер арқылы оқытуда оқушылар бұрынғыдай тек теория жүзінде ғана емес тәжірибе жүзінде шындалады. Белсенді әрекеттерге «ауруханаға науқас ..... шағымдармен түсті» немесе «дәрігер науқасты тексеру барысында ..... өзгерістерді байқады» т.б. сияқты кәсіби іс-әрекет бойынша нақты бір жағдай модельденеді. Жаңа технология арқылы студент білім алу мен қатар өз бетінше диагноз қоюға дағдыланады. Білім беру мен білім алуға жаңа

тәсілдер арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы ғана игеріледі, яғни оқушылармен өзара науқасқа көмек көрсету барысындағы қатысушылардың (түрлі мамандық иесі, пациент, пациент туысқандары және т.б.) рольдері бөліп беріледі. Әр түрлі профильдегі студент-мамандар қатысып, оқытушы әзірлеген бағдарламаны білім деңгейлерімен шешімдерін табады.

II. *Ауруын тану* - сатысында нақты тақырыпты мұғалім сұрастыру арқылы, шағымдарын жинауға, инспекция, пальпация, перкуссия, аускультация жүргізеді. Бұл кезеңде оқушы ауру түрімен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды. Диагноз қою – ғылыми ізденіс, диагноз қою үшін топқа сұрақ қояды және басқаларды сұраққа тартады.

III. *Көтермелеу жүйесі* - сатысында студент диагнозды қойып, саралап, науқасқа көмек көрсету арқылы емдеу жұмысын жүргізеді. Осы кезеңде оқушы не үйренгенін саралап, салмақтап, емдеу принциптерін үйренеді. Медициналық білім беруде көтермелеу ретінде студент-медицина қызметкерлерінің дұрыс жүргізілген іс-әрекеттің нәтижесінде науқастың «ауруынан айығуын» айтуға болады.. Жаксы дәрігер әрқашанда зерттеуші. Ол тек зертханада ғана емес, сырқаттың төсегінің жанында да зерттейді. Сондықтан ең басты мақсат - оқу тәрбие үрдісінде бір - бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды, яғни топпен, жұппен жұмыс жасауды ұйымдастыру. Оқытушы студент бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін, оқытушы оқытудың дәстүрлі, проблемалық, интербелсенді т.б түрлі әдістерді қолдана отырып жүргізеді.

Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Оқытушы студентке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл - ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. Мұғалім әр баланың білім дәрежесі қаншалықты екенін саралап алғаннан кейін, оның алға жылжуына ықпал етуге міндетті. Бағдарламалық-симуляциялық сценарий - қауіпсіз ортада, яғни пациентке зиян келтірмеу жағдайында симуляторлармен түрлі күрделі емдік және диагностикалық тәсілдерді бірнеше рет қайталауларына жағдай туғызады.

Қорыта келгенде, білімді ұрпақ – ел болашағы. Оқушы күш пен қуатты да, шабыт пен дарынды да ұстаздан алады. Сондықтан бүгінгі таңда ақпараттық жаңашыл технологиялармен

қаруланған педагог өскелең ұрпақтың толық қанды білім алуына, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіруге, ұлтжанды, тәрбиелі жеке тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізері сөзсіз [2].



### **ӘДЕБИЕТ**

1. «Кәсіби білім берудегі оқытудың тиімді әдістері» әдістемелік нұсқаулық. Н.Д.Акимниязова. Ғ.Б.Жармағанбетова.С.К.Үмбетова. Қызылорда 2015 жыл.
2. <http://infourok.ru/doklad-zhaa-tehnologiya-arili-oushilardi-bilim-sapasin-arttiru-841703.html>

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматривается значимость применения информационных систем на занятиях.

### **SUMMARY**

This article is about need of use innovative technologies in the educational sphere also a computerization of educational process in general. This is command of time and huge opportunity to become in the future the competitive expert.



ӘОЖ 371.321.4

## ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІ КЕЗЕҢДЕРІ

**Тапаева Аида Пишенбекқызы, Байқоңырова Гүлжан  
Серікқызы, оқытушылар, «Болашақ» медициналық колледжі,  
Қызылорда қаласы**

Көптеген уақыттар желісінде «технология» түсінігі педагогикалық ұғымдар қорынан тыс қалып келді. Шынайы мәні («шеберлік жөніндегі ілім») педагогикалық міндеттерге: педагогикалық процесті сипаттау, түсіндіру, болжау, жобалау – сай келсе де, ол технократиялық тіл элементі ретінде қарастырылды.

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемді оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.

Алғашқыда педагогтар «педагогикалық технология», «оқу-оқыту технологиясы» және «тәрбиелеу технологиясы» ұғымдарының өзіндік мән-мағыналарына назар аудармай келді. Ал бүгінде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыдан «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдары мәндерімен салыстырғанда тереңдеу [1,2] де ауқымдылау.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б.Беспалько, В.В.Данилов, В.К.Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н.Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.).

Сонымен, технология астарында не жатыр? Оқу технологиясы жөніндегі идея қай заманда пайда болған?

Мұндай ғылымдық мәні бар ой жаңалықты емес. Кезінде оны Я.А.Коменский де дәріптеген. Ұлы педагог – ғұлама 16-ғасырда-ақ

оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты. Я.А.Коменский еңбектеріне үңіле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе – 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды; 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемдестірілген жабдықтарды; 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек».

Коменский заманынан бастап, оқуды мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінге дейін басылған емес. Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологизацияластыру идеясы нығайып, іске асырыла [3] бастады (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, Ю.К.Бабанский және т.б.).

Технологияның кезеңдері:

- Оқытудық мақсатын диагностика арқылы қайта тұжырымдау;
- Жаңа мақсатқа жету кезеңдерін белгілеу;
- Диагностика негізінде оқытудық жаңа мақсатын қою.

Технологияда оқушыда қалыптасатын сапа, қасиет, іскерлік, анық суреттеледі.

Тексеру құралдары арқылы оқушының сапасы, қажеттіліктері, іскерліктері, даму, қалыптасу деңгейлері анықталады. Оқушының деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырылады, жаңа мақсат қойылады.

Осы заманғы дидактикада әрқилы оқу технологиялары көрініс беріп жүр.

Дидактикада оқу технологиялары төмендегідей сипаттарымен жіктеліп, топтастырылады:

- қолдану деңгейі: жалпы педагогикалық, пән әдістемелік, бөлімдік (модульдік);

- философиялық негізі: ғылыми және діни, гуманистік және әміршіл- әкімшіл (авторитарлы);

- тәжірибе меңгерудің ғылыми негіздемесі (концепция): байланыс-жауапты (ассоциатив-рефлекторлы); іс-әрекетті (бихевиористік), іштей ұғу (интериоризаторлы), дамытушы;

- тұлғалық құрылымға бағдарлануы: ақпараттық (білім, ептілік және дағдылар қалыптастыру), нақты қимыл-әрекеттік (оперативті-ақыл-ой әрекеттері әдістерін қалыптастыру), шығармашыл (эвристикалы-дарын қабілеттерін дамыту), қолданбалы (тұрмыс-тәжірибелік әрекеттер қалыптастыру).

- Дәстүрлі оқу жүйесін жаңалау бағыты (модернизация): оқушы іс-әрекетінің белсенділігін көтеру және жеделдестіру технологиясы; мұғалім және оқушы арасындағы қатынастарды адамиластыру мен демократияластыру негізінде жасалған технология; оқу материалын дидактикалық қайта түзуге негізделген технология және т.б.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі – шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден мұғалімнің оқу шеберлігі көрінеді.

Оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- түрлі құралдар арқылы оқушылардың білім, іскерліктерін жиі тексеру.

- үлгермеушілерді анықтау және іріктеу.

- олармен қосымша жұмыстар өткізу, материалдарды қайталау.

Осы жұмыстардан кейін оқушылардың білім, іскерліктерін тағы тексеру.

- оқушылардың жаңа материалды меңгермеу себептерін зерттеу және анықтау.

Егер әдістемелерде оқушылардың білімді меңгеріп және бекітуі үшін оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға баса назар аударылса, технологияда танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және оның нәтижесін тексеру қатар жүреді. Бұлар өзара байланысты. Олардың біреуіне жете көңіл бөлмеу, педагогикалық жүйені бұзады. Осы көзқарасқа сүйеніп оқыту процесін сызба түрінде былай бейнелейміз.

Білім сапасын тексеруді жеке алып қарау оны жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар материалды қаншалықты деңгейде меңгергені анықталып, атқарылатын жұмыстар белгіленеді. Мұғалім оқу материалын бекіте алады, бірақ оны меңгермеген жеке оқушылармен оқу жұмыстары ұйымдастырылады. Ал оқу материалын сыныптың көбі меңгермесе, онда өткен материалды бекітумен қатар оны меңгермеу себептері анықталады. Ол үшін диагностикалық құралдар (тест, бақылау жұмыстары, сұхбат, әңгімелесу) қолданылады.

- Топпен немесе жеке оқушылармен қосымша жұмыс істеудің, тәсілдері мен әдістерін таңдау. Мұндай әдістер жеке пән әдістемелерінде жазылған.

- Оқушылардың үлгермеу себептерін анықтау. Технологияның бұл бөлігі өлі толық зерттелмеген. Шет тілі, әдебиет, физика, химия пәндері бойынша жекелеген сыныптар үшін тестілер жасалған. Тапсырмалар арқылы оқушылардың біліміндегі кемшіліктер анықталады, оны жойғанда ғана келесі бөлікке өтуге болады.

- Сыныптың барлық оқушыларының білімі мен тәрбиесіндегі кемшіліктерді жоятын әдістемелерді таңдау.

Бұл бөлікте барлық сынып оқушыларының меңгермеген тақырыптарын түсіндіру үшін мұғалім сабақ жоспарларының алуан түрлі варианттарын қолданады. Мұғалім бұрынғы сыныптарда оқылған, бірақ қазір ұмытылған материалдарды жаңа тақырыптармен байланыстырады.

Сонымен технология әдістемеден өзге, себебі ол оқушылардың материалды меңгеру іс-әрекетін басқарады, олардың үлгермеу себептерін анықтауға ерекше назар аударады. Технологияға білімді сапалы түрде меңгеру процесін басқару және білім сапасын тексеру блоктары, кері байланыс жүйесі енеді. Кері байланысты мұқият түрде жан-жақты жасау керек. Ең бастысы, оқу материалын оқушының меңгеруі. Педагогика ғылымында білім сапасы бірінші орынға шығады.

Оқу материалын меңгеру заңдылықтары. Оқушы кез келген оқу тапсырмаларын бұрынғы меңгерген ақпараттарына сүйеніп орындайды. Бала оқу іс-әрекетінің тиімділігі оның жеке тәжірибесіне байланысты. Баланың өз біліміне сүйеніп жасайтын іс-әрекетін репродуктивтік, өткен тәжірибеге сүйеніп жаңа өнімдер жасауын продуктивтік іс-әрекет дейді.

Өз бетімен ізденіп, біліміне білім қосса, оқушының репродуктивтік іс-әрекеті продуктивтік (өнімді) іс-әрекетке айналады. Оқушылар білетіндерін бір-бірімен салыстырып өздері үшін жаңалық ашады. Осы аталған екі іс-әрекет түрлері оқушының материалды түсінуіне мүмкіндік жасайды. Түсініктің 4 деңгейін В.П.Беспалько зерттеген.

I деңгей (оқушылық) - репродуктивтік іс-әрекеттің ең қарапайым деңгейі. Оқушы бұрынғы білімдеріне сүйеніп, түрлі тапсырмалар орындайды, бұрынғы тақырыптың мазмұнын өзгертпей пысықтайды. Оқушы үлгі бойынша есептер шығарып, жаттығулар жазады.

II деңгей (алгоритмдік) - репродуктивтік іс-әрекеттің күрделі түрі. Оқушылар алгоритм бойынша түрлі тапсырмалар орындайды [4,5].

## **ӘДЕБИЕТ**

1. Ильина Т.А. Педагогическая технология //Буржуазная педагогика на современном этапе. Под ред. В.А.Мальковой, Б.Л.Вульдсона. М., 1984

2. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамасы. //Бастауыш мектеп. 1999. - №8,9.

3. Педагогика. Педагогические теории, системы, технологии. Под ред. С.А.Смирнова. 3-е изд. - М.: Академия, 1999.

4. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология как учебная дисциплина// Педагогика. –1993.- №2. –с.66-70

5. Кусаинов Г.М. Новая педагогическая технология: методология, теория, практика.- Усть-Каменогорск, 1997-242с.

### **РЕЗЮМЕ**

В процессе обучения и преподавания обеспечивается эффективное использование технологии в целях повышения качества этапов знаний студентов

### **SUMMARY**

In the process of learning and teaching is provided by the effective use of technology to improve the quality of students' knowledge of stages

**ӘОЖ 1.631.674.6: 574**

## **ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ**

**Амантай Ботакөз Бауыржанқызы, студент;  
Кенжалиева Бахыткүл Туребайқызы, ауыл шаруашылығы  
ғылымдарының кандидаты,  
«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, Қызылорда  
қаласы**

Қазақстан жағдайында, оның орнықты дамуына және халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін егіншілік жүйесінің, оның ішінде суғармалы егіншіліктің алатын орны ерекше. Себебі көкөніс пен жеміс-жидектері негізінен Қазақстанның оңтүстік облыстарының суғармалы жерлерде өндіріледі. Сондықтан Қазақстан халқын ауылшаруашылық дақылдарының өнімен қамтамасыз етуде Оңтүстік Қазақстан облысы диқандарының да үлесі үлкен.

Бірақта соңғы жылдары облыстың суғармалы жерлерінде су тапшылығымен топырақ құнарлығының төмедеуі, олардың өнімділігін күрт төмендетіп, суғармалы егіншіліктен түсетін пайданы азайтты. Осыған байланысты, облыстың ауыл шаруашылығы саласында әлеуметтік және экономикалық ыңғайсыз жағдайлар туындауда.

Оңтүстік Қазақстан облысы жағдайында суғармалы жерлердің өнімділігінің төмедеуі, су тапшылығымен қатар олардың агроэкологиялық жағдайларының нашарлауы, агротехнологиялардың төмендігі және топырақ қабатындағы қоректік заттардың кемуіне тікелей байланысты. Оңтүстік Қазақстан облысының суармалы жерлерінде қалыптасқан жағдайда, олардың өнімділігін арттыруда, бейімделген-ландшафттық егіншілік жүйесін зерттеп енгізуді қажет етеді.

Себебі Оңтүстік Қазақстан облысының суғармалы жерлері әр түрлі табиғи-климаттық жағдайларда қалыптасқан. Сондықтан олардың сумен қамтамасыз етілуін арттырумен қатар жер ресурстарын тиімді пайдалану үшін бейімделген-ландшафттық егіншілік жүйесінің маңызы зор. Осыған байланысты Оңтүстік Қазақстан облысының әр түрлі табиғи жағдайында орналасқан ландшафттардың өнімділігін талдау және бағалау арқылы, ғылыми тұрғыда негізделген суармалы егіншілік жүйесінің дамуын қамтамасыз ету бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып саналады.

Бұл мәселені үнемдеуден алдына жан салмайтын Израиль мемлекетінен бастау алған тамшылатып суару технологиясын

пайдалану арқылы шешу тиімді. Қазір әлемде азық түлік нарығында Израиль өнімдері баға бәсекесіне аса қабілетті. Неге? Өйткені, өркениетті елдердің бәрінде судың құны баға қалыптастырушы элементтердің бастысы болып келе жатыр. Кез келген тауарды өндіруге кеткен судың құны алдымен есепке алынады. Өнімді өндіруге кеткен шығын аз, пайда шаш жетектен. Бізде осылай еліміздің дамуына үлкен үлес қоса аламыз.

Дана халқымыз «судың да сұруы бар» деп бекер айтпаған. Су мен жер баға жетпес байлық тек қадірін біліп, үнемдей алсақ болғаны. Қарапайым тәсілмен егілген көкөністен тамшылатып суаруда өнім екі-үш есеге дейін артық жиналады. Әлбетте, жаңа технологияны кеңінен қолданысқа енгізу арқылы қазақстандық агросектор да осындай жетістіктерге жете алады. Қолдағы барды бағалап, суды үнеммен қажетке жарата алсақ отандық аграрлық секторды жаңа деңгейге шығаруға болатыны анық. Өкінішке қарай бізде су мен жерді игерудегі стандартымыз басқа. Ал осы саладағы кемшіліктерді толық жоймайынша еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Елімізде бір гектар алқапқа жұмсалатын су мөлшері қалыпты деңгейден артық. Суды пайдалану коэффициенті өте төмен. Айталық, республика бойынша су пайдалану коэффициенті 0,72 текше метрді құрайды. Бұл олқылық – негізінен Қазақстанның оңтүстік аймақтарына тән жағдай. Атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында су пайдалану коэффициенті 0,6 текше метрді шамалайды. Сондықтан бұл деңгейді көтеруді ұмыт қалдыруға болмайды. Өркениетті елдерде 1 текше метр суға 2,5-6 келі ауыл шаруашылығы өнімі өндіріледі. Ал бізде оның көлемі небәрі 0,4-0,8 келіні құрайды. Бір сөзбен айтқанда, өнімді алты-жеті есеге аз жинаймыз.

Жаңа аграрлық технологияларға басымдық берген саясаттың арқасында соңғы жылдарда Оңтүстік Қазақстан облысында тамшылатып суару әдісіне жүгінген шаруалардың саны көбейіп келеді. Қазіргі таңда тамшылатып суару әдісін енгізуді 50 пайызға дейін субсидияландырудың мүмкіндігі қарастырылуда. Бұл бағытта облыс әкімдігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп жұмыс істеуде. Оңтүстіктегі ауылшаруашылық мақсаттағы жердің мелиоративтік жағдайын жақсартуға мемлекеттік бюджеттен 1,8 миллиард теңге қаралған болатын. Оның шамамен жарты миллиард теңгесі күні бүгінге дейін игеріліп қойған. Осы тұста қаржының қалған бөлігі тамшылатып суару әдісін енгізуге жұмсалса деген ұсыныс түсті. Мамандардың есебінше осы қаржының көмегімен облыста тамшылатып суаруға кемі 10 мың гектарды өткізуге мүмкіндік бар. Қазірдің өзінде бірқатар ірі шаруа қожалықтары жаңа технологияларды қолданысқа енгізуге құлшынып отыр. Субсидия

мәселесінің оңтайлы шешілуі Оңтүстіктің ауылшаруашылығын дамытуға жаңа серпін бермек. Соңғы дерекке жүгінсек, облыстағы тамшылатып суару әдісі 12 мың гектар жерге енгізіліп үлгерген. Субсидия бөлінетін болса екі жыл ішінде бұл көрсеткішті 50 мың гектарға жеткізудің мүмкіндігі бар.

Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында агросектор саласында еңбек өнімділігін арттыру міндетін қойды. Сондықтан, дала төсінде жүрген егіншілер бүгінгі күнгі ең озық технология саналып жүрген тамшылатып суару әдісіне арқа сүйеіп отыр. Шыны керек, осы әдіске көшкелі бері облыстағы егін шаруашылығымен айналысушы шаруа қожалықтары мен серіктестіктердің шаруасы дөңгеленіп жүре берді деуге әбден болады.

Өздеріңізге мәлім, Сыр аймағы тұрғындарының асыраушысы – суармалы егіншілік. Содан да жыл сайын ауыл шаруашылығы дақылдарын суғаруға 4,1 млрд. шаршы метр суармалы су лимиті бөлінеді екен. Демек, егіншілік саласында пайдаланатын суды үнемдеу – бүгінгі күннің басты талабы. Күріш дақылы өзге дақылдардан гөрі суды аса көп пайдаланады.

Нақтылай айтар болсақ, 3-4 есе артық қажет етеді екен. Сондықтан, су үнемдеу технологиясын өндіріске енгізу аймақта қолға алынуда. Яғни, егістік пен бақшалықты тамшылатып суғару және егістік жерлерді жаңа технология бойынша тегістеу негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру жұмыстарын жүргізу керек-ақ. Осыған байланысты аймақта тамшылатып суару әдісін пайдалану 2012 жылдан бастап қолға алынған. Бір ғана дерек, Жаңақорған ауданындағы "Тату Агро" шаруа қожалығы 2 мың тонна қызанақты тамшылатып суару әдісімен өндірген. Ал, биылғы жылы шаруашылық осы әдіспен 80 гектар қызанақ пен 5 гектар жерде қияр өсіруде. Сонымен қатар, ауданда өткен жылы 36 гектар жеміс дақылдары мен 342 гектар жүзім дақылдары тамшылатып суғару әдісімен өсірілсе, биылғы жылы тағы да 95 гектар жеміс дақылдары мен 15 гектар жүзім күтімге алынуда. Сондай-ақ, биылғы жылы Жалағаш ауданы егіншілері де тамшылатып суғару әдісімен 10 гектар жерге картоп өсіруді қолға алған еді.

Жалағаш ауданына қарасты "Таң ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осындай әдіспен жұмыс жасауға биылғы жылы бетбұрыс жасап, инвесторлармен әріптестік орнатуда. Осыған орай сырттан жоғары сортты картоп тұқымдары мен тамшылатып суаруға қажетті құрал-жабдықтар әкелінді. Биылғы жылы жаңа әдіспен 10 гектар жерге картоп егілді. Айтқандай, өсімдікке қажетті минералды тыңайтқыш та су жүретін түтіктер арқылы берілуде. Бұл дегеніңіз, өз кезегінде әрбір гектардан алынатын өнім көлемін 2-3 есеге арттыруға мүмкіндік бермек. Аталған шаруашылытардың егістік танаптарында



картоп өсірудің жаңа технологиясы мен егістік жерлерді тегістеу жұмыстарына байланысты облыстық семинар болып, оған облыстық ауыл шаруашылығы саласы басшылары мен егінші-механизаторлар қатысты. Олар алдымен Таң ауылындағы тамшылатып суғару әдісімен егілген картоп танаптары жұмыстарымен егжей-тегжейлі танысты.

Қызылордада «Дорстрой» ЖШС пен «Smart Rubber» ЖШС-ның тозған автокөлік дөңгелектерін қайта өңдеу бірлескен заводы іске қосылды. Зауытта қайта өңдеу арқылы жоғары сапалы жаңа материал – «Smart Rubber» (ақылды резина) деп аталатын белсенді резина түйіршіктері, сонымен қатар ауылшаруашылықта кеңінен пайдаланатын, жерасты суландыру технологиясына аса қажетті «Smart Drob» түтікшелерін де жасап шығарылуда. Бағасыда қол жетімді. Өзімізден құрылымдары шығарылып жатыр. Ендігі кекзекте жаңа технологияның қыр сырын меңгеріп пайамызға жарату.

Тамшылатып суғару жүйесі «су – топырақ - өсімдік» кешенді жүйесін-дегі кәзіргі кездегі көзқарасты өзгерті және ол егістік жерлерді суғару саласына жаңаша көзқараспен қарауға жол ашты.

Басқа суғару әдістеріне қарағанда тамшылатып суғару әдісі суды толық үнемдеуге мүмкіншілік береді. Жек алғанда ол мынандай себептердің нәтижесінде іске асады:

- жаңбырлатып және жер бетімен суғаруға қарағанда ылғал шығыны аз, себебі жер бетінен булану және топырақ қабатынан сүзілуге кететін шығын-ды, яғни 40–50% орнына 4–5% дейін кемітуге болады.

- кез келген басқа суғару әдістеріне қарағанда ылғал мақсаты бағытта таралады және оны реттеуге мүмкіншілік береді.

- сыртқы отраның әсеріне, яғни булану және желдің әсеріне қарамастан, суғаруды тәуліктің 24 сағатында жүргізуге болады.

- жер бедерінің күрделілігіне қарамастан су ағынын болдырмай, топырақ қабатында судың ұзақ уақыт және белгілі нүктеде таралуына мүмкіндік тудырады.

Тамшылатып суғарудың ерекшелігі егістікке берілген су көлемінің 95% дақылдар пайдалана алады.

Топырақтың құнарлығын және экологиялық көз қараста тамшылатып суғару әдісі егістік жерлерде пайдалануға ынғайлы әдіс:

- суғару жүйесін және суғару тәртібін дұрыс қойған жағдайда арнайы кәріз құрудың қажеттілігі жоқ және өсімдіктің тамыры орналасқан қабаттан судың ағып кетуі байқалмайды.

- басқа әдістерге, оның ішінде жаңбырлатып суғаруға қарағанда, тамшылатып суғарудың жүйесін пайдалану кезінде топырақтың тығыздануы және оның құрлысының бұзылуына жол бермейді .

- тамшылатып суғарудың жүйесін пайдалану пайдалану кезінде топырақтың шіру жүргісі байқалмайды, ал басқа суғару әдістерінде ол байқалады.

Жер бетінің орналасуының күрделілігіне және енештігіне қарамастан, тамшылатып суғару кезеңінде топырақ эрозиясы жіне топрақтың шайылу жүргісі болмайды.

Тамшылатып суғарудың артықшылығы өсімдіктердің өсіп өнуі кезеңін-де байқалады:

- тамшылатып суғару кезеңінде өсімдіктің тамыр қабаты, басқа суғару әдістеріне қарағанда жақсы дамыйды.

- тамшылатып суғару өсімдікті қоректік заттармен қамтамасыз ету жағынан өте тиімді жіне ол өсімдік тамырларының ылғалдану қабатындағы дамуына және ол аймақта ауаның алмасуының жақсы жүруіне байланысты, өсімдік қоректік заттарды жоғарғы қарқынмен пайдалана алдады.

- тамшылатып суғару әдісінен басқа суғару әдісіне көшкенде өсімдіктің бейімделуі өте тез жүреді.

- тамшылатып суғару әдісі кезінде өсімдіктердің жапырақтары құрғақ болады, ал ол өсімдік ауруларының таралуына жол бермейді.

- өсімдікті қоректендіру және химиялық заттарды суғару суымен бірге беруге болатындықтан, оны толық автоматтандыруға болады.

- тамшылатып суғару кезінде арам шөптердің өсуэн шектейді және таралуына жол берілмейді.

- өсімдікті күтіп баптау жұмысын кез келген уақытта жүргізуге болады.

Тамшылатып суғару технологиясының тиімділігі - экологиялық таза өнім және эканомиканың жоғарлауы.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Гуренко В.М. Капельное орошение в фермерском хозяйстве «Садко» / В.М. Гуренко // Мелиорация и водное хозяйство. 2003. - №4. -С.10-11.

2. Давыденко Н. В. Капельная система орошения компании «Нетафим» для плодового сада / Н. В. Давыденко // Садоводство и виноградарство. - 2000.-№4.-С.10-11.

3. Голованов А. И. Основы капельного орошения (теория и примеры расчетов) /А.И.Голованов, Е. В. Кузнецов./ Краснодар, 1996. - С. 627.

4. Жулева В.М. Помидоры, перец, баклажаны, физалис / Жулева В.М, Черенок Л.Г. М.: Изд. Дом МСП. - 2002. - 223 с.

5. Журба М. Г. Технологические особенности работы систем капельного орошения / М. Г.Журба, Р. М. Новик, Е. У.Журба, В.

Г.Мошко, А. Т. Калеников // Гидротехника и мелиорация. 1985. - № 4. - С. 30-34.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматривается капельное орошение Южно-Казахстанской области, предусмотрены суточные нормы орошения овощных культур и на их основе установлены объем водопотребления и количество капельных линий с учетом схемы посадки растений, так же эколого–экономического обоснования технологии выращивания сельскохозяйственных культур, экономическая эффективность сельскохозяйственного производства, мероприятия по охране природы и окружающей среды.

### **SUMMARY**

This article is considered the drip irrigation of South Kazakhstan region, provided irrigation of daily allowance of vegetable crops and on the basis volume of water set consumption and the amount of drip lines, taking into account planting scheme, as ecological and economic assessment of crop production technologies, economic efficiency of agricultural production activities on nature protection and environment.

ӘОЖ: 636.2.075

## ШАҢДЫ БАСУҒА АРНАЛҒАН ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АНЫҚТАУ

**Тәжібаев Нұрсұлтан Ерланұлы, студент;**  
**Тоқсанбаева Ақжарқын Аққанжарқызы, оқытушы,**  
«Болашақ» колледжі, Қызылорда  
қаласы

**Шаңның пайда болу себептері.** Ірі қалалар мен шағын елді мекендердегі ауаның шаңдану деңгейіне көше-жол торабының көліктік-пайдаланымдық сапалылығы мен көлік қозғалысының қосар үлесі орасан, олар әр техногендік ластану көздерінің басты құрамдық бөлігі болып табылады. Әдетте, ірі қалаларда ауа қабатының шаңмен ластануы тікелей қала жолдарының инженерлік жабдықталуы мен оның күтіліміне және көлік қозғалысының тәртібіне қатысты болса, ал төменгі санатты автомобиль жолдары мен шағын елді мекендерде, әсіресе, көліктік-пайдаланымдық жағдайлары төмен, әрі көлік қозғалысы реттелмеген жолдардың ластану көздерін басуда технологиялық шаралар негізгі орын алады [1,2].

Жалпы қала мен елді мекендер арқылы өтетін жолдардың ластану себептері мен көздерін бес негізгі топқа бөлінеді, олар: табиғи, өндірістік технологиялық, тұрмыстық және көліктік [3,4].

Шаңның табиғи туындауына негізінен топырақтың физикалық-механикалық сипаттамалары үлкен әсері тигізеді. Атап айтсақ, оған дисперсиялық құрамы мен ылғалдылығы, аққыштығы мен иілімділік саны, тығыздығы мен су өткізгіштік коэффициенті жатады. Топырақтың дисперсиялық құрамы неғұрлым майда әрі иілімді келсе, соғұрлым ол шаңға айналуға бейім келеді [1,2].

Әлемдік денсаулық сақтау ұйымының анықтауы бойынша ауаның ластануы деп немесе атмосфералық ауа құрамына нұқсан келетін заттардың белгілі бір уақыт ағымында адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге есепке алуға еш мүмкіндіксіз жағдайдағы келтірілген кесепатын айтады. Дәл осы сияқты американың материалдарды сынақтың өткізу стандарты бойынша ауаның ластануын оның құрамындағы қажетсіз заттардың көлемімен сипаттайды. Мұндағы қажетсіз заттар дегеніміз белгілі бір уақыт аралығында, қандай да бір жағдайлармен адам денсаулығына немесе оның көңіл-күйі мен мүлікке кері.

Шаң өте ұсақ қатты денелерден және ауада қалықтап тұратын дисперсиялық жүйедегі аэрозолдың түрі. Ультрамикроскоптың

көмегімен ғана көрінетін шаңның жекелеген бөлшектері мен көзге көрінетін олардың жиынтықтарының пішіні мен құрамы алуан түрлі.

Шаңның ауадағы концентрациясы бірлік көлемдегі шаң түйіршіктерінің санымен немесе жалпы салмағымен көрсетіледі. Шаң тұрақсыз, оның түйіршіктері броундық, яғни еш уақытта тоқтамайтын тәртіпсіз қозғалыста болады және олар шаң басылып отырған кезде ғана бір-бірімен байланысады [3,4].

Автомобиль жолдары жерге жақын орналасқан ауа қабатының шаңдану көзінің бірі. Автокөліктердің қозғалысы кезінде жол жамылғысы мен автокөлік шиналарының үйкелісі нәтижесінде туындаған өнімдер, жамылғысыз жолдардан автокөлік доңғалақтарымен ілісіп келетін батпақ пен сусымалы жүк тасымалдайтын автокөліктердің кузовынан шашылған заттар және жердің жоғарғы қабатындағы топырақ түйіршіктерінің желдің әсерімен автомобиль жолдарының жүру бөлігінің ластануы салдарынан ауа-райының құрғақ күндері жол үстінен ауа қабатына шаң көтеріледі. Осы көтерілген шаң түйіршіктері желдің көмегімен бірнеше километрден жүздеген километрге дейін таралуы мүмкін [4,5].

Шаңның химиялық құрамы мен ауаның шаңдану деңгейі көп жағдайда жол жамылғысының түріне байланысты болады. Жамылғысы қара жолдар мен қиыршық тас төселген жолдардың шаңдану деңгейі өте жоғары. Қиыршық тас төселген жолдардан көтерілген шаңның құрамы негізінен кремний диоксидінен, ал жамылғысыз қара жолдардан көтерілген шаң құрамының 90 % жуығын кварц түйіршіктері, ал қалған үлесін алюминий, темір, кальций және т. б оксидтері құрайды. Ал жол жамылғысы асфальт бетон болып келетін жолдардан көтерілген шаң құрамына қосымша байланыстырғаш битум қоспаларының, жол таңбаларын белгілеуде қолданылатын сыр (бояу) мен пластмассалардың қалдықтарын қосыңыз [1,3].

Әдетте, шаңдануға бейім материалдар жолдағы қозғалыс қауіпсіздігіне өзінің үлкен залалын әкеліп жатады. Көп жағдайларда жол бетіндегі шаңның туындауына ұсақ түйіршікті инертті материалдар, топырақ, тас, автомобиль доңғалағы резеңкелерінің үгіндісі және басқа да материалдар қалдығы себепші болады. Ауамен қаныққан шаңның ұсақ түйіршіктері ылғалды бірдене өзіне сіңіре алмайды, сондықтан жаңбыр жауа бастаған уақытта олардың алғашқы тамшылары шаң түйіршіктерін суландыра алмайды және жаңбыр күшейіп шаң түйіршіктерін жолдың жүріс бөлігінен толық жуып кетпейінше, шаң жүру бөлігінің үстінде балшықтанып автомобиль доңғалақтары мен жол жамылғысының арасындағы ілінісу коэффициентін күрт төмендетеді. Сонымен қатар жамылғысыз

автомобиль жолдарынан көтерілген шаң көз көрерлік қашықтықтың да төмендеуіне тікелей себепкер [2,4].

Санитарлы-гигиеналық тұрғыдан қарайтын болсақ, шаң адам организмі мен қоршаған ортаға да үлкен қауіп төндіреді. Шаң адамның тыныс алу мүшесі арқылы өкпеге өтеді, тыныс алу, көру мүшелерінің тітіркенуі мен зақымдануына мүмкіншілік туғызады. Егер, шаң түйіршіктерінің түрлі індеттерінің (тұмау, туберкулез, сібір жарасы, дифтерия және т.б) қоздарғыштарын тасымалдаушы қаншалықты қауіпті екендігін байқауға болады.

### **Шанды басуға арналған арнайы процестер.**

Жер төсеме топырақтарын күшейту мен жамылғысыз жолдар мен алаңдардан көтерілген шаң деңгейін басу мақсатында Америкалық SOIL WORRS корпорациясы әлемдік рынокқа өздерінің жаңа Soiltac өнімін ұсынып отыр [1,2].

Аталған корпорацияның жаңа өнімдері іс жүзінде топырақтың барлық түрін шандану мен эрозияға қарсы тұрақтандыру қасиетіне ие. Жоғары нәтижелерге қол жеткізуі үшін Soiltac өнімі жамылғысыз жолдардың немесе алаңдардың беткі қабатының тапталғанын және ірі тастар мен кесектерден тазартылғанын талап етеді. өнім шығындылығы жергілікті жердегі топырақтың құрамы мен оның ылғалдылығына және жолдың беткі қабатына қойылған талаптарға байланысты 0.02–2.04 л/м<sup>2</sup> аралығында болады [1,2].

Soiltac өнімімен өңделген топырақтың беткі қабатының өнімділігі тапсырысқа байланысты бір айдан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін.

Ылғалдандыру әдісін қолданған уақытта жолдың беткі қабаты шамамен 12–24 ай сақталады. Ал оның өмір шендігін ұзарту мақсатында қосымша қызмет көрсету жолдың сақталуын көптеген жылдарға ұзартады. Қосымша қызмет көрсету әр 1–4 жыл сайын бастапқы мөлшердің 30 пайыздық ерітінділерімен жолдың беткі қабатын ылғалдандыру арқылы жүзеге асырылады. Егер, Soiltac өнімімен өңделген жол төсемінің беткі қабатын қосымша қалыңдығы 4–5 см асфальтбетонмен қапталған болса, онда жолдың қызмет көрсету уақыты белдеуге түсетін салмақпен қозғалыс қарқындылығы шектеусіз болған күннің өзінде қосымша жөндеу жұмыстарынсыз 10 жылдан астам уақытқа жетеді. Ерітіндінің топыраққа бір мезгілдік сіңу тереңдігі топырақтың түріне байланысты 0,3–7,6 см аралығында. Сондықтан топырақтың қажетті тереңдігіне дейін ерітіндіні сіңіру үшін қажет болған жағдайда 2–4 мәрте ылғалдандырады. Егер, жолдың беткі қабаты асфальт немесе цементбетонмен қаптайтын болса, онда ерітіндіні қажетт тереңдікке дискалы тырманың көмегімен бір мезгілде сіңіруге болады [3,4].

Soiltac ерітіндісі кепкен соң суда ерімейді, ылғалдың әсерінен ісінбейді, автомобиль шиналарынан келетін қысымнан сынбайды және ыстық пен аяздан зақымдалмайды. Ерітіндіні енгізгеннен кейін кепкенше жаңбырдың болмауын талап етеді, әдетте кебу уақыты 1–3 тәулік, ауа райының ыстық күндері жамылғы беті небары 5 мин ішінде қалыптасуы мүмкін [4,5].

Әдетте жамылғысыз жолдар мен қала көшелеріндегі шаңдану деңгейін басу мақсатында қолданылатын су ауаның шаңдану деңгейін 8 есеге дейін төмендете алады. Алайда жаздың апетап ыстық немесе желді күндері оның әсер ету уақыты тым шектеулі. Сондықтан жамылғысыз жолдарда шаңбасқыш материалдар ретінде дым тартқыш тұтқырлар мен материалдар қолдану тиімді. Егер тұз ерітінділері жолдың беткі қабатына енгізілген болса, онда олар ауа қабатындағы ылғалды өз богйына тарту қасиеттері арқылы ылғалдылық қасиетін ұзақ сақтайды және жол бетінен көтерілетін шаңды басып отырады [1,5].

Отандық және шет елдік тәжірибелерде кеңінен қолданысқа енген дым тартқыш материалдарға хлорлы магний (бишофит) —  $MgCl_2 - 6H_2O$ , хлорлы кальций, хлорлы темір, ангидрон, хлорлы натрий, хлорлы калий және т. б жатқызуға болады.

Шаң басқыш тұтқыр заттар екі топқа, яғни минералды (цемент, әк және органикалық (битум, дегти, маут, мұнай, эмульсия, әр түрлі синтетикалық смол және т. б) бөлінеді.

Қала көшелерінің шаңдану деңгейін анықтау автомобиль көлігінің қозғалыс қарқындылығы мен оның құрамына, жолдың техникалық жабдықталуына, жол аумағының рельефтік құрылымы мен мопырақ қабаттарының физикалық-механикалық сипаттамасына қарай бірнеше сатылы орындалады [3,4].

Автомобиль жолдары мен қала көшелерінің шаңдану деңгейін анықтау үшін ауа қабатынан белгілі биіктіктер бойынша сынамалар алынады. сынаманы алу дисертациялық зерттеуде екі тәсілмен орындалады:

ауа құрамындағы шаңның ірі бөлшектерін приборлық тәсілмен сынау. Бұл өлшем сандық тәсіл деп аталады.

Электр аспираторлары арқылы ауа құрамын сүзу тәсілі. Әдетте бірінші тәсіл, негізінен, төсемсіз жолдардың (аграрлық, карьерлік құрылыс объектілеріндегі уақытша салынған айналма жолдар) шаңдану деңгейіне сипаттық баға беруде зор мүмкіндіктер тудырады. Мұнда қолданылатын басты прибор — микроскоп [2,3].

Шаң деңгейін зерттеу барысындағы эксперименттік зерттеулер жүргізілген кезде міндетті түрде ауа қабытының ылғалдылығы анықталуы тиіс. Өйткені ылғалдылық — шаңның көтерілуі мен

тарылуына тікелей әсер ететін басты фактор. Бұл фактордың шаңды басудағы технологиялық процестерге де әсері ерекше болады.

Бұл жерден атап кететін бір жайт, табиғатта әр түрлі құбылыстардың арасында өзара ортақ байланыстардың болатыны анық. Ендеше, біз қарастырып отырған жағдайда бұл құбылысты шаң деп алатын болсақ, онда оның пайда болуына әсер етуші факторларды жатқызуымызға болады: қозғалыс қарқындылығы мен жылдамдығы, жолдың (немесе көше-жол торабының) инертті материалдармен қоқыстану деңгейі, ауа қабатының (немесе қоқыстың) ылғалдығы және т. б. [4,5].

Расында да шаң өздігінен пайда болмайды. Ол қандай да бір факторлардың әсері арқылы туындайды. Айталық, жылдамдығы V1 шағын жел тұрды делік, онда ашық алаң бетіндегі топырақтың ауа қабатына көтеріле бастағандығын байқауға болады. Бұл арада шаңның туындауына екі фактор әсер етті: жел жылдамдығы мен топырақ. Ары қарай жел жылдамдығы артқын сайын шаң деңгейі де көтеріле түседі. Енді осы құбылысқа үшінші факторды байланыстырып көрелік. Бұл- топырақтың ылғалдылығы. Егер ылғалдық жоғары болса, онда шаң деңгейіне желдің әсер етуі күрт өзгереді, соңғысы қанша күшейгенімен шаң деңгейі тұрақты шамаға айналады [3,4].

Біз, жоғарыдағыдай, табиғатта туындайтын әрбір құбылыстың бірнеше факторға байланысты күшейетіндігінде, төмендейтіндігін де күнделікті өмірден байқаймыз, әр өзіміз де осы факторлардың өсіп төмендеуіне себепші болып жатады.. Адамзат тіршілігі үшін қажеттіліктен туған сондай факторлардың бірі-көлік. Көлік шаңның туындау құбылысында көп факторлы әсер етеді: біріншісі, қоршаған ортаға механикалық (газ, шу, дiрiл) әсер етуi; екiншiсi, динамикалық әсерi. Көліктік шаңның туындауына соңғы әсердің ықпалы да зор [1,2].

Зерттеу жұмыстарының барысында ауа қабатының шаңдану деңгейіне жоғарыда аталған факторлармен бірге қос ағындағы көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығы мен жол жиегіне жиылған қоқыстың ылғалдылығы да тікелей әсер ететіндігі байқалады [2,3].

## **ӘДЕБИЕТ**

1. Киялбаев А.К. Экологическая безопасность при эксплуатации автомобильных дорог и городских улиц. - Алматы: НИЦ Ғылым, 2003.- 300 с.
2. Борисюк Н.В., Киялбаев А.К. Экологическое состояние городских улиц и дорог и факторы его определения.



3. Чулаков П. Ч. Теория и практика обеспыливания атмосферных карьеров. — М.Недра, 1973. — 160 с.
4. Семутникова Е.Г., Машкин А.Б., Никитин Е.В., Раткин И.Н. Исследование уровня загрязнения атмосферного воздуха вдоль крупных городских магистралей в 1998 г.
5. ПР РК 218-29-03 Технические правила ремонта и содержания автомобильных дорог. — Астана Минтранском РК, 2003.— 335 с.

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье всемирная организация здравоохранения выявляет о последствиях загрязнения воздуха, а также вещества, загрязняющие атмосферу. Загрязненная атмосфера оказывает негативное влияние на человека, и всему живому существу, включая животных и растений.

### **SUMMARY**

The article describes about airpollution in the world. Especially in this area flora and fauna. It means day bu day our environment, plant and animal worlds getting worse, because every year we have air crash, nuclear wors somewhere, and any kinds of polluting in the world and you can take very use ful informational in this article.

**ӘОЖ 54-128:546.56**

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМЫ – ҚҰРТТЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАСЫ**

**Байназар Арай Қалмұханбетқызы, биология пәнінің мұғалімі,  
№14 мектеп- гимназия, Астана қаласы**

Қазақ халқы асты өте жоғары бағалаған әрі қастерлей білген. Ел-жұрт жадында мәңгі жатталып қалған «ас – адамның арқауы» деген қағида осындай терең ұғымның қалтқысыз түсінігі болып қалыптасқан. Халқымыз адам өмірінде тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Бұған «астан үлкен емессің» немесе «арпа, бидай ас екен, алтын, күміс тас екен», «асты қорлама құстырар» деген сес, ескертпелер мен мақал-мәтелдер де куә бола алады. Қалай айтылса да, қай заманда айтса да халық асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, жөн-жосығын да, оны дәмді етіп әзірлеудің көзін, кезін, ретін таба білген. Ел мен елді татуластыру да, жақсылар мен жайсандарды құрметтеу де, өздерінің мырзалық, мәрттік үлгілі, өнегелі қасиеттері мен артықшылықтарын білдіру де, ел дәулеті мен қарым-қабілетін, түсінігін танытуды да, қазақ кен дастарқан арқылы яғни ас, қонақасы арқылы көрсеткен. Осы жолда тұшымды сөз айтып, дәмді тағам берумен бірге оның таза, бүтін ыдыстарына дейін ерекше назарда болған. Сырттан келген кісілерде елді осы қонақасы берудің жолы мен жөні арқылы сынап, бағасын берген. Демек, ұлт мәдениетінде тамақ, дәм татыру – экономикалық, дипломатиялық және тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Бұл істе әрине, қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі шетелдерде ерте заманнан-ақ аңыз болып тараған.

Ас, тамақ дайындауды қазақ әйелдерге жүктеген. Қазақ әйелдері тағамның алуан түрлерін дайындауымен бірге қыста да, жазда да оның таза әрі бұзылмай сақталуының әдіс-тәсілдері мен жолдарын да таба білген. Бұл қағидаларды әйелдер ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, кейінгілерге үйретіп отырған. Мысалы, олар етті ыстап сақтауды, қымызды жазда салқын ұстауды, майды көгертпей күтуді, басқа тамақтарды да бұзылмай сақталуының ғасырлар бойы ұмытылмай келе жатқан байырғы халықтық әдістері мен амалдарын әсіресе ауылдық жерлерде күні бүгінге дейін жеткізді және оны әлі де қолданып келеді. Әсіресе, қымыз бен шұбатты баптаудың, құрт, ірімшік, ежігей, сары май сияқты жеңсік тағамдарды дайындауда қазақ әйелдерінің шеберлігі мен өнерін үлгі етіп, қалай мадақтауға тұрарлық. Қазақ халқы асты үш түрге бөледі. Олар ақ (сүт тағамдары), қызыл (ет тағамдары) және көк (жеміс тағамдары). Мал

және онан алынатын өнімдер қазақтың басты байлық қоры. Соның ішінде ұлт тағамдарының негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен ақ деп атайды. Және олардың көптеген қызықты атаулары мен орны және алуан түрлі ерекше жасау, пісіру жолдары тағы бар. Сөйтіп бір сүттен сұйық, қою, қоймалжың, ащы, тұщы, жұмсақ, қатты, ұнтақ тағамдар жасап шығарған. Олардың көпшілігі қазіргі кезде қазақ дастарқанынан сирек көрінетін жеңсік ас қатарына жатады. Сүт- химиялық құрамы жағынан тамаша тағам. Оның құрамында адам ағзасының қалыпты жетілуі үшін барлық зат бар. Соған орай оған физиологиялық құндылығы жағынан бірде бір азық тең келе алмайды. Сүт басқа өнімдердің биологиялық құндылығын көтереді. Ас қорыту бездерінің жұмыс істеу қабілетін үнемі жақсартып отырады. Сүтті пайдаланып әр түрлі тағамдар дайындауға болады. Оның үстіне сүт өнімдерінің дәрулік қасиеті бар. Олар емдеу, алдын алу, диеталық тағам ретінде де қолданылып жүр. Көгорай шалғынды жалпағынан басып жайылған сиырдың сүті, түйенің шұбаты мен жылқының қымызы – дәруменнің, күш-қуаттың көзі осылар екен. Ғылыми зеттеулер көрсеткендей, сиырдың құрамында, 100 грамға шаққандағы ақуыздың мөлшері 22,85-34,52% болса, қазақ ірімшігіндегі ақуыздың мөлшері 40-42% екен. Сыр құрамында көміртегі ары кетсе 4,52%-тен аспайды, ал ірімшікте ол 10,93% болады. Адам ағзасындағы сүйек ұлпаларының мықты болуы үшін ең қажет элемент фосфор болса, дәстүрлі әдіспен жасалған ірімшік құрамында фосфор 0,51%, ал кальций 2,3% мөлшерінде кездеседі екен. Ал қуаттылығына келсек, 100 грамм сыр 268,8-401,38 қуат берсе, 100 грамм ірімшік 408,4 қуат береді. Құртымыз да химиялық құрамы мен калориясы жағынан қала дүкендеріндегі сүзбені (творог) он орап алады. Сүзбеде ақуыз мөлшері 14,5-18,6% болса, қазақ құрты ақуызға өте бай – 52,6%. Ал 100 грам сүзбе 87-227-ге дейін қуат берсе, құрттан 370,1 қуат алуға болады.

Бабаларымыз кие тұтқан жылқы малының сүті – қымыздың емдік қасиеті ежелден мәлім. Дені сау адамның ағзасы 1 тәулікте орта есеппен 50 мг. С дәруменін қажет етсе, 1 литр қымыз құрамында 200-260 мг. С дәрумені бар. Қымызда сонымен қатар сөл бөлу және жүрек жұмысын жақсартатын В тобы дәрумендері: В(1), В(2), В(3), оның ішінде қанның жасалуына қатысатын В12 дәрумені, ағзадағы тотығу-тотықсыздану реакцияларына әсер ететін С тобы дәрумендері, А дәрумендер тобы, липоид, бар. Қымыз нағыз антибиотик. Ол ағзаға тарағасын, ішектегі шіру процесін тежейді. Шіріткіш микробтарға, ішек таяқшаларына және сарғыш стафилококктарға қарсы жойғыш күші бар қымыз құрт ауруы, сүзек, дизентерия, күл (дифтерия) бактерияларына тосқауыл қояды. Кеңес заманы тұсында 1958 жылы

қымызбен емдейтін сауықтыру орталығы ашылған.

Қос өркешті «шөл кемесі» түйе жануары беретін шұбаттың жөні бөлек. Құрамының элементтерге байлылығынан шұбат қымыздан да асып түседі. Мәселен, қымыз құрамындағы ақуыз мөлшері 2,3-2,9% болса, шұбаттағы ақуыз 2,91-4,93% мөлшерінде. Қымыздың майлылығы 1,3-2,5% болса, шұбат одан да майлырақ — 8-9%. Шұбаттың құрамында С дәрумені де молырақ. Түйе сүтінің құрамында кальций (0,13 -0,21%) мен фосфор (0,05-0,072%) секілді микроэлементтер де кездеседі. Бірақ құрамындағы көміртегі жағынан шұбаттан (1,07-1,78%) гөрі қымыз (3,6-7,3%) бай. Осылармен қатар шұбатта А, В, С дәрумендері, мыс, мырыш, күміс, темір, кремний, магний, кальций, алюминий микроэлементтері жетерлік.

Химия, медицина ғылымдары пайда болмай тұрып-ақ алдындағы асын тани білген қазақ нағыз данышпан. Асылы, аузынан ақ ажырымаған халқымыз қымызын ішіп, құртын жеп отырып-ақ осы күнгі көп кеселдің алдын алған. Атам қазақтың ғұмыры аттың жалында, атанның қомында өтсе де, дүниеге небір алып тұлғалы, батыр да дана перзенттер әкелген тылсым сырының де бірі осы болса керек.

**Құрт** – сүттен жасалған ұлттық тағам. Құрт – сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Пісіліп майы алынған айранды қайнатып кенеп дорбада сүзіп алып тұздап өреде кептіріп сақтайтын тағам түрі. Жасалу тәсілдеріне қарай құрт сықпа құрт, ақ құрт, қара құрт, майлы құрт деген түрлерге бөлінеді. Қазақ ырымы бойынша кеппеген құртты жеуге, алуға болмайды. Егер өреден құрт алып жесе, жауын жауады деген ырым бар. Сабада жиналып пісілген іркітті майы алынғаннан кейін түбіне май жаққан үлкен қазанға құйып қайната береді. Құрт қайнап жатқан кезде оның түбі күйіп кетпес үшін арнаулы құрт былғауышпен (басында қырғыш темірі болады) әлсін-әлсін қазанның түбін, ернеуін қырып араластырып отырады. Әбден қойылған құртты қапқа құйып керегеге асып қояды, сонда оның қалған суы тағы да ағып, құрғайды. Бұдан кейін қолмен бөлшектеп, тақшаға, шиге, қолмен сықпалап өреге жайып кептіреді. Көгермей, қызбай біртегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады. Осындан әдіспен қайнатып, кептіріп алған құрт жыл бойына, кейде 2—3 жылға дейін сақтала береді. Құрт күшті ас, ол әр түрлі тамаққа қосылады. Құрттан істелетін немесе құрт қосылатын тағамдардың кейбір түрлерін айта кету қажет.

**Жасқұрт.** Сүзбеде тұрған құртты сары маймен жентектеп бастырма ретінде шаймен бірге дастарқанға қояды. Әсіресе кепкен құртқа, бауырсаққа тісі өтпейтін қарттар үшін өте кенеулі ас саналады. Ертеректе жас құртты мипалауға, құйрық-бауырға қосқан.

Құрттың сарысуын сүт қосып қайнатып, ірімшік жасайды, ауырған малға ішкізеді, әйелдер бас жуады, сондай-ақ одан тері илеу үшін малма жасайды.

**Көбік.** Қайнап жатқан құрттың қалқып алған беті. Майлы, кенеулі ас ретінде жас балаларға, қарттарға калқып беру салт болған. Бұрын құрт қайнатқан үйден көбік жалаймыз деп, ауыл балалары келіп жиналатын әдет те болған.

**Ыстық құрт.** Қайнап жатқан құртты алып, май қосып сапырып ішетін кенеулі ас. Өкпе ауруына, суық тиіп ауырған сырқаттарға ем саналған.

**Сықпа құрт.** Мұның қайнатқан құрттан айырмашылығы сол ашыған айран қапқа құйып сүзіледі де тұздалып, әр түрлі үлгімен бөлшектеліп тақшаға кептіріледі. Сықпа құрт та бастырма ретінде пайдаланылған. Мұндай құрт жайған әйел ауыл балаларына арнап дөңгелек жасап, жіпке тізіп мойындарына іліп қуанту салты болған.

**Малта.** Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері, ол әрі жұмсақ, әрі сүйкімді ас саналады. Ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтқан кезде әрі сусын, әрі қорек болған.

**Езген құрт.** Сорпаға, тұздыққа, көжеге және басқа тағамдарға қосу немесе сұйық күйінде ішу үшін кепкен құрт астауға салып ұнталады, келіге түйіледі немесе қол тиірменге тартылады. Езген құрт — ұлттық тамақтардың ең бір сүйкімдісі және кенеулісі.

**Ақмалта.** Езген құрттың ең соңғы шайындысы. Ол өте жұғымды және тез сіңетін тағам болып саналады, оны сол сұйық түрінде ішеді.

**Ұнтақ құрт.** Арнайы түйіп ұсатқан немесе қап түбінен жинап алған үгінді. Оны сүттің піскен қаймағына былғап жейді.

**Құрт - май.** Сары майға батырып табақ жасайтын кепкен сықпа жалпақ құрт. Оны асығыс кезде дәм таттыру үшін немесе жеңіл-желпі түстік ретінде дастарқанға қояды. Кейде құрт, ірімшік, май тағамдарының қосындылары да құрт-май деп аталады.

**Қазақстанның ұлттық бренді – құрт.** Ұлттық брендті құру – Қазақстанның өзекті мәселесі. Біреулер ұлттық бренд домбыра, қобыз сияқты музыкалық аспаптар десе, екіншілері қымыз және шұбат сусындары деп санайды, ал үшіншілері киіз үйді жақтайды. Келешекте Қазақстанның атын шығаратын не екені белгісіз. Таңдау қиын, ұлттың сәні – кешке киетін сәнді киім емес. Ал, Алматылық Айдар Шалбарбаев уақытын текке өткізіп жүрген жоқ.

Айдар Шалбарбаев 19 жыл бойы құртқа ұлттық бренд мәртебесін беруге ат салысуда. Әлі нәтижесіз. – Ұлттық бренд туралы сөз қозғалған кезде, мен тыс қала алмаймын, – деп Айдар Ақаралұлы атап кетті. – Мен қазақтың байырғы тағамы құртты әлемдік нарыққа шығару керек деп санаймын. Оның мыңжылдық тарихы бар, және бүгін құрттың дайындалу рәсімі ұмытылған жоқ. Қазір ұлттық бренді

ойлап табу мәселесі туралы айтсақ, назарымызды неге құртқа аудармасқа?! Бір кездері құр көшпенділерді ұзақ жорықтарда және соғыстарда аштықтан құтқарған. Бұл азық өте ұзақ сақталады, ал ол кезде тоңазытқыштар болмаған. Мен өзім де құртты жеп өстім. 1990 жылы Айдар Ақаралұлы құрт және оның мәртебесі туралы күрделі ойлай бастады.

– Менің алғашқы білімім – мүсінші-суретші, сондықтан бастапқыда, суретші ретінде, мені құрттың мүсіні қызықтырды. Және мен сыйға тартатын құрт құру бойынша жұмыс істей бастадым, — деп жалғастырды. – Ол кезде тағамның құрамы мен сапасы туралы, оның жасалу технологиясы туралы ойлаған жоқпын. Менің бірінші ойлап шығарған құртым үшбұрышты боды, және әр бұрышы үш жүзді білдірген. Осы бұрыштарда қазақтардың негізгі игілігі – киіз үй, қойлар, жылқылар, түйелер. Сонымен қатар, сыйлық ою түрінде де әзірленген. Бұл Қазақстанға келген әр шетел азаматына өте жақсы сыйлық. Басқа шетелде демалыста болып, сол елден естелік және жейтін сыйлық әкелу – бұрынғы туристік дәстүр. Түркиядан біз әлемге әйгілі пахлавасын, Үнді елінен шайларын әкелеміз. Әр елде достарына сый ретінде әкелуге болатын, ерекше тағамдары бар. Ал, Қазақстан не ұсына алады? Тек базарда кемпірлермен тауарсыз түрінде сатылатын құрттан басқа ештеңе жоқ.

– Егер мен бастапқыда тек мүсіні туралы ойласам, кейін мені құрттың дайындалу технологиясы қызықтырды, – дейді Айдар Ақаралұлы. – Мен ұлттық ащы сүт өнімдерінің өндірісін зерделедім. 2004 жылы осы зерттеуіме патент алдым. Осы патент қазіргі заман технологияларын қолданып, шетелдерге мақтанышпен шығарылатын сапалы құрт шығаруға мүмкіндік береді. Мен біздің құрт голландықтардың ірімшіктері, түркілердің йогурті сияқты әлемдік асханада өзіне лайық орын алуы қажет деп ойлаймын. Айдар Шалбарбаев құртты өндірудің үш бағытын ойлап шығарды. Бірінші «сыйға тартылатын құрт». Бұл құрт шоколадпен қапталған және жаңғақ қосылған.

Екінші бағыт – етті құрт(жылқы, қой, сиыр еттері). Бұл құрт байырғы ата-бабаларының әдісі бойынша жасалады. Үшіншісі – балық құрт. Бұл өнімді сыра ішетіндер жақтайды деп ойлайды зерттеуші. Осы құрт балықтың әр түрінен жасалып, балық мүсінінде болады. Құрт – адам денсаулығына қажетті құндылық екеніне көз жеткіздім. Бұл тағамның емдік, тұрмыстық пайдасы бар. Қазіргі заманда жастардың көбі осы тағамды, оның денсаулыққа пайдалы екенін білмейді. Өз сыныптастарымнан құрт туралы не білетіндерін сұрастырғанда, біреуі де білмей шықты. Қазақ тілі сабағында сыныптастарымды жобаммен таныстырдым. Оларға құрттың өте

маңызды тағам екенін түсіндіре алдым деп ойлаймын. Өз отбасым да, құрбыларым да осыған көз жеткізді.

Айдар Шалбарбаев құрттың ұлттық бренд бола алатыны туралы ойларын айтты. Мен осы зерттеушінің сөздеріне қосыламын. Менің ойымша, құрт Отанымыздың ұлттық бренді мәртебесіне лайық. Құртымыз әлем нарығына шығып қана, өз еліміздің балалары осы тағамның пайдасын көре алады деп ойлаймын. Себебі, қазір құртты тек қазақ халқы біледі, ал егер осы тағам ұлттық бренд болса, оны тек шетелдер ғана емес, өз еліміздің барлық тұрғыны дәмін татып, бағалайды. Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық тағамы – құрт адам денсаулығына қажетті тағам. Біз, Қазақстанның жастары осы құнды тағамның жойылуына жол бермеуіміз керек.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Кенжеахметұлы С., Қазақтың дарқан дастарқаны, Алматыкітап 2007 ж.
2. Анфимова Н.А., Татарская Л.Л. Аспазшылық, Просвещение 2002 ж.
3. Ермакова В.И. Аспазшылық, Просвещение 1993 ж.
4. Матюхин З.П. Тамақтану, гигиена және физиология негіздері. Просвещение 1999 ж.

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье речь идёт о национальном блюде курт. Проектная работа велась по технологии приготовления данного блюда и о его пользе человеческому организму. Учёные рекомендуют вести этот продукт на мировой уровень.

### **SUMMARY**

In this article we are talking about the national dish курт. The work was carried out on the technology of preparation of this dish and its benefits to the human body. Scientists are encouraged to maintain this product to the world level.

**ӘОЖ 663.1 + 574 (075.8)**

## **ТҰҚЫМ ҚУАЛАУШЫЛЫҚТЫҢ ХРОМОСОМАЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Шәкизадаева Аймереке Сұлтанғазықызы,  
Қалмағанбетова Құндызай Асылбекқызы, студенттер;  
Өтесінов Жарылқасын Өтесінұлы,  
ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы**

Тұқым қуалау тірі организмдердің аса маңызды ерекшеліктерінің қатарына жатады. Тұқым қуалаушылық деп ата-аналарымен олардың арғы тектері белгілерінің ұрпақтарына берілуін және ұрпақ пен ұрпақтың арасындағы жалғастықты қамтамасыз ететін қасиетті атайды. Тұқымқуалаушылық-ұрпақтар арасындағы материалдық және функционалдық сабақтастықты қамтамасыз ететін тірі ағзаларға тән қасиет. Соған байланысты тірі организмдердің морфология, физиология және биохимия құрылымы мен жеке даму ерекшеліктері ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Ағзадағы тұқымқуалаушылық факторларының болатынын алғаш болжам жасап, тұқым қуалау заңдылықтарын ашқан Г.Мендель болды. Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық тұрғыдан жасуша ядросындағы хромосомаларда тізбектеле, бір сызықтың бойында орналасқан геннің хромосома орны болады. Хромосома өзінің гендер тобымен ерекшеленеді. Тұқымқуалаушылық ұрпақтан ұрпаққа берілуі нуклеин қышқылдарына (ДНҚ және РНҚ) байланысты болады. Тұқымқуалаушылық жасушада жүретін репликация, транскрипция және трансляция үзері тығыз байланысты. Яғни ДНҚ және РНҚ молекулаларының айна қатесіз көшірмелері алынып, түзілетін белоктың құрамындағы аминқышқылдарының орналасу реті дәл анықталды. Мұның нәтижесінде тұқым қуалайтын нақты белгі белгілі болады. Өйткені эволюцияда қалыптасқан тіршілікке қажетті жаңа белгілермен басқа да өзгерістер осы тұқымқуалаушылыққа байланысты ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бекітілуі. Осы негізінде органдардың алуан түрлі топтары қалыптасты, дербес және біртұтас жүйелер (популяциялар, түрлер) құрылып, олардың тіршілік етуіне және қоршаған орта жағдайларына сай бейімділіктің сақталуына мүмкіндік туды. Хромосома негізінде эволюциялық әрекеттің қозғаушы күші.

XIX ғасырдың соңында жасуша құрылысының зерттелуіне байланысты ядро мен ондағы хромосомалардың тұқымқуалаушылығы құрылымы анықталып көптеген нақты генетикалық зерттеулер



молекулалық деңгейде жүргізілуінен  
Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы асқан дәлдікпен  
практика жүзінде дәлелденді.

Олар:

1. Гендер хромосомада бір сызықтың бойымен тізбектелуі.
2. Гендер тіркесу топтары арқылы саны сол ағзаға тән хромосомалар гаплоидты және сәйкестікте болады.
3. Ұқсастықтарында аллельді гендер алмасады.
4. Ондағы гендердің ара қашықтығы айқасу жиілігіне тура пропорционал.

Зерттелген нәтижелерге сүйеніп Хромосомалар және тұқым қуалаушылық факторларының таралуына сәйкес 1905 жылы Э.Вильсон жынысты анықтаудың хромосомалық әдісін жазды. Ал америкалық генетик Т.Морган тұқым қуалаушылықтың хромосомалық теориясының Мендельдің үшінші заңы – тәуелді екенін байқатты. Дегенмен келген организмдерге тән гендер саны хромосома санынан әлдеқайда артық болады деп тұжырымдады Т.Морган 1910-1915 жылдары өзінің шәкірттерімен бірге жеміс шыбыны дрозофилаға жүргізген тәжірибелерінің нәтижесінде хромосомалардың диплоидты жиынтығы 8, ал гаплоидты жиынтығы төртеу, зертханалық жағдайда  $+25^{\circ}$  жылылықта дарақтардың әр жұбынан пробиркада өсіріп, 14-15 күн сайын 100-ге жуық ұрпақ алумен бір хромосомада орналасқан гендердің бір-бірінен ажырап кетпей, көбіне бірге тұқым қуалайтынын анықтады. Көптеген тәжірибелер Морган осы бірінші ұрпақтағы дигетерозиготалы аналық шыбынды қайтадан шала қанатты қара денелі аталық шыбынмен кері будандастырудағы екінші ұрпақта төрт түрлі фенотиптері бар дарақтар алған олардың пайыздық мөлшерлері әр түрлі: 41,5% жетік қанатты сұр денелі, 41,5% шала қанатты қара денелі шыбындар, ал 8,5% шала қанатты сұр денелі және 8,5% жетік қанатты қара денелі шыбындар болған. Демек, дрозофиланың 17%-ы ата-аналарына мүлде ұқсамай жаңа белгілерге ие болған. Ендеше, ата-аналарына ұқсас жетік қанатты сұр шыбын мен шала қанатты қара шыбынның бірдей қатынаста болуы, яғни 83%-ы осы аталған белгілерді анықтайтын гендердің бірлесіп, тіркес тұқым қуалайтынын көрсетеді. Бұл құбылысты – Морган гендердің тіркесуі немесе тіркесіп тұқым қуалау заңы деп атады. Бір хромосоманың бойында орналасқан және тіркесіп тұқым қуалайтын гендер тобы тіркесу топтарын құрайды. Тіркесу топтарының саны хромосомалардың гаплоидты жиынтығына сәйкес келеді. Осыған ұқсас тәжірибеде шыбынында – 4 тіркесу тобы, асбұршақта-7, жүгеріде -10, ал адамда 23 тіркесу тобы болады екен. Осы тәжірибе жалғастарында XX ғасырдың бас кезінде Морган және оның шәкірттері дрозофила

шыбынынан жүздеген генді ашты. Осы жолмен қазіргі кезде оның төрт жұп хромосомасында 7000-дай ген бар екені белгілі болды. Адамның 46 хромосомасында 50 мыңдай ген болады деген болжам бар. Айта кету керек хромосомада гендер бір-бірінен неғұрлым алшақ орналасса, олардың арасында айқасудың болу мүмкіндігі соғұрлым көбейеді.

Сонымен жалпы талдаулар хромосомалық тұқым қуалаушылық көрсеткендей өз шегіне жете қоймағанын білдіреді. Бұл қызықты мәселе болғандықтан әртүрлі бағытта ғалымдар зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Өтесінов Ж.О. жалпы генетика және молекулалық биология. Оқу құралы. Қызылорда, 2010
2. Сартаев А., Гильманов М. С22 Жалпы биология: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. -Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006.
3. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-96. VIII том.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются вопросы теории хромосомной наследственности.

### **SUMMARY**

This article discusses the theory of chromosomal heredity.



ӘОЖ 512.554.31

## ОҢ СИПАТТАМАЛЫ ӨРІСТЕГІ ЛИ АЛГЕБРАЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ ТУРАЛЫ

Адидулла Самұрат, Алдабергенова Гүлмира, студенттер;  
Ибраев Шерәлі Шапатайұлы, *физика-математика*  
*ғылымдарының кандидаты,*  
*«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы*

**1. Кіріспе.** 1870 жылы Софус Ли және Феликс Клейн түрлендірулер группаларының маңыздылығын түсініп, олардың қолданылуларын зерттей бастады. Норвег математигі Софус Ли группалар теориясы әдістерін дифференциалдық теңдеулерді интегралдау проблемасына қолданды. 1873 жылы ол группалардың жаңа түрін енгізіп, оны «түрлендірулердің үздіксіз группасы» деп атады. Ол әрбір дифференциал теңдеуге оның шешімін сақтайтындай осындай бір түрлендірулер группасын сәйкес қойды. С. Ли жазықтықтағы барлық мүмкін осындай группаларды классификациялап, дифференциалдық теңдеулердің қалыпты типтерінің кестесін құрды және олардың квадратура арқылы шешілетінін немесе шешілмейтінін осы кестеде көрсетті. Бұл группалар кейіннен *Ли группалары* деген атқа ие болды. Үздіксіз группалардың басқа қолданысын 1872 жылы Ф. Клейн жүзеге асырды. Ф. Клейн өзінің атақты «Эрланген бағдарламасын» жасап, онда кезкелген геометрияның (евклидтік, аффиндық, проективтік және т.т.) негізінде қандай да бір үздіксіз түрлендірулер группасының жатқандығын және осы геометрияны зерттеу сәйкесті түрлендірулер группасының инварианттарын зерттеумен байланысты екенін көрсетті [1], [2].

*Ли алгебралары* Ли группаларының инфинитезимальді (локальді) қасиеттерін зерттеу барысында табиғи түрде пайда болды. Он тоғызыншы ғасырдың аяғынан бастап физиканың дамуы, дифференциалдық теңдеулер теориясы Ли алгебралары теориясының қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі кезде Ли группалары мен Ли алгебраларының теориялары математиканың дәстүрлі салалары болып табылады. Сонымен қатар бұл салалардың қарқынды даму үстінде екені белгілі. Келешек математика пәні мұғалімдеріне математикалық білімдерін кеңейту мен тереңдетуде, зерттеу жұмыстарымен шұғылануда бұл теориялардың негіздерін меңгеру жетістіктерге жетуге өз септігін тигізеді.

**2. Ли алгебралары туралы түсінік.**  $F$  өрісіне қатысты *Ли алгебрасы* деп көбейту амалы  $[\cdot, \cdot]$  арқылы белгіленген және келесі шарттарды қанағаттандыратын  $F$  өрісіне қатысты  $\mathfrak{g}$  алгебрасын айтады:

$$1) \text{ кезкелген } x \in \mathfrak{g} \text{ үшін } [x, x] = 0,$$

$$2) \text{ кезкелген } x, y, z \in \mathfrak{g} \text{ үшін } [[x, y], z] + [[y, z], x] + [[z, x], y] =$$

0.

$[x, y], z] + [y, z], x] + [z, x], y] = 0$  тепе-теңдігі Якоби тепе-теңдігі деп аталады, оны қысқаша  $[[x, y], z] + \text{cycl} = 0$  түрінде жазуға болады.

$\mathfrak{g}_1$  және  $\mathfrak{g}_2$  Ли алгебраларының *гомоморфизмі* деп кезкелген  $x, y \in \mathfrak{g}_1$  үшін  $f([x, y]) = [f(x), f(y)]$  теңдігі орындалатындай  $f: \mathfrak{g}_1 \rightarrow \mathfrak{g}_2$  сызықты бейнелеуін айтады.

Екі Ли алгебрасының биективті (өзара бір мәнді) гомоморфизмі *изоморфизм* деп аталады. Араларында изоморфизм бар  $\mathfrak{g}_1$  және  $\mathfrak{g}_2$  Ли алгебралары *изоморфты* деп аталады және  $\mathfrak{g}_1 \cong \mathfrak{g}_2$  арқылы белгіленеді.

**1-Мысал** [4].  $A$  алгебрасы  $*$  көбейту анықталған ассоциативті алгебра болсын.  $A$  кеңістігінде коммутатор деп аталатын басқа амал енгізейік:  $[x, y] = x * y - y * x$ . Осы амалға қатысты алгебраны  $A^{(-)}$  арқылы белгілейік. Онда  $A^{(-)}$  алгебрасы осы коммутатор амалына қатысты Ли алгебрасы болады. Коммутатордың бисызықты амал екенін тексеру қиын емес. Якоби тепе-теңдігінің орындалатындығын тексерейік:

$$[[x, y], z] = [x, y] * z - z * [x, y]$$

$$= x * y * z - y * x * z - z * x * y + z * y * x =$$

$$= (x * y * z - z * x * y) + (z * y * x - y * x * z).$$

Онда  $(x * y * z - z * x * y) + \text{cycl} = 0$  және  $(z * y * x - y * x * z) + \text{cycl} = 0$ . Демек,  $[[x, y], z] + \text{cycl} = 0$ . Якоби тепе теңдігінің орындалатындығы дәлденді.

Толық сызықты Ли алгебрасының ішкі Ли алгебраларының мысалдарын қарастырайық.

**2-Мысал.**  $\dim_F L < \infty$  болсын.  $\mathfrak{sl}(L) = \{x \in \mathfrak{gl}(L) \mid \text{Tr } x = 0\}$  Ли алгебрасы арнайы сызықты Ли алгебрасы деп аталады. Бұл Ли алгебрасының толық сызықты Ли алгебрасының ішкі Ли алгебрасы екенін көрсетейік. Біріншіден, ол –  $L$ -дің ішкі кеңістігі, себебі,  $\text{Tr}$  – сызықты форма. Екіншіден,  $\text{Tr } xy = \text{Tr } yx$ , олай болса кезкелген  $x, y \in \mathfrak{sl}(L)$  үшін  $\text{Tr } [x, y] = 0$ . Демек,  $\mathfrak{sl}(L) \subset \mathfrak{gl}(L)$  ішкі кеңістігі  $\mathfrak{gl}(L)$ -дегі коммутатор амалына қатысты тұйық болады.

$\mathfrak{sl}(L)$  кеңістігі әдеттегі сызықты операторларды көбейту амалына қатысты тұйық емес. Сондықтан  $\mathfrak{sl}(L)$  арнайы сызықты Ли

алгебрасын қандай да бір ассоциативті  $A$  алгебрасы үшін  $A^{(-)}$  түрінде беруге болмайды.

Егер  $\dim_F L = n$  болса,  $\mathfrak{sl}(L) \cong \mathfrak{sl}(n, F)$ , мұндағы  $\mathfrak{sl}(n, F) = \{X \in \mathfrak{gl}(n, F) | \text{Tr } X = 0\}$ .

**3-Мысал.**  $\text{char } F \neq 2$  болсын.

$\mathfrak{o}(n, F) = \{X \in \mathfrak{gl}(n, F) | X + X^t = 0\}$  Ли алгебрасы *ортогональ Ли алгебрасы* деп аталады, мұндағы  $X^t$  –  $X$  матрицасына транспонирленген матрица.

Енді  $\mathfrak{o}(n, F)$  Ли алгебрасының операторлар тілінде қалай берілетінін қарастырайық.  $B$  – ақырлы өлшемді  $L$  сызықты кеңістігіндегі *симметриялы азғындалмаған бисызықты форма* болсын.

$\mathfrak{g} = \{x \in \mathfrak{gl}(L) | \text{кезкелген } v, w \in L \text{ үшін } B(xv, w) + B(v, xw) = 0\}$  сызықты кеңістігін қарастырайық. Ол  $\mathfrak{gl}(L)$  Ли алгебрасының ішкі Ли алгебрасы болады және  $\mathfrak{o}(L, B)$  арқылы белгіленіп,  $B$ -мен *байланысты ортогональ Ли алгебрасы* деп аталады.

Егер  $F = \mathbb{C}$  болса, онда  $B$  формасы базисті лайықты таңдау арқылы квадраттар қосындысына келтіріледі. Базисті таңдау  $\mathfrak{o}(L, B) \cong \mathfrak{o}(n, \mathbb{C})$  изоморфизміне әкеледі, мұндағы  $n = \dim L$ .

Егер  $F = \mathbb{R}$  болса, онда сигнатуралары әртүрлі формалар болады.  $B$  формасының сигнатурасы  $p$  плюс пен  $q$  минус пен тұратын болса ( $p + q = n$ ), онда сәйкесті Ли алгебрасы, дәлірек айтқанда, оның  $B$ -ны диагоналдайтын базистегі матрицалық берілуі,  $\mathfrak{o}(p, q)$  арқылы белгіленеді. Изоморфизмге дейінгі дәлдікпен алғанда  $\mathfrak{o}(p, q)$  Ли алгебрасы тек  $pq$ -ге тәуелді болады ( $B$  формасына тәуелді емес).

**4-Мысал.**  $\text{char } F \neq 2$ ,  $\dim_F L < \infty$  болсын. Егер  $L$  сызықты кеңістігінің өлшемі жұп болса, онда бұл кеңістікте *қиғаш симметриялы азғындалмаған бисызықты форма* бар және олар изоморфты болады.

Егер  $B$  – жұп өлшемді  $L$  сызықты кеңістігіндегі азғындалмаған қиғаш симметриялы бисызықты форма болса, онда алдыңғы мысалға ұқсас

$$\mathfrak{g} = \{x \in \mathfrak{gl}(L) | \text{кезкелген } v, w \in L \text{ үшін } B(xv, w) + B(v, xw) = 0\}$$

анықталады және ол  $\mathfrak{gl}(L)$ -дегі ішкі Ли алгебра болады. Оны симплектикалық Ли алгебрасы деп атады және  $\mathfrak{sp}(L)$  арқылы белгілейді. Егер  $\dim_F L = n$  болса, онда  $\mathfrak{sp}(L) = \mathfrak{sp}(n, F)$ .

Изоморфизмге дейінгі дәлдікпен алғанда  $\mathfrak{sp}(L)$  Ли алгебрасы  $B$  формасын таңдап алуға тәуелді емес.

$A$  ассоциативті алгебрасы үшін  $A^{(-)}$  түріндегі Ли алгебраларының ішкі Ли алгебралары «әмбебап» мысал болып табылады. Мысалы,  $\mathfrak{g}$  – Ли алгебрасы болса, онда

1)  $\mathfrak{g}$  қандай да бір  $A$  ассоциативті алгебрасы үшін анықталған  $A^{(-)}$  түріндегі Ли алгебрасының ішкі Ли алгебрасы болады;

2) (Адо-Ивасава теоремасы) егер  $\mathfrak{g}$  ақырлы өлшемді болса, онда ол лайықты  $N$  үшін анықталған  $\mathfrak{gl}(N, F)$  Ли алгебрасындағы ішкі Ли алгебраға изоморфты. Мұнда  $A$  ассоциативті алгебрасы ретінде  $Mat(N, F)$  алгебрасын алуға болады.

1 – 3 мысалдардағы Ли алгебралары классикалық Ли алгебралары деп аталады.

**3. Ли алгебраларының көріністері.**  $\mathfrak{g} - F$  Ли өрісіне қатысты Ли алгебрасы, ал  $V - F$  өрісіне қатысты сызықты кеңістік болсын.

$\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі деп  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  гомоморфизмін айтады. Бұл жағдайда  $V$  сызықты кеңістігі көрініс кеңістігі,  $\rho(x) - x \in \mathfrak{g}$  үшін көрініс операторы деп аталады.

Егер  $\dim V < \infty$  болса, онда  $\rho$  көрінісі ақырлы өлшемді көрініс, ал егер де  $\rho$  инъективті болса, онда дәл көрініс деп аталады.

Осы ұғымдарды пайдаланып Адо-Ивасава теоремасын былайша тұжырымдауға болады: Кезкелген ақырлы өлшемді Ли алгебрасының дәл ақырлы өлшемді көрінісі бар болады.

Егер  $V = F^n$  болса, онда  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі ретінде  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(n, F)$  гомоморфизмін алуға болады.

Енді Ли алгебрасларының көріністеріне мысалдар келтірейік [3].

1)  $\mathfrak{g} - F$  өрісіне қатысты Ли алгебрасы, ал  $V - F$  өрісіне қатысты сызықты кеңістік болсын. Онда кезкелген  $x \in \mathfrak{g}$  үшін  $\rho(x) = 0$  болатындай  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  бейнелеуі  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі болып табылады. Шынында да, кезкелген  $x, y \in \mathfrak{g}$  үшін  $\rho([x, y]) = 0$  және  $[\rho(x), \rho(y)] = [0, 0] = 0$ . Демек,  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  – Ли алгебралар гомоморфизмі. Олай болса,  $\rho - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі. Мұндай көрініс тривиаль көрініс деп аталады.

2) Егер  $\mathfrak{g} - F$  өрісіне қатысты Ли алгебрасы, ал  $\mathfrak{h} -$  оның ішкі Ли алгебрасы және  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V) - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі болса, онда  $\rho|_{\mathfrak{h}} : \mathfrak{h} \rightarrow \mathfrak{gl}(V) - \mathfrak{h}$ -тың көрінісі. Ол  $\rho$  көрінісінің  $\mathfrak{h}$  ішкі Ли алгебрасына шектелуі деп аталады.

3)  $ad : \mathfrak{g} \rightarrow Der \mathfrak{g} \subset \mathfrak{gl}(\mathfrak{g}) - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $\mathfrak{g}$  кеңістігіндегі көрінісі, оны жапсарланған көрініс дейді.

4)  $\mathfrak{g} = F -$  бір өлшемді абельдік Ли алгебрасы болсын.  $\mathfrak{g}$ -де базистік элементті таңдап аламыз.  $\mathfrak{g}$ -дің  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісін беру үшін  $\mathfrak{g}$ -дегі базистік элементтің образын беріп, қалған элементтердің образдарын оған пропорционал деп есептеу жеткілікті.

5)  $\mathfrak{g} = \mathfrak{sl}(2, F)$  және  $V = F[x, y]$  – екі айнымалыдан көпмүшеліктердің сызықты кеңістігі болсын.  $V$  сызықты кеңістігіндегі келесі сызықты операторларды қарастырайық:

$$\check{X} = -y \frac{\partial}{\partial x}, \check{Y} = -x \frac{\partial}{\partial y}, \check{H} = -x \frac{\partial}{\partial x} + y \frac{\partial}{\partial y}.$$

$\rho(e) = \check{X}, \rho(h) = \check{H}, \rho(f) = \check{Y}$  теңдіктерімен берілген  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  сызықты бейнелеуі  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісін анықтайды. Шынында да,

$$\begin{aligned} \rho([e, h]) &= \rho(-2e) = -2\rho(e) = -2\check{X} \text{ және} \\ [\rho(e), \rho(h)] &= [\check{X}, \check{H}] = \left[ -y \frac{\partial}{\partial x}, -x \frac{\partial}{\partial x} + y \frac{\partial}{\partial y} \right] = y \frac{\partial}{\partial x} + y \frac{\partial}{\partial x} = 2y \frac{\partial}{\partial x} \\ &= -2\check{X}; \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} \rho([e, f]) &= \rho(h) = \check{H} \text{ және} \\ [\rho(e), \rho(f)] &= [\check{X}, \check{Y}] = \left[ -y \frac{\partial}{\partial x}, -x \frac{\partial}{\partial y} \right] = y \frac{\partial}{\partial y} - x \frac{\partial}{\partial x} = \check{H}; \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} \rho([h, f]) &= \rho(-2f) = -2\rho(f) = -2\check{Y} \text{ және} \\ [\rho(h), \rho(f)] &= [\check{H}, \check{Y}] = \left[ -x \frac{\partial}{\partial x} + y \frac{\partial}{\partial y}, -x \frac{\partial}{\partial y} \right] = x \frac{\partial}{\partial y} + x \frac{\partial}{\partial y} = 2x \frac{\partial}{\partial y} \\ &= -2\check{Y}. \end{aligned}$$

Демек,  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  Ли алгебралар гомоморфизмі болады екен. Олай болса,  $\rho - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі.

Енді  $V_n$  арқылы барлық  $n$ -дәрежелі біртекті көпмүшеліктер жиынын қарастырайық. Ол  $V$  сызықты кеңістігінің ішкі кеңістігі және  $V = \bigoplus_{n=1}^{\infty} V_n, \dim V_n = n + 1$  болады. Сонымен қатар,  $\rho(\mathfrak{g})V_n \subset V_n$ . Олай болса,  $\rho(e) = \check{X}, \rho(h) = \check{H}, \rho(f) = \check{Y}$  теңдіктерімен берілген  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V_n)$  сызықты бейнелеуі  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V_n$  сызықты кеңістігіндегі көрінісін анықтайды.

6)  $\mathfrak{g} = \mathfrak{sl}(2, F)$  және  $V = F[x]$  – бір айнымалыдан көпмүшеліктердің сызықты кеңістігі болсын.  $V$  сызықты кеңістігіндегі келесі сызықты операторларды қарастырайық:

$$\check{X} = x^2 \frac{d}{dx}, \check{Y} = -\frac{d}{dx}, \check{H} = 2x \frac{d}{dx}.$$

$\rho(e) = \check{X}, \rho(h) = \check{H}, \rho(f) = \check{Y}$  теңдігімен берілген  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  бейнелеуі  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісін анықтайды. Шынында да,

$$\rho([e, h]) = \rho(-2e) = -2\rho(e) = -2\check{X} \text{ және}$$

$$[\rho(e), \rho(h)] = [\check{X}, \check{H}] = \left[ x^2 \frac{d}{dx}, 2x \frac{d}{dx} \right] = 2x^2 \frac{d}{dx} - 4x^2 \frac{d}{dx} = -2x^2 \frac{d}{dx} \\ = -2\check{X};$$

$$\rho([e, f]) = \rho(h) = \check{H} \text{ және}$$

$$[\rho(e), \rho(f)] = [\check{X}, \check{Y}] = \left[ x^2 \frac{d}{dx}, -\frac{d}{dx} \right] = 2x \frac{d}{dx} = \check{H};$$

$$\rho([h, f]) = \rho(-2f) = -2\rho(f) = -2\check{Y} \text{ және}$$

$$[\rho(h), \rho(f)] = [\check{H}, \check{Y}] = \left[ 2x \frac{d}{dx}, -\frac{d}{dx} \right] = 2 \frac{d}{dx} = -2\check{Y}.$$

Демек,  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  Ли алгебралар гомоморфизмі болады екен. Олай болса,  $\rho - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі.

$\mathfrak{g} - F$  Ли өрісіне қатысты Ли алгебрасы болсын.  $\mathfrak{g}$ -модуль деп барлық  $x, y \in \mathfrak{g}, v \in V$  үшін  $[x, y]v = x(yv) - y(xv)$  теңдігі орындалатындай  $\mathfrak{g} \times V \rightarrow V, (x, v) = xv$  бисызықты бейнлеуі анықталған  $V$  сызықты кеңістігін айтады.

**1-Теорема.**  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылым  $\mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісін бірмәнді анықтайды.

**Дәлелдеуі.**  $V - \mathfrak{g}$ -модуль болсын.  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  бейнелеуін  $\rho(x)v = xv, x \in \mathfrak{g}, v \in V$ , теңдігімен анықтайық.  $\mathfrak{g} \times V \rightarrow V, (x, v) = xv$  бейнелеуі бисызықты болғандықтан  $\rho(x) \in \mathfrak{gl}(V)$  және  $\rho$  бейнелеуі  $x$  бойынша сызықты. Одан әрі,

$$[x, y]v = x(yv) - y(xv) = \rho(x)\rho(y)v - \rho(y)\rho(x)v = \\ [\rho(x), \rho(y)]v.$$

Олай болса,  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V) - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі болады екен.

Керісінше,  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V) - \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі боса, онда  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылымды  $xv = \rho(x)v, x \in \mathfrak{g}, v \in V$ , теңдігі арқылы анықтауға болады. Теорема дәлелденді.

Мысал ретінде жоғарыда келтірілген көріністерге сәйкесті  $\mathfrak{g}$ -модульдерді анықтайық [5].

1)  $\mathfrak{g} - F$  өрісіне қатысты Ли алгебрасы, ал  $V - F$  өрісіне қатысты сызықты кеңістік болсын. Онда кезкелген  $x \in \mathfrak{g}, v \in V$  үшін  $xv = 0$  болатындай  $\mathfrak{g} \times V \rightarrow V$  бисызықты бейнелеуі  $V$  сызықты кеңістігінде  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылымды анықтайды. Шынында да, кезкелген  $x, y \in \mathfrak{g}, v \in V$  үшін  $[x, y]v = 0$  және  $x(yv) - y(xv) = 0$ . Олай болса, кезкелген  $x \in \mathfrak{g}, v \in V$  үшін  $xv = 0$  болатындай  $\mathfrak{g} \times V \rightarrow V$  бисызықты бейнелеуі -модуль болады. Мұндай  $\mathfrak{g}$ -модульдер *тривиаль* деп аталады.



2) Егер  $\mathfrak{g} = F$  өрісіне қатысты Ли алгебрасы, ал  $\mathfrak{h}$  – оның ішкі Ли алгебрасы және  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V) = \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $V$  сызықты кеңістігіндегі көрінісі болса, онда

$$xv = \rho|_{\mathfrak{h}}(x)v, x \in \mathfrak{h}, v \in V$$

теңдігімен анықталған  $\mathfrak{h} \times V \rightarrow V$  бисызықты бейнелеуі  $V$  сызықты кеңістігінде  $\mathfrak{h}$ -модульдік құрылымды анықтайды.

3)  $ad : \mathfrak{g} \rightarrow Der \mathfrak{g} \subset \mathfrak{gl}(\mathfrak{g}) = \mathfrak{g}$  Ли алгебрасының  $\mathfrak{g}$  кеңістігіндегі жапсарланған көрінісі болсын. Онда  $\mathfrak{g}$  кеңістігі  $\mathfrak{g}$ -модуль болады.  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылым  $xv = [x, v], x, v \in \mathfrak{g}$ , теңдігі арқылы анықталады. Мұны жапсарланған  $\mathfrak{g}$ -модуль дейді.

4)  $\mathfrak{g} = F$  – бір өлшемді абельдік Ли алгебрасы болсын.  $\mathfrak{g}$ -де базистік бір элементті таңдап аламыз.  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $\mathfrak{g}$ -дік құрылымды  $(a, v) = av, a \in F$ , теңдігі арқылы беруге болады.

5)  $\mathfrak{g} = \mathfrak{sl}(2, F)$  және  $V = F[x, y]$  – екі айнымалыдан көпмүшеліктердің сызықты кеңістігі болсын.  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $\rho(e) = \check{X}, \rho(h) = \check{H}, \rho(f) = \check{Y}$  теңдігімен анықталған көріністі қарастырайық, мұндағы

$$\check{X} = -y \frac{\partial}{\partial x}, \check{Y} = -x \frac{\partial}{\partial y}, \check{H} = -x \frac{\partial}{\partial x} + y \frac{\partial}{\partial y}.$$

Онда  $ev = \rho(e)v = -y \frac{\partial v}{\partial x}, hv = \rho(h)v = -x \frac{\partial v}{\partial x} + y \frac{\partial v}{\partial y}, fv = \rho(f)v = -x \frac{\partial v}{\partial y}$  теңдіктерімен берілген  $\mathfrak{g} \times V \rightarrow V$  бисызықты бейнелеуі  $V$  сызықты кеңістігінде  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылымды анықтайды. Шынында да,

$$\begin{aligned} [e, h]v &= -2ev = 2y \frac{\partial v}{\partial x} \text{ және} \\ e(hv) - h(ev) &= e\left(-x \frac{\partial v}{\partial x} + y \frac{\partial v}{\partial y}\right) - h\left(-y \frac{\partial v}{\partial x}\right) = \\ &= y \frac{\partial v}{\partial x} + xy \frac{\partial^2 v}{\partial x^2} - y^2 \frac{\partial^2 v}{\partial x \partial y} - xy \frac{\partial^2 v}{\partial x^2} + y \frac{\partial v}{\partial x} + y^2 \frac{\partial^2 v}{\partial x \partial y} \\ &= 2y \frac{\partial v}{\partial x}; \\ [e, f]v &= hv = -x \frac{\partial v}{\partial x} + y \frac{\partial v}{\partial y} \text{ және} \\ e(fv) - f(ev) &= e\left(-x \frac{\partial v}{\partial y}\right) - f\left(-y \frac{\partial v}{\partial x}\right) = y \frac{\partial v}{\partial y} - x \frac{\partial v}{\partial x}; \\ [h, f]v &= -2fv = 2x \frac{\partial v}{\partial y} \text{ және} \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} h(fv) - f(hv) &= h\left(-x \frac{\partial v}{\partial y}\right) - f\left(-x \frac{\partial v}{\partial x} + y \frac{\partial v}{\partial y}\right) = \\ &= x \frac{\partial v}{\partial y} + x^2 \frac{\partial^2 v}{\partial x \partial y} - xy \frac{\partial^2 v}{\partial y^2} - x^2 \frac{\partial^2 v}{\partial x \partial y} + x \frac{\partial v}{\partial y} + xy \frac{\partial^2 v}{\partial y^2} \\ &= 2x \frac{\partial v}{\partial y}. \end{aligned}$$

Алдыңғы пункттің 5) мысалында көрсетілген  $V$  сызықты кеңістігінің барлық  $n$ -дәрежелі біртекті көпмүшеліктерден тұратын  $V_n$  арқылы ішкі кеңістігінде де  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылымды анықтауға болады. Ол  $ev = \rho(e)v = -y \frac{\partial v}{\partial x}$ ,  $hv = \rho(h)v = -x \frac{\partial v}{\partial x} + y \frac{\partial v}{\partial y}$ ,  $fv = \rho(f)v = -x \frac{\partial v}{\partial y}$  теңдіктерімен беріледі, мұндағы  $v \in V_n$ .

Егер  $n = 1$  болса, онда  $V_1 = \langle x, y \rangle_F$ , және  $\{x, y\}$  жиынын  $V_1$ -дің базисі ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда,

$$\begin{aligned} ex = \rho(e)x &= -y \frac{\partial x}{\partial x} = -y, hx = \rho(h)x = -x \frac{\partial x}{\partial x} + y \frac{\partial x}{\partial y} = -x, fx \\ &= \rho(f)x = -x \frac{\partial x}{\partial y} = 0; \\ ey = \rho(e)y &= -y \frac{\partial y}{\partial x} = 0, hy = \rho(h)y = -x \frac{\partial y}{\partial x} + y \frac{\partial y}{\partial y} = y, fy \\ &= \rho(f)y = -x \frac{\partial y}{\partial y} = -x. \end{aligned}$$

Мұны келесі кесте арқылы берген қолайлы:

	$x$	$y$
$e$	$-y$	$0$
$h$	$-x$	$y$
$f$	$0$	$-x$

Егер  $n = 2$  болса, онда  $V_2 = \langle x^2, xy, y^2 \rangle_F$ , және  $\{x^2, xy, y^2\}$  жиынын  $V_2$ -нің базисі ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылым келесі кесте арқылы беріледі:

	$x^2$	$xy$	$y^2$
$e$	$-2xy$	$-y^2$	$0$
$h$	$-2x^2$	$0$	$2y^2$
$f$	$0$	$-x^2$	$-2xy$

6)  $\mathfrak{g} = \mathfrak{sl}(2, F)$  және  $V = F[x]$  – бір айнымалыдан көпмүшеліктердің сызықты кеңістігі болсын.  $\rho(e) = \check{X}$ ,  $\rho(h) =$

$\tilde{H}, \rho(f) = \tilde{Y}$  теңдіктерімен берілген  $V$  сызықты кеңістігіндегі  $\rho : \mathfrak{g} \rightarrow \mathfrak{gl}(V)$  көрінісін қарастырайық, мұндағы:

$$\tilde{X} = x^2 \frac{d}{dx}, \tilde{Y} = -\frac{d}{dx}, \tilde{H} = 2x \frac{d}{dx}.$$

Онда  $ev = \rho(e)v = x^2 \frac{dv}{dx}, hv = \rho(h)v = 2x \frac{dv}{dx}, fv = \rho(f)v = -\frac{dv}{dx}$  теңдіктерімен берілген  $\mathfrak{g} \times V \rightarrow V$  бисызықты бейнелеуі  $V$  сызықты кеңістігінде  $\mathfrak{g}$ -модульдік құрылымды анықтайды. Шынында да,

$$[e, h]v = -2ev = -2x^2 \frac{dv}{dx} \text{ және}$$

$$\begin{aligned} e(hv) - h(ev) &= e\left(2x \frac{dv}{dx}\right) - h\left(x^2 \frac{dv}{dx}\right) \\ &= 2x^2 \frac{dv}{dx} + 2x^3 \frac{d^2v}{dx^2} - 4x^2 \frac{dv}{dx} - 2x^3 \frac{d^2v}{dx^2} = -2x^2 \frac{dv}{dx}; \end{aligned}$$

$$[e, f]v = hv = 2x \frac{dv}{dx} \text{ және}$$

$$\begin{aligned} e(fv) - f(ev) &= e\left(-\frac{dv}{dx}\right) - f\left(x^2 \frac{dv}{dx}\right) = -x^2 \frac{d^2v}{dx^2} + 2x \frac{dv}{dx} + x^2 \frac{d^2v}{dx^2} \\ &= 2x \frac{dv}{dx}; \end{aligned}$$

$$[h, f]v = -2fv = 2 \frac{dv}{dx} \text{ және}$$

$$\begin{aligned} h(fv) - f(hv) &= h\left(-\frac{dv}{dx}\right) - f\left(2x \frac{dv}{dx}\right) = -2x \frac{d^2v}{dx^2} + 2 \frac{dv}{dx} + 2x \frac{d^2v}{dx^2} \\ &= 2 \frac{dv}{dx}. \end{aligned}$$

## ӘДЕБИЕТ

1. Бурбаки Н. Группы и алгебры Ли. Главы 1-3. – М.: Мир, 1976. – 496 С.
2. Бурбаки Н. Группы и алгебры Ли. Главы 4-9. – М.: Мир, 1986. – 174 С.
3. Серр Ж.-П. Группы и алгебры Ли. – М.: Мир, 1969. – 480 С.
4. Джекобсон Н. Алгебры Ли. – М.: ИЛ, 1954.
5. Humphreys J.E. Introduction to Lie algebras and representation theory. – Springer-Verlag, 1972. (орыс тіліндегі аудармасы: Хамфри Дж. Введение в теорию алгебр Ли и их представлений. – М.: МЦНМО, 2003).

## **РЕЗЮМЕ**

### **О представлениях алгебр Ли в положительной характеристике**

В данном докладе описаны некоторые представления малых размерностей модулярных алгебр Ли.

## **SUMMARY**

### **On the representations of Lie algebras in positive characteristic**

In this report some small-dimensional representations of modular Lie algebras are described.

**УДК 54-128:546.56**

**РАЗРАБОТКА КОНСТРУКЦИИ И ОБОСНОВАНИЕ  
РЕЖИМОВ РАБОТЫ СЕКЦИИ СЕЯЛКИ ДЛЯ ПОСЕВА  
СЕМЯН ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР В УСЛОВИЯХ  
НЕДОСТАТОЧНОГО УВЛАЖНЕНИЯ**

**Досболов А.Д.,** *магистр технических наук, преподаватель;*  
**Турсынбай С.А.,** *студент;*  
**Рахатов С.З.,** *доктор технических наук, доцент,*  
*Кызылординский государственный университет имени Коркыт  
Ата, г. Кызылорда*

Наукой и практикой доказано, чтобы получить высокий урожай, необходимо добиться не максимального количества растений на единице площади, а оптимального по густоте и равномерности размещения растений по площади питания. При неравномерном размещении по посевной площади многие растения оказываются в условиях жесточайшей конкуренции с самых ранних этапов развития. Это приводит к снижению полевой всхожести семян и продуктивности растений. На равномерность распределения семян основное влияние оказывают высевая система и сошниковая группа посевной машины.

В условиях недостаточного увлажнения посев зерновых культур производится зернотуковыми и зерновыми – стерневыми сеялками отечественного производства, а также зарубежными посевными машинами. Зерновые сеялки имеют различные высевые системы, которые не в полной мере отвечают предъявляемым агротребованиям к качеству посева. Основные способы посева, осуществляемые этими сеялками – рядовой и полосной. Изучению вопросов распределению семян по площади питания и созданию сошников и сеялок для подпочвенного разбросного посева посвящены работы В. Ф. Грищенко, В.А., Синягина И.И., Домрачева, Е.П. Огрызкова, М. К. Малева, Н. И. Любушко, Кема А.А., Шевченко А.Г., Докина Б.Д., Михальцова Е.М. и других авторов. Исследования, показывают, что при различных способах посева, наибольшая урожайность достигается при разбросном способе посева

Анализ предшествующих исследований, позволяет заключить, что резервом повышения продуктивности возделываемых зерновых культур является применение полосового способа посева. Преимущество данного способа перед другими заключается в том, что равномерное распределение растений по площади, обеспечивает равное освещение, питание и увлажнение, практически исключается

конкурентная борьба внутри вида, что обеспечивает более полную реализацию генетического потенциала каждого растения, снижая общую засорённость посевов и гербицидную нагрузку на ландшафт. Существующие посевные машины для полосового посева ещё не получили широкого распространения из-за того, что не в полной мере соответствуют агротехническим требованиям предъявляемым к сеялкам осуществляющим посев в условиях недостаточного увлажнения.

### **Обзор технологий посева зерновых культур для условий недостаточного увлажнения**

В существующих конструкциях сеялок, даже наиболее совершенных, указанные требования полностью не выполняются. Причина в своеобразности и разнородности материала, с которым взаимодействует сеялка. Она должна быть приспособлена к высеву материала, весьма различного по форме, размерам и весу отдельных зерен.

Кроме того, не менее разнообразен по своим физическим и механическим свойствам другой материал, подвергающийся воздействию со стороны сеялки, то есть почва, механические свойства которой изменяются не только географически по районам, но и с изменением влажности.

Сложность указанных явлений пока еще не изучена в достаточной мере, поэтому при многообразии видов и состояний указанных материалов нельзя ожидать полноценного удовлетворения отмеченных выше требований. Эти требования выполняются в одних условиях работы лучше, в других хуже.

Одно из важных требований при посеве семян состоит в равномерном распределении их по глубине и по горизонтальной поверхности поля. При этом растения получают одинаковые условия роста и развития, не затеняют друг друга, площадь питания распределяется между ними равномерно.

Заделывающими рабочими органами большинства сеялок для посева семян трав в условиях России являются двухдисковые или анкерные сошники. Однако они не обеспечивают заданную глубину посева, которая составляет 1,0... 1,5 см, так как в процессе работы на дне борозды образуются поры, и семена трав просыпаются в них на большую глубину, откуда уже не могут прорасти, в результате чего повышается их расход. Наряду с этим, с точки зрения использования растениями площади питания рядовой посев, при котором семена высевают в строчку, целесообразно заменить полосным, с равномерным размещением семян по ширине засеваемой полосы.

В результате, заделывающие рабочие органы сеялок для посева мелкосеменных культур в подготовленную почву, должны

формировать посевную бороздку с заданными параметрами, равномерно распределять семена по ее ширине, и заделывать их равномерным по толщине рыхлым слоем почвы.

### **Теоретический анализ взаимодействия семян с рабочими органами высевающего аппарата сеялки**

Изучению перемещения легко сыпучих веществ во вращающихся цилиндрах посвящен ряд работ. В основном авторы провели свои изыскания, учитывая, то что материал движется без проскальзывания, то есть равен коэффициенту внутреннего трения частиц рассматриваемого материала. Исходя из этого, будем рассматривать, как движется слой зерна толщиной в одно зерно по поверхности катушки, учитывая при этом проскальзывание семян.

Приступая к исследованию, зададим некоторые ограничения

1) вся поверхность зерен будет состоять из конгруэнтных твердых элементов имеющих форму шара, которые уложены слоем в одно зерно;

сила трения между зернами и сила трения зерен о поверхность катушки абсолютно пропорциональны нормальным усилиям.

Так же обозначим дополнительные ограничения:

а) расположение зерен рядами будет сохраняться в процессе всего движения по поверхности катушки;

б) во время движения не изменяется объемный вес слоя семян.

За основной параметр, который характеризует процесс укладки, принимаем угол укладки  $\beta$ , а весь материал, изображенный на рисунке 2.1а, в отношении сил будет представлять из себя механизм изображенный на рисунке 2.1б, при котором усилие  $P_i$ , действующее вдоль рассматриваемой оси  $Ox_0$ , будет соответствовать, определенному боковому усилию  $R_i$ , которое действует в направлении плоскости которая перпендикулярна оси  $Ox_0$ . В случае изменения образованного осями угла  $\beta$ , показанного на рисунке 2.1а, удастся получать изменяемые отношения, которые описывают боковые  $R_i$  и осевые  $P_i$  усилия.




Рисунок 2.1 - Действие сил определяемых одиночным слоем семян

Исходя из способа, которым осуществляется послойная укладка одиночных зерен в форме шара, угол  $\beta$  будет меняться в пределах описываемых выражением  $0 \leq \beta \leq 60^\circ$ .

На рисунке 2.2, а изображен один из первых предельных случаев  $\beta=0^\circ$ , в этом случае, общая нормаль к первому и второму семени, получаемая в точке их прикосновения и одновременно параллельная оси  $Ox_0$ . На рисунке 2.2 б показан еще один промежуточный случай  $0 \leq \beta \leq 60^\circ$ , а на рисунке 2.2 в, еще один случай для предела  $\beta=60^\circ$ .




Рисунок 2.2 – Случаи расположения семян при различных значениях угла  $\beta$

Первый и второй случаи равнозначны, в виду того, что усилие со стороны первого семени действует непосредственно на третье семя, минуя второе и четвертое. Боковое усилие  $R_i$  в данном случае будет равно нулю.



В случае беспорядочной укладки семян, изображенных на рисунке 2.2, которая имеет место в реальности, у некоторых пар соприкасающихся семян угол их укладки в действительности может быть выше  $60^{\circ}$ . Но в общем случае, все значения угла возможные при укладке, будут находиться в пределах  $0 \leq \beta \leq 90^{\circ}$ .

Первый и второй случаи равнозначны, в виду того, что усилие со стороны первого семени действует непосредственно на третье семя, минуя второе и четвертое. Боковое усилие  $R_i$  в данном случае будет равно нулю.

В случае беспорядочной укладки семян, изображенных на рисунке 2.2, которая имеет место в реальности, у некоторых пар соприкасающихся семян угол их укладки в действительности может быть выше  $60^{\circ}$ . Но в общем случае, все значения угла возможные при укладке, будут находиться в пределах  $0 \leq \beta \leq 90^{\circ}$ .

Действительный высеваемый материал, имеющий беспорядочную укладку находящихся в нем частиц, в нашем случае заменяем на аналогичное, в силовом отношении, сыпучее тело, имеющее рядную укладку семян. В этом случае, угол укладки для всех пар семян, соприкасающихся в соседних рядах, для аналогичного слоя высеваемого материала будет равно некоторому среднему значению /15/

$$\beta = \beta_{\text{нб}} = \text{const}.$$




Рисунок 2.3 - Угол  $\beta$  в случае беспорядочной укладки семян

Изучим процесс увеличения потенциальной энергии самого слоя семян в случае его подъема по внутренней поверхности катушки на определенную критическую высоту  $h_{\text{кр}}$ . В случае достижения слоем семян этой критической высоты, произойдет выход системы из равновесия.

Проведя полный анализ всего вышеизложенного, взяв во внимание результаты лабораторных и лабораторно-полевых опытов, можно прийти к следующим выводам:

1. Физико-механические свойства семян (размеры, коэффициенты статического и динамического трения, углы откоса), которые оказывают значительное влияние на технологический процесс высева, лишь немного отличаются у пшеницы и подсолнечника, и сильно походят у семян трав. Поэтому данные научно-лабораторных изысканий по изучению процесса высева экспериментальным аппаратом, полученные для пшеницы и семена трав, могут с большой степенью достоверности, быть применимы для таких культур как подсолнечник и просо, при внесении соответствующих поправок на размеры семян, а это не представляет сложности при выражении размеров в относительных величинах.

2. Степень наполненности бункера семенами в экспериментальном высевающем аппарате не оказывает какого-либо заметного влияния на устойчивость высева.

3. При лабораторно-полевых испытаниях наблюдалось заметное влияние скорости движения агрегата на изменение коэффициента вариации как по глубине заделки семян, так и по распределению семян в рядке. Данные показатели были меньше для экспериментального высевающего аппарата в среднем в 1,6 раза, по сравнению с серийным

4. Исследования проводилось в почвенном канале Казанского государственного университета.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Василенко П.М. Теория движения частицы по шероховатым поверхностям сельскохозяйственных машин. - ©Киев: Изд-во Укр. акад. с.-х. наук, 1960. - 283 с.

2. Гайнанов Х.С., Гайнутдинов Д. А., Назипов А. М., Яппаров Ф. Х. Некоторые результаты исследования процесса движения сыпучих материалов по вращающейся вертикальной трубе // Совершенствование методов эксплуатации и технического обслуживания машинно-тракторного парка / Труды Горьковского СХИ. Т. 61, С. -92-96.

3. Левенсон Л.Б. Машины для обогащения полезных ископаемых их теория расчет и проектирование. - М., Л., Киев, 1933.

4. Летошнев М.Н. Сельскохозяйственные машины .- М., Л.: Сельхозиздат, 1940. - 814

5. Теория, конструкция и расчет сельскохозяйственных машин / Под ред. Е.С. Босого. - М.: Машиностроение, 1978. - 568 с.

6. Косинов М. М. Совершенствование технологического процесса высева семян крупяных культур вертикально-дисковыми высевающими аппаратами: Автореф. дисс. ... канд. техн. наук. - Кировоград, 1988.

7. Ковган А.П. Методика определения физико-механических свойств почвы. Физико-механические свойства почвы и растений / Сб. трудов ВИСХОМ. - М., 1963. - 220с.

8. Машины посевные . Программа и методы испытаний. ОСТ 70.5.1. -81. - М.: Изд-во стандартов, 1980. - 121 с.

9. Виленкин С.Я. Статистическая обработка результатов исследований и методика обработки опытных данных. - М.: Энергия, 1979. - 320 с.

10. Грищенко Ф. В., Лотник К. А. Исследование дробления семян зерновых высевающими аппаратами / Эффективность механизации процессов в сельскохозяйственном производстве. - Казань: Изд. Казанского СХИ, 1986.С. 112

10. Зырянов В.А. Универсальные высевающие диски // Техника в сельском хозяйстве. - 1986. - №3. С. 58-59.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье описывается разработка конструкции и обоснование режимов работы секции сеялки для посева семян зерновых культур в условиях недостаточного увлажнения.

### **SUMMARY**

The article describes the development of design and substantiation of modes of sowing section for sowing seeds of grain crops in the conditions of insufficient moisture.

ӘОЖ 54.056

## KARELINIA CASPIA ӨСІМДІГІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДАҒЫ МАҢЫЗЫН АНЫҚТАУ

**Әлібек Ақжұлдыз Сағидуллақызы, студент,**  
*«Болашақ» медициналық колледжі, Қызылорда қаласы*

Қазақстанның өсімдік әлемі әртүрлі пайдалы өсімдіктерге бай, оның ішінде дәрілік өсімдіктердің алатын орны ерекше. Дәрілік препараттардың 40 пайызынан астамы дәрілік өсімдіктерден жасалған. Медицина саласының жетістіктері көбінесе дәрілік өсімдіктерге байланысты. Қазіргі кезде медицина ғалымдары дәрілік шөптерге барынша ден қойып, әр шөптің организмге қаншалықты пайдалы екенін кеңінен дәлелдеуде. Осындай пайдалы өсімдіктерді зерттей келе, дәрілік шөптерді мәдени түрде көбейтуге көңіл аударылуда. Сондықтан да дәрілік препараттар өндірісін дамыту өзекті мәселе болып отыр [1, 20-21 б.].

Дәрілік өсімдіктер, шипалы өсімдіктер – медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алколоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты [2, 137 б.].

Әрбір дәрілік өсімдік емдеу практикасына енгізілмес бұрын ғылыми медицинада зерттеудің ұзақ жолынан өтеді. Атап айтқанда, химиялық құрамы тексеріледі, организмге әсер етуші факторы, адамның әртүрлі органдары мен жүйелерінің қызметіне ететін ықпалы анықталады. Өсімдіктердің түгелдей өзіндегі немесе оның бір бөлігіндегі кейбір химиялық заттардың қаншалықты зиянды екені анықталады, сонымен бірге өсімдіктің шипалық қасиеті жан-жақты тексеріледі. Сөйтіп көптеген өсімдіктер халық медицинасынан ғылыми медицинаға көшеді [4, 141 б.].

Сондай өсімдіктердің бірі, яғни күрделігүлділердің тұқымдасының бір өкілі – *karelinia caspia* (ақбас шөп). Химиялық құрамы 2014 жылы зерттелді. Қазақстанның Қызылорда облысында өседі. Сондықтан осы өсімдіктің химиялық құрамын толық зерттеп, биологиялық белсенді заттарын анықтап, отандық

дәрі-дәрмектер алу біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты [3, 211 б.].


*Karelinia caspia* (Ақбасшөп) – күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктертуысы. Қазақстанның шөлді аймақтарында кең таралған. Оның Қазақстанда каспий ақбасшөп түрі ғана бар. Ол сор, сортаң топырақты жерлерде, көшпелі, сусымалы құмды аймақтарда өседі. *Karelinia caspia* негізінен ылғал топырақта жайқалатын және сортаңдарда, соран көгалдарда, адырлы құмдарда, өзендер мен тұзды көлдердің жағасын бойлай өсетін өсімдік. Атап айтқанда Каспий өңірінде, Ақтөбеде, Торғай және Қызылорда аймақтарында, Мұғалжарда, Бетпақдалада, Мойынқұмда, Ембіде, Қызылқұмда, Түркістан және Қаратау өңірлерінде кездеседі. Сол сияқты Еуропаның оңтүстік шығыс аймағында, Иран, Ауғанстан, Орта Азияда таралған [3, 222 б.].

***Karelinia caspia*ның сабағы мен тамырының химиялық құрамы**

*Karelinia caspia* құрамындағы химиялық элементтердің мөлшері Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің атом-абсорбциялық әдіспен спектрофотометр «АА-7000» Shimadzu құрылғысында анықталды. Зерттеу нәтижелері 1-кестеде, 1-диаграммада көрсетілген.

**1-кесте. *Karelinia caspia*ның сабағы мен тамыры құрамындағы макро- және микроэлементтер мөлшері, (мг\кг)**

	Шикізат атауы										
		Cd	Co	Cr	Cu	Fe	K	Mn	Ni	Pb	Zn
1	Сабағы	0,0886	0,1188	0,3652	0,7097	3,9324	0,6329	2,4539	1,23	0,1653	0,1690
2	Тамыры	0,768	0,1335	0,2956	0,2556	2,9448	0,5637	2,5030	1,0683	0,1353	0,1900



**1-диаграмма. Karelينيا caspia құрамындағы химиялық элементтер мөлшерінің диаграммасы, (%)**

Күлдің құрамында Cd, Co, Cr, Cu, Fe, K, Mn, Ni, Pb, Zn және басқа да элементтер болады. Бұл элементтер күлдің құрамында оксидтер немесе күкірт, фосфор, көмір қышқылдарының тұзы түрінде кездеседі.

**Мыс.** Мыстың аса маңызды қызметінің бірі – қан түзуге қатысады. Бұл ретте мысты басқа элементтердің ешқайсысы ауыстыра алмайды. Мыс темірдің жілік майына алмасуына көмектеседі.

**Темір.** Темір аса бағалы биоэлементке жатады. Ол алуан түрлі қызмет атқарады. Омыртқалы жануарлар организмдегі темірдің 70 пайызы эритроцит құрамында болады.

Организмде темір жетіспесе қан түзілу процесі бұзылады да, қан аздық ауруы пайда болады. Құрамында темір бар белоктар жасушада оттегін, көмірқышқыл газды ауыстырып жеткізеді және көптеген тотығу-тотықсыздану реакцияларын катализдейді.

**Марганец.** Организмде өте аз мөлшерде кездеседі. Жас ұлпаларда оның мөлшері 0,01 моль шамасындай. Марганец - көптеген ферменттердің жұмысын күшейтуші активатор. Организмде марганецтің жетіспеуі салдарынан ұрықтың ұлпасы бүлінеді, жануарлардың ұрықтану қабілеті жойылады және тіршілікке қабілетсіз төл туады. Марганец жетіспеген кезде сүйекте және шеміршекте органикалық матрикс мөлшері азаяды. Соның салдарынан қаңқаның қалыпты пішіні өзгереді.

**Никель.** Никельдің биологиялық қызметі 1924 жылы анықталды. Хроммен, кремниймен, ванадиймен қатар никель сүйектің және жалғастырушы ұлпаның дұрыс өсіп, жетілуіне қажет. Уреаза, аргиназа, карбоксилаза, трипсин және басқа да бірқатар маңызды ферменттерге никель кофактор болады. Никель топырақта, суда, ауада, өте кең тарап кеткен элемент. Оның мөлшерден артық болуы техногенділік қауіптілігін арттырады [5, 184-191 б.].


**Karelينيا caspiaның сабағы мен тамыры құрамындағы биологиялық белсенді заттар**

Биологиялық белсенді заттарға полифенолдар, белоктар, антоциандар, каротиндер, илегіш заттар, флаваноидтар, кумарин, эфир майлары, витаминдер, т.б қосылыстар жатады. Олардың түзілу жолы әр түрлі болып келеді.

*Karelinia caspiana*ның құрамындағы антоциандар, полифенолдар, каротин, кумариндер фотокалориметрлік әдіспен «КФК-2», «КФК-3» маркалы фотокалориметрінде анықталды. *Karelinia caspiana*ның жер үсті бөлігінің құрамындағы шикі май мөлшері Сокслет аппаратының көмегімен салмақтық әдіспен анықталды. Клетчатка Венде әдісі бойынша анықталды. Зерттеу нәтижелері 2-кестеде, 2-диаграммада көрсетілген.

**2-кесте. *Karelinia caspiana*ның сабағы мен тамыры құрамындағы биологиялық белсенді заттардың мөлшері, (%)**

№	Шикізат ағауы	Антоциан-дар, %	Полифенол-дар, %	Белок, %	Клетчатка, %	Май, %	Каротин, мкг/100г	Кумарин, %
1	<i>Karelinia caspiana</i> ның сабағы	0,04	5,26	1,79	1,38	22,89	0,56	0,2
2	<i>Karelinia caspiana</i> ның тамыры	0,02	13,89	1,81	0,95	25,00	19,98	0,1



**2-диаграмма. Karelinia caspianaның сабағы мен тамыры құрамындағы биологиялық белсенді заттардың диаграммасы, (%)**

### **Karelinia caspianaның құрамындағы полифенолдың дәрілік заттардағы рөлі және адам ағзасындағы өзгерісі**

Полифенолдар күшті табиғи антиоксиданттар болатын өсімдік пигменттері. Полифенолдар: жүзімнің, шайдың, алманың, шокалад т.б жеміс-жидектердің құрамында кездеседі. Канада ғалымдарының зерттеулерінше қызыл шарап құрамында болатын полифенолдар тіс жиегі ауруларына ем болатынын көрсетті. Жүзімнің құрамында болатын полифенолдар: антиоксидантты, антимутогенді, антибактериалды және Р дәруменіне бай. Полифенолдар буын ауруларына емдеп, қан айналым жүйесін жақсартады. Полифенолдардан рақтың кейбір түрлеріне препараттар жасайды, метаболизмді жоғарлатады. Жүрек бұлшық еттеріне қарсы ем [6, 83 б.].

### **Karelinia caspianaның құрамындағы эфир майының дәрілік заттардағы рөлі және адам ағзасындағы өзгерісі**

Эфир майларының фармакологиялық тиімділігі де құрамындағы негізгі компоненттерге байланысты болады. Құрамында азулен бар эфир майлары суық тиюге қарсы қолданылса, құрамында анетол бар эфир майлары қақырық түсіру қабілетіне ие. Ал құрамында фенолды қосылыстары бар (мысалы тимол) эфир майларының дезинфицирлеуші қабілеті жоғары.

Эфир майларының ерекше немесе қасиеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

*Антимикробты* (бактерицидтік, антисептикалық) қасиеттері (эвкалипт, қайың жапырақтары, қалампыр майы, қарағай майы, айр тамыры).



*Асқынуға қарсы қасиеттері* (камфора, түймедақ гүлі, мыңжапырақ шөбі).

*Спазмолитикалық (шанышп, түйнеп ауру кезіндегі) белсенділігі* (бұрыш жалбызының жапырағы, түймедақ гүлі, кориандр жемісі т.б.).

*Қақырық түсіретін қасиеттері* (побеги багульника, фенхель мен анис жапырағы, андыз тамыры, чабрец шөбі. т.б.).

*Седативтік қасиеттері* (валериан тамыры, емдік мелисса шөбі, лаванда жапырағы).

*Зәр айдайтын қасиеттері* (қайыңның бүршік жапырағы, арша жапырағы) [4, 272 б.].

Зерттеу нәтижесінде *karelinia caspiana*ның сабағы мен тамырының химиялық құрамы зерттеліп, өсімдік құрамындағы макро- және микроэлементтері анықталды. Нәтиже өсімдік сабағы мен тамырында 10 макро- және микроэлементтер бар екенін көрсетті.

*Karelinia caspiana*ның биологиялық белсенді заттарын анықтауда полифенол, илегіш заттар, май мөлшері көп екені белгілі болды. *Karelinia caspia* тамыры құрамынан биологиялық белсенді заттар – полифенол және эфир майы бөліп алынды және адам ағзасына әсері, дәрілік препараттар өндірісінде қолдану мүмкіндігі бар екені анықталды.

## ӘДЕБИЕТ

1. Тыныбеков Б.М. Дәрілік өсімдіктер: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 137 б.
2. Растения полная энциклопедия. – М.: Эксмо, 2005. – 211 с.
3. Мухитдинова Н.М., Мамурова А.Т. Дәрілік өсімдіктер. – Алматы: Атамұра, 2013. – 141 б.
4. Миргородская С. Аромология: qantumsatis. – М.: Навеус, 2005. – 272 с.
5. Под. ред. академика Власюка П.А. Химические элементы и аминокислоты в жизни растений, животных и человека. – Киев: 1979. – 184-191 с.
6. Химия и применение природных и синтетических биологических активных соединений. – Алматы: изд. Комплекс, 2004. – 83 с.

Қосымша



1-сурет. *Karelinia caspia* өсімдігінің сыртқы көрінісі

### РЕЗЮМЕ

В научной работе изучен химический состав, макро- и микроэлементы *Karelinia caspia*. Было выявлено 10 макро- и микроэлементов, 9 аминокислот.

В исследовании биологических активных веществ растения *Karelinia caspia* было определено большое количество полифенола, флаваноида и эфирного масла. Эти биологические активные вещества целебны для суставных заболеваниях, улучшают систему кровообращения, повышает метаболизм, а так же из них готовят препараты для лечения некоторых раковых заболеваний и лечения сердечных мышц.

### SUMMARY

In this article work there were researched chemical properties of underground plant parts and defined macro- and microelements of *Karelinia caspia*.

From roots and aerial parts *Karelinia caspia* 10 macro- and microelements were established.

These biological active substances possesses the abilities of calm down the organism, immune change system and ameliorate circulation of the blood, there is a treatment for some kinds of cancer and heart muscle diseases.

**ӘОЖ 54.057**

## **ЭТИЛ СПИРТІНДЕ СИНТЕЗДЕЛГЕН ПЭГ– $\text{NAVBr}_4$ ЖҮЙЕСІНІҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ КОМПЛЕКСТЕРІН ФАЗАЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Тапаева Аида Пишенбекқызы, Байқоңырова Гүлжан  
Серікқызы, оқытушылар, «Болашақ» медициналық колледжі,  
Қызылорда қаласы**

Соңғы жылдары полиэфирлермен әр түрлі сілтілік металдар тұздарының комплекстері зерттеушілер назарын ерекше аударып жүр. Полимер эфирлері мен төмен молекулалы тұздар комплекстерінің құрылымын зерттеу, осы қатты комплекстердің құрылысы мен қолданбалы қасиеттері арасындағы өзара байланысқа негізделген [1].

Полиэтиленгликоль (ПЭГ) бейорганикалық тұздармен ( $\text{Li}^+$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$  немесе  $\text{NH}_4^+$  кіші сілтілік иондарымен қоса алғанда) тор бұзушы энергиясы төмен (ең жоғарғы шегі  $\sim 720$  Дж/моль) кристалдық комплекстер түзеді. Өнімдерді ПЭГ және тұздың сәйкес стехиометриялық ара қатынастарында алынған метанол және ацетонитрил ерітінділеріндегі еріткіштерді буландыру арқылы дайындайды.  $\text{NaI}$ ,  $\text{NaBr}$ ,  $\text{NaBF}_4$ ,  $\text{LiI}$ ,  $\text{LiBF}_4$ ,  $\text{LiClO}_4$ ,  $\text{LiCF}_3\text{SO}_3$  және  $\text{LiAsF}_6$  тұздарымен кристалдық комплекстер алынды. Бірақ  $\text{NaCl}$  және  $\text{NaF}$  полимермен араласпайды. Натрий, калий және аммоний роданидтері де кристалдық комплекстер түзеді, бірақ  $\text{KI}$  және  $\text{NH}_4\text{I}$  бөлме температурасында аморфты эластомерлер түзеді. Сонымен қатар, ПЭГ – негізгі тізбек құрамында оттегі атомы бар гетеротізбекті полимер ішкі және молекулааралық сутектік байланыстар түзуге бейім екендігі белгілі [2].

Найлон-6 мен литий тұздарының әрекеттесуі және кейбір сілтілік металл тұздарының ПЭО-ның сұйытылған ерітіндісінің тұтқырлығына әсері зерттелді [3].


Натрий иодиді және натрий мен калий тиоцианаттары полиэтиленоксидпен жоғары кристалды комплекстер түзетіндігі анықталды. Кристалдық құрылымның түзілу процесі полярлы микроскоп арқылы байқалды. Комплекстердің балқу температуралары бастапқы ПЭО-ға қарағанда жоғары болды. Тиоцианаттар комплекстерінің электр өткізгіштігі кристалдану дәрежесінің төмендеуінен жоғарылайтындығы және температураға сезімтал екендігі анықталды [4].

Полимерлік электролиттер тақырыбындағы екі маңызды мәселеге түсініктеме берілді. Біріншісі, кристалды полимер электролиттердің

(КПЭ) құрылымын реттеу принциптерін білуге болатын кристалды полимер электролиттердің құрылымы туралы болды. ПЭО-LiCF<sub>3</sub>SO<sub>3</sub>, ПЭО<sub>3</sub>-NaClO<sub>4</sub>, ПЭО<sub>4</sub>-KSCN, ПЭО<sub>4</sub>-NH<sub>4</sub>SCN және ПЭО<sub>4</sub>-RbSCN жүйелері комплекстерінің кристалдық құрылымы талқыланды [5]. Авторлар қалыптасқан көзқарасқа қарсы, катион өлшемі жоғарылағанда тізбек конформациясының өзгеруіне қарамастан, Li<sup>+</sup> ден Rb<sup>+</sup>-ге дейінгі катиондар ПЭО шумақтарының ішінде орналасатынын анықтады. Зерттелген мысалдардың бәрінде катион айналасындағы орта, ПЭО тізбегіндегі эфирлі оттегі болып табылатын қалған лиганданың екі анионынан тұрады. Әрбір ион бір ғана тізбекпен қосылады да, иондық тігілу болмайды. Бұл кристалды полимер электролиттердің (КПЭ) тізбек аралық тігілуге қарағанда, тізбек ішілік тігілуінде маңызды роль атқарады. Екінші мәселе КПЭ-ң фаза аралық электрохимиясына, оның ішінде қатты және сұйық эфирлі еріткіштердегі тотығу-тотықсыздану реакцияларына тиісті.

ПЭГ мен NaBPh<sub>4</sub> комплекстерінің балку температуралары негізінде құрылған күй диаграммасы 1 суретте берілген. Алынған нәтижелер күй диаграммасында 2:1 ( $T_{\text{балку}}=472\text{K}$ ) және 1:2 ( $T_{\text{балку}}=535\text{K}$ ) ара қатынастарында екі дистектикалық нүкте және 7:1 ( $T_{\text{балку}}=410\text{K}$ ). ара қатынасында бір перитектикалық нүктелер байқалатындығын көрсетеді. Ликвидус қисығы мен солидус сызықтары күй диаграммасын 10 аймаққа бөледі.

Зерттеулер нәтижесіне қарап, этил спиртінде алынған ПЭГ (ММ=15000)- NaBPh<sub>4</sub> жүйесінде 7:1 және 2:1 құрамдарында тұрақты комплекстер түзіледі деп айтуға болады.



Сурет 1. Этил спиртіндегі ПЭГ (ММ=15000) —  $\text{NaV}(\text{C}_6\text{H}_5)_4$  жүйесінің күй диаграммасы

М – дистектикалық, Р – перитектикалық және  $E_1$ ,  $E_2$  – эвтектикалық нүктелер

Этил спиртінде алынған ПЭГ (ММ=15000) –  $\text{NaV}(\text{C}_6\text{H}_5)_4$  жүйесінің құрылымдық диаграммасы 2-суретте берілген. Суреттен көрініп тұрғандай тұз рефлекстерінің қарқындылығы, оның жүйедегі үлесі азайған сайын төмендейді.

Дифрактограммаларды талдау мұнда бірінші рет полимер рефлекстерінің 6:1-10:1 ара қатынастарында байқалатынын көрсетеді.


Суреттегі 3–қисық 9:1 қатынасынан басталып 8:1 ара қатынасында максимум деңгейге жетіп 6:1 ара қатынасында төмендеп аяқталады. Бұл осы жүйеде түзілген молекулалық комплексінің құрамын айқындайды. Сонымен қатар 8:1 ара қатынасында түзілген молекулалық комплекс күй диаграммасындағы ликвидус қисығының иілу нүктесін, яғни перитектикалық нүктені ( $P_1$ ) анықтап тұр.

Ары қарай суреттегі 4–қисық 6:1 қатынасынан басталып 3:1 ара қатынасында аяқталады. Осы қисықтың қарқындылығы 5:1 ара қатынасында максимум деңгейді көрсетіп тұр. Бұл осы жүйеде түзілген келесі молекулалық комплексінің құрамын көрсетеді.

Құрамы 5:1 қатынасында түзілген молекулалық комплекс күй диаграммасындағы келесі перитектикалық нүктені ( $P_2$ ) айқындап тұр.

Суреттегі соңғы 5–қисық 3:1 қатынасынан басталып 1:1 ара қатынасында аяқталады. Сонымен қатар 2:1 қатынасында түзілген молекулалық комплекс күй диаграммасындағы ликвидус қисығының максимум мәнін, яғни дистектика нүктесін (М) сипаттап тұр.

Сонымен, кристалдық шағылысу рефлекстерінің барлық қарқындылығының құрамға тәуелділігін талдау арқылы ПЭГ – тұз жүйесінде келесі молекулалық комплекстер 2:1, 5:1 және 8:1 ара қатынастарында түзілетінін байқаймыз.



Сурет 2 – этил спиртіндегі ПЭГ (ММ=15000)-  $(\text{NaV}(\text{C}_6\text{H}_5)_4)$  жүйесінің құрылымдық диаграммасы  
 1–қисық  $(\text{NaV}(\text{C}_6\text{H}_5)_4)$  рефлексі, 2–қисық ПЭГ-тің рефлексі, 3–5 – қисықтар молекулалық комплекстердің рефлексі

Құрамдары анықталған молекулалық комплекстер төмендегідей: 2:1 құрамы  $d=3,73, 3,96, 5,6, 6,3\text{\AA}$ ; 5:1 құрамы  $d=3,09, 3,73, 3,96\text{\AA}$  және 8:1 құрамы  $d=3,73, 3,96\text{\AA}$  жазықтық аралық қашықтықтармен сипатталады 1-кесте.

Кесте 1 – Этил спиртінде алынған ПЭГ (ММ=15000)-  $(\text{NaV}(\text{C}_6\text{H}_5)_4)$  жүйесі комплекстерінің жазықтық аралық қашықтықтары

Құрамы	Жазықтық аралық қашықтық, d
2:1	3,73, 3,96, 5,6, 6,3 $\text{\AA}$ ;
5:1	3,09, 3,73, 3,96 $\text{\AA}$
8:1	3,73, 3,96 $\text{\AA}$

Сонымен, тәжірибе нәтижелері ПЭГ (ММ=15000) –  $\text{NaV}(\text{C}_6\text{H}_5)_4$  жүйесінің 1:1– 10:1 құрамында үш комплекс түзілетінін көрсетеді [6,7].

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:**

Қасиеттері жаңа полимерлік комплекстер синтезделінді, олардың физикалық, химиялық қасиеттері зерттелінді. Олардың фазалық және құрылымдық диаграммалары тұрғызылды.

Зерттеу барысында полимер мен төмен молекулалық иондар арасындағы өзара әрекеттесуінің жүру заңдылықтары анықталынды. Натрий иондарының полимермен әрекеттесуі ион-дипольдік механизммен жүретіндігі анықталды.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Rayne D.R., Wright P.V. Morphology and ionic conductivity of some lithium ion complexes with poly(ethylene oxide) // Polymer. – 1982. - Vol.23, № 5. - P. 690-693.

2. Toke Z., Szabo G.T. Poly(ethylene glycol) derivatives as completing agents and phase –transfer catalysts I // Acta Chem.Acad. Sci. Hung. - 1977. - Vol. 93, № 3-4. - P. 421-424.

3. Топчиева И.Н., Соловьева А.Б., Кабанов В.А. Полимерные катализаторы на основе полиэтиленоксида // Докл. АН СССР. – 1971. - Т. 199, № 5. - С. 1084.

4. Топчиева И.Н., Пекер Г.Ф., Постникова Г.Б., Курбанов Б.И., Кабанов В.А. Спин-меченые полимерные катализаторы на основе полиэтиленоксида // Высокомогл. Соед. – 1973. – Т.А15, № 9. - С. 2153.

5. Bruss Peter G. Structure and electrochemistry of polymer electrolytes. [Pap.] 4 th Int. Symp. Polym. Electrolyt. (ISPE 4). Newport. R 3. Zuni 21-25. –1994. // Electrochim. Acta. – 1995. - Vol. 40, № 13-14. - P. 2077-2086.

6. Parker I.M., Wright P.V., Lee C.C. A double helical model for some alkali metal ion – poly(ethylene oxide) complexes // Polymer Commun. - 1981. - Vol. 22, №10. - P. 1305.

7. Сапарбекова И.С., Бутин Б.М., Джумадилов Т.К., Бектуров Е.А. Структурообразование комплексов полиэтиленгликоля с тетрафенилборатом натрия в среде этилового спирта // Изв. МОН РК НАН РК, сер. хим. -2004. -№2. - С. 33–36.

### **РЕЗЮМЕ**

Полученные молекулярные комплексы могут использоваться по своей характеристике в химических токах, сенсорных устройствах, в дисплеях, фото- и свето чувствительных материалах и в нанотехнологии.

### **SUMMARY**

Derived molecular complexes may be used in its characteristic chemical currents, sensor devices, displays, and light -sensitive photographic materials and in nanotechnology.



ӘОЖ 663.1 + 574 (075.8)

## ТҰҚЫМҚУАЛАУШЫЛЫҚ, ПОПУЛЯЦИЯЛАРЫНА ТАРАЛУЫ

Сейтжаппарова Гүлфариза Сәндібайқызы, студент;  
Өтесінов Жарылқасын Өтесінұлы,  
ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы

**Тұқымқуалаушылық** — ұрпақтар арасындағы материалдық және функционалдық сабақтастықты қамтамасыз ететін тірі организмдерге тән қасиет. Тұқым қуалаушылыққа байланысты тірі организмдердің [морфология](#), [физиология](#) және [биохимия](#) құрылымы мен жеке даму ерекшеліктері ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Организмдердегі тұқымқуалаушылық факторларының болатынын алғаш болжам жасап, тұқым қуалау заңдылықтарын ашқан Г. Мендель болды. [1911](#) жылы америкалық биолог Т. Морган ([1866](#) – [1945](#)) және оның әріптестері ұсынған “[Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы](#)” бойынша да тұқымқуалаушылықтың бірлігі – ген деп көрсетілген. Гендер жасуша ядросындағы хромосомаларда тізбектеле, бір сызықтың бойында орналасқан және әрбір геннің хромосомада нақты тұрақты орны (локусы) болады. тұқым қуалау факторлары тек ядроға ғана емес, жасуша цитоплазмасының кейбір органоидтарында ([митохондрияда](#), [хлоропластарда](#)) да кездесетіні анықталды. . Тұқымқуалаушылық материалының сақталуы, екі еселенуі және ұрпақтан ұрпаққа берілуі нуклеин қышқылдарына ([ДНК](#) және [РНК](#)) байланысты болады. Осы айтылғандарға сүйеніп, өзіміздің зерттеуімізде тақырыбымызға сәйкес жүргізілген нәтижелерді салыстыра отырып, ұрпақтарға берілуі туралы осындай жұмыс жасадық. медицина үшін тұқымқуалаушылықтың заңдылықтарын зерттеп білудің маңызы зор. Тұқым қуалаушылық аурулар - ұрпақтан ұрпаққа берілетін және геннің мутациясымен байланысты патологиялық жағдайлар. Тұқымқуалайтын аурулар гендік, хромосомалық және геномдық мутациялардың әсерінен генетикалық материалдың өзгеруіне байланысты қалыптасады.

Генетикалық жіктеу бойынша тұқым қуалайтын аурулар:

моногендік;

хромосомалық;

мультифакторлық (полигендік) болып бөлінеді.

**Моногенді аурулар** генетикалық ақпарат жазылған құрылымдық гендердің мутацияға ұшырау себебінен туындайды. Моногенді түрі

аутосом - доминантты (арахнодактил ия, брахидактилия, полидактилия, т.б. дерттер), аутосом. - рецессивті (екі, кейде үш немере ағайынды некелескен адамдар арасында жиі кездеседі; агаммаглобулинемия, алкаптонурия, т.б. дерттер) және жыныстық Х- және У-хромосомалармен тіркескен (генге байланысты еркек ауырады, ал ауруды әйел адам тасымалдайды; гемофилия, т.б. дерттер) тұқым қуалайтын аурулар болып бөлінеді.

**Хромосомалық аурулар** – хромосомалар құрылымының немесе санының өзгерісімен сипатталатын тұқымқуалайтын аурулар. Хромосомалық ауруларды тудыратын физикалық (иондық сәулелер), химиялық (дәрі-дәрмектер, әртүрлі мутагенді препараттар), вирустық (вирусты гепатит, қызамық, қарамық және т.б.), факторлардың әсерінен пайда болады. Мысалы, Даун ауруында аутосом. 21-жұп бойынша трисомия болса, Патау синдромында 13-жұпта, Эдварс синдромында 18-жұбында болады. Гаметогенезде мейоздық бөлінудің бұзылуына байланысты әйелдерде жыныстық Х – хромосомалардың біреуі болмаса, Шерешевский-Тернер синдромы, керісінше бір хромосом артық болса – трипло-Х (ер адамдарда Клайнфельтер) синдромының қалыптасуына әкеледі. Жасы 35-тен асқан әйелдердің бала көтерудің нәрестелердің хромосом. аурумен туу қауіптілігі жоғары болады.

**Мультифакторлық аурулар** бірнеше геннің мутацияға ұшырауы мен өзара әрекеттесу нәтижесінде, ауруға бейімделуі артқан кезде және қоршаған орта факторларының әсеріне байланысты туындайды.

Мұндай ауруларға

подагра;

қант диабеті;

гипертония;

асқазан және ішектің ойық жарасы;


атеросклероз;

жүректің ишемия ауруы, т.б. жатады.

Адам гентикасын зерттеуде генеалогиялық, цитогенетикалық, егіздерді салыстыру, биохимиялық, модельдеу, т.б. әдістер қолданылады. Бұл әдіс зерттеу жүргізуге өте қолайлы. Өйткені ешқандай құрал-жабдықсыз дәрігер-генетик тексерілетін адамның өзімен, оның туыстарымен тікелей байланыс жасап, қажетті мәліметтер алу арқылы дұрыс диагноз қойып, болашақ ұрпақ туралы тиімді кеңес бере алады. Шежіре құрастырылған соң дәрігер-генетиктер талдау жасап, болашақ ұрпақтарға қатысты болжам жасайды. Жинақталған ақпараттың шектеулі болуын (шежіре көбінесе толық болмайды) генеалогиялық әдістің кемшілігі деп санауға болады. Қазіргі заман отбасыларында (1-2 бала) ұрпақтар санының көп болмауына байланысты бұл әдістің тиімділігі төмендейді. Шежірені

талдаудағы ең күшті қиындық пенетранттықтан ту-ындайды. Пенетранттық дегеніміз — бұл дарақ фенотипіндегі тап сол геннің керініс беру пайызы. Теориялық тұрғыдан аа генотипі бар дарақтың басылыңқы фенотипі болуы керек, ал Аа немесе Аа генотипі бар дарақта басым фенотипі болады. Алайда өмірде бұл үнемі бола бермейді. Әсіресе, егіз туылған балдарды бір-бірімен салыстыру арқылы кез келген жағымды белгінің немесе аурудың, кемістіктің пайда болу себебі анықталады. Мұндай белгілер өзгерген генотипке немесе сыртқы орта жағдайларына байланысты қалыптасуы мүмкін. Егіздер – бір жұмыртқалық және екі жұмыртқалық деп екіге бөлінеді. Бір жұмыртқалық егіздер ұрықтанған бір жұмыртқа клеткасынан түзілген зиготаның екіге бөлінуінен дамып жетіледі.

Генологиялық және егіздерді салыстыру әдістерімен зерттеу үшін геномдық мутация үлкен роль атқарды. Геномдық мутация – клеткадағы хромосомалар санының өзгеруі. Оның бірнеше түрі бар: 1) *полиплоидия* – хромосома жиынтығының бірнеше еселеніп өсуі; 2) *анеуплоидия* – хромосома жиынтығының еселенбей өсуі; 3) *гаплоидия* – диплоидты (екі еселенген) хромосома жиынтығының кемуі. Бұл туралы нақты мысал төмендегі 1 – ші суреттен байқауға болады.



1 – сурет. Хромосомалық мутация түрлері: делеция, дупликация, транслокация

Оның дамуы былайынша түсіндіріледі: өзгеріс хромосоманың кей бөлімінің үзіліп қалуына (делеция), қосарланып кетуіне (дупликация) немесе оның басқа бір бөліміне ауысуына (транслокация) байланысты. Бұл қасиетті нақты түсіндіруге төмендегі гендік мутация мысал бола алады [1.2.3]. Бұл түр ағзаға пайдалы өзгерістер алып келуімен қатар жиі кездесетін хромосома ауруларының хромосома жұптарының бірінде қосымша 3-хромосома пайда болуымен жүреді екен. Молекулалық жағынан бұл үдеріс гаметогенезде мейоздық бөлінудің бұзылуына байланысты әйелдерде жыныстық X – хромосомалардың біреуі болмаса, жасы 35-тен асқан әйелдердің бала көтеруінде нәрестелердің хромосомалық аурумен туу қауіптілігі жоғары болады.

Сонымен біздің зерттеулерімізде генетиканың дамуы биологияға үлкен роль атқаруымен қатар ғылыми жағынан бұрын белгісіз болып келген аурулардың механизмін түсіндіруге мүмкіндік берді. Әсіресе, ұрпақтарда болатын және таралатын егіздерді салыстырумен хромосомалық тұрғыдан тұқымдардың ауытқуынан түсіндіруге мүмкіндік туғызды.

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Өтесінов Ж.Ө. Молекулалық биология. Қызылорда 2006 ж. 10 - 12 б.
2. Дубинин И.П. Генетика, Кишинев – 1985 200 – 220 б.
3. Crick FH Cthe present position of the genetic code – J Mл7 Biol 1986. V. 38 p. 367 – 370.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье приводятся новые данные о механизме передачи признаков изменения в организме женщин при плодоношения.

### **SUMMARY**

The paper presents new data on the mechanism of transmission of signs changes in the body of women during fruiting.

ӘОЖ 625. 7/8: 54-4: 66. 022

## КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ БАЗАСЫН ДАМУ

**Сейілбек Нұрәділ, Өмірәлиев Алмас, Нұржауов Кенен,  
Елеусізов Сәтбай, Рахым Ырысалды, студенттер;  
Мизамбаева Динара Жаңабайқызы, оқытушы,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы**

**Көлік құралының экономикадағы маңызы.** Қазіргі кезде, көлік құрылымдарының маңызы орасан зор. Өмірімізді көлік құралдарысыз елестету мүмкін емес. Еліміздің өндірісін көлік құралдарсыз дамыту, тасымалдау жұмыстарын жолға қою мүмкін емес. Көлік құралдары қоғамымыздың негізгі бір саласы ретінде дами беретіні де ақиқат.

Жалпы көлік қоғамдық өндірістің күрделі саласы, материалдық ресурстарды пайдалану арқылы адамзаттың қажеттілігіне жарайтын жүйе. Автокөлік паркінің күрт өсуі, яғни көлік құралдарының қозғалыс қарқындылығының артуы күрделі көлік мәселелерді өмір талабына сай шешуді қажет етсе, сонымен қатар, әсіресе ірі қалаларда қозғалыс құрылымын жаңаша қарастыруды, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, жол көлік оқиғаларының санын азайтуды қажет етіп қоймай, қоршаған ортаның улы газ қалдықтарымен ластануын болдырмау жолдарын қарастыруда.

Автокөлік адамзаттың жеке және қоғамдық өміріне енуі кезеңінен бастап, оның саны да сапасы да тез өсіп, тиімділігі жоғарылап, жаппай халық шаруашылығына кең пайдаланыла бастады.

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарында көлік құралдарын пайдалану тиімділігін жоғарылату, жүкті, жолаушыларды тасуда автокөлікті пайдалану айналымының өсуін және қозғалыс қауіпсіздігін жоғарылату қажеттілігі жолдары қарастырылған.

Қазіргі таңда автомобиль көлігін қолданбайтын шаруашылықтың саласы жоқ деп айтуға болады. Автомобиль көлігі, біріншіден басқа шаруашылықтың салаларына қарағанда жоғары қарқынмен дамып отыр, екіншіден бұл сала үлкен еңбек сыйымдылығын талап етеді, үшіншіден көп энергетикалық шығынды талап етеді.

Сондықтан да біз ең алдымен көлік құралының одан әр дамуын, қауіпсіздігін сақтау үшін көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау құрстарының оқу сапасының мықты болғаны жөн деп санаймыз.

**Жалпы ережесі.** Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау «А», «В», «С», «Д», «Е» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлаудың үлгілік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

«А», «В», «С», «Д», «Е» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау медициналық куәландырудан өткен және көлік құралдарын басқару тыйым салынатын медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ адамдар арасынан жүзеге асырылады.

**Оқу процесін ұйымдастыру.** Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау курстарында білім беру процесі оқу ұйымы дербес әзірлеген және бекіткен әрбір пән бойынша оқу жоспарымен және бағдарламаларымен, кесте-жоспарымен, сабақ кестелерімен және жүргізуді үйрету кезектілігінің кестесімен жүргізіледі. Оқыту ұйымы:

өз құзыретіне жатқызылған функциялардың орындалуын;

көлік құралын жүргізушілерді даярлаудың оқу жоспарына және жоспар-кестесіне сәйкес оқу бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуын;

оқытындарды даярлаудың жоғары сапасын;

білім беру процесі кезінде оқытындардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және жүргізуді үйрету шеберлерінің өмірі мен денсаулығын сақтауды;

оқытындардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және жүргізуді үйрету шеберлерінің құқықтары мен бостандықтарын сақтауды;

көлік құралдарының техникалық жарамды күйде ұсталуын және жүргізуді үйрету шеберлерін рейс алдындағы [медициналық тексерудің](#) ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау курстарына оқуға қабылдау мынадай құжаттарды ұсынғаннан кейін жүргізіледі:

1. өтініш;
2. тиісті көлік құралын жүргізуге жарамдылығы туралы медициналық анықтама;
3. 3,5 x 4,5 өлшемдегі екі фотосурет;
4. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5. жүргізуші куәлігінің көшірмесі (жүргізушінің жұмыс өтілін растау, қосымша санатты көлік құралын басқару құқығын алу қажеттілігі кезінде ұсынылады).

Көлік құралын жүргізушілерді даярлау жөніндегі оқу топтары 15-тен 30-ға дейін адамнан тұрады.

Оқу жоспарлары мен оқыту бағдарламаларының орындалуын бақылауды ұйымдастыру мақсатында сабақ басталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей оқыту ұйымы оқытындардың тізімін, әрбір оқу тобын ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесінде тіркейді.

Біліктілік емтихандарын қабылдауды ретке келтіру және оқытындарды көлік құралдарын жүргізу құқығынан айырылған жүргізушілердің деректер базалары бойынша алдын ала тексеру мақсатында оқыту ұйымдары оқу аяқталуға дейін кемінде 30 жұмыс күні бұрын ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесіне әрбір оқу тобындағы оқытындар тізімін және оқу аяқталатын күнді көрсете отырып, біліктілік емтихандарын қабылдау туралы өтінім жібереді.

Теориялық, зертханалық-практикалық, практикалық және бақылау сабақтары оқытудың негізгі нысандары болып табылады. Әрбір пән бойынша теориялық сабақтар, әдетте, күніне екі сағаттан, ал зертханалық-практикалық сабақтар 6 сағаттан аспайтындай етіп жоспарлануы тиіс. Бір күн ішінде автомобиль жүргізуді бір үйренушіге автотренажерде - бір сағаттан аспайтын, «Колоннада жүру» жаттығуын, сондай-ақ төрт сағат ішінде пысықталатын жүк тасымалдаумен байланысты жаттығуларды қоспағанда, үйрету автомобилінде екі сағаттан аспайтын уақыт пысықтап, үйретуге рұқсат етіледі. Теориялық және зертханалық-практикалық оқу сабағының ұзақтығы – 45 минут, міндеттерді белгілеу, қорытынды шығару, құжаттама ресімдеу және оқытындарды ауыстыру уақытын қоса алғанда, автомобиль жүргізу жөніндегі практикалық сабақтардың ұзақтығы – 60 минут. 90 минут ішінде үзіліссіз зертханалық-практикалық сабақ өткізуге жол беріледі. Оқу уақытының ұзақтығы жұмыс күндері 4 сағаттан, демалыс алдындағы және демалыс күндері - 6 сағаттан аспауы тиіс. Теориялық сабақтарды оқытушы, ал автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету бойынша зертханалық-практикалық сабақтарды оқытушы өндірістік үйрету шеберімен бірлесіп өткізеді, автомобильді жүргізу бойынша практикалық сабақтарды көлік жүргізуге үйрету шебері оқытын әрі адаммен жеке жүргізеді. Автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету және жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша зертханалық-практикалық сабақтар бір немесе бірнеше тақырып бойынша тиісті теориялық материалды оқып үйренгеннен кейін жүргізіледі.

Теориялық сабақтар оқу тобының құрамында арнайы жабдықталған сыныптарда (кабинеттерде) жүргізіледі. Зертханалық-практикалық сабақтар автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі зертханаларда өткізіледі. Практикалық жүргізу сабақтары әрбір оқытынмен жеке автотренажерларда, автодромдарда (жүргізіп үйренуге арналған алаңдарда) және осы аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшесімен келісілген (кемінде 3 жылда 1 рет) үйрету

бағыттарында өткізіледі. Жол қозғалысы [ережелері](#) бойынша сабақтар өткізуді автомобильді практикалық жүргізу басталғанға дейін жоспарлау қажет. Сабақ өткізу үшін сабақ өткізу жоспары болуға тиіс, онда тақырыптың атауы, мақсаттары, оқу сұрақтары, оқу уақытының есебі, оқу-көрнекі құралдары мен оқытудың техникалық құралдарын пайдаланудың тәртібі, оқытушының, өндірістік үйрету шеберінің, жүргізуді үйрету шеберінің және оқитын адамдардың іс-әрекеттері, өзіндік даярлану тапсырмалары көзделеді. Жүргізуге үйрету шеберінің сабақ өткізу кезінде жүргізуші куәлігі, көлік құралын тіркеу туралы куәлігі, жол парағы, жүргізу кезегінің кестесі, жаттығу бағыттарының схемасы, осы Қағидаларға [7-қосымшаға](#) сәйкес оқитынды жүргізуге үйретуді есепке алудың жеке кітапшасы болуы тиіс.

Өткен материалды білуін тексеруді сабақ өткізу барысында сабақты есепке алу журналына, автокөлік құралдарын жүргізуге үйретуді есепке алудың жеке кітапшасына баға қою арқылы оқытушы, өндірістік үйрету шебері жүзеге асырады. Теориялық сабақтар өткізу кезінде кемінде 4 адамнан сабақ сұралуға тиіс, ал зертханалық-практикалық сабақтар барысында әрбір оқитынға баға қойылады. Оқытушының, өндірістік үйрету шеберінің және жүргізуді үйрету шеберінің сабақтарды өткізуінің сапасын бақылауды оқыту ұйымының басшысы сабақтарды есеп алу журналындағы жазбалар арқылы жүзеге асырады. Оқу материалын меңгеру сапасын анықтау және оқитындардың білімін бағалау үшін қорытынды сабақтар өткізіледі. Қорытынды сабақтардың нәтижелері бойынша әрбір оқитынның және жалпы оқу тобының қорытынды аттестацияға дайындығы айқындалады. Барлық оқу пәндері бойынша оң баға алған оқитындар қорытынды аттестацияға жіберіледі.

Қорытынды аттестация оқу мерзімі өткеннен кейін оқитындардың білім деңгейінің оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін өткізіледі. Қорытынды аттестация:автомобиль құрылғылары мен оған техникалық қызмет көрсету;

Жол қозғалысы [ережелері](#), қозғалыс қауіпсіздігі мен жол-көлік оқиғасында зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері;

автомобильді практикалық жүргізу бойынша емтихандар қабылдау түрінде өткізіледі.

Қорытынды аттестация өткізу үшін оқыту ұйымы басшысының бұйрығымен комиссия төрағасын қоса алғанда, құрамында кемінде үш адам болатын емтихан комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына өзге де оқыту ұйымдарының өкілдері мен ішкі істер органдары жол полициясының қызметкерлері енгізілуі мүмкін.



Автомобиль көлігі саласында жоғары білімі бар адам комиссия төрағасы болып тағайындалады.

Теориялық емтихандарды тапсыра алмаған оқытындар практикалық жүргізу емтиханын тапсыруға жіберілмейді.

Қорытынды аттестацияда дәлелді себептермен (сырқаттану, іссапар) емтихан тапсыра алмаған оқытындар оларды кезекті топтармен бірге тапсыруға, ал қанағаттанғысыз баға алғандар қосымша өзіндік дайындықтан кейін, бірақ қорытынды аттестация емтихандары өткізілген күннен бастап кемінде 5 жұмыс күні өткен соң қайта емтихан тапсыруға жіберіледі.

Қорытынды аттестация нәтижелері хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері, оқыту ұйымының басшысы қол қояды және оқыту ұйымының мөрімен бекітіледі.

Қорытынды аттестациядан өткен оқытындарға оқыту ұйымы осы курсты бітіргені туралы куәліктер береді. Көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау бағдарламалары бойынша оқу курстарын бітіргені туралы куәліктер осы көлік құралдарын басқаруға құқық беретін құжат болып табылмайды, ол көлік құралдарының тиісті санаттарын басқару құқығына жүргізуші куәлігін алу үшін емтихандар тапсыру кезінде ішкі істер органдары жол полициясының тіркеу-емтихан бөлімшесіне ұсынылады. Куәлік жоғалған жағдайда оқыту ұйымы жазбаша өтініш және емтихан комиссиясының хаттамасы негізінде өтініш берілген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде «Телнұсқа» береді.

#### **Оқу-материалдық базасын дамыту және жетілдіру.**

Білікті жүргізушілерді даярлау үшін ең алдымен оқу ұйымдарында оқу сапасы мен материалдық базасы жоғары дәрежеде жабдықталғаны жөн. Оқу ұйымы мынадай сыныптармен міндетті түрде жарақталуы тиіс:

1. әдістемелік кабинетпен;
2. көлік құралдары құрылғыларының сыныбымен;
3. көлік құралдарын пайдалану сыныбымен
4. Жол қозғалысы ережелері сыныбымен;
5. қозғалыс қауіпсіздігі сыныбымен;
6. медициналық даярлық сыныбымен;
7. еңбекті қорғау сыныбымен;
8. көлік құралдарының құрылғылары жөніндегі зертханамен;
9. көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету жөніндегі зертханамен;
10. автотренажерлар сыныбымен;
11. үйрету көлік құралдарымен жарақталады.

Оқу сыныптарының, зертханалардың саны және мазмұны тиісті оқу жоспарлары мен бағдарламаларының талаптары негізге алынып айқындалады.

«А» және «В» санаттарындағы көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау кезінде құрылғылар мен техникалық қызмет көрсету, Жол қозғалысы ережелері, қозғалыс қауіпсіздігі және медициналық дайындық сыныптарын біріктіруге рұқсат етіледі.

Теориялық сабақ өткізуге арналған сыныптарда (кабинеттерде) оқытушының жұмыс орны, сынып тақтасы, бір мезгілде 30 адамға дейін отырғызу есебімен үстелдер мен орындықтар және жекелеген бөлшектерді көрсетуге арналған шолу үстелі болуы тиіс. Жабдықты, макеттерді, стенділер мен қалқандарды орналастыру қауіпсіздік талаптары сақтала отырып, жүргізілуге және еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Орнатылатын оқу жабдығы толықтай анық көрінетін, пайдалану үшін ыңғайлы болуы тиіс. Зертханаларда жабдықталған оқу орындары болуы тиіс. Әрбір оқу орны жұмыс үстелімен, оқу жабдығымен, құрал-сайман жинағымен, аспаптармен және құрылғылармен, оқу құжаттамасымен (тапсырманы орындау жоспарымен, еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен, нұсқау-технологиялық картамен, оқу жабдығы мен құрал-саймандар тізімдемесімен) жабдықталуға тиіс. Оқу орындары мен жабдықтарды орналастыру еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптары ескеріле отырып, жүргізілуі тиіс. Оқу құжаттамасы жұмыс үстелінде орналасқан рамаларға орналастырылады.

Үйрету көлік құралдарында «Үйрету көлік құралы» деген айырым белгісі, оқитынға арналған қосымша артқы көрініс айнасы мен қосымша ілініс және тежегіш педальдары болуға тиіс.

## ӘДЕБИЕТ

1. Киялбаев А.К. Экологическая безопасность при эксплуатации автомобильных дорог и городских улиц.- Алматы: НИЦ Ғылым, 2003.-300 с.

2. Борисюк Н.В, Киялбаев А.К. Экологическое состояние городских улиц и дорог и факторы его определения

3. Чулаков П.Ч. Теория и практика обеспыливания атмосферных карьеров.- М....Недра, 1973. -160 с.

4. Семутникова Е.Г. Машкина А.Б, Никитин Е.В, Раткин И.Н. Исследование уровня загрязнения атмосферного воздуха вдоль крупных городских магистралей в 1998 г.

5. ПР РК 218-29-03 Технические правила ремонта и содержания автомобильных дорог.- Астана Минтранском РК, 2003.-335 с.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются вопросы подготовки водителей транспортных средств категории А и В. В частности особое внимание уделено материально – техническому снабжению ученых классов и полигонов вождения. Особую важность приобретает и учебно-методическое обеспечение учебы будущих водителей.

### **SUMMARY**

The article deals with the training of drivers of vehicles of category A and B. In particular, special attention is given to the material - technical supply of scientists classes and driving ranges. Of particular importance is the teaching and methodological support training of future drivers.

ӘОЖ 378. 075. 8


## СОЗЫЛУ ЖӘНЕ СЫҒЫЛУ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМ ЭЛЕМЕНТТЕРІН БЕРІКТІККЕ ЕСЕПТЕУ

**Шакизада Бақберген, Серікбай Тұрсынтай, Жолшиев Айбек,  
Амангелді Гүлжайна, Жеткербекұлы Тұрар, студенттер;  
Боранбаев Бейсен Таганбаевич, аға оқытушы,  
«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы**

Берілген өлшемдермен қоставрлы профильден жасалған колоннаның беріктігін тексеру қажет.

Колонна материалы үшін ( Ст.3 маркалы болат) созылу кезіндегі рұқсат етілген кернеу мәні  $[\sigma_{соз.}] = 160 \text{ Мпа}$ , ал сығылу деформациясындағы рұқсат етілген кернеу шамасы  $[\sigma_{сыг.}] = 120 \text{ Мпа}$ .

Шамадан тыс немесе жеткіліксіз жүктелген жағдайда колоннаның тиімді беріктігін қамтамасыз ететін қоставрлардың жаңа өлшемдерін таңдаңыз (а-сурет).



Шешуі: 1. Қарастырылып отырған құрылым I және II бөліктерден тұрады. Бөліктердің шегаралары ретінде сыртқы күштер түсірілген қималар алынған. Арқалыққа түсірілген күштер оның орталық бойлық осі бойымен орналасқандықтан, көлденең қималарда тек бір ғана ішкі күштер факторы – ол  $\vec{N}$  бойлық күші пайда болады, яғни арқалықта созылу (сығылу) деформациясы орын алады.

Бойлық күштерді анықтау үшін қию әдісін қолданамыз.

Әрбір бөліктердің шектерінде ойша қималар жүргізіп, арқалықтың төменгі бекітілген бөлігін алып тастап, қарастыруға жоғарғы бөліктерін қалдырамыз.

I-ші бөлікте бойлық күш  $\vec{N}$  тұрақты және  $N_I = -F_1 = -230 \text{ кН}$ ;

II-ші бөлікте де бойлық күш тұрақты және  $N_{II} = -F_1 - F_2 = -230 - 180 = -410 \text{ кН}$ .  $N_I$  және  $N_{II}$ -нің теріс таңбалары арқалықтың I және II бөліктерде сығылу деформациясында екенін көрсетеді.

2.  $\vec{N}$  бойлық күштерінің эпюрасын құрамыз (б-сурет). Арқалықтың осіне параллель эпюраның негізгі (нольдік) сызығын жүргізіп, оған перпендикуляр бағытта еркін масштабпен  $N$ -ның алынған мәндерін саламыз. Эпюра негізгі сызыққа параллель түзу сызықтардан құралған.

Арқалықты беріктікке тексереміз, яғни есептеу кернеуін анықтап (әрбір бөлікке жеке-жеке), оны рұқсат кернеу мәнімен салыстырамыз.

Ол үшін сығылу деформациясындағы  $\sigma = N/A \leq [\sigma_{\text{бтг}}]$  беріктік шартын қолданамыз, мұнда  $A$  ауданы – көлденең қима беріктігінің геометриялық сипаттамасы болып табылады.

3. Ыстықтай жәмшілген болат қостаवरлар кестесінен (8239-89 Мем.Ст.) алатынымыз: №20 қоставр үшін -  $A_I = 26,8 \text{ см}^2 = 26,8 \cdot 10^{-4} \text{ м}^2$ ;

№30 қоставр үшін -  $A_{II} = 46,5 \text{ см}^2 = 46,5 \cdot 10^{-4} \text{ м}^2$ ;

Беріктікке тексеру:

$$\sigma_1 = \frac{N_1}{A_1} \leq [\sigma_{\text{бтг}}]; \quad \frac{230 \cdot 10^3}{26,8 \cdot 10^{-4}} = 86 \cdot 10^6 \text{ Па} < 120 \cdot 10^6 \text{ Па}.$$

$$\sigma_{1I} = \frac{N_{1I}}{A_{1I}} \leq [\sigma_{\text{бтг}}]; \quad \frac{410 \cdot 10^3}{46,5 \cdot 10^{-4}} = 88,5 \cdot 10^6 \text{ Па} < 120 \cdot 10^6 \text{ Па},$$

Мұндағы: рұқсат етілген кернеу  $[\sigma_{\text{бтг}}] = 120 \text{ МПа} = 120 \cdot 10^6 \text{ Па}$  және бойлық күштер

$$N_I = 230 \text{ кН} = 230 \cdot 10^3 \text{ Н}. \quad N_{II} = 410 \text{ кН} = 410 \cdot 10^3 \text{ Н}.$$

Бойлық күштер мәні абсолют шамаларымен алынған.

Арқалықтың беріктілігі қамтамасыз етілген, бірақ жеткілікті жүктелмеген (25% - дан астам), ол материалдың шамадан тыс жұмсалыуына әкеліп соғады.

Беріктік шартына байланысты, арқалықтың әрбір бөліктері үшін қиманың жаңа, тиімді өлшемдерін анықтаймыз:

$$\sigma_1 = \frac{N_1}{A_1} \leq [\sigma_{сығ}]; \quad \frac{230 \cdot 10^3}{A_1} = < 120 \cdot 10^6 \text{Па.}$$

Осыдан қажетті аудан  $A_1 = 19,2 \cdot 10^{-4} \text{м}^2 = 19,2 \text{см}^2$ . Мем.Ст. кестесінен №16

қоставрды таңдаймыз, ол үшін  $A_I = 20,2 \text{см}^2$ .

$$\sigma_{1I} = \frac{N_{1I}}{A_{1I}} \leq [\sigma_{сығ}]; \quad \frac{410 \cdot 10^3}{A_{1I}} = < 120 \cdot 10^6 \text{Па.}$$

Осыдан қажетті аудан  $A_{1I} = 34,2 \cdot 10^{-4} \text{м}^2 = 34,2 \text{см}^2$ . Мем.Ст. кестесінен №24,

ол үшін  $A_{II} = 34,8 \text{см}^2$ .

Таңдап алынған қоставрлар өлшемдерінде толық емес жүктемелік орын алады,

бірақ өте аз шама (5% - дан кем).

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Инженерная механика: Сопротивление материалов. Кусаинов А. А. Полякова И. М., Байниетов Т. 2. 2010 г.
2. Сопротивление материалов. Ч.1 Мартынова Т.П., Москвичев В.В., Богомаз И.В. 2008г.
3. Варданян Г.С., Б.И. Андреев, Атаров Н.М., Горшкова А.А., Сопротивление материалов с основами строительной механики. – М., 2003
4. Дүзелбаев С.Т. Инженерлік механика, Алматы, 2013

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассмотрен метод расчета элементов конструкции (колонны) на прочность при деформации растяжения. При расчете на прочность размеры элементов конструкции определяются из условия, чтобы при действиях заданных нагрузок была исключена опасность разрушения. С этой целью найдены значения продольных сил, расчетные напряжения и исходя из них, подобраны номера стандартных двутавровых балок.

### **SUMMARY**

This article describes a method for calculating the structural elements (columns) tensile strain. When calculating the strength of the size of the structural elements are determined such that at given loads of action was no danger of destruction. For this purpose, the values found longitudinal forces calculated based on voltage and of them, chosen number of standard I-beams.

**ӘОЖ 615.8-7**

## **ЖҮРЕК-ӨКПЕ РЕАНИМАЦИЯСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ ТӘСІЛДЕРІН ЖҮЙЕЛЕУ**

**Айтимова Нүрсұлу Жомартқызы, оқытушы,**  
*«Болашақ» медициналық  
колледжі, Қызылорда қаласы*

Кенеттен қатты ауырғанда, мертiгiп, жарақаттанғанда және адамның денсаулығы мен өміріне қауіп төнетін басқа да жағдайда дәрігер келгенше не ауру (жарақаттанған) адамды емдеу мекемелерге жеткізгенше алғашқы қарапайым жәрдем шаралары жасалуға тиіс.

Алғашқы жәрдемнің ең басты шарасы — өміріне қауіп төнген адамды өлімнен арашалау (яғни дәрігерге дейінгі реанимация). Әдетте, адам өлген сәтте, оның әр түрлі органдары мен организміндегі тканьдер тіршілігін сол бойда емес, бірте-бірте тоқтатады, сондықтан оның қызметін, соның ішінде негізгі тіршілік қызметін де — қан айналымы мен тыныс алуын — кейбір жағдайда қалпына келтіруге болады [1, 25 б.].

Өлім адамның ақырғы кезеңі. Өлім қандай тез болғанмен оның бірнеше кезеңі болады: жанталас алды, жанталас, клиникалық өлім. Клиникалық өлімнің себебі: ауыр жарақаттар, қатты улану, суға бату, электр жарақаты, жүрек аурулары, тұншығу, талықсу, өсімдіктердің және жәндіктердің уымен улану т.б.

Бірінші кезеңде зардап шегуші ес-түсінен айырылмайды, халі нашар, денесінің түсі бозарады, суық тер басады, сұраққа дұрыс жауап бере алмайды, тамырының соғуы жиі және әлсіз, артериялық қысымның көрсеткіштері төмендейді, ауырсынып жиі дем алады, жүректің соғуы әлсірейді, көздің қарашықтары өз қалпында жарыққа тітіркенеді, алмасу процесстары организмде жүріп жатады. Бұл кезең бірнеше минуттан бірнеше сағатқа созылады.

Екінші кезеңде – зардап шегушінің ес-түсі бірде бар бірде жоқ, халі одан сайын нашарлайды, сұраққа жауап бермейді, терінің түсі және кілегей қабықтары көкшіл тартады, денесі сүп-сұық, тамырлар жіңішкеріп қылдай болып кетеді, соққаны өте әлсіз, демі үстіртін, артериялық қысым одан сайын төмендейді, алмасу процесстар нашарлайды. Бұл кезең ұзаққа созылмайды.

Үшінші кезеңде – зардап шегуші ес-түссіз, денесі сұр тартады, ұйқы тамырының соғуы байқалмайды, демі жоқ, көздің қарашығы үлкейеді, жарыққа мүлдем өзгермейді. Бұл кезең орташа алғанда 5-6 минутқа созылады [2, 73 б.].

Клиникалық өлімді анықтағаннан кейін тез арада кешіктірмей реанимация әдістерін жасауға кірісу керек. Реанимациялық шаралардың мақсаты – жүрек және тыныс алу, сонымен қатар ми функцияларын қалпына келтіру. Сондықтан реанимациялық шаралар жүрек-өкпе-ми реанимациясы деп те аталады. Алайда жүрек-өкпе реанимациясы деген түсінік дұрыс болады, себебі ми қыртысының қалпына келуі, тек қанайналымы мен тынысы қалпына келгенде ғана орын алады [1, 51 б.].

Реанимация деген сөз латынның *reanimatio* – тірілту деген сөзінен шыққан, ол организмнің өмірге маңызды функциясын қалпына келтіруге бағытталған, терминальды жағдай мен клиникалық өлімде орындалатын шаралар жиынтығы.

Жүрек және өкпенің қызметі тоқтағанда организмдегі заттек алмасу күрт төмендейді, алайда анаэробты гликолиз механизмінің арқасында ол толық тоқтамайды. Сондықтан клиникалық өлім қайтымды жағдай, ал оның ұзақтығы қанайналымы мен тынысы толық тоқтаған жағдайда ми қыртысының өмір сүру уақытымен анықталады. Солай бола тұрса да клиникалық өлімнің қайтымдылығы тиімді жасалған реанимациялық шараларда ғана мүмкін.

Гипоксияға ми жасушалары сезімтал болғандықтан терминальды, агония алдындағы жағдайда науқас есін жоғалтады, содан кейін гипоксия өршіген сайын көз қарашығы кенейеді, қасаң қабықтың (раговица) рефлексі жойылады, қантамырды қозғаушы және тыныс алу орталықтары күйрейді. Ми қыртысының жасушалары қанайналымы болмаған жағдайда 3-5 минуттан кейін өледі.

### ***Жүрек-өкпе реанимациясы***



Әдеби жазбалардан дүниежүзінде реаниматологиялық шаралар ABC-алгоритмі бойынша орындалатынын көруге болады. ABC ережесін 1983 жылы П.Сафар әзірлеген, онда арғонихмді біртіндеп тіріліту кезеңдері көрсетілген, енді соған тоқталып көрелік.

Жалпы ABC – алгоритміне жатады:



- Airway – тыныс жолдары өткізгіштігінің қалыпқа келуі;
- Breathing – тыныстың қалыпқа келуі;
- Circulation -Airway – тыныс жолдары өткізгіштігінің тыныс жолдарының бұзылуы орын алады;
- науқас есінен таңғанда, көмекейдің артқы қабырғасына қарай тілдің ығысуында (заподение);
- ауыз қуысында қан, сілекей, құсықтың жиналуында;
- тыныс жолдарының (жоғарғы) ісінуінде, бөгде болуында.

Тыныс алу жолдарының жартылай бітелуі де өмірге қауіпті. Әсіресе осы кезде науқастың басын биік жастыққа орналастыру – өлімнің басты себебі болуы мүмкін.

Тыныс алу өткізгіштігін қалпына келтіру үшін науқасты тегіс, қатты жерге жатқызып, Сафардың үштік әдісін жасауға кіріседі: бұлжағдайда есін жоғалтқан зардап шегушілерде тыныс алу жолдарының өткізгіштігі қалпына келеді, оның басты себебі көмекеймен төменгі жақтың арасындағы тіндер созылады, тілдің түбі алға қарай жылжиды. Егер зардап шегушінің мойын омыртқалары зақымданса, мұндай амалды орындаудан бас тарту керек.

1) Зардап шегушінің басын барынша шалқайту.

2) Төменгі жақты алға қарай жылжыту. Ауыз қуысында және жұтқаншақта қан, сілекей, құсық болса оны саусақпен шұғыл түрде тазалайды. Осы амалды орындаған кезде зардап шегушінің басын бір жағына қарай бұрады.

Жоғарыдағы амалдарды жасауға бір минуттан аз уақыт жұмсалады.

Осыдан кейін келесі **В кезеңге** көшеді – breathing, тыныс алудың қалыпқа келуі;

Егер тыныс алу жолдары ашық болса және үрлегенде ауа өкпеге енсе, өкпені жасанды желдетуді бастайды. Ал егер үрлегенде өкпеге ауа өтпесе, тыныс алу жолдарында бөгде заттың болуын болжау керек. Осы кезде орындалады:

1) Сұқ саусақпен немесе 2-3 саусақтарды жұтқыншаққа енгізіп, бөгде затты алып тастауға тырысады (саусақты пинцет тәрізді ұстау керек);

2) Ессіз жатқан зардап шегушіні бір жанына жатқызып, екі жауырыны ортасынан алақанның проксимальдық бөлігімен 4-5 рет қатты соғады немесе зардап шегушіні шалқасынан жатқызып, іштің жоғарғы бөлігін екі қолмен итеру (толчок) арқылы басады (бұл Хайлик амалы).

Кейінгі екі амал тыныс жолдарындағы қысымды жоғарылатып, бөгде затты «итеріп шығарады».

Егер науқастың есі сақталса, осы екі амалды тік тұрған қалпында орындайды.

S – тәрізді ауа өткізгіш түтікті орнату тіл түбін тұрақтайды, оның обтурациясын болдырмайды. Түтікті білік өсі бойымен бұрай отырып енгізеді, түтік болған кезде реанимациялық шаралар тиімді орындалады.

Егер тыныс алу жолдарын қалпына келтіргеннен кейін зардап шегушінің тыныс алуы байқалмаса, экспираторлық әдіспен – «ауыздан-ауызға» немесе «ауыздан-мұрынға» амалдары арқылы өкпені жасанды желдетуге (ӨЖЖ) көшу керек.

Құтқарушы өз қауіпсіздігі үшін масканы немесе қол орамалын қолдануға болады. Құтқарушы ауаны өзіне терең тартып, науқастың мұрның екі саусағымен жапқан соң, өз ернімен зардап шегушінің ауызын тығыз жабады да ауаны оның өкпесіне үрлейді.

Жасанды желдету кезінде науқастың кеудесі көтеріледі, содан кейін пассивті (енжарлы) төмен түседі, минуттағы жасанды желдету жиілігі зардап шегушілердің жасына байланысты, бір жасқа дейінгі балаларды 40-35 рет, 2-4 жастағы балаларда 100-110 рет 4-8 балаларда 36-24 рет, 8 жастан үлкен балалар мен ересектерде 24-30 рет.

«Ауыздан-мұрынға» амалымен жасанды желдету әдісі зардап шегуші ауызын аша алмағанда (ауыз қуысының жаракатында) орындалады. Осы кезде зардап шегушінің ауызы тығыз жабылған, құтқарушы ерінімен зардап шегушінің мұрның қамтып тыныс береді. Алайда оның тиімділігі біршама төмен. Ол амал жаңа тұған нәрестелерде қолданылмайды.

Дәрігерлік көмек кезінде ӨЖЖ Амбу қапшығы қолданылады. Амбу қапшағын қолданғанда ӨЖЖ физиологиялық негізін жақсартады, себебі өкпеге оттегімен қаныққан атмосфера ауасы үрленеді. Сонымен қатар ол гигиеналық тұрғында ұтымды. Қапшықтың маскасын бетке орналастыру үшін дәрігер үлкен саусағымен мұрның аймағына, сұқ саусағын иегіне орналастырады ал қалған саусақтарымен төменгі иекті жоғары қарай тартады (зардап шегушінің ауызын маскамен толық тығыз жабу үшін).

***С кезеңі – circulation, қанайналымын қалпына келтіру (жүрек реанимациясы)***

Зардап шегушінің ұйқы және сан артериясында пульсация анықталмаса, шұғыл түрде жүрекке жасанды массаж жасауға кірісу керек.

Жүрекке жабық массажды орындау тәртібі:

- Зардап шегушіні шалқасынан қатты жерге жатқызады (жерге немесе тақтайға);
- Құтқарушы бір алақанының негізін екінші алақанын үстіне қойып төстің семсер тәрізді өсіндісінен екі елі жоғары жерде орналастырады. Кеудеге саусақтарды тигізбеу үшін саусақтарды барынша жазу керек;

- Білекті тік ұстап денемен қималдауға талпынады,шынтақ буынын бүкпеуге тырысу керек;

- Кеудені тік бағытта басып төсті 4-5 см-ге төмен қарай ығыстыру жеткілікті,содан кейін қолды кеудеден алмай босатады;

- Ересектерде кеудені босудың жиілігі 1 минутта 80-100 болу керек.

Жүрек төс пен омыртқа жотасы арасында қысылып,қан жүректің қарыншаларынан аорта мен өкпе артериясына қарай айдалады. Жүрек камералары қанға енjarлы (пассивті) толады. Массаждың нәтижесі перефириядағы тамырларда пульстің пайда болумен бағаланады.

Жүрекке жабық массаж барысында қабырғалар мен төстің сынуы, кейде өкпе тінің жарақаттануы, гемопневмоторакс орын алуы мүмкін. Ол кеуде қабырғаларының майысқақ қасиеті төмен, егде жастағы адамдарда байқалады. Алайда осындай асқынулар жүрек реанимациясына кері көрсеткіш бола алмайды.

Реанимация шараларын екі адам орындағанда оның тиімділігі артады,осы мақсатта бірі жүрекке массаж жасаса, екіншісі өкпеге жасанды желдетуді жүргізеді, массаж бен ӨЖЖ қатынасы 2:30 болу керек.

Егер бір адам көмек көрсетсе онда желдету жылдамдығы мен массаж қатынасы 2/30 болады (2 тыныс беру 30 интервал жасау).

Реанимациялық шаралардың тиімділігі көз қарашығының тарылуы және оның жарыққа реакциясы пайда болумен бағаланады.Жүрек функциясының қалпына келуін ұйқы және сан артериясында пульстің пайда болумен анықтайды.

Реанимация жетістіктері науқастарды бақылауды қажет етеді, себебі кейбір жағдайда клиникалық өлім қайталануы мүмкін.

Егер 30-40 минутта көз қарашығы кең, науқастың тынысы анықталмай және жүрек қызметі қалпына келмесе реанимациялық шараларды тоқтатылады.

### ***1 жасан 8 жасқа дейінгі балалардағы жүрек-өкпе реанимациясы:***

Егер бала есін жоғалтса,тынысы анықталмаса және иық артериясында пульсы анықталмаса (балаларда ұйқы және сан артерияларында пульсті анықтамайды,ол иықтың ішкі жағынан анықталады) бірден жүрек-өкпе реанимациясын орындауға кіріседі,ол үшін:

- Баланы қатты жерге жатқызады;
- Басын артқа қарай шалқайтып,тыныс алу жолдарын ашады;
- Жүрекке массажды бір қолдың алақанымен жасайды;
- Массаж кезінде баланың төсі 2-3 см ығысуы жеткілікті;
- 1 минутта 100-120 қимыл жасалады;
- Тыныс беру мен массаждыңқатынасыминутына 1/5 орындалады.

Нәрестеге жүрек-өкпе реанимациясы орындау ерекшелігі:

- 1 жасқа дейінгі балада массаж сұқ және ортаңғы саусақтармен жасалады;

- Массаж кезіндетөс 1,5 см төменғысукерек;

- Пульсті иық артериясынан анықтайды [3, 21, 27-28 б.].

Егер жүрек-өкпе реанимациясының нәтижесі болса, кеуде қуысын көтеріп, тыныс жолдарына бөгет жасаған бөгде заттарды іздейді. Ол үшін келесі әдістер қолданылады:

- 1) Реаниматор нәрестенің басы мен мойынын ұстап, басын төмен қарай салбыратып, баланы өз тізесіне жатқызады.

- 2) Нәрестенің басын төмен қаратып денесінен немесе аяғынан ұстап сілкейді.

Ауру адамның қан айналысын қалпына келтіріп, тыныс алуын қолдан қамтамасыз ету оның жүрегінің өз бетінше соғуы мен тыныс алуын қалпына келтірмегеннің өзінде де, клиникалық өлім күйін ұзартып, биологиялық өлім күйіне жібермеуге, сөйтіп жедел жәрдем бригадаларының дер кезінде тиімді әрекет жасауына мүмкіндік береді [4, 240 б.].

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Багненко С.Ф., Верткин А.Л, Мирошниченко А.Г., Хабутия М.Ш. Руководство по скорой медицинской помощи. ГЭОТАР-Медиа, 2006 г.

2. Богоявленский И.Ф. Доврачебная помощь при неотложных критических состояниях. Санкт-Петербург, «Гиппократ», 2003 г.

3. Ахмеров Ф.Р. Легочно-сердечная и мозговая реанимация. и др. Казань, 2002 г.

4. «Тіршілік қауіпсіздігі» курсы бойынша жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы, II кітап, Алматы: 2003ж. 240 бет

ӘОЖ 94/99:951/959(574)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ - ЕҢ ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

**Ибраева Гүлсезім Дастанқызы**, студент;  
**Кипшакбаев Қанат Зейноллаұлы**, педагогика ғылымдарының  
магистрі,  
«Болашақ» колледжі, Қызылорда қаласы

*"Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір  
қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі"*

Н.Ә.Назарбаев

Қазақ - барша тарихы азаттық үшін жүргізілген күрестер мен тартыстардан, шайқастар мен соғыстардан тұратын халық. Жер кіндігінде, өркениеттер тоғысында орналасқан бабаларымызды тарих пен тағдырдың сан алуан сынынан үнемі аман алып шыққан ең асыл мұрат ұрпақ жалғастығын үзбей, ұлт ретінде сақталып қалу болды.

Елбасымыздың сан қатпарлы ата тарихының бар ақиқатын жинақтаған: "Тәуелсіздік-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, біздің буын жүзеге асырған ең қасиетті құндылық", - деген асыл сөздеріне аса терең мағына мен әлі талай ұрпаққа жететін мол тағылым бар.

Биыл барша қазақтардың ең қасиетті құндылыққа қол жеткізгеніне тура 25 жыл толады.

XX ғасырдың 80-ші жылдарында Кеңес Одағының саяси, экономикалық жүйесі тығырыққа тіреліп, алып империя өзінің қоғамдық өмірдің бар саласын қамтыған ең соңғы дағдарысты кезеңіне аяқ басты. Оның басты себебі, бүгінгі саясаткерлердің басым көпшілігі жазып жүргендей, М.Горбачевтың жайдақ сөз, жадағай уәдеге негізделген жалаң саясаты немесе жеке-дара билікке ұмтылған Б.Ельциннің Одақты бөлшектеуге негізделген мансапқорлық іс-әрекетінен ғана емес, көп ұлтты, алуан мүдделі, қарудың күшімен біріктілген империялардың тарихында болмай қоймайтын заңдылықтардан туындады.

Кеңес Одағының даму тарихында Мәскеудің үстемдігі күшейген сайын одақтас республикалардың наразылығы арта түсті. Ұлттық мәдениет пен тілдердің тынысы тарылған сайын республика халықтарының қарсылығы мен ашу-ызасы да өрши берді. Одақ өнеркәсібінің техника, технологиялық жағынан артта қалуы мен

экономика дамуындағы диспропорциялар халық тұтынатын ең қарапайым тауарлардың жетіспеушілігіне дейін әкеп соқтырды.

М. Горбачевтің ешбір экономикалық негізі жоқ көпірме, көп сөзге негізделген қайта құру саясаты онсыз да кетуі кете бастаған Одақтың ғана емес, бүкіл социалистік жүйенің күйреуін жеделдете түсті. Бөліну, ыдырау үдерісі Еуропадан басталды. Соғыстан кейінгі 45 жыл ішінде ғана социалистік жүзеге қосылған Шығыс Еуропа елдері 1989 жылы Кеңес Одағы ықпалынан құтылып, келесі 1990 жылы оларға Прибалтика республикалары қосылды. Бұл жарты әлемді билеген Кеңес Одағы күш-қуатының әлсіреп, оның жер-жаһанды қамтыған жаңа саяси үдерістерді басқаруға дәрменсіз екендігін бүкіл әлемге әйгілеп берді.

91-ші жыл "мызғымас" Одақ құрамындағы барлық республикалардың түгелдей өз тәуелсіздігін жариялаумен тарихта қалды. Әуелі 9 сәуірде - Грузия, 24 тамызда - Украина, 27 тамызда - Молдавия, 31 тамызда - Өзбекстан, ал қыркүйек-қазан айларында - Армения, Қырғызстан, Әзірбайжан, Тәжікстан, Түркіменстан, желтоқсанда - Ресей, Қазақстан, Белоруссия өз тәуелсіздігін жариялап, Кеңес Одағы атты алып империя біржолата күйреп тынды.

Кеңес Одағы келмеске кетсе де, оның соңында әлі күнге дейін шешілмеген күрмеуі қиын, тіпті көне ғасырлардан тамыр тартқан көптеген түйінді мәселелер қалды.

Ресей империясы өзі дәуірлеп тұрған кейінгі екі ғасыр ішінде асқан озбырлықпен жүргізілген отаршылдық саясат негізінде жүзге жуық ұлт пен ұлысты бағындырды. Сталиндік заманда Одақ құрамындағы тұтас халықтар ежелгі атақоныстарынан жер аударылып, ұлт мәселесі әбден шиеленісіп кетті. Қалыптасқан тарихи жағдайды ескерместен большевиктік ұрда-жық комиссарлар қолымен сызылған шекаралар ұлтаралық жағдайды одан әрі ушықтырып, көрші республикалар арасына сызат түсті. Жер дауы Кеңес Одағының соңғы кезеңінде-ақ сыр бере бастаған ұлтаралық жанжалдар мен қарулы қақтығыстарға ұласты.

Үлкен Кеңес Энциклопедиясының Бас редакциясы 1985 жылы шығарған "Демографиялық энциклопедиялық сөздіктің" деректері бойынша, 1979 жылы Арменияда армяндардың үлес салмағы 89,7 пайыз, Грузиядағы грузиндердер -68,8(орыстар-7,4, қалғаны өзге ұлттар),Әзербайжандағы әзербайжандар -78,1,Украинадағы украиндар-73,6. Молдавиядағы молдавандар-63,9 пайыз болатын. Прибалтика мен Орталық Азия республикаларындағы жергілікті ұлт өкілдерінің үлес салмақтары аталған республикалар көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары еді. Тек бір ғана Қазақстанда қазақтар өз елінде отырып азшылықта қалып, сол кезде республика

халқының 40,8 пайызын құраған орыстардан кейінгі 36 пайызбен екінші орынға ғана табан тіреген болатын.

Арада он жылдан астам уақыт өтіп, 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезде өз атақонысында отырған қазақтардың саны 40 пайызға енді ғана жеткен еді.

Кенес Одағы құрылып, 1924 жылы жергілікті халықтың тарихи тұрғыдан қалыптасқан ежелгі қоныстануын ескерместен жүргізілген Орталық Азиядағы ұлттық-территориялық межелеу барысында болашақта өршімесе басылмайтын жер дауына айналатын өрескел кателіктер жіберілді. Оның үстіне басмашыларға қарсы аяусыз күрес жүргізілгенде тәжік, өзбек, түрікмен элитасы Ауғанстанға үдере көшіп, олар 30 -шы жылдарға дейін талай мәрте шекараны бұзып, кеңес өкіметінің жергілікті билік өкілдерін қырғынға ұшыратып отырды.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда бір ұлттың өз ішіндегі береке бірлігінің жоқтығынан ең көп зардап шеккен халықтардың бірі бізбен ежелден төсекте басы, төскейде малы қосылған қырғыз халқы болды.

Тек Қырғыстанды ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатқан 1992 жылғы әйгілі Баткен, 2002 жылғы Ақсай оқиғалары, 2005 жылғы наурыздағы "қызғалдақтар төңкерісі", 2010 жылғы Құрманбек Бакиевті биліктен тайдыру мақсатындағы көтерілістер елдің экономикасын әбден титықтатып, халықтың берекесін кетірді. Қаншама адам қаза болды, түрмеге жабылды. Кәсіпорындар тоқтап, ғимараттар өртелді. Миллионға жуық адам Қазақстан мен Ресейге қоныс аударды. Қарапайым халықты былай қойғанда, осы елдің екі бірдей бұрынғы басшысы әлі күнге дейін шет елдерде бас сауғалап жүр. Осының бәрі әуел бастан мемлекет тізгінін ұстаған тұлғаның халықтың береке-бірлігін сақтай алмауынан туындады.

Басшысы дана елдің табысы тасып, абыройы асады, ал басшысы шала елдің қуаты азып, құты қашатынын посткеңестік елдердің тарихы айқын дәлелдеп берді. Тәуелсіздігін жариялаған кезде 14 одақтас республикалардағы жергілікті ұлт өкілдері өз елінде басым көпшілікті құрап, мығым отырды. Сондықтан, ежелгі атамекенінде отырып азшылыққа айналған қазақтарға әлем жұртшылығы: "Осылардың ендігі тағдыры қалай болар екен?" деп мүсіркей қарады. Жағдайдың оңай еместігін Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңын қараған Жоғарғы Кеңестің 1991 жылғы 14 желтоқсанда өткен 12-ші шақырылған 7-сессиясы дәлелдеп берді.

Қазақ сияқты "мың өліп, мың тірілген" халқ әліптін артын баға отырып, өз тәуелсіздіген жариялауға кіріскен кезде орыс тілді

депутаттардың бір тобы ашықтан-ашық заң жобасына қарсы шығып, арандатушылық әрекеттерге басты.

Тәуелсіздік - кейбіреулер айтып жүргендей, қазақтарға өздігінен келе салған Тәңірдің сыйы емес. Кеңес Одағындай алып империя ыдырап, ұзақ жылдарға созылған қарулы қан-төгістер мен қақтығыстар орын алған күрделі заманда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың аса үлкен стратегиясымен жүзеге асқан "барша қазақстандықтар үшін ең қасиетті құндылық".

Жоғарыда нақты дәлелдермен атап көрсеткеніміздей, сол кезеңде қалыптасқан ішкі және сыртқы жағдай мен саяси күштердің ара салмағын ескерсек, тәуелсіздігін асығыстау жариялаған посткеңестік елдердің бәрінде дерлік саяси төңкеріс пен қарулы қақтығыстар орын алды. Кейде ойланбай жасалған бір ғана әрекеттің өзі тұтас ұлтты орны толмас трагедияға ұшыратып, мемлекет тәуелсіздігінің сақталып қалу-қалмауының өзін күн тәртібіне шығарды.

Сондықтан әрқашан кең ақыл, кемел парасатпен шешім қабылдайтын Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіздік жариялауды асқан сақтық, қырандай қырағылыққа сабырлы да сындарлы саясатпен жүзеге асырды.

Еліміздің тәуелсіздік алғанда бізге әлемдегі тоғызыншы территория саналатын ұлан-ғайыр жер қалды. Егер Қазақ хандығының бес жарым ғасырлық тарихына көз жіберер болсақ, оның алғашқы бөлігі Жоңғар және Орталық Азиядағы түрлі хандықтармен атақоныс үшін жан алысып, жан беріскен алапат соғыстармен, ал екінші бөлігі әуелі Ресей, кейін Кеңес Одағы құрамында болған 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілістермен өткен екен. Тек осының өзі ғана біздің бабаларымыздың бүкіл ғұмыры ұлт болып сақталып қалу үшін үздіксіз күреспен әрі тартыспен өткенін айқан аңғартады. Осындай толассыз қақтығыстар қазақ халқын әлемдік өркениет пен үдерістің көптеген жетістіктерінен қалыс қалдырды.

Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қана қоймай, дамудың даңғыл жолына түсу үшін ақыл мен парасатқа негізделген сарабал саясат ұстанды. Кемеңгер басшы шетін саналатын шекара мәселесін байыпты, байсалды саясаттың арқасында әуелі Қытай Халық Республикасы, Ресей сияқты алып көршілерімізбен, кейін Орталық Азиядағы Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан мемлекеттерімен сәтімен шешіп, оны халықаралық құжаттармен біржолата шегендеді. Осылайша Елбасы қазақ халқының адал перзенті ретінде бүгінгі және болашақ ұрпақтарымыздың алдындығы өз борышын абыроймен атқарып, олардың алаңсыз өмір сүруі үшін берік кепілдік жасады. Еліміздегі әр алуан ұлт пен ұлыс өкілдерінің басын қосқан бірегей мемлекеттік



институт - Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, оның құзыретін Ата заңымыз арқылы бекітті. Күн сайын әлемнің әр тарапында ұлтаралық қақтығыстар орын алып жатқанда дүниежүзінде ең көп ұлтты мемлекеттер қатарында саналатын Қазақстанның дәл осы шетін мәселені қисынмен шешкен тәжірибесін Біріккен Ұлттар Ұйымы бірнеше рет әлем халықтарына үлгі-өнеге ретінде ұсынды.

Елбасымыздың ұлттық экономиканы реформалауда мейлінше айқын, әділ және баршаға бірдей саясат ұстанды және ол шетелдік инвесторлардың Қазақстанға деген сенімін күшейтіп, достарымыз бен жақтастарымыздың қатарын көбейтті. Өйткені, Қазақстанға миллиардтаған инвестиция салған АҚШ пен Еуропаның ең алып компаниялары Қазақстанның саяси тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің сақталуына ерекше мүдделі болды.

Тәуелсіздік жылдары еліміз жүргізген сыртқы саясат та үнемі тату көршілік, адал әріптестік, өзара сыйластық және тәуелсіздігімізді нығайту мен мәңгілік етуге бағытталды.

Еуразиялық одақ идеясы - Жер шарының 5 миллиардтан астам тұрғындары мекен еткен құрлықтың 36 пайызын құрайтын, әлемнің 93 мемлекеті орналасқан алып материктің сауда-экономикалық байланыс жасаудағы аса мол мүмкіндіктерін пайдалануды көздеген табысы мол, перспективасы зор жаһандық идея.

Елбасымыз Тәуелсіз Мемлекет Достастығы арасынан бірінші болып 2010 жылы дүниенің ең дамыған мемлекеттерінің басын қосқан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына табыспен төрағалық етіп, оның тарихына аса маңызды тарихи құжат ретінде енген әйгілі Астана декларациясын қабылдады. Егер Қазақстанның Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымына мүшелігі оның Жер шарының шығысындағы бастамаларына жарқын жол ашса, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалығы Елбасымен бірге бүкіл Қазақ елін Еуропаның төріне шығарды. Осының бәрі барша Қазақстандықтардың ең қасиетті құндылығы - Тәуелсіздіктің арқасы.

Елбасымыз Ұлы Дала төсінде асыл бабаларымыз арман еткен тәуелсіз Қазақ елін құрды. Оны тарлан тарих үшін қас қағым сәт саналатын ғасырдың ширегіндей уақыт ішінде дүниенің төрт бұрышы түгел таныған абыройлы елге айналдырды.

Береке-бірлігі мен ынтымағы жарасқан көпұлтты Қазақстан халқы тәуелсіздік жылдары тағдыр мен тарихтың сан алуан сынынан сүрінбей өтіп, іргесі берік, ынтымағы жарасқан, экономикасы қуатты, өзінің 2050 жылға дейінгі даму жолын, өз болашағын айқындаған, халықаралық қауымдастықтағы беделі биік мемлекет атанды.

Еуразиядай алып материктің жүрек тұсында орналасқан Қазақ елінің алдында әлі талай белестер мен биіктер бар. Туған халқын

замананың сан алуан сынынан аман алып шығып, нұрлы жолмен биіктен биікке бастап келе жатқан әлем таныған Елбасы бар.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз, дербес мемлекет болғанына- 25 жыл толғалы отыр. Осы жылдар ішінде еліміз басынан көптеген қиыншылықтарды өткеріп, биік белестерді бағындырды. Әрине, тарих үшін жиырма бес жыл ұзақ уақыт емес, бірақ біздің жас мемлекетіміз үшін бұл - үлкен кезең.

Қазақстан Республикасы 1991 жылғы 16 желтоқсанда өз тәуелсіздігін жариялағаны баршамызға аян. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы "Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет" - деп жариялаған Қазақстан Республикасының Ата заңы -Конституциясы қабылданды. Негізгі байлық - адам, оның өмірі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Елтаңба, Ту және Әнұраны бар.

Қазақстан Республикасы - тәуелсіз мемлекет бола алатындығын бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет - осы мемлекетіміздің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру.Қазақстанды "Отаным" деп таныған әр азаматтың осыған әлі келгенше үлес қосуы - мұның басты шарттарының бірі. Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарды идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан - 2030" стратегиялық бағдарламасының "Қазақстан мұраты" деп аталатын бөлімінде: "...біздің бабаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады", - деп үміт артқан.

Осы 25 жыл - Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы айтулы жетістіктер кезеңі. Бұл фактрлер, әрине, қазақстандықтардың оның ішінде әрісе жастардың - патриоттық сезімінің, өз Отанына деген құрметінің артқанын көрсетеді. Қазіргі таңда 90 - шы жылдармен салыстырғанда әрбір қазақстандық өзінің Қазақстан Республикасының азаматы екентігін мақтан тұтатыны баршамызға мәлім.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақтың іргісін бірге қалаймыз" атты 2011 жылғы халыққа Жолдауында "Біздің міндетіміз - 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80% - ға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95% - ды құрауы тиіс. Енді он жылдаан кейін мектеп бітірушілерінің 100% - ы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады. Ол үшін біз бәрін де жасап жатырмыз",- делінген. Ендеше, әр қазақтың абзал борышы ең қасиетті құндылығымыз - Тәуелсіздікті бәрінен биік қойып, оны нығайтуға қалтқысыз қызмет ету, үлес қосу. Сонда ғана Ұлы дала төсіндегі Қазақ елінің тұғыры берік, рухы асқақ, абыройы биік, мемлекеттілігі

мәңгілік болады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ұлытаудағы ұлағатында: "Менің арманым - Қазақстанның мәңгі болуы! Ең жоғары бағалайтын байлығымыз - тәуелсіздік. "Қазақстан - 2050" - Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ел мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық", - деді. Лайым солай болғай! Сан ғасырлар Ұлы Даланы мекен еткен "Ұлы Дала" елінің өмірлік философиясы - "Мәңгілік Ел" идеясы ең асыл мұратымыз болсын!

### **ӘДЕБИЕТ**

1. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстан - 2030". Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Алматы: Білім, 1997.
2. Назарбаев Н.Ә. "Болашақтың іргесін бірге қалаймыз" атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы халыққа Жолдауы.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы қоғамдық идеялық бірлігінде. - Алматы: Қазақстан, 1993 ж.
4. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. - Алматы: Қазақстан, 1991 ж.
5. Мұхтар Құл - Мұхаммед. Ең қасиетті құндылық. "Егемен Қазақстан" газеті, 15 наурыз, 2016 ж.

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье кратко рассказывается история казахского народа до Независимости. Как казахи не падая духом боролись за независимость. И они этого добились. Мы празднуем 25 - летия независимости республики Казахстан. 16 декабря 1991 года принят закон о Независимости Республики и государственном суверинитете Казахстана. И политикой Главы Наций Н.А.Назарбаева мы шаг за шагом достигнули своей цели.

### **SUMMARY**

This article briefly describes the history of Kazakh people's Independence. As Kazakhs undismayed they fought for independence. And they did it. We celebrate the 25th anniversary of Independence of Republic of Kazakhstan. December 16, 1991 adopted a law on the Country's Independence and state sovereignty of Kazakhstan and politics of our President N.A. Nazarbayev step by step we have gained their objective.

ӘОЖ 329.78(574)

## ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ЖАСТАР

**Жұмабек Айдана Мейрамбекқызы, студент;**  
**Мырхиев Әбдікамал Мұқамбетқалиұлы, оқытушы,**  
*Көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжі, Қызылорда қаласы*

Мәңгілік ел болудың негізі іргетасы берік мемлекет жағдайында ғана жүзеге асатыны мәлім. Ал, іргетасы берік мемлекеттің негізі - өз болмысын сақтаған, ұлттық тәрбиеден ажырамаған ұлт жағдайында ғана нық қаланады. Қазіргі кезде әлемдік жаһандану үрдісі әлем мемлекеттеріне өзіндік оң жақтарымен қатар кері әсерін де тигізуде. Осы кезекте, әр елдің болашағы болып есептелетін жастарымыз да жаһандану үрдісі әсерінен шет қалмауда. Әлемнің біртұтастыққа айналу үрдісі жаһанданудың заңдылығы десек те, болашағын ойлаған мемлекеттер оған қарсы өз ұстанымдарын ашық білдіріп, бірқатар шаралар қабылдауда. Еліміздің жарқын болашағының кепілі – ел жастарына да, жаһандану үрдісі оң жақтарымен қатар, кері әсерін де тигізіп жатқаны белгілі. Осы орайда Қазақ елі де бірқатар шаралар қабылдағанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, Елбасымыздың «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын ұсынуы мен Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуын атап өтуімізді айрықша атап айтсақ болады. Бұл аталған шаралар Қазақ елінің болашаққа бағытталған нақты іс-шаралар жүйесінің негізгі бағыттарын айқындап берді. Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің біріне айналған жаһандану үрдісі мен жаһанданудың ел мәдениетіне тигізетін әсері бағытында жүргізілген бірқатар зерттеулер мен жарияланымдарға шолу жасап көрелік.

Алдымен, Жаһандану ұғымына тоқталсақ: Жаһандану дегеніміз - ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global — әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет енгізген (1983 жылы) америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһандану ұғымы, жалпы алғанда, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық өлшемге ие болуы деп түсіндіріледі [1].

Жаһанданудың негізгі құрамдас бөліктері:

- 1) «Менталдық» немесе мәдени Жаһандану;
- 2) Экономикалық Жаһандану;
- 3) Аумақтық Жаһандану;
- 4) Ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану;
- 5) Этникалық Жаһандану.

Жаһанданудың жағымды нәтижелері: неғұрлым жылдамырақ экономикалық даму, өмір деңгейінің жоғарылауы, техникалық жаңалықтар мен басқару дағдыларын жеделдетіп енгізу және тарату, жеке тұлғалар үшін де, ел үшін де жаңа экономикалық мүмкіндіктер туғызу.

Жаһандану үрдісінің жағымсыз нәтижелері: жаһандану тұңғыш рет біртұтас ақпараттық кеңістік арқылы әлемдік экономиканың барлық құрамдас бөліктерін — өндірісті, ғылымды, қаржыларды, тұтынуды біріктіреді. Олардың өзара тәуелділігі, ұлттық және аймақтық нарықтардың әлемдік нарықтан кез келген жағдайда окшаулануы, ол ұлтты немесе аймақты құлдырауға ұшыратады [1].

Жаһандану үрдісімен келетін білім, ғылым және технологиялық жаңашылдықтың ел дамуына тигізер пайдасы өте зор. Ал, пайдалы жақтарымен қатар келіп, ел болашағына көптеген зиян келтіретін жаһандану қауіп - қатерлеріне қарсы тұру үшін не істеу керек? Көптеген зерттеушілер оның ең тиімді шешімі – ұлттық тәрбиеге жүгіну, яғни жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде оқыту және тәрбиелеуді ұсынады. Ұлттық тәрбие негізінде ғана жастарға мемлекетшілдік, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде ұғымдарын бойларына сіңіре алатынымыз анық.

Жаһандану үрдісінің негізгі бағыттары: батыстану – бұл тек батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдаумен қатар, әлеуметтік реттеудің (адам құқығы, жеке адамның тұлғалық тұрпаты, діни сенімі, ұлттық төзімділік, әдептілік, т.б.) мәдени-өркеніеттік қалыптар кешенін де қабылдау үрдісі [2].

Ойын-сауық өндірістік кешені. Бұл – біздің қоғамымызға ақпараттық технологиялар арқылы сіңіп жатқан өте қауіпті идеология. Ойын-сауық өнімдерін енгізу, жастардың санасына тікелей әсер етудің ең тиімді жолы [3]. Бұл біздің болашағымызға жасалып жатқан ақпараттық шабуыл.

Тіл – мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің болу шарты, әрі ең жоғары құндылығы. Қазір жаһандық тіл санатына, ағылшын тілі мен қытай тілі сақадай сай дайын тұр. Жаһандану үрдісіндегі нарықтық заңдылықтар жағдайында жаһандық тілдер, ұлттың ана тілімен де санаспай өз билігін жүргізеді.

Ұлттық тарихи таным және сана мәселесі - тұтастай бір ұлттың сана-сезімін, тарихи жадын қалыптастыратын тәрбие құралы, ол өзінің тарихы екендігі хақ. Бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады. Қазіргі кезеңде әлеуметтік жадының үш деңгейінде де – жаһандық деңгейінде, ұлттық деңгейде және жеке тұлғалық дәрежеде түбірлі өзгерістер болып жатыр: адамдық индивидуалдық деңгейде антропологиялық төңкеріс орын алды, әлеуметтік немесе этностық

деңгейде ұлттық сана-сезімнің бұрын-соңды болмаған дүмпуі байқалды, ал жалпыадамзаттық деңгейде ақпараттық жаһандану үдерісін бастан кешіп отырмыз. Сондықтан, ұлтымыздың тарихын ұлықтау, оның сан ғасырлық тағылымына мән беру, сабақ алу аса қажет мәселе. Тек сонда ғана ұлттық сана нығайып, тарихи таным арта түседі. Нәтижесінде тарихи зердесі күшті халықтың рухы да асқақ болады. Ал, рухы көтерілген ел қазіргі жаһандық жағдайда ұлт болып сақталып, өзінің құндылықтары мен рухани байлығынан сусындап, жас ұрпағына дұрыс тәлім-тәрбие бере алады. Елдің келешегі жастардың алған бағытының дұрыстығына байланысты екендігі белгілі [4].

Оқулық пен оқу құралдары. Қазіргі кездегі ғылыми-техникалық жетістіктердің бірі – компьютер, смартфон болса, бұлардың жастар үшін жақсылығы мен жаманшылығы тең түсіп тұр. Тіпті, компьютер мен смартфон неше түрлі жамандықтың көзіне айналып барады. Кітапханаға, театрға барудан гөрі түнгі клубтарға, ойынханаларға барғанды қалайтындардың саны аз емес.

Осы аталған жаһандану зардаптарына қарсы тұрар ұлттық тәрбиенің негізгі көздеріне келер болсақ, олар - фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты өсиеттер, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары.

Ана тіліміз – біздің мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан тілімізге қамқор болу – мәдени мұрамызды сақтаудың тағы бір жолы. Тіл ұлт болып қалудың басты шарттарының бірі екендігі баршамызға белгілі. Сол тілімізді сақтап қалу - әрбір қазақтың қасиетті борышы. Біз қатарлы жастардың негізгі мақсаты – ана тілімізде сөйлеу арқылы оның өміршендігіне қол жеткізу. Сол арқылы келешекке біртұтас ұлт, рухы биік халық ретінде жол тарту.

Отбасы тәрбиесі. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Яғни, отбасы – қоғамның маңызды буыны және өзінше бір кішігірім ұжым. Көп ұлтты мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Осы жағынан кез келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігі деп түсінеді.

Әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, ата дәстүрі болады. Сонымен бірге жалпы қазақ отбасына ортақ дәстүрлер де бар. Оларды атап өтсек мыналар: жасы кішілер үлкендердің атын атамай, ата-әже, әпке, аға, әке деп сыйлап қарым-қатынас жасауы, сондай-ақ жасы кішілер үлкендердің, әсіресе қариялардың алдын кесіп өтпеуі, отбасы мүшелерің бірін-бірі ренжітпеуі, әрқайсысының шама шарқынша іс атқаруы.

«Ұлдың ұяты-әкеге, қыздың ұяты-шешеге» деп қараған халқымызда ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың міндеті болып саналған.

Қазақтың салт-дәстүрлері. Кең құшақты қазақ даласында бабалар дүбірі мен даналар үнімен, ата-бабалар салт-дәстүрімен тәрбие алып өскен –қазақ балаларымыз. Өз ұлтымыздың ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрімізді ұмытпауымыз керек.

Салт – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі ретінде қалыптасқан.

«Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен» дейді халық. Әдепті болу үшін иманды, кішіпейіл, көпшіл, инабатты болу керек. Ол үшін бүгінгі ұрпақ - өз ата-салтын, әдет-ғұрыптарын білуі қажет. Ата-салтын, әдет-ғұрпын біліп, құрмет тұтқан оқушының ішкі рухани байлығы, әдептілігі сыртқа күн нұрындай сәуле шашып тұрады. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған салт-дәстүрсіз, ішкі рухани байлықсыз, әдет-ғұрыпсыз жас ұрпақты тәрбиелеу, білім беру мүмкін емес.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, алдағы уақыттағы баршамыз жаһанданудың пайдасы мен зиянын саралап, ұлттық құндылықтарымызға жат мәдениеттен арылуымыз керек. Жаһандану жаңалықтары мен жаңашылдықтарын сіңіруде, ең алдымен, қазақ халқының ұлттық, рухани, мәдени, діни, әлеуметтік даму мүдделерінің берік қорғалуын бірінші кезекке қоюымыз қажет.

## ӘДЕБИЕТ

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор // <http://www.atazholy.kz/lty-t-rbie/116-2009-12-23-11-16-14.html>
3. Ибрашева С.Е., Ғазизова А.Е. Жаһандану үрдісі жастар мәдениетіне әсері, Алматы технологиялық университеті // <http://kzbydocs.com/docs/77/index-767642.html?page=2>
4. Сатершинов Б. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры // <http://e-history.kz/kz/contents/view/981>

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются влияние процесса глобализации на разные аспекты современной жизни. Основные признаки, положительные и отрицательные стороны этого процесса,

проблемы национальной идентичности, национальных ценностей и пути сохранения их в процессе глобализации.

### **SUMMARY**

In this article examined influence of process of globalization is on the different aspects of modern life. Basic signs, positive and negative parties of this process and problem of national identity, national values and way of maintenance of them in the process of globalization.



**ӘОЖ 323:351.741(574)**

**100 НАҚТЫ ҚАДАМ – ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ  
ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ**

**Адилов Айдар Аскарлович,**  
*«Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті;*  
**Муйденова Алия Калжановна,**  
*аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі,*  
*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,*  
*Қызылорда қаласы*

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы [1] құқықтық реформа процесіне айтарлықтай серпін мен нақтылық берді, онда құқық қорғау жүйесін жаңғыртудың арнаулы бағдарламасы негізінде құқық қорғау органдарын жүйелі түрде одан әрі реформалау міндеті қойылған болатын.

Осы оарайда, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел алдында тұрған межелерді айқындап, нақты міндеттер жүктеді, дамуға, ілгерілеуге жол ашатын нақты 100 қадамды белгілеп берді. Қазіргі заманғы мемлекет құрудың 5 институционалды бағыттарын айқындаған бұл бағдарлама ел өміріндегі ерекше саяси оқиға болды. Ұлт Жоспарының кіріспесінде: «100 нақты қадам – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бірге бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары» екені атап көрсетілген. Көріп отырғанымыздай, аталған бағдарлама еліміздің бірлігін нығайтуға, жолдан адаспай, қиын-қыстау, экономикалық күйзеліс кезеңдерінде абдырап қалмай, қайта мемлекеттігімізді нығайтып, іскерлігімізді арттырып, елдігімізді еселеуге бастап отыр. Идеологиядан заң жүйесіне дейінгі қоғамдағы барлық саланы қамтыған Ұлт жоспарында әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, әрбірінің бүгінгі деңгейіне баға беріп, әрі қарай қай бағытта даму керектігін айқындады. Құқық қорғау саласы, оның ішінде ішкі істер органдары да Елбасының назарынан тыс қалмады. Полицияның қоғамның сенімін арттыратындай жұмыс жасауы үшін қазіргі таңда өзекті болып тұрған мәселелерді көтеріп, нақты міндеттер белгіледі [2].

Мәселен, 28-қадамда – Полиция қызметкерлерін ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ІРІКТЕУ ЖҮЙЕСІН ЖАҚСARTУ мәселесі көтерілді. Кәсіби дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін тексеру үшін іс басындағы полиция қызметкерлерін және қызметкерлікке кандидаттарды тестілеудің арнайы жүйесін енгізу тапсырмасы берілді. Аталған тапсырманы орындау мақсатында, Ішкі істер министрлігінде кадр саясатын жетілдіру, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды күшейту, полиция қызметіндегі заңдылық пен тәртіпті нығайту, жеке құрамның біліктілігін арттыру жөніндегі кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидасын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде үміткерлер үшін тағылымдама ұйымдастыру тәртібін айқындайды [3]. Ішкі істер органдарында қызмет етуге үміткерлерді алдын ала іріктеуді ұйымдастыру жұмысы олардың қызметінің тиімділігінің негізгі шарттарының бірі болып табылады және үміткерлерді іріктеу және зерделеу, ішкі істер органдарына қабылдау жүйесі бірнеше сатылардан тұрады: 1-сатысында республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына бос орындарға конкурс өткізілетіні жайлы хабарландырулар жарияланады. Тиісінше, департамент жанынан үміткерлерді іріктеуге мүмкіндік беретін білікті әрі кәсіби тәжірибесі мол мамандардан жинақталған конкурстық комиссия құрылады. Азаматтардан құжаттар қабылданып, олардың лауазымдарға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестілігі алдын ала қаралады. Құжаттары конкурс ережесінің талаптарына сай болған жағдайда, үміткерлерді медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден өткізу шарасы ұйымдастырылады. ҚР Заңдық жүйесін білетіндігін анықтау мақсатында үміткерлер ереже талаптарына сәйкес тестілеуден өтіп, дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсырады. Сонымен қатар, аталған іріктеу жүйесінің соңғы сатысы – конкурс өткізуші комиссияның үміткерлермен әңгімелесуі болып табылады. Әңгімелесудің басты мақсаты – үміткердің жеке басын сипаттайтын әлеуметтік қасиеттерін мүмкіндігінше толық анықтау және оның ойлау қабілетін, нақты жағдайды қабылдауы және нақты әрекеттері болып табылады. Әңгімелесу барысында үміткердің ішкі істер органдарына қызметке түсу себептері анықталады. Алдағы қызметтің қауіпті сипатына, ішкі істер органдарындағы қызметтің жағдайына, жалпы және нақты құрылымдық бөлімшенің қызметіне үміткердің және оның туыстарының назары аударылады. Оларға ішкі істер

органдарының қызметкерлері үшін заңмен бекітілген жеңілдіктер, кепілдіктер, үстемақылар туралы ақпараттар беріледі.

Ерекше атап өтерлік жайт, ішкі істер органдарына қызметкерлерді іріктеуде полиграфологиялық зерделеуден өткізу технологиясы қолданысқа енгізілді. Адамның жеткізіп отырған ақпаратының растығын тексерудің немесе жасырып отырған фактілерді анықтаудың жалғыз құралы болып табылады. Полиграфпен жүргізілген сауалнама үміткердің заңға қайшы істерге қатыстылығын, қылмысқа байланысы бар-жоғын, сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін және т.б. анықтайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2015 жылдың 11 наурызында өткен «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде «Полицияға кәсіби және психологиялық іріктеудің жаңа жүйесін енгізіп, полицейлердің өздерінің біліктіліктерін тұрақты түрде арттырып және растап отыруын қамтамасыз ету маңызды» [4] деген болатын. Осы мақсатта «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР заңына өзгерістер енгізіліп, Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында полиграфологиялық зерттеуден өту қағидалары бекітілген. Ішкі істер органдары қызметкерлерін сапалы іріктеу, қызметке қабылданатын үміткерлерге, сондай-ақ аттестаттаудан өту және тергеулер кезеңінде полиграфологиялық зерттеулер жүйесі қолданысқа енгізілді. Қазіргі таңда, бұл жүйе полиция қызметкерлерін кезекті аттестаттаудан өткізу кезеңінде де жүйелі қолданылып жатыр.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында жас қызметкерлерді бейімдеу және тәлімгерлікті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына [5] сәйкес, қызметке жаңа қабылданған қызметкерге тәлімгер тағайындалады. Тәлімгер ретінде даярлығы жағынан жақсы сыныптық біліктілігі бар және лауазымда кемінде 3 жыл қызмет атқарған, жоғары кәсіби біліктілікке ие, қызметте тұрақты көрсеткіштері бар, өмірлік тәжірибесі бай, тәрбие жұмысына бейім және ұжымда беделді қызметкерлер тағайындала алады. Тәлімгер жас қызметкерді тәрбиелеп, қызметтің қыр-сырын үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Бұл жұмыстардың – жеке құрам арасындағы тәртіп пен заңдылықтың сақталуына маңызы зор.

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасында айтылған келесі мәселе – жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН құру тапсырмасы болатын. Осыған байланысты ПМ жергілікті полиция қызметінің мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекітуді қарастыратын «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Жергілікті полиция қызметі қоғамдық тәртіпті күзету, жол қауіпсіздігін және тұрмыстық қылмысқа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі міндеттерді іске асырады. Жергілікті полицияның құрамына учаскелік инспекторлар, жол-патрульдік, ювеналдық, табиғатты қорғау полициясы, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімдері, қабылдап-тарату және арнайы қабылдау бөліністері кіреді. Аталған қызмет саласының қызметкерлері тікелей жергілікті әкімдікке бағынғанымен, бұл жаңа қызмет саласы ішкі істер органдарының құрылымында қалады. Оның басшысын ІІМ-нің ұсынысы бойынша мәслихат депутаттарының келісімі бойынша облыс және қала әкімдері тағайындайтын болады. Тиісінше, жергілікті полиция қызметінің басшылары қызметінің ашықтығын және жариялылығын көрсету мақсатында жылына 2 рет әкімнің және мәслихат депутаттарының алдында есеп берсе, жылына бір рет халықтың алдында атқарған жұмыстары жайлы есеп береді. Яғни, халық полиция қызметіне деген өзінің бағасын беріп, кем-кетіктерін айтып, ұсыныс-пікірлерін білдіруге мүмкіндік туады. Бұл Елбасымыздың айтып жүрген «Полиция – халыққа жақын болу қажет» деген тапсырмасын жүзеге асыруға тірек болмақ.

Қазіргі таңда жергілікті полицияға қоғамдық тәртіпті күзету, тұрмыстық қылмыспен күрес, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тағы да басқа міндеттер жүктелуде. Бұл халық пен полиция арасындағы қарым-қатынасты жаңа сатыға көтеріп қана қоймай, өзара сенімді байланысты нығайтуға ерекше ықпалын тигізбек.

Осы қатарда этикалық нормаларды бұзған полиция қызметкерлеріне қатысты түскен арыз-шағымдарды қарайтын қоғамдық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңестік органдар жүйесін қалыптастыру талабы заңның үстемдігін қамтамасыз етуге кепіл болатын бастаманың бірегейі деп білеміз. Бұл арқылы ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін арттыру тетігі іске қосылмақ.

Этикалық нормаларды бұзуға жол беретін полицейлердің іс-әрекеттеріне **ШАҒЫМДАНҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ АРЫЗЫН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ АРҚЫЛЫ** полицияның ашықтығын қамтамасыз ету. **ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІМЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ ЗАҢДЫ ТҮРДЕ БЕКІТІЛЕТІН БОЛАДЫ** «100 нақты қадам» бағдарламасының 31 қадамында көрсетілгендей этикалық нормаларды бұзуға жол берген полицейлердің іс-әрекеттеріне шағымданған азаматтардың арызын қарау жөніндегі қоғамдық кеңес жүйесін құру арқылы полиция

қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету заңды түрде бекітілетін болады [2].

Сонымен қатар, қоғамдық кеңестер азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді және қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылықтардың алдын-алу аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын ұйымдарды бірлесе әрекет етуге тартады, сондай-ақ тұрғындар мен ішкі істер органдары басшылығының арасындағы өзара байланысты қалыптастырады. Осының негізінде, мемлекет полицияның қоғамдық тәртіпті сақтаудағы жұмысының ашық, әрі тиімді болуына, қоғамның құқыққорғау органдарына сенімінің ұлғаюына жағдай жасайды.

Бүгінгі күні заңның бұзылғандығы жайында кез-келген адамның полицияға хабарлауға дайын еместігін мойындауымыз қажет. Жекелеген азаматтардың қалтарыста қалуға деген құштарлығы - ол өз қауіпсіздігіне балта шабумен бірдей. Қоғам өзгермейінше ол қала береді. Қандай да болсын ұсақ қылмыстың өзі туралы оны кім жасағанына қарамастан хабарлау маңызды және қажетті. Осыны қауіпсіз қоғамда өмір сүргісі келетін әрбір адам есте ұстауы тиіс. Тек қана белсенді азаматтық көзқарас, қылмыстылықты жоюға деген құштарлық қана бірлескен тиімді нәтижелерге қол жеткізуге өз септігін тигізері сөзсіз. Бірнеше адамның телефонмен қоңырау шалуы, мысал үшін, есірткі заттарының заңсыз айналымы жайындағы хабарламалары бірден өз нәтижесін береді. Тек, мұндай хабарламалар уақытылы болуы қажет, осындай жағдайда ғана еш қылмыскердің сайрандап жүруіне жол берілмейді.

Жалпы айтар болсақ, департамент жанынан Қоғамдық кеңес жұмыс жасайды. Халықпен және үкіметтік емес ұйымдармен байланысты кеңейту, оларды ішкі істер органдары қызметі туралы шынайы және уақытылы ақпараттандыру, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2012 жылғы 21 қарашасындағы Бұйрығының талаптарын іске асыру мақсатында, Қызылорда облысы Ішкі істер департаменті бастығының бұйрығымен, Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің жанындағы Қоғамдық кеңесті құру туралы бұйрығы 8 желтоқсан 2013 жылы бекітілген. Кеңестің алғашқы отырысы

2013

жылдың

12 желтоқсаны күні департаменттің конференц-залында өтіп, Қоғамдық кеңестің төрағасы болып облыстық мәслихаттың депутаты Нұрмұрат Ерманов кеңес мүшелерінің ұйғарымымен сайланды. Қоғамдық кеңестің басты мақсаты – облысымызда қоғамдық тәртіпті сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, ішкі істер

органдарының үкіметтік емес ұйымдарымен және халықпен өзара қарым – қатынасын одан әрі жетілдіру, полиция қызметінің жариялылығы мен ашықтығы принципін өмірге енгізуді, құқық қорғау қызметі саласында қоғамдық қатынастарды демократизациялау болып табылады. Қоғамдық кеңес отырыстары жарты жылда 2 рет өткізілуде.

Сондай-ақ, реформада «Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде интернет-портал құру мәселесі де айтылған. Мысалы, 32-қадам. «Қылмыстық құқық бұзу картасы» ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде «ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУ КАРТАСЫ» интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. Бұл ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ [2]. Бұл картада елімізде бір апта көлемінде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелмек. Бұл жүйе тұрғындардың біздің жұмысымызды бақылауларына, полиция қызметінің жариялылығын, ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамға ішкі істер органдарының жұмысының тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді. Осы шаралардың барлығы қосылғанда ғана қоғам үшін өзінің оң нәтижесін беретіндігіне берік сенімдімін.

Бұдан кейінгі 33-қадамда бас бостандығынан айыру орнынан босаған және сынақтан өту қызметіне тіркелген азаматтарды әлеуметтік оңалтудың тиімді жүйесін қалыпқа келтіру жөнінде айтылған болатын. Сондай-ақ, осындай азаматтар үшін АРНАУЛЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТТАРЫН ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУДЫҢ КЕШЕНДІ СТРАТЕГИЯСЫН жасау туралы сөз болды.

ҚАЖ департаментіне қарасты түзеу мекемелерінен босап шыққан сотталғандар арасынан тұрақты тұрғылықты мекен – жайы жоқ сотталғандарды әлеуметтік оңалту орталықтарына орналастыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мекемелерде жазаларын өтеуші сотталғандарды бостандыққа дайындау жұмыстары олардың мекемеге келген күнінен басталады. Мекемелердің еңбекке және тұрмыстық орналастыру бойынша аға инспекторлары мекеме бастығымен бекітілген жоспарға сәйкес, сотталғандардың әлеуметтік жағдайлары, олардың тұрғылықты жері, төлқұжаты туралы ақпараттарды алып, олар бойынша жұмыстар жүргізеді.

Сонымен қатар, «34-қадам. МЕМЛЕКЕТ-ЖЕКЕ МЕНШІК СЕРІКТЕСТІГІН ДАМУ ТУ РАМНАСЫН ШЕҢБЕРІНДЕ пенитенциарлық инфрақұрылымды жаңғырту» деп алады. Пенитенциарлық мекемелерді салуға, ұстауға және басқаруға жекеменшік секторды

тарту жөнінде ұсыныстарды екшеу және халықаралық тәжірибені зерттеу.

Пенитенциарлы инфрақұрылымды жаңғырту аясында сотталғандарды камера бойынша ұстайтын арнайы түзеу мекемелерінің құрылысы мәселесі бірінші кезекте шешілетін болады.

Қазақстанда сотталғандарды камера бойынша ұстауға толықтай көшіру үшін үлкен қаражатты қажет ететін 25 түзеу мекемесін салу керек. Ал, бір түзеу мекемесінің құрылысына 12 млрд. теңгеге жуық қаражат жұмсалады. Бұл тұрғыда мемлекеттің бюджеттік мүмкіндігін ескеріп, мұндай түзеу мекемелерінің салынуына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік принципін қолдануды енгізудің мәні зор.

Қазақстанда пенитенциарлы инфрақұрылымды жаңғырту үшін мемлекеттік-жеке әріптестік аясында өзара қарым-қатынасты орнатудың ең қолайлы түрі – концессия. Ол тек заманауи түзеу мекемесінің құрылысын ғана қамтамасыз етіп қоймайды, пенитенциарлы жүйені басқарудың тиімділігін де жоғарылатады.

Осыған орай, ПМ қазақстандық сотталушылардың бостандыққа шыққанда қажетті маман иесі және дені сау адам болуы үшін қолдан келер барлық жағдайды істеуге талпынуда.

Осының бәрі қазіргі таңда Қазақстан халқының ғана емес, әлемдік қоғамдық ойға қозғалыс салады. Қазақстанның жаңа даму жолына бағытталған 100 қадам әрі таңданыс әрі қолдау тауып жатыр.

Сондықтан да, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз елдің тұрақты дамуына арналған 5 институционалды реформаны іске асырудағы «100 нақты қадамы» Ұлт жоспарының құқық қорғау жүйесін жетілдіретініне сеніміміз мол.

## ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасының Президентінің Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 6 мамырдағы «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары.

3. ҚР Ішкі істер министрлігінің 24.10.2013 жылғы №522 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарына қызметке орналасу кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидасын бекіту туралы» бұйрығы.

4. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2015 жылдың 11 наурызында өткен «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде сөйлеген сөзі. // <http://nurotan.kz/>.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында жас қызметкерлерді бейімдеу және тәлімгерлікті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 987 бұйрығы.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются актуальные вопросы внутренних дел Республики Казахстана.

В обозначенном Главой государства «Плане нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ» ставятся важнейшие задачи в развитии страны, в частности большое значение отводится реформированию государственной службы, в том числе органов внутренних дел.

### **SUMMARY**

The pressing questions of internal affairs of Republic of Kazakhstan are examined in the article.

In mark Head of the state «Plan of nation – 100 steps on realization of five institutional reforms» are put major tasks in development of country, in particular a large value is taken to reformation of government service, including organs of internal affairs.



**ӘОЖ:37.026.1:373**

## **КӘСІПКЕРЛІКТІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ**

**Қонақбай Рамазан Тынымбайұлы, студент;**  
**Календарова Күнсұлу Алтынбекқызы, оқытушы,**  
*«Болашақ» колледжі, Қызылорда қаласы*

**Кәсіпкерлік дегеніміз** – адамдар мен олар құрған бірлестіктердің белсенді, дербес шаруашылық қызметі. Оның көмегімен адамдар тәуекелге бел буып, мүліктік жауапкершілікті сақтай отырып, пайда табу жолын көздейді. Кәсіпкерлікті шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты. Ал, жаңашылдық ең біріншіден жаңалықпен немесе инновациямен тығыз байланыстыруға болады. Сондықтан кәсіпкерліктегі жаңашылдыққа жетудің тиімді тәсілі болып инновация болып табылады. Кәсіпкерліктің инновациялық қызметі – бұл жаңа немесе өнімнің жақсаруы, не қызмет көрсетуі, оларды өндірудің жаңа әдістерін қолдану мақсатындағы ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуеттік шаралар жүйесі. Бұл жеке сұранысты, сонымен қатар жалпы пайдалы жаңалықтарға қоғамның мұқтажын қанағаттандыруы үшін пайдаланылады. Жаңалық дәрежедегі инновация негізінде жаңа, яғни өткен, отандық және шетелдік тәжірибедегі ұқсастығы жоқ және жаңа нәрсенің салыстырмалы жаңалығы болып ұсақталады. Негізінде өнімнің жаңа түрлері, технологиясы және қызмет көрсетуі басымдық абсолюттік жаңалықтарға ие болады және үлгінің түп нұсқасы болып табылады. Кәсіпкерлікті жаңа тұрғыдан түсіндіргенде мынандай екі жағдайға: біріншіден, коммерциялық бағыт-бағдарға, тәуекелге бел буушылық пен дербестікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, кездескен кедергілерді жеңе білуге; екіншіден, экономикада, ұйымдастыру ісінде тапқырлық пен жаңашылдық танытуға, ғылыми-техникалық прогреске жетуге тікелей қатысты. Инновациялық кәсіпкерлік жоғарыда айтылған талаптарға толығымен тікелей қатысты. Кәсіпкерлік қызмет өндірісі кәсіпорын (фирма) звеносының негізі болып табылады. Осы жерден бастап және ары қарай “фирма” ұғымын баламалап қараймыз. Рас, олардың бір-бірінен өзара айырмашылығы бар: “фирма” термині жиынтық ұғым, оған бір немесе бірнеше кәсіпорын мен өндіріс енуі мүмкін. Әдетте, кәсіпорынға бір жақты, бір өнімді өндіретін процесті жатқызамыз. Қазіргі жаңа жағдайда нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорын өзінің өндірістік қызметінде толық өз бетінше еркіндігін алуда, ал барлық халық шаруашылығы кешенінен техникалық, ұйымдық,

экономикалық және құқықтық тұрғыдан дараланған. Жалпы бұл тақырыпта инновация мен кәсіпкерлік ұғымдары туралы жазылған. Яғни, қазіргі кездегі нарық заманындығы кәсіпкерліктің инновацияға қатынасына көп көңіл бөлініп, нақты түрде түсіндіріледі.

Инновация – жаңа практикалық әдісті тарату және қолдануды құрудың комплекстік үрдісі немесе ғылыми-техникалық шешімнің, адамдардың, ұсыныстардың, жаңа идеялардың тәжірибеге енуі, іске асырылуы және де соңында қолданылуы. Инновация туралы осындай көптеген түсініктемелер беруге болады. Инновация ұғымын бірнеше мағынамен түсіндіруге болады, бірақ та ең бастысы “инновация” мен “жаңалық” терминдерін айыра біліп, ол ұғымдардың мағынасын білу керек. Жаңалық қандай да қызмет саласында оның тиімділігін жоғарылату бойынша фундаменталды, қолданбалы, тәжірибелік жұмыстардың рәсімделген нәтижесі болып табылады. Жаңалық мынадай түрлерде рәсімделеді: жаңалық ашу; патенттер; тауар белгісі; рационализаторлық ұсыныстар; жаңа немесе өндіріс процесі құжаттары; ұйымдастыру, өндіріс немесе басқа құрылымдар; ноу-хау; ұғымдар; ғылыми тұрғыдағы принциптер; құжаттар (стандарттар, ұсыныстар, әдістемелер, нұсқаулар және т.б.); маркетингтік зерттеулердің нәтижелері және т.б. жаңалықты жасаудағы инвестиция – жұмыстың жартысы. Ең бастысы — жаңалықты енгізу, жаңалықты инновация формасына айналдыру, яғни инновациялық диффузияны жалғастыруға болады. Жаңалықты жасау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу қажет. Ал, инновация – жаңалықты енгізуде басқару объектісін өзгерту мақсатында және экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, ғылыми-техникалық немесе басқа тиімділік түрлерінің соңғы нәтижесі. Яғни, жаңалықты ендіріп, іске асырылғанда инновация пайда болады. Қысқаша айтқанда, инновация – жаңалықты енгізудің нәтижесі.

Кәсіпкерлік- адам қызметінің ерекше саласы және ол еңбектің басқа түрлерін оқшауланып тұрады. Бұған кезінде атақты неміс экономисі Гарвард университетінің профессоры Иозеф Алиоз Шумпетер (1883-1950жж.) мән берген. Оның айтқан мынандай сөзін эпиграф етіп алуға болады: «Кәсіпкер болу – басқаның істегенін істемеу». Екінші жағынан кәсіпкерлер – алдымен кәсіпкерлерлік жұмысты ұйымдастырушылар. Ол жайлы француз экономисі Жан Батист Сэй (1767-1832жж.) былай деген: “Кәсіпкер- адамдарды өндірістік шеңбер ауқымында ұйымдастыратын адам”. “Кәсіпкерлік” термині алғашқы рет ағылшын экономисі Ричард Кантильон (1650-1734жж.) ендірді. Бұл ұғымға ол нарықтық тәуекелділік жағдайында табыс алу мақсатымен өндірісті ұйымдастырудағы адам белсенділігін жатқызған.

Экономикалық әдебиеттерде кәсіпкерлік пен бизнес ұғымын баламалап қарастыру жиі кездеседі.

Бизнес пен кәсіпкерлік жақын ұғымдар болғанымен, оларды бір-бірімен баламалап, теңестіріп қарауға болмайды. Бизнес – табыс әкелетін кез-келген қызметтің түрі. Рас бизнес кәсіпкерлік қызметпен тығыз байланысты. Кәсіпкерлік – новаторлық іс. Нағыз кәсіпкер – ол өнертапқыш. Сондықтан да бизнеспен айналысатын адамдар, осы көзқарас тұрғысынан ешуақытта кәсіпкер бола алмайды. Экономикалық ғылымда «кәсіпкерлік қабілеттілік» ұғымда бар. Ол дегеніміз адамның бизнесте жаңалыты аша білу қабілеттілігі, бірақ бизнеске қатысатындардың барлығының қолынан бұл келе бермейді. Басқа жұрт қалғып, қыдырып, той-думан жасағанда, барлық қуатын барынша жұмысқа жұмсап, новаторлықпен, мақсаттылықпен, коммуникабелділікпен, яғни адамдармен тез арада байланыс жасау қабілеттілігі, олармен өзара жақсы қатынастар құра білу, бәсекелестеріне қарағанда айналасына басқаша көзқараспен қарауда оқшауланып тұрады. Бизнесмендердің ішінен мұндай қабілеттілікпен оқшауланатындар жиі кездесе қоймайды. Демек, бизнес — бұл табыс табыс әкелетін адамның экономикалық қызметі. Кәсіпкерлік – бұл да адамның экономикалық қызметі, бірақ бұл қызметті жаңа ізденіске бағыттайды және осы жаңалықты жүзеге асыру үшін тәуеклге бас ұрады.

Мемлекеттік және қазыналық кәсіпорындар. Біріншісі шаруашылықтағы жүргізу құқығына негізделсе, екіншісі – оперативті басқару құқығына негізделген. Шын мәнінде, мұнда шаруашылық есептің екі түрі қолданылады: таза мемлекеттік – толық шаруашылық есеп, қазыналық – толық емес шаруашылық есеп. Кәсіпорын (фирма) кәсіпкерлік қызмет өндіріс звеносының негізі болып табылады. Осы жерден бастап және ары қарай “кәсіпорын” мен “фирма” ұғымын баламалап қараймыз. Рас, олардың бір-бірінен өзара айырмашылығы бар: “фирма” термині жиынтық ұғым, оған бір немесе бірнеше кәсіпорын мен өндіріс енуі мүмкін. Әдетте, кәсіпорынға бір жақты, бір өнімді өндіретін процесті жатқызамыз. Қазіргі жаңа жағдайда нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорын өзінің өндірістік қызметінде толық өз бетінше еркіндігін алуда: ал барлық халық шаруашылығы кешенінен техникалық, ұйымдық, экономикалық және құқықтық тұрғыдан дараланған. Кәсіпорынның ұйымдық түрлері алдыменен меншік түрімен айқындалмақ. Олар мынандай түрде болуы мүмкін:

- азаматтар меншігіне негізделген жеке кәсіпорындар;
- ұжым меншігіне негізделген кәсіпорындар.

Ұжымдық кәсіпорындар кооперативтік немесе акционерлік түрде болуы мүмкін. Кооперативтік кәсіпорын ақшалайға емес, жеке тұлғаның пайдалық негіздегі мүліктік жарнасына және олардың біріккен еңбек қызметтеріне негізделеді:

— акционерлік қоғам түрінің негізіндегі кәсіпорын, акционер меншігінің негізінде қызмет жасайды;

— мемлекеттік және қазыналық кәсіпорындар жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін құрылады;

— құрылтайшылар мүлігінің қосылуы негізінде біріккен кәсіпорындар құрылады, яғни оған шет ел заңды тұлғасы мен азаматтарын енгізеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексімен, «Шаруашылық қызметінің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы». «Жеке кәсіпкерлік қорғау мен қолдау туралы» республика заңдарында кәсіпорын кез-келген меншік түрлерінде және оның өзі құрған бірлестіктерде болу мүмкіндігі айқындалған.

Қазіргі кезде нарық экономикасы дамыған елдерде бірнеше миллиондаған әр-түрлі фирмалар қызмет атқаруда. Осы қаптаған көптүрлі белгісі бойынша классификациялау қажет.

Кәсіпкер қабылданған заңға қайшы келмейтін қызметтің қандай да болмасын түрімен айналыса алады. Олар: шаруашылық-өндірістік, сауда-көтерме сату, жаңартпашылық, көрсетілетін консультациялық қызметтер және т.б. коммерциялық делдалдық, сол сияқты құнды қағаздар операциялары.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мыналар бола алады:

— Қазақстан азаматтары;

— Шетел мемлекетінің азаматтары;

— Адамдардың бірігуі (кәсіпкерлер ұжымы).

Кәсіпкердің мәртебесі заңды және заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Құқығы, міндеті, жауапкершілігі және кәсіпкерлердің кепілдіктері ұлттық заңдармен реттеледі. Мысалы, Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеленуі:

— кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығы, кәсіпорындар құру

және олар үшін қажетті мүліктер сатып алу;

— барлық субъектілердің нарықтағы материалдық, еңбек, ақпарат

және табиғи ресурстарға қол жетекізудің теңдік құқығы ;

— меншік түрлеріне және ұйымдастыру-құқықтық формасына қара-

мастан кәсіпорын қызметінің теңдік жағдайы;

- кәсіпкерлердің мүліктерінен заңсыз айыруды қорғау;
- кәсіпкерлік саласындағы бекітілген шегінді еркін

таңдау;

- нарықтық монополия жағдайында кәсіпкерлер мен кейбір тауар

өндірушілердің бәсекеге селқос қарауына жол бермеу.

Кәсіпкерліктің экономикалық формадағы қызметіне төлеп беру өзгешілігі, кәсіпкер барлық жұмыстарды қолға алады, ал тұтынушы оған бүгіннен бастап ақша төлеуге дайын.

Кәсіпкер тауарлар өндіреді, содан соң оларды сатады. Осыған орай, кәсіпкерлік өндірістік, коммерциялық және қаржылық болып бөлінеді. Осылардың әрбір формасы өзіндік ерекшелігі, өзгешілігі, демек өзіндік технологиясы болады.

Өндірістік кәсіпкерлікке – тұтынушылардың кейіннен сатып алуына тиісті өнім өндіру, жұмыстар жүргізу және қызмет көрсету, жинау, өңдеу және ақпарат беру, рухани құндылық жасау тағы тағыларға бағытталған қызметтер жатады.

Коммерциялық кәсіпкерлікке – қызмет түрін сипаттайтын, оның мазмұнының мәнін айқындайтын тауар-ақша қатынастары, тауар айырбастау операциялары жатады. Қаржылық кәсіпкерлік — коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі, солай болғандықтан оның сатып алу, сату объектісі айрықшалығы-тауар болып есептеледі: ақшалар, валюта, құнды қағаздар (акциялар, облигациялар, векселдер, кепілдіктер және т.б.). яғни бірдей ақшаларды сату тікелей немесе жанама формада жүргізіледі. Солай болғандықтан қаржылық кәсіпкерлік – бұл коммерцияның бір түрі, онда қаржылық кәсіпкерінің технологиялық мәмілесі коммерциялық технология мәмілесімен ұқсас болады, айырмасы тек тауар – қаржы активі болып саналады.

Кәсіпкерліктің инновациялық қызметі – бұл жаңа немесе өнімнің жақсаруы, не қызмет көрсетуі, оларды өндірудің жаңа әдістерін қолдану мақсатындағы ғылыми-техникалық және зияткерлік әлеуеттік шаралар жүйесі. Бұл жеке сұранысты, сонымен қатар жалпы пайдалы жаңалықтарға қоғамның мұқтажын қанағаттандыруы үшін пайдаланылады.

Инновацияның екі түрпаты ажыратылады:

- өнімділік;
- үрдістік.

Жаңа өнімді өндіріске енгізу инновацияның түбегейлі өнімділігі ретінде анықталады. Мұндай жаңалықтар негізінде жаңа технологияға

негізделеді, не тіршілікте қолданылып жүрген технологияның жаңа түрінде пайдалануын ұштастырады.

Процестік инновация – бұл жаңалықты енгізу немесе өндіріс тәсілін және технологияны едәуір жетілдіру, жабдықтарды және өндірісті ұйымдастыруды өзгерту.

Жаңалық дәрежедегі инновация негізінде жаңа, яғни өткен, отандық және шетелдік тәжірибеде ұқсастығы жоқ және жаңа нәрсенің салыстырмалы жаңалығы болып ұсақталады. Негізінде өнімнің жаңа түрлері, технологиясы және қызмет көрсетуі басымдық, абсолюттік жаңалықтарға ие болады және үлгінің түп нұсқасы болып табылады. Инновацияның өмірлік кезеңі өзара байланысты процестердің және жаңалықтарды енгізу сатысының жиынтығын көрсетеді. Инновацияның өмірлік кезеңі уақыт аралығы ретінде идеяның дүниеге келуінен өндірістік өткізуден алып тастағанға дейінгі инновациялық өнімнің негізінде анықталады.

Кәсіпкерліктің инновациялық қызметі көптеген жағдайда жаңа техника мен технологияның техникалық деңгейінің көрсеткіштерінде айқындалады. Нарықтық экономикада жағдайында инновациялық қызметінің тиімділігін талдау қиындайды және көп сатылылығын білдіреді. Талдаудың бірінші кезеңінде — жаңа техниканы және технологияны қолдану қажеттігін көрсеткіштер және жаңа техника мен технологияның тиімділігі.

Ғылыми-техникалық прогрестің экономикалық және әлеуметтік тиімділігі

Жобалауда, әзірлеуде және жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізуде бұл шаралардың экономикалық тиімділігін анықтау төрт кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – бұл инновациялық шараларды іске асыру үшін қажетті шығындарды анықтау;

Екінші кезең – бұл қаржыландырудың мүмкіншілік көздерін анықтау;

Үшінші кезең – бұл жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділікті бағалау;

Төртінші кезең – бұл экономикалық көрсеткіштерді салыстыру арқылы салыстырмалы жаңалықтардың тиімділігін бағалау.

Инновациялық кәсіпкерлік – новаторлық функциямен байланысты кәсіпкерлік іскерліктің моделі. Кәсіпкердің ролі жаңалықтарды, бұрын–соңды болмаған өнімдерді экономикалық дәстүрлі факторларын (еңбек, жер және капитал) қолдана отырып табу болып табылады. Осылайша, новаторлық қызмет ең маңызды болып есептеліп қалыптасады. Яғни, бұл тақырып қазіргі таңда нарықтық экономиканың басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл мәселені жүзеге асыруда көптеген фирмалар жетістіктерге жетуде. Инновацияның стратегиясы нарықтық конъюнктурасына, кәсіпкерліктің эконимикалық көрсеткіштері мен әлеуметтік қорытындының бағаларынан туындайды.

### ӘДЕБИЕТ

1. Горфинкель В.Я., Поляк Г.Б., Швандар В.А. Предпринимательство, «Юнити», Москва, 2000
2. Балабанов И.Т. Инновационный менеджмент, «Питер», Санкт-Петербург, 2001
3. Фатхутдинов Р.А. Производственный менеджмент, «Данков и К», 2002
4. А.Г.Кирияков, В.А.Максимов «Основы инновационного предпринимательства», «Феникс», Ростов, 2002
5. Ахметов Қ.Ғ.; «Менеджмент негіздері», Алматы, 2003
6. Мейірбеков А.К., Әлімбаев Қ.Ә. «Кәсіпорын экономикасы», Алматы, 2003
7. Зайцев Н.А.; «Экономика, организация и управление производством», Москва, 2000
8. І. Ж. Нарғозиев.; «Кәсіпорын экономикасы», Алматы, 2010

### РЕЗЮМЕ

В этой статье написано о том, что общего понятия предпринимательства и инноваций. То есть, в настоящее время уделяется повышенное внимание на предпринимательства и инноваций.

### SUMMARY

This article says that general concepts of entrepreneurship and innovation. That is, in the real time market, entrepreneurship innovation has received increased attention in present relationship, clearly explains.

**ӘОЖ 339.137.2(574)**

## **ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СӘТТІ ҚАДАМЫ**

**Бедібеков Бек, магистрант;**  
**Шураева Сәрсенкуль Нургалиевна,**  
*экономика ғылымдарының кандидаты,*  
*«Болашақ» университеті, Қызылорда қаласы*

2020 жылы еліміз өндірісі өркендеген алпауыт елге айналуы қажет. Бұл - Елбасының халыққа дәстүрлі Жолдауында міндеттеген тапсырмалардың бірі. Алға қойған мақсатты жүзеге асыруда «2010-2014 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы» қабылданғаны белгілі. Аталған бағдарлама аясында қазірдің өзінде жер-жерде өндіріс орындары ашылып, ел экономикасының өркендеуіне үлес қосуда. Бағдарлама қолға алынған 2,5 жылда 443 индустриалды нысан іске қосылып, 100 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Сондай-ақ, елімізде өнімнің 100-ден аса жаңа түрі шығарылды. Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі, тауар мен қызмет көрсету сапасының жақсаруы, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, бизнесті жүргізу талаптарының жақсаруы үдетілген игілікті істің нәтижесі.

Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы Елбасының 2009 жылы 15 мамырда кезектен тыс өткен «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының XII құрылтайында берген тапсырмасы бойынша, мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдаған «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өсім – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының негізінде, сонымен қатар Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының екінші кезеңі болып табылатын Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының негізгі бағыттарына сәйкес құрылды.

Бағдарлама экономиканы әртараптандыру және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру арқылы оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. 2015 жылға дейін қарқынды индустрияландыру саясатының негізгі бағыты экономиканың экспортқа бағытталған секторларында ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, шағын және орта кәсіпкерлік үшін жаңа мүмкіндіктер тудыру болмақ. Ірі жобаларды жүзеге асыруға серпін беретін «Самұрық-Қазына» Ұлттық



эл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, экономиканың отын-энергетикалық және металлургия секторларының жүйе құрушы компаниялары, сонымен қатар стратегиялық шетелдік инвесторлар болмақ.

Бағдарламаның жүзеге асуын Елбасының өзі басты назарда ұстап отыр. Бұл сөзімізге дәлел ретінде мемлекет басшысының әр жартыжылдық сайын телекөпір арқылы өңірлерде атқарылып жатқан істерді бағамдап отырғандығын айтуға болады. Бағдарлама жүзеге асырыла бастаған 1,5 жылда құны 900 миллиард теңгеден астам 227 жоба жүзеге асып, 29 мың жаңа тұрақты жұмыс орны пайда болды. Өткен жылдың соңына дейін жалпы құны 1,8 трлн. теңгеге жететін 389 өндіріс ошағы іске қосылған. Жаңа жобалар 68 мыңдай жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Елдің Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының қандай қарқында жүзеге асырылып жатқанын осы сандардан анық аңғаруға болады.

Елбасы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында бес басым бағытқа айрықша тоқталған. Соның бірі - индустриялық бағдарламаны дамыту. Сондықтан аталған бағдарламаның арқалайтын жүгі ауыр десек те болғандай. Бірақ жауапкершілігі мол жұмыстың жемісі де берекелі болатынын ұмытпаған абзал. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Елбасы бұл бағдарламаны өз назарынан тыс қалдырған емес. Мәселен, өткен жылы бағдарлама жүзеге асырыла бастағалы екі жылда атқарылған жұмыстар «Қуатты Қазақстанды бірге көркейтеміз!» атты телекөпірде қорытындыланды. Президент онлайн желіде елдің барлық аймақтарымен тікелей байланысқа шығып, 19 жаңа және «Халықтық құрылысқа» жататын бірнеше жоба іске қосылды. Салтанатты шара барысында үздік кәсіпорындар мен кәсіпкерлерге «Алтын сапа» мен «Парыз» және арнайы сыйлықтар табыс етілгендігін айта кетейік. «Алтын сапа» да, «Парыз» да Президенттің өзі тағайындаған сыйлықтар болғандықтан, оның беделінің жоғары екендігі айтпаса да түсінікті. Сондықтан оған үміткерлер саны да аз болмады. Мәселен, «Алтын сапа» атағына 232 компания үміткер болса, «Парыз» сыйлығына 610 кәсіпорын ұсыныс білдірген. Бұл марапаттардың барлығы өндірісті өркендетуге өлшеусіз үлес қосқандарға үлестірілді. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өткен телекөпірде Сыр елі де өзіндік үлесін қосты. Жаңақорған ауданында бой көтерген “СКЗ-У” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күкірт қышқыл зауытының тұсауы кесілді. «Қазатомпром» компаниясы қызметкерлерінің ерен еңбегінің арқасында салынған күкірт қышқыл зауытының ТМД-да баламасы жоқ. Бұл зауыт жылына 500 мың тонна күкірт қышқылын шығарады.

Сонымен қатар сағатына 18 МВт электр қуаты өндірілуінің арқасында жанынан жаңа индустриалдық алаң салынбақ.

Тәуелсіз ел атанған 20 жыл ішінде Сыр өңірінде мұнай-газ, уран өнеркәсібі мен құрылыс саласы қарыштап дамыды. Облыстың өнеркәсіп өндірісінің үлесі 51 пайызға артты. Облыс «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» магистралды құрылысының осы өңірден өтетін бөлігіне қажетті құрылыс материалдарын толығымен өзі өндіреді. «Байқоңыр» айлағы ғарыш индустриясының жаңаша даму өзегіне айналады. Аймақта 20 жылда 50 отандық және бірлескен кәсіпорын құрылса, оның 23-і соңғы екі жылда үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы негізінде ашылды.

Елбасының ағымдағы жылдың шілде айында болған соңғы телекөпірдегі «Еуропадағы елдердің не болып жатқандығын көріп отырсыздар. Америкадан бері қарай, бүкіл батыстың жағдайы мүшкіл. Барлығы да осы индустрияландыруды бастау керектігін айтып отыр. Мұнсыз болашақта бәсекеге де, өсіп-өркендеуге де жол жоқ. Сондықтан біздің алып отырған бағытымыз дұрыс. Осы жолмен жүріп, осы ойларымызды жүзеге асыруымыз керек. Негізгі мәселе дәл осында тұр. Егер де біз қазақтар, жер тырмалап, немесе зауытта тұрып жұмыс істемейтін болсақ, елімізді дамыта алмаймыз, жанұямыздың жағдайын, балаларымыздың болашағын жасай алмаймыз. Еңбек, еңбек, еңбек. Бүгін еңбек істеймін деген адамға, Қазақстанда әр жерден жұмыс тауып алуға болады» дегені есте. Мемлекет басшысының бұл пікіріне көпшілік өз ризашылығын білдірген. Бірақ артынша Елбасы «қолда бар нәрсені ұқсата алай отырғандығымызды» сынға алды. Мәселен, үдемелі индустриалды бағдарлама бойынша салынған өндіріс ошақтарының 60 пайызы әлі күнге толық қуатына енбей жатқанына айрықша тоқталды. Ол жобалар толық қуатпен жұмыс істесе, көпке пайдасы тиері сөзсіз. Мемлекет басшысы атқарушы биліктің өндірістік революцияға әзір болуы керектігін де тілге тиек еткен болатын. Яғни, жоғары технологиялық өнім шығаруы керек. Бұл - алдағы бес жылда жүзеге асуы тиіс шаруа. Әзірге үдемелі даму бағдарламасы аясында жүзеге асқан 170 жобаның тек он төрті ғана жоғарғы технологияға иек артып отыр. Ал, әлем болса, барлық игілікті дәл осы жоғарғы технологиядан іздейді. Президент осы бағытқа жастарды көп жұмылдырудың қажеттігін баса айтты. Жалпы, соңғы V жалпыұлттық телекөпірде экономиканың екпінін еселейтін 6 нысан іске қосылып, 4 жобаның құрылысы басталды. Индустриалды бағдарлама қолға алынған 2,5 жыл ішінде 443 өндіріс ашылыпты елімізде. Соның 54-і - соңғы алты айда іске қосылған жобалар. Телекөпір кезінде құрылысы басталған маңызды жобалардың бірі - «Жезқазған-Бейнеу», «Арқалық-Шұ-

баркөл» темір жолдарының жобасы. Тікелей эфирде бірден алты учаскеде жаңа магистральдардың алғашқы тұғырлары қойылды. «Жезқазған-Бейнеу» бағыты арқылы еліміздің орталық аймағында өндірілген тауар Еуропа мен Парсы шығанағына шығарылады. Жаңа жол шалғайдағы Ұлытау, Ырғыз, Арал, Шалқар, Байғанин және Бейнеу аудандарын жалғайды. Ал, «Арқалық-Шұбаркөл» теміржолының ұзындығы - 214 шақырым. Жаңа желі Нұра, Ұлытау аудандары арқылы өтіп, Арқалық қаласына дейін ұласады. Құрылысқа 2,5 мың адам жұмылдырылған. Бұл теміржол бағыты арқылы ел орталығында өндірілген тауар Ресей, одан әрі Еуропаға жөнелтіледі. Мұндай үлкен шойын жолдың құрылысы елімізде басталып жатқанына Елбасы да ризашылығын білдірген болатын.

- Бір мың шақырымнан артық темір жолды ешбір мемлекет салып жатқан жоқ. Күштері келмейді. Біз тәуелсіздіктің арқасында осы жылдарда 1300 шақырымнан астам жол салдық. Қостанай мен Ақтөбені қостық. Сыртқа шығып, айналып баратын жолды қосып, Өскеменге өзіміздің аумақ арқылы баратын болдық. Өткенде Қытай шекарасы мен Алматыны қостық. Мына жолдың маңызы өте зор. Себебі, Арқалық өркендейді, Жезқазған өркендейді. Орталықтан, шығыстан Каспийге қарай тасымалданатын тауар саны да, жылдамдығы да артады, - деген болатын Елбасы телекөпірде.

Бүгінгі таңда Қазақстан экспортқа үлкен көлемде мұнай, газ, темір рудасын шығаруда. Үдемелі индустриалды-инновациялық бағдарлама халықаралық нарыққа мұнай-химия өнімдерін, дайын өнімдер шығаруды көздейді. Экономиканы түрлендіру қажеттілігі осы 20 жылда аз айтылған жоқ. Алайда отандық өндірісті дамыту саты-сатылап біртіндеп жүзеге асып жатыр. Көз – қорқақ, қол – батыр. Отандық өндірушілер әуелі ішкі нарықты қамтамасыз етіп, содан кейін біртіндеп сыртқы нарыққа тауар шығара бастады. Кеден одағы аясында, Біріккен экономикалық кеңістік аясында тауар өндірушілер арасында бәсеке күшейді. Шынайы бәсекелестік отандық өндірушілерді сапалы өнім шығаруға, тұтынушы үшін ұдайы ізденісте болуға итермелейді. Оның үстіне, БЭК аясында әрбір тауар өндіруші енді үш мемлекеттің кез келгенінде мемлекеттік сатып алу байқауларына қатысып, өз өнімдерін ұсына алады. Экономикадағы басым бағыттардың бірі ретінде «болашақтың экономикасы» деп аталатын ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, биотехнологиялар, баламалы қуат көздері мен ғарышты игеру салаларына да айрықша назар бөлініп отыр. Бұл салалар алдағы 15-20 жылда ғаламдық экономикада жетекші рөлге ие болады деген болжам бар. Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы 2014 жылға дейін жоспарланған. Бұған дейінгі

индустрияландыру саясатынан өзгешелігі бұдан былай өндірісті инновацияландыруға баса көңіл бөлінетін болды. Экономиканы өндіріс пен өңдеуге бейімдеу үшін жаңа технологияларды әкеліп, елге сіңіріп, тың инновациялық ізденістер арқасында өнеркәсіптің әртүрлі салаларын жандандыру көзделіп отыр. Бұл құжат Индустриалды даму туралы стратегияны, кластерлік жобаларды, «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» жобасын, Көлік стратегиясы сияқты жалпы саны 50-ден астам бағдарламаларды біріктірген. Жаңа индустриалды саясат аясында ауыл шаруашылық кешенін дамыту, құрылыс саласы мен құрылыс материалдарын шығаруды, мұнай өнімдерін өңдеуді, металлургия мен дайын металл өнімдерін шығаруды, химия, дәрі-дәрмек, қорғаныс өнеркәсібін дамытуды, энергетика, баламалы қуат көздерін дамыту, көлік және телекоммуникация салаларында инфрақұрылымдарды жетілдіру мәселелері басым бағыттар етіп бекітілген.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье автор рассказывает успешный шаг программы форсированно-инновационного развития.

### **SUMMARY**

In this article the author describes a successful step program of forced innovative development.

**ӘОЖ 950(574)**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 25 ЖЫЛ**

**Қалжан Жұлдыз Ғалымжанқызы, студент;  
Адамбаева Айжан Сұлтанбекқызы, аға оқытушы, заң  
ғылымдарының магистрі,  
«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, Қызылорда  
қаласы**

Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі күн. 1991 жыл — еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жылы. Сол сәттен бері міне 25 жыл да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Сондай-ақ бұл күн күнтізбеде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңының 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылдануына байланысты тұрақты түрде аталып өтіледі [1].

Дәл осы күні ҚР Жоғары Кеңесі «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдады. Осы сәттен бастап, республика өз аумағында барлық билікті жүргізетін, ішкі және сыртқы саясатын өзі анықтап, өзі жүргізетін тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекетті күзиретін заңды тұрғыда рәсімдеді.

Бұл заңды көп ұлтты бүкіл Қазақстан халқы күткен-тін. Бұл сан жылдар бойы тәуелсіздік үшін күресіп келген жүздеген ұрпақтың арман-мүддесінің орындалуы еді. Осы тәуелсіздіктің нәтижесінде біздің республика БҰҰ-ға мүшелікке өтуге, өз еркімен халықаралық аренаға шығуға, басқаның нұсқауы бойынша емес, өз еркімен өркениетті түрде болашаққа қадам жасуға құқылы болды.

Әрбір қазақстандық өз өнері мен қабілетін туған республикасына беруі керек, халықтың өмір сүру деңгейі көтеретін нарықтық экономикаға тезірек өтуге ықпалын тигізуі керек. Тәуелсіздік, егемендік статусты республика халықтарына Жаңа Конституцияны жасаумен байланысты сұрақтарға, азаматтық және миграциялық процестердің мәселелеріне жаңаша көзқарастың орнығуына мүмкіндік берді.

Қазақ халқы тәуелсіздікке дейін ұзақ та қиын жолдан өтті. 1986 жылы желтоқсан айында тоталитарлық жүйенің орталығына қарсы наразылық білдіруге шыққан жастардың арманы да осы болатын. Осылай республиканың тәуелсіз ел болуына елдегі демократиялық

бағыт себеп болды. Ал декларативті интернационализммен емес, ақиқаттығымен ерешеленетін мұндай мемлекетте қазақ халқы өзінің ұлттық тілін, мәдениетін, дәстүрін сақтап қала алады. Осы құқықты иеленуге ол лайық болатын. Болашақ достыққа апаратын жолда барлық демократиялық күштер бірігеді. Бұл Қазақстан азаматы саналатын барлық ұлттар құқығының кепілі болмақ.

Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы - қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. «Қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытқа кестірген кезден бастап, осынау 20 жылдың бедерінде айшылық жерді алты рет аттаған алып секілді, дәуір жалынын мығым ұстап, тізгінін бекем қаға білді» - деп Елбасымыз айтқандай, егемен Қазақстанды бүгінде барша әлем танып отыр.

Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-азаттық көтерілістері, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы – өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс. Бұл еркіндікті сүйгіш, патриоттық дәстүр 16-желтоқсан оқиғаларына дейін жалғасты. Осылайша, тәуелсіздік күнінің оңайлықпен келмегенін білеміз. Елбасымыз өткен дәуірдегі қаһармандық оқиғалардың тізбегін таяудағы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арнаған сөзінде: «Ұлы далада бірінен соң бірі толас таппай жүріп жатқан 200-ге тарта көтерілістер эстафетасы, біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастау көздері» деп бағалаған болатын. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хан-сұлтандары мен батырларын тарихқа өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалар ретінде ардақтап, олардың өлмес рухын ұлт мақтанышы ретінде күні бүгінге дейін жеткізді. Бұл қасиетті шежіре – бүгінде ұрпақтың бойына жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілігі [2].

Осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеу – бүгінгі таңда әрбір Қазақстандықтың қасиетті борышы болып табылады. Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Бұл Елбасымыздың жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы мен

қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр.

Бүгінде Тәуелсіз еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қаржы дағдарыстарының қиындықтарына қарсы тұра білді, тұрақты даму жолына түсіп, биік белестерді бағындырды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді. Мемлекет басшысының елді дамытудағы стратегиялық бағдарламалары мерзімінен бұрын жүзеге асып келеді. Осы кезең ішінде не тындырдық? 25 жылда жеткен жетістіктеріміз қандай? Биыл осы сұрақтарға жауап беретін, өткен жылдарға қорытынды жасап, Мәңгілік Ел болуға бекінген мемлекетіміздің бүгінгі мен келешегі туралы ой толғайтын еліміздің есепті жылы десек, қателеспейміз.

Осы орайда, 2015 жылғы 30 қарашадағы халыққа арнаған Жолдауында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз мемлекет атанғаны-мыздың 25 жылдығына аяқ басқалы тұрғанымызды айта келіп: «Бұл - тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширек ғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді», - деп алдағы кезеңде кездесетін сын-қатерлерден мүдірмей өтуге шақырды [3].

Жас мемлекетіміз осындай аз ғана уақыттың ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Қазіргі таңда Қазақстан жас мемлекет бола тұра, көптеген елдерден әлдеқайда алда. Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы - қазіргі таңда негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта ғана емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Өз басым тәуелсіздіктен кейін туылған буынның өкілі бола тұра, бұл Егемендіктің қандай жолмен келгенін жақсы білемін. Қазақстан үшін, қазақ халқы үшін тәуелсіздік аспаннан түскен сый емес еді. Халқымыз бостандықты аңсап, Тәуелсіздікке зарығып жетті. Тәуелсіздік жолында еліміз аз қиыншылық көрген жоқ. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы. Халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталатыны рас. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға хан-сұлтандар, батырлар, қарапайым халықтың өзі де жандарын пидә

еткен. Тәуелсіздік деген ұлы жеңіске қол жеткізуде әлі де жаңғырып тұрған кешегі Желтоқсанның да септігі аз болған жоқ – студент жастардың көшеге шығып үндеуі және егемендік үшін зардап шегуге дайын екендігін көрсете білуі барша халыққа сенім мен жігер берген болатын.

Міне осындай тарихтың оқиғаларынан кейін қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті күн. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі - ең алдымен халқымыздың бақыты. Барлық игіліктердің ең ұлысы – тәуелсіздік. Қашанда Отан сүйгіштік кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық мүддесінің игілігіне, кір жуып кіндік кескен жеріне деген ыстық махаббаты оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім. Мәселен, М. Әуезов «Отан–анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», - дейді [4].

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміз – қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесін, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқындап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан-Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Соныман қатар, бүгінгі конференциямызға арқау болып отырған «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы [5]. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!

XXI ғасырдың Қазақстаны – талантты, еңбекқор, толерантты халықтың небәрі екі онжылдықта «нөлден» бастап құрған елі. Бұл – біздің бәріміз мақтан тұтатын ортақ жемісіміз! Бұл – біздің шексіз сүйетін ұлы туындымыз! Біз қазақстандықтардың ел болашағының



тұтқасын нық ұстауы үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясы қабылданды. Бұл стратегиялық жоспарлау ең өзекті қағида болып саналады.

Сондай-ақ, Елбасымыз аталмыш Жолдауында және одан кейінгі жария етілген 2014 жылғы жолдауларында да дүниежүзінде болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты шұғыл істерді қолға алу, бірқатар салада реформалар жүргізу туралы өз ойын білдірді, басқа алқалы жиындарда да осы мәселені жиі айтып жүр. Соның ішінде әлемдегі сын-қатерлер жөнінде де нақты айтқан болатын. Сын-қатерлердің алдын алу мақсатында іс-шаралар қолға алынды. Солардың ішінде тарихи іс-шараның бірі осы «100 нақты қадам» [6] десек, қателеспейміз. Өйткені оның маңыздылығын бүгінде баспасөз бетінде де, ғаламтордағы сайттардан да оқып отырмыз. Қазір дүниежүзінде қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен сарапшылар осы жоспарды талқылап, қазіргі кездегі ең бір маңызды бағыт екенін мойындап отыр.

Елбасының бес институционалдық реформасында ең бірінші тұрған бағыт мемлекеттік қызметті жаңа деңгейге көтеру, яғни кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесі қарастырылған. «100 нақты қадам» жоспарының бірінші бөлігі де осы мәселеге арналған. Кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесі 15 қадамды қамтып отыр. Тәуелсіздік алған кезімізден бергі 24 жылға жуық уақыт ішінде Қазақстанда мемлекеттік аппарат құруға, кадр саясаты мәселесіне баса көңіл бөлініп келе жатыр. Барлық жұмысты тізіп айтпай-ақ қояйын, бірақ қажетті институттар мен уәкілетті орган құрылып, білім беретін академия ашылып, қажетті заңдар қабылданып, сол заңдарға сәйкес іске асырылатын нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Соның нәтижесінде мемлекеттік қызмет өзінің деңгейінде жетіліп қалыптасты және біздің қоғамымыз бен экономикамыз қалай өсіп келе жатса, соның бәріне себебін тигізіп отыр.

Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Оған негіз – бүгінгі «арыстандай», «жолбарыстай», «қырандай» күшті жас ұрпақтың, яғни, біздің бүгінгі әдемі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз. Мен қазақ болып туылғаным, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаным бақыттымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің патриотымын.

## ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы 1991 жылғы 16 желтоқсандағы № 1007-ХІІ Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

**2.16** желтоқсан тәуелсіздік күні. // <http://spishi.kz/>.

3. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ» Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша.

4. Рахымбаева А.Т. Отанымыздың азаматтығы аға ұрпақтың арманы болған. // <http://shkola-isatai.at.ua/publ/>.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

6. Қазақстан Республикасының Президентінің Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 6 мамырдағы «100 нақты қадам» – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары.

### **РЕЗИЮМЕ**

Республика Казахстан является независимым и демократическим государством. Он провозгласил независимость 16 декабря 1991 года. В первую очередь, независимость страны - это счастье народа. Самая большая из всех хороших вещей является независимость.

Это особый смысл идеала, который показывает всегда силу патриотизма, знания и жизненный опыт человека, чтобы принести пользу интересам людей, а также нравственности человека.

### **SUMMARY**

Republic of Kazakhstan is an Independent and Democratic State. It declared the Independence in the 16<sup>th</sup> December, 1991. First and foremost, the Independence of the country and happiness of people. The greatest of all good things is an Independence.

It is a special sense of the ideal that shows always the man's patriotism strength, knowledge and life experience to benefit the interest of people and also morality of the man.

Журнал 2014 жылдан бастап жылына 4 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы» іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000 Қызылорда қаласы, Адрес редакция: 120000 город Кызылорда, Абай даңғылы, 31 проспект Абая, 31  
«Болашақ» университеті Университет «Болашақ»

Басуға 01.09.2015 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 12 б.т. Офсетті қағаз.  
Тапсырыс №39  
Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ  
№2(10)**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.  
Мақала мазмұнына автор жауап береді.  
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.